

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Күлсия Қоңырбаева

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЫ
ЭВОЛЮЦИЯСЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ИДЕЯСЫ



Алматы
2013

ӘОЖ 1/14

КБЖ 87

Қ 65

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған*

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы,
профессор **З.К. Шәукенова** және философия ғылымдарының докторы,
профессор **С.Е. Нұрмұратовтың** жалпы редакциясымен

Рецензенттер:

Б.М. Аташ, философия ғылымдарының докторы
Қ.Ә. Әбішев, философия ғылымдарының докторы, профессор
А. Сағиқызы, философия ғылымдарының докторы, доцент

Қ 65 Қоңырбаева К.М. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. – Монография / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 216 б.

ISBN 978-601-7082-95-6

Монографияда алғаш рет қазақ философиясы мен отандық тарихи философиялық дискурста объективті логика тұрғысынан еркіндік құбылысы мен эволюциясы және оның Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы маңызы ашылып көрсетіледі. Халқымыздың тарихи-мәдени және әлеуметтік-құқықтық даму үрдісіндегі еркіндік идеясының зерделену деңгейі XVII–XX ғасырлар аясында қарастырылды. Кітапта ұлттық дүниетанымдағы еркіндік идеясының рухани-танымдық қырлары анықталып, онтологиялық, аксиологиялық тұрғыдан талданады. Қазақстанның келер ұрпақтарының санасындағы және бейсанасындағы еркіндік рухын сақтау, сана бостандығын нығайту идеясы негізделеді. Ұлттық идеяның теориялық-әдіснамалық негіздерін құру мен ұсыну ауқымында еркіндіктің, одан туындайтын азаттық пен бостандық мұраттарын нығайту үшін рухани-танымдық бағдарлар сарапталады.

Кітап ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға және еркіндік, өмірдің мәні, адам болмысы сияқты философиялық мәселелеге қызығушылық білдіретін жалпы оқырман қауымға арналады.

Монография «Ғылыми қазына (2012-2014 жж.)» салааралық ғылыми бағдарламасы аясында даярланған.

ӘОЖ 1/14

КБЖ 87

ISBN 978-601-7082-95-6

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2013

© Қоңырбаева К.М., 2013

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. XVII–XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ МЕН ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ИДЕЯСЫ	10
1.1. Дәстүрлі қазақ дүниетанымының ерекшеліктері және ондағы еркіндік идеясының орны.....	10
1.2. Қазақ би-шешендері ой-толғамдарының құндылықтық-мағыналық ерекшеліктері.....	22
1.3. XVII–XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармашылығындағы еркіндік идеясы.....	48
1.4. Махамбет Өтемісұлының дүниені пайымдауындағы рух еркіндігі.....	81
2. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ИДЕЯСЫ	102
2.1. Қазақ ағартушылығының идеялық алғышарттары мен әлеуметтік негіздері.....	102
2.2. Абай Құнанбаев шығармашылығы – қазақ рухани болмысының еркіндік сипаты.....	123
2.3. Қазақ зиялыларының еркіндік идеясын тарихи сабақтастықпен жалғастыруы.....	138
3. XX ҒАСЫРДАҒЫ ЕРКІНДІК ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚАЙШЫЛЫҚТЫ СИПАТТАРЫ	163
3.1. Тоталитарлық жүйе дәуіріндегі идеологияланған құндылықтардың ерекшеліктері.....	163
3.2. Қазақ халқының кеңестік кезеңдегі еркіндікке ұмтылысы.....	173
ҚОРЫТЫНДЫ	200
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	203
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет.....	210
Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.....	212
Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.....	214

КІРІСПЕ

Азаттық пен еркіндік мұраттары халқымыздың даму тарихында басты идея ретінде көрініс тауып келгендіктен, оның әрбір дәуірдегі идеялық қадамдары мен орнығуы, ілгері дамуы маңызды танымдық бағдар ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда еліміздің мәдени-рухани және экономикалық-саяси салада өрлей түсуі мен халықтың әлемдік дамудың аясындағы белгілі бір жетістіктерге жетуінің алғышарты Қазақстанның тәуелсіздігі екендігі белгілі жайт. Осы тәуелсіздік халқымыздың Ресей отаршылдығы тұсында және кейін де жалғаса түскен Кеңес заманының зұлматты зардаптары кезінде саяси-мәдени және психологиялық күресінің аясында қол жеткізген құндылық екендігі сөзсіз. Олай болса, тәуелсіздікті сақтау мен нығайту оның тарихи тамырларын, күрескерлік рухтың философиялық негіздерін, оның дүниетанымдық бағдарын жеткілікті деңгейде зерттеп, меңгеруді қажет етеді.

Осы орайда, адам еркіндігі мен әлеуметтік азаттық құбылысын халқымыздың жүріп өткен жолы бойынша философиялық тұрғыдан сараптау қажеттілігі туындайды. Монографиядағы тұжырымдар қазіргі кезеңде ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту бағытындағы атқарылып жатқан шараларға, еліміздің осы бағыттағы іс-тәжірибесіне теориялық деңгейде белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосады деген ойдамыз. Себебі, ұлттық дүниетанымдағы еркіндік мәселесінің рухани-танымдық қырлары бұрынғы философиялық зерттеулер аясында жете қарастырылмаған болатын. Сондықтан бұл өзекті мәселені, әрі философиялық-әлеуметтік деңгейде қарастырылатын құндылықты қазақ философиясы тұрғысынан қарастырып, оның белгілі бір кезеңдегі өзектендіру деңгейін ашып көрсетудің өзі заманның объективті талаптарын қанағаттандыруға бет түзейді. Қол жеткізген тәуелсіздігімізді нығайтуда қандай құндылықтарымызды сақтағанымыз жөн. Еркіндігімізге нұқсан келтіретін кертарпа әдеттер: жалтақтық,

жалқаулық, тоқмейілу, енжарлықтан арыла отырып, керісінше тиянақтылық, табандылық, іздену сиқты қасиеттерді бойымызға жинай білу қажет.

Еркіндік категориясын философияның басқа да категориялары және ұғымдарымен байланыста қарастыратын болсақ, философия тарихында қажеттілік категориясына қарсы қойылатын көзқарастар болған. Еріктілік бар жерде қажеттілік жоқ дейтін волюнтаризмге соқтырған А. Шопенгауер мен Ф. Ницшенің көзқарастары бойынша еркін адам ойына келгенін істейді. Ал, керісінше қажеттілік бар жерде еркіндік жоқ дейтін Т. Гоббстың және т. б. теориясы фатализмге әкелді. Осы бағыттағы көзқарастар бойынша адамда ерік болмаса, басына не жазса соған көніп, тағдырға бойұсынады.

Бүгінгі таңда бұл мәселенің өзектілігі тарихи қалыптасқан дүниетанымның маңызды компоненті, тұлғаны тәрбиелеудің негізгі міндеті, демократиялық идеологияның маңызды қыры болып табылатындығында. Қазіргі қоғамдық, гуманитарлық, сонымен қатар жалпы методологиялық білім көрсеткендей, Кеңестер Одағы кезеңінде тарихи қалыптасқан еркіндік мәселесін талдауға бағытталған ұстанымның негізінен абстракттілі-пайымдық кейіпте болып келген еді. Зерттеу еңбегі қазіргі кезеңдегі және келер ұрпақтың санасындағы немесе бейсанасындағы еркіндік рухын сақтауға, сана бостандығын нығайтуға және еліміздің әрбір азаматы үшін тәуелсіздікті аялай білуге үндейтін теориялық-практикалық дәрежедегі туынды деп айта аламыз. Сондықтан, бұл халқымыздың тарихи санасын оята түсу мен ата-бабаларымыздың азаттық үшін күресінің философиясын жете түйсінуге жетелейтін еңбек болғандықтан, бүгінгі күннің өмір шындығының талғамы мен талаптарын қанағаттандыруға бағдарланған.

Ұлттық рухты көтермелеу мақсатындағы, мемлекетіміздің мәдени-рухани дамуындағы қажетті алғышарттардың бірі – ұлттық идеяны қалыптастыру барысында да бұл монографиялық зерттеу жұмысының нәтижелерін пайдалану өз мүмкіндігінше оң нәтижелерін бере алады. Атап айтқанда, ұлттық идеяның теориялық-әдіснамалық негіздерін құру мен ұсыну аясында еркіндіктің, одан туындайтын азаттық пен бостандық мұраттарын нығайту үшін рухани-

танымдық бағдарларды сараптаудың идеялық базасын орнықтыруға септігін тигізеді. Көне Түрік заманынан бері келе жатқан азаттық философиясы, «Мәңгілік ел», «Қазақ елі», Иолығтегіннің «Тұтас түрік елі» идеялары арасында тарихи сабақтастық үзілуге тиіс емес. Осы тұрғыдан қазақ халқының философиялық бай мұрасындағы еркіндіктің мәні, оның қазіргі қоғамдағы ауқымы кең мәселелерді шешудегі рөлі, еркіндік пен ерліктің дәстүрін жасаған көшпенділердің ұлы өркениетінің желісін жалғастырып, рухани қазыналарымызды, оның асылдарын жарқырата жаңғыртып, философиялық тұрғыдан зерделеудің маңызы артып отыр. Өйткені қазіргі әлемнің көптеген қайшылықтары мен қақтығыстарының басты себебі – ұлттық мәдениеттердің дәстүрлі гуманистік құндылықтарын ұмыту, оны ескермегендік. Ал ұлттық мәдениеттер болса қазіргі өркениеттердің негізгі парадигмаларын байытып, толықтырады. Жалпы әлемді түрлендіреді.

Даналық ойлар мен ой-қазыналарымызды ақтармайынша, оларды қоғамдық санамызға сіңірмейінше, қазақ халқының бүгіні мен болашағы күңгірт, айқын болмайды. Дегенмен, қазіргі күні халқымыздың тарихи қалыптасқан адамгершілікті қарым-қатынас, әдептілік, имандылық бағытындағы дәстүрлеріміздің жұтаңдануы сезіледі. Бұл жалпы ақпараттық қоғамда болатын құбылыс. Өйткені ХХІ ғасырдың басында әлемде болып жатқан іргелі экономикалық, саяси-әлеуметтік өзгерістер адам өмірінің барлық салаларына өз әсерін тигізді. Әсіресе, посткеңестік мемлекеттерде, мысалы Қазақстанда болған мұндай өзгерістер бұл мемлекеттердің азаматтарының тіршілігінде негізгі әлеуметтік кепілдіктерден айрылуымен сипатталғандығы белгілі. Сонымен қатар адамның еркіндігін, шығармашылығын жүзеге асыруда үлкен мүмкіндіктерге жол ашылды. Еркіндік пен азаттық идеясы сонау ықылым замандардағы мифтік дәуір оқиғаларынан-ақ бастау алады. Ол байырғы түркілік дүниетаным мен наным-сенімдерде де айшықты орын алды. Мәселен, Зороастризмдегі Ахура-Мазданың Анхра-Майньюмен күресі – ізгілік пен әділеттіліктің бостандығы үшін күресінің рәміздік көрінісі. Ал тәңіршілдік идеясында Тәңір түркі халқына бостандық сыйлаушы және оны қамтамасыз етуші құбылыс. Шамандық сенімде бақсы

өзінің рух-жігерінің бостандығы үшін күреседі, зұлым рухтарды бағындыру мақсатында рухани-психологиялық еркіндікті қалайды.

Тарих шындығына жүгінсек, ғұн мен сақ дәуірінен бастау алған еркіндік рухы түркі халықтарының V–VII ғасырлардағы жазба ескерткіштеріндегі нақыл сөздермен жалғасын тапты. Дешті қыпшақ даласындағы азаттық сүйгіш сана-сезіммен ұласып, қазақ хандығындағы хандар мен билердің, жыраулар мен батырлардың идеяларымен сабақтасып отырған.

Ал, әлемдік философияда еркіндік мәселесі көне Грек ойшылдарының идеяларынан анық көрініс табады. Қоғамда адамдардың еркін және еркіндігі жоқтарға бөлінуіне байланысты еркіндік батыс философиялық ойында антикалық кезеңде мәселе ретінде қойыла бастады. Бұл мәселені алғаш философия тарихында Сократ көтерген болатын. Әрі қарай өрбіткендер Платон, Эпикур, стоиктер және тағы басқалар болды. Орта ғасырларда болса көбінесе ерік бостандығы ретінде философия мен теологияда еркіндік мәселесін шешуге талпыныстар жасалынды. Бұл әсіресе христиан дінінің үстемдік етуімен байланысты. Ондағы негізгі идея адамның «күнә мен күнәдан құтылу» жолдарын таңдауы болды. Бұл мәселеде философтар ғана емес теологтар да бір шешімге келген жоқ. Соңында екі негізгі бағыттағылар арасында күрес басталды. Еркіндіктің алдын ала Құдаймен анықталып қойылатындығын жақтаушылардың ең көрнекті өкілі Августин болды. Орта ғасырдағы ұлы христиан ойшылы ақыл мен еріктің айырмашылығын адамның Құдай алдындағы күнәһарлығы еріктің алғашқы көрсетілген түзу жолдан тайқуынан көреді. Екінші бағытқа ерік бостандығын дәріптеуші Фома Аквинскийдің ілімін жатқызуға болады. Ал Қайта өрлеу дәуірінің ойшылдары еркіндікті адамның кедергісіз жан-жақты дамуы ретінде түсіне отырып, оны жоғарғы адамдық құндылықтық деңгейіне көтерді. Мұндай түсінік Дж. Бруно, Пико делла Мирандола, М. Монтень еңбектерінде көрінеді.

Жаңа Заманда капитализмнің орнығуымен еркіндік өзекті мәселеге айналды. Еркіндік мәселесі жайында Декарт пен Спиноза, Гоббс пен Руссо, Локк пен Юм сияқты ойшылдар ой толғамай қала алмады. Осы ізденістердің өзіндік бір

қорытындысындай болған және де буржуазиялық мәдениеттің еркіндік мәселесін шешудің шыңына неміс классикалық философиясы жетті деуімізге болады. Неміс классикалық философиясының өкілдері И. Кант, Г.В.Ф. Гегель, Л. Фейербах, И.Г. Фихте, В.И. Шеллинг еркіндік мәселесін ерекше деңгейге көтере отырып, оны онтологиялық, этикалық, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қарастырды.

Еркіндік мәселесін диалектикалық материализм тұрғысынан қарастыру Ф. Энгельстің шығармашылығымен байланысты. Кеңестік философияда еркіндік көбінесе тек қажеттілікпен байланысты қарастырылды. Одан кейінгі бұл мәселені талдаудағы маңызды материалдар А. Шопенгауэр, Ф. Ницше, З. Фрейд, Э. Фромм, М.Хайдеггердің философиясынан табылады.

Қазақ даласы мен Ресей мемлекетінің өзара қарым-қатынасы қазақ философиялық ойының тарихында жаңа кезеңді қалыптастырды. Шығыс пен Батыстың бір-біріне қарама-қарсы, бетпе-бет келуінде мәдениеттердің болашағын таңдау әсіресе «зар заман» ақындары мен қазақ ағартушыларының философиялық ойларынан айқын көрініс тапты. Тарихи кезеңдегі философиялық ойдың негізгі мәселелері – жаңашылдық пен дәстүрлі рухани құндылықтар арасындағы үйлесімділік, отырықшылар мен көшпенділер әлеміндегі қарама-қайшылықтардың жойылуы, шығысқа еліктеуші мәдени кеңістік пен қоғамдық прогрестің батыстық үлгілерінің қосындысы болды. Ғасыр басында қазақ қоғамдық-философиялық ойында қарама-қарсы пікірдегі екі ағым пайда болды. Ә. Бөкейханов оларды «батысшылдар» және «дәстүршілдер» деп атайды. Бірінші ағымдағылар Батыс мәдениеті мен өнері, ғылымы мен білімін игеруге шақырып, ағартушылық ағымды жақтаса, екіншілері қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшеліктеріне нұқсан келтірмей, эволюциялық жолмен құндылықтарымызды дәріптей отырып дамуды жөн көрді.

Еркіндік мәселесіне байланысты қазақ философиясында және қоғамдық ойындағы (Әбішев Қ.Ә., Бурабаев М.С., Орынбеков М.С., Сегізбаев О.А.) зерттеулердің болғанына қарамастан, бұл мәселе онтологиялық тұрғыдан тәуелсіздік, рухани еркіндік ретінде қаралмаған. Отандық философияда еркіндік мәселесін онтологиялық, аксиологиялық тұрғыдан қарастыруға Қ. Әбішев,

Ж.М. Әбділдин, Н.Қ. Сейтахметов көп көңіл бөлді. Қ.Әбішев еркіндікті адамның дүниедегі болмысының түпкі онтологиялық негізі ретінде қарастыра келе, еркіндік – адамның о бастан сыртқы себептілікпен, жағдайлармен, ешбір сыртқы күштермен әрі өзін қоршаған ортамен алдын ала анықталмағандығы деп тұжырымдайды.

Ал, қазақ философиясындағы еркіндік мәселесі жеке зерттеу нысаны болмағанымен, оны жалпы қазақ философиясының тарихы, рухани мәдениетін зерттеу контексінде қарастыруға зор үлес қосып келе жатқан философтар Ә.Н. Нысанбаевтың, Т.Ы. Әбжановтың, А.Х. Қасымжановтың, Қ. Бисембиевтің, М.С. Бурабаевтың, О.А. Сегізбаевтың, Ғ. Есімнің, С.Е. Нұрмұратовтың, Қ.Ш. Нұрланованың, С.Н. Ақатайдың, І.Е. Ерғалидың, М.С. Орынбековтың, Т.Қ. Айтқазиннің, Н.Е. Елікбаевтің, Т.Х. Ғабитовтың, Г. Нұрышеваның, Д.С.Раевтың еңбектерін айтуға болады.

Ал Р.Ж. Әбділдинаның «Человек в контексте культурно-исторического процесса» атты монографиясы жеке адам мен жеке тұлғаның адам эволюциясын, оның іргелі анықтамасы – еркіндікті, бостандықты, субъектілікті анықтауға арналған. Б.С. Қабыкенованың «Идея свободы в истории философии права» атты монографиясында құқық еркіндігі мәнінің философиялық құқықтық ойдағы даму эволюциясы зерделенген.

Ұсынылып отырған монографияда – дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы және XVII ғ. соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының еркіндік құбылысын философиялық тұрғыдан талдау және қазақ халқының ұлттық идеясымен тарихи сабақтастығын көрсету болып табылады. Қазақ мәдениетіндегі еркіндік феноменін зерттеудің дүниетанымдық және әдіснамалық астарларын зерделеу мақсатында дәстүрлі қазақ дүниетанымының ерекшеліктері анықталып, ондағы еркіндік идеясының алатын орны көрсетіледі.

1. XVII–XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ МЕН ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ИДЕЯСЫ

1.1. Дәстүрлі қазақ дүниетанымының ерекшеліктері және ондағы еркіндік идеясы

Қазақ халқының дүниетанымында еркіндік болмыстың іргетасы ретінде қарастырылады. Адам мен әлемнің қатынасы контекстінде еркіндік мәселесі адамның табиғаттан ажырамайтын төл туындысы ретінде қарастырылуынан туындайды.

Алдымен бұған дейінгі тарихи-әлеуметтік ағышарттар мен осы дәстүрдің қалыптасу барысына шолу жасағанымыз ләзім. Өйткені хандар – еліміздің тұтастығы мен ұлттық мемлекеттілікті орнықтыруда еркіндік рухын сезініп, басқа халықтармен теңдікте болған кезеңдерді қамтамасыз еткен ұлы тұлғалар еді. Олардың тәуелсіздік жайындағы идеяларын, ұстанымдарын, бағдарларының тарихи философиялық сарапталуы бүгінгі ұлтымызды ұлт ететін құндылықтарды байытуда өз үлесін қосары даусыз. Басқаға тәуелділікте болу ең жеңіл жол, ал, еркіндікті таңдау, ең қиыны. Ел басымыз бұл мәселенің өзектілігі жайында: «Алашқа айбын болған, азаттық ұғымының айдынын кеңейткен тұлғаларымызды ел санасына, тарихи беттеріне қайыра алып келген тәуелсіздікті осындай ұлтқа пана болар аруақтарымызды тірілтіп бергені үшін асқақтатуымыз керек емес пе?» [1, 355 б.] – деп жазды. Сондықтан да тәуелсіздік, бостандық, еркіндік туралы ұғымды философиялық тұрғыдан жан-жақты зерделеу бүгінгі қазақстандық қоғам үшін ерекше маңызды.

Қазақ халқы еркіндікті, әсіресе жеке басының азаттығы мен ой еркіндігін бәрінен жоғары қояды. Сөздің жаны бар деп есептеген, сөзге тоқтаған, кітапханасы мен мұрағаты өздерінің жады болып табылатын халықта демократиялық құндылықтар басымдық танытқаны белгілі. «Бұрынғы қазақ

қоғамындағы «Дат» деп алып, ханға да қарсы уәж айта беретін дәстүрді қоғамтанушылар «далалық демократия үрдісі» немесе «көшпелі демократиясы» деп атап жүр. Хан да, батыр да, сұлтан да, бай да қара халықтың осы уәжімен есептесуге мәжбүр болған...Бұл орайда, ел сыйлаған жыраулар мен ақындардың пікірі елеулі әлеуметтік күшке айналған. Осылайша дәстүрлі қазақ қоғамындағы сөз бостандығы, ой еркіндігі Абай айтқандай «бас басына би болуға», анархияға ұласуға дейін барды. Сірә, қазақ қоғамының кезінде қатаң билік үстемдік құрған елдерден кенже қалуы, сөйтіп өзгенің боданына айналуы осы еркіндіктің шектен шыққан әрекеттерге ұласуынан да болар», [2, 83 б.] – деген Ә. Нысанбаевтың тұжырымдары еркіндікті пайдаланып елдің шырқын бұзуға дейін барудың келеңсіз тұстарына берілген дұрыс баға деп есептейміз. Адамдық мәнділік еркіндікте. Өмірде адамдық мәнділікті еркіндік жағдайында таңдай алады. Адам таңдау жасау арқылы алдағы өмір сүру жоспарын анықтайды. Өзінің идеалдарын, нені құндылыққа балап, нені өмірінің мәні ететінін осы таңдау еркі болмаса жүзеге асыруы мүмкін емес. Ал таңдау жеке тұлға үшін үлкен сын болып табылады. Осы таңдау жасауларымыздың өзі еркіндіктің болуымен анықталады. Адамдар күнделікті қатынастарында табиғат жағдайларына ғана емес, өздері жасаған күштерге де тәуелді болып жүреді. Ол күштер әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік институттар, салт-дәстүрлер мен сана түрлері болып табылады. Осы кезге дейін философия тарихында зертеушілер еркіндікті бар деп дәлелдеп жүрсе, оған қарама-қарсы пікірдегілер еркіндікті жоққа шығарады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің негізгі мәселелері мейрімділік пен қатыгездік, шындық пен өтірік, адамның әлемдегі орны, оның тағайындылығы, өмірдің мәні, адамның қоршаған ортамен, жоғары күшпен, рухтармен қарым-қатынасы болып табылады. Қазақ халқының дүниетанымы, дүниеге көзқарасы өмір сүрген кезеңдерінде әр түрлі сипатқа ие болды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде «Әлем-Жер-Адам» қатынасы тұтастықты қамтиды. Қазақ философия тарихында ақын-жыраулар шығармашылығында өздерінің болмысын категориялар арқылы кескіндеп кейіптемей, поэтикалық қалыптағы образды ойлар арқылы айшықтады. Халқымыздың

дәстүрлі дүниетанымындағы еркіндік рухы мәселесі тарихи-әлеуметтік деңгейде таразыланды. Оның негізгі ұғымдарымен түбірлес, тектес түсініктері ұсынылып, олар тарихи сана тұрғысынан байыпталатын еді. Бұл зерттеуде билер мен хандар және жыраулар дүниетанымындағы еркіндік категориясының мәнін философиялық тұрғыдан ашып көрсетуге талпыныс жасалды. Алайда қоғам еркіндігі туралы мәселеде «еркіндік» тәуелсіздік, егемендік, азаттық, бостандық ұғымдарымен аста-сып кетеді.

Сондықтан, еркіндік категориясының қазақ қоғамындағы жалпы мазмұнын таразылау барысында хандардың ролі зор екендігін, ел мүддесі мен азаттығы соған тікелей байланысты болатындығын ескере отыра, оның осы мәселедегі ақыл парасаттылық деңгейі мен нақты іс-тәжірибелік әрекеттерін тарихи сана тұрғысынан таразылауды жөн көрдік. Осы орайда, қазақ хандарының жалғасуының басты буындарының бірі болғандықтан, екіншіден, біз қарастырып отырған мәселе XVIII ғасырдағы еркіндіктен бастау алатындықтан – Абылай ханның жеке дара тұлғасы арқылы әлеуметтік азаттық мәселесін таразылауға мүмкіндік аламыз.

XVIII ғасыр оқиғалары қазақ халқының әлеуметтік-саяси және философиялық ой-жүйесіне ерекше бір шабыт беріп, қозғау салған еді. Өркениеттің бір белгісі еркіндік. Қазақ атқа мінсе болды, демін еркін алып, жан-жағына қарап, өзін еркін сезінген. Қайда барамын, қалай жүремін ол өз еркінде. Бүкіл айнала аймақты ол өз жері сияқты сезінген. Өмірі өзін емін-еркін ұстаған қазақтың дүниеде қорқатыны бостандықтан айрылу болған. Абақтыға қамалу ол үшін өлімге тең көрінген. Соғыста қорқу, үрку дегенді білмеген. Ата-бабасынан қалған оның бір ерекшелігі соғыста өлемін деп қорықпаған. Оның қорқатыны тұтқын болмау, зынданда отырмау, не құл болмау. Иә, өмірлерінің мәні болған еркіндік пен еркіндігінің материалдық негізі болып есептелген малынан айырылған қазақ мүсәпір ғана емес, аштықтан қырылды, – дейді Д. Кішібеков [3, 46 б.]. Көшпелілер көзқарасында жаугершілік заманда ат жалын тартып мінген ер азамат, жауынгер майдан алаңында жаумен шайқаста шейіт болса, оған еш өкінбеген. Өйткені олардың түсінігінде бұндай өлім «ақ өлім» деп саналған. Мәселен,

Ақтамберді жырау қартайған шағында, төсек тартып жатып: «Бар арманым, айтайын, батырларша жорықта, өлмедім оқтан қайтейін» – деп армандаған екен. Бұл арман, еркіндік үшін өлімге де бас тігетінін айғақтайды. Елі мен жерін қорғау жолында жан берудің өзі олар үшін өлімнің ең қадірлі-қасиетті түрі болып түсінілген. Адам үшін мына жарық дүниені қию қандай қиын болса, оны да осы жолда құрбан етуге бар. Оларға еркіндік жоқ жерде өмірдің мәнісі де қалмайды. Сондықтан жауынгер-жыраулар өздерінің жалынды жырларында «жалаңаш бар да жауға ти, Тәңірі өзі біледі, ажалымыз қайдан-дүр» деп сарбаздарға рухтандырушы күш бере, өздерінің азаттығы жолындағы соғыста қайтпас қайсар болуға шақыра толғайды.

Еуразиялық кеңістіктегі Қазақ Ордасының осы бір кезеңінің тарихи хал-ахуалын жазушы, жыраулық поэзияның білгірі М. Мағауин «Түркістан бастаған жиырма бес қаладан айырылу Қазақ Ордасының қанатын қырқып, өрісін тарылтып қана қойған жоқ, оның алдағы замандардағы тіршілік кебін бір жақты мал шаруашылығымен ғана айналысатын көшпенді кепке түсірді. Түркістандағы Әзірет Сұлтан дүрбесінен бастап, Сауран, Шымкент, Сайрам, Ташкент, Созақ және басқа қалалардағы мешіттер қоймасында сақталған бай кітапхана, ондағы діни-фәлсафалық еңбектер, ескі тауарихтар мен шежірелер, біз бар деп білмеген тағы қаншама мұра өртке кетті, талан-таражға түсті, жойылды» – деп сипаттайды: [4, 100–101 бб.]. Сахара жұртына соншалақты қымбат құндылықтардың күйрей бастауының нышандары айқын көріне бастаған кез басталды. Осындай алмағайып заманда, қазақ халқының өмір сүруі мен жойылып кетуінің алдында тұрған неғайбіл шақтарында ұлттың айбынды да асқақ жоғары рухының арқасында еркіндікке деген құштарлық бәрін де жеңіп шықты. Бабаларымыздың көзсіз жанқиярлық ерлігі жайында көптеген аңыздар, өлең-жырлар, толғаулар дүниеге келгені белгілі. Ол туындылар сол кездегі өмір шындығы, жүректердің тебіренісі, халықтың арман-тілегі. Біздің жадымызды екі ғасыр бөліп тұрса да, бабалар үні құлағымызда тұрғандай. Бұрынғы мәдениеттен қиратындылар, ал түптің түбінде күлдің үйіндісі қалады, бірақ осы күлдің үстінде рух қалқып жүретін болады деген Л. Витгенштейн сөзінің жаны бар екенін тарих дәлелдеп отыр [5,

276–277 бб.]. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталатын жылдар мен «Қаратудың басынан көш келеді», «Елім-ай» атты әндер қазақ елінің дербестіктен айырылып қалу қаупі туған кезеңнің туындылары. Осындай қауіпті ең алғаш сезіне бастаған халықтың ең сезімтал ұлдары – жыраулар, билер, ақындар, осындай күйреудің үрейлі ұшқындарын өздерінің шығармаларында көрсетіп, халықты, билік басындағы хандарды бірлікке шақырды. Олардың негізгі үні – отаншылдық, ерлік, жерін, атамекенін қорғау т. т. бір кездегі Түрік империясының дәуірлеген кезіндегі рухтың өрлігі бәсеңсігенін жандандыруға арналды. Ұсақ мүдделердің, билікке таласудың, тайпалық, рулық, т. б. пиғылдардың белең алғандығы қатаң сыналып, тұтас халықтың бірлігінің мүдделерін алға тарту басым.

Дәуірдің геосаяси жадайына келетін болсақ, қазақ даласын Қытай мен Ресей бөліп алуға даярланып жатқан еді. Ресей екі жақты, қалмақтармен және қазақтармен «саяси ойын жүргізу» саясатын ұстанды. Абылайдың Қытаймен одағы сол кезеңдер үшін бірден-бір дұрыс шешімдер болды. Қазақ халқының мәдени құндылықтарының өсіп-өркендеуіне елеулі кедергілер келтірген XVIII ғасырдағы тарихи жағдайлар бір жағынан ұлттың намысын оятып, халықты бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға бірауыздылыққа, бірлікке жұмылдырды. Екінші жағынан, осынау сахараны мекен еткен, ешкімнің жеріне, байлығына көзінің қырын да салмаған, ешкімге өзі тарапынан соғыс жариялап, шабуыл жасамаған ұлттың саяси мәдениетін қалыптастырды. Саяси мәдениет тек ұлттық мемлекеттілік құрылымның пайда болуына байланысты қалыптаса бастайды. Тайпа, ру аралық қатынастар, ел ішіндегі ірілі-уақты болып жататын өкпе-наз, барымта, шаруашылыққа байланысты жер дауы, әлеуметтік мәселелердің ішіндегі қазақ қоғамының ең бір өзектісі – жесір дауы, бұлардың барлығы дерлік халықтың өзінің ішкі қатынастары болып табылады. Олар саяси сфераға жатпайды. Халықтың халық ретінде одан кейінгі дәуірлерде ұлт ретінде бірігу үдерістері. Әрине бұл құндылықтар негізгілер. Бірақ оларда саяси қатынастардың белгілі бір нышандары болғанымен, шын мәніндегі саяси қатынастар жоқ деуге болады. Саяси қатынастар халықтық және ұлттық құрамаларға айнала бастағанда, ол құраманың басқа сондай құрамалармен

қатынас аясында өрістеуі тиіс. Осы халықтық құрама тұтас елді біріктіретін күш, мемлекеттің пайда болуымен байланысты, сол арқылы күшейе түседі.

Тәуелсіздік жолындағы күрес жылдары елді басқару, көрші мемлекеттермен халықаралық қатынастарды реттеу, ұлттық мемлекеттің саяси-әлеуметтік істерін басқару хан билігі арқылы жүзеге асты. Тарихшыларымыз, әдебиеттанушы ғалымдарымыз осы ғасырды Абылай заманы, Абылай дәуірі деп атап жүр. М. Қозыбаев «Абылай және оның заманы» атты мақаласында: «Қазақ халқын талай хандар билеген. Бірақ Абылай хан болған дәуірде Шыңғыс әулетінен тараған ханзадалардың құны құлдыраған кез еді. Ел басына күн туған кезде қазақ елінің ханзадалары тақта емес, ұрыс алаңында сынға түсті» – деп атап көрсетеді. [6, 29 б.]. Абылай ханның тұлғалық және билеушіге тән қасиеттерін саралар болсақ, Платонның мемлекет жайындағы іліміндегі мемлекетті басқарушы адам қандай болуы керек деген қағидасы ойға оралады. Платон оларды топтарға бөліп, бірінші топтағы басқарушыларға – данышпандарды (философтар) жатқызады. Олардың негізгі қызметі – мемлекетті дұрыс басқару. Ал екінші топқа әскери адамдарды, яғни мемлекетті қорғаушыларды жатқызады. Көне грек философының мемлекетті қорғаушылар ішкі-сыртқы жаулардан қорғап қана қоймай, соғыс өнерімен қоса поэзия, музыкамен де айналысса деген пайымдаулары ел билеуші ердің жан-жақты жетілген Тұлға болуын талап еткендіктен еді.

Мемлекетті басқарушының бойынан Платон іздеген осы қасиеттер Абылай хан бойынан табылған-ды. Абылай Тұлғасы өзінің әмбебаптылығымен де дараланды. Ең бастысы Абылайдың қазақ сахарасының даналық философиясын бойына сіңірген ақыл иесі болуында. Соған қоса өнерден де құр алақан емес-ті, және де сол киелі өнерді дарытып қана қоймай, өз жан тебіреністерін музыка тіліне көшіре білген нәзік сезімді күйшілігі де болған. Абылай XVIII ғасырдан күйі жеткен санаулы күйшілеріміздің бірі. Абылай күйлері, өздерінің аты айтып тұрғандай сол кездегі нақты өмір құбылыстарына арналған. Мысалы: «Ақтолқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майда жол», «Садақ қақпай», «Сары бура», «Шаңды жорық»

деп аталатын күйлерімен қазақ халқының музыка өнеріне де өз үлесін қосқан композитор деп білеміз [7, 9 б.]. Тұлғаның әмбебаптылығы, рухани жетілгендігі шығармашылығы арқылы өлшенеді. Абылай күйлері жаутершілік заманның жорықтарында дүниеге келген. Қазақтың ер жүрек батыры Баянның қазасына арнап «Шаңды жорық» күйімен азаланса, «Қоржынқақпай» күйі қазақтардың Еділ бойындағы қалмақтармен соғысында жеті күн ашыққандағы халін шертеді. Абылай көшпелілер қоғамының рухани әлемін тереңдей меңгерді. Абылай хан туралы аңыз-әңгімелерге сүйенсек және тарихшы, жазушыларымыздың сараптамаларына жүтінсек, ата-анасының ат қойып, азан шақырған аты Әбілмансұр болған. Әбілмансұр жастайынан жетім қалып, Төле бидің малын бағып Сабалақ атанған, Түркістан түбіндегі Қарнақ қаласын билеген үлкен әкесі ержүректілігімен жауға мейірімсіз болғаны үшін «қанішер Абылай» атанған үлкен атасының аруағын шақырып, жауға «абылайлап» ат қойып, жеңіске жеткен Әбілмансұрды осы шайқастан соң Абылай атап кетеді. Сол кездегі Орта жүздің ханы Әз-Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет хан Орта жүздің сұлтаны атанған жас жігіт Абылайға ешқандай төңкеріссіз, жаңжалсыз тағын бергенін білеміз.

«Тарихтан белгілі, – дейді философ-ғалым Ғ. Есім – біздің елге қызыққан жау көп болды. Солардан қорғап, жерімізді бүгінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған аталарымыз жеке меншік дегенді білмеген. Ел қорғаған батырда да, ел сөзін сөйлеген биде де жеке меншік болмаған... Жерге қауымдық меншік болған соң қазақта бір сана қалыптасқан. Ол қазақ жерінің тұтастығын қорғау» [8, 66–67 бб.]. Жер халықтың меншігі болған соң ұлттық мүдде ортақ, сыртқы жаудан ел мен жерді қорғау қажеттілігі туды. Ел ішіндегі саяси жағдайлар да әділ шешімін тауып жатты. Біздің бабаларымыздың даналығы қазақтың даласындай кеңдігі, ойлау өрісінің, кең пейілінің нышандары осындай мәселелер шешіліп жатқан кезде анық байқалады. Билік құмарлық, атаққұмарлық, даңққа дандайсу сияқты сияқты пиғылдар халықтың бірлігі мен тәуелсіздігіне үнемі қатер туып отырған замандарда өз-өзінен тұншығып отырған. Осы жерде ұлы Абайдың сөзі көкейде жүрсе ләзім. Абай отыз тоғызыншы сөзінде: «Ата-бабаларымыздың мінді істерін бір-

бірлеп тастап келеміз, бірақ олардың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен», – дейді. «Сол екі мінезді жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік, үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады, жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың үлкен бір себебі сол. Ол екі мінез қайсы десең – әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші қоңды болса, дау жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай бітірсе халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен... Оны зор тұтып, әулие тұтып онан соң жақсылар да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді. Екінші – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. Кәніки, енді осы екі мінез қайда? Бұлардан айрылды. Ендігілердің достығы бейіл емес, алдау, дұшпандығы кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» [9, 105–106 б.]. Осы екі жақсы мінез бабаларымыздың асыл қасиеттерінің бірі болған соң да елді есен, жерді аман алып қалудың басты салдарының бірі болды. Сол кездегі ел бастаған, қан майданда қол бастаған азаматтарымыз нағыз батырлықтың, ержүректіліктің үлгілерін көрсетіп қана қойған жоқ, керек кезінде Отаны үшін жанын да қиятынын паш етті. Қан майданда қалмақ ханның хас батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіргеннен кейін Абылайды қапияда қолға түсірген Қалдан Шерін оны алдына шақырып алып «Шарыш сынды батырдың орнына сені өлтіремін, не арманың бар?», – дейді. Сонда Абылай тұрып: «Менің үш арманым бар, әуелі мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім, ал сіз мені ұйықтап жатқан жерімнен ұстап алып, өлтіргелі отырсыз. Қазақ пен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ», – депті. Сол кездегі көшпенділердің әдет-құқық заңдарының ережелері бойынша «қанға – қан, кекке – кек» деген қағида болған. Мәселе, екі көрші мемлекеттің басты адамдарының тағдырын шешу жөнінде болып отыр. «Екінші, қазақ көшіп-қонып, орнықпай жүрген ел ғой. Бір жерге орнықтырып, отырықшы өмірге кіргізіп өлсем, армансыз болар едім. Үшінші, төрт атадан бері жалғыз едім, дәл

қазір өліп кетсем, не балам, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой», – депті [10, 26 б]. Ал жоңғар ханы Қалдан Шерін де көзі ашық, көкірегі ояу, саяси сауатты екендігін танытты. Екі ел арасын ушықтырмау мақсатын көздеп, Абылай өтінішін тыңдағаннан кейін кешірім жасап, келіссөзге келеді. Бұл жерде Абылай өзінің халқына қаншалықты дәрежеде қажеттілігін сезініп қана қоймай, қалайда тірі қалудың амалын қарастырғанын байқаймыз. Оның арман-мұраты қазағының басын біріктіріп, отырықшы өркениетке жеткізу. Екі жауласушы мемлекеттер арасындағы оқиғалардың осындай оңды шешімдер тауып жатуы халықаралық саясаттың мәдениетін қалыптастырды. Ал, адам өмірінің мәнділігі, тарихтағы жеке адамның сын сағатта, дер кезінде жан пида етуі Абылайдың өмірмәндік философиясында айшықталғанын көруге болады. Қ. Әбішев өмірдің мәнділігі жөнінде: «ру мен тайпаның сақталуы үшін, ұрпақ пен ұрпақтың жалғасуы үшін жеке адамдарға екінің бірінде өз өмірін қиюуды қажет етеді. Ал жеке адам көбінесе оны даусыз мойындаған. Яғни, әрбір жеке адам үшін оның өз өмірінен бағалырақ нәрсенің болғаны ғой... Өз өмірін де, басқа адамдардың өмірін де, тіпті жер бетінде тіршілік атаулыны бағалай білу мәнділіктің басталатын көзі. Бірақ осы мәнділікті, осы құндылықты өз жан-дүниесінің үнемі ақтаушы, оның рухани ұмтылыстарына ұдайы бағыт беруші күшке айналдыру, тек адамның өз тіршілігінен жалпы тірлікті жоғары қою шартынан шығады. Осы жалпылықты өзі үшін мән етуден басталады» [11], – деп жазды. Абылай хан да халқының тағдырын, оның азаттығын өзінің өмірінің мәні еткенін көруге болады. Жеке өмірін жалпылықтың жолында пида етуге даяр. Көрші екі ел арасындағы шиеленісті мәселелер түйіні кейде осылайша оң шешімдер тауып жатты. Қазақ пен жоңғарлардың ата салттары, жөн-жоралғылары, қалыптасқан дәстүрлері ұқсас болуымен қатар, арман, тілек, мақсаттарының да кейде ұштасатын тұстары бар екенін түсінісіп, бейбіт шешімге келіп, татуласып тарасқан кезеңдері де болған. Көшпелі халықтардың мемлекеттік дипломатиялық қарым-қатынастары жоғары дәрежеде жетілгенін көруге болады. Сонымен бірге жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың алға шығуы өрістеген шақтарымен де айшықталады.

Абылай хан тұсында мәмілегерлік үрдісі дамытылып, саяси сана қалыптасып, саяси мәдениетің де жоғары сатыларға көтеріліп, даму үстінде болғанын бағамдаймыз. Осындай тарихи оқиғалардың барысына философиялық тұрғыдан талдаулар жасау арқылы, елдің тұтастығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз етуде ел билеушінің атқарар рөлінің зор екеніне көз жеткізуге болады. Тұлғаның әмбебаптылығы қан төгіс ұрыстарды ауыздықтауда өз іскерлігі арқылы көрініс тапты. Жоңғар мемлекеті мен Қазақ хандығының арасында тек қана үздіксіз соғыстар мен бірін-бірі жаулаудан басқа ештеңе болған жоқ десек, ақиқатқа қиянат жасаған болар едік. Осы айтылған мысалдардан біздер екі ел арасында бейбітшілік орнап, елшілік қатынастар дұрыс жолға қойылған кезеңдердің де болғанын анықтаймыз. Олардың өз ырықтары мен тілек-талаптары арқылы бейбіт өмірді қалап, тыныштық орнатқан шақтары да болды. Бұл да еркіндік арқылы мүмкін болатын ақиқат.

Абылай ханның әлеуметтік-саяси көзқарастарының қалыптасуын Шоқан Уәлиханов өз зерттеулерінде сол кезеңнің тарихи жағдайларымен байланыстырады. Қазақ қоғамын тығырыққа тіреген қайшылықты жағдайлардың оңды шешілуіне: «Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығы, ақылдылығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасады» – деп сипаттайды. Оның іскерлігі мен саясаткерлігі, сол кездің қайшылыққа толы саяси жағдайларын көрегендікпен болжағыш әдіс-айласы Ресей патшасы мен Қытай Боғды ханынан кем болмағаны баршаға аян. Абылай хан аумалы-төкпелі заманда, халықаралық жағдайлардың шиеленісіп тұрған уақытында ұлт тәуелсіздігін сақтап қалды. Кең байтақ қазақ сахарасын мекен еткен халықтарды біріктіруші күш рухани-философиялық идеямен халықты соңынан ерте білетін беделді тұлға дәрежесіне көтеріле алды. «Шынында да қазақтар мұны ұлы істер атқару үшін Алланың жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті» [12, 8 б.], – деп жазды Шоқан Уәлиханов. Өзінің табиғи қабілеттілігімен қоса ата-бабаларының өмір философиясының бұлақтарынан нәр алып өскен Абылай өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып айналасына билері мен батырларын, жырауларын

топтастыра білді. Ұлттың келешегін сақтап қалудың бірден бір жолы оның бірлігінде екенін түсініп, сол жолда өзінің барлық күш-жігерін жұмсай да білді. Абылай ханның сыртқы саясатта жеткен жетістіктері Жоңғар, Қытай, Ресей сияқты күшті мемлекеттерге Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін мойындатуы болды.

Ал ел ішіндегі істерге келетін болсақ, Абылай хан қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани мәселелерінің негізін шешетін мемлекеттің тиісті органдарын құрды. Соның бірі – ханның жанындағы Кеңес. Хандық қоғамның саяси құрылысын басқару принциптері сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз салып кеткен айқын-ақиқат жолмен жүріп, хан кеңесшілері – сұлтандар, билер, данагөй қариялар, батырлар жиналған алқалы жиындарда іске асырылып отырған. Бұдан Қазақ хандығында демократиялық үрдістердің басымдық танытқанын бағамдауға болады. Осындай қазіргі кездегі Парламентке пара-пар келсе, асып түсетін алқалы кеңестің мүшелері жайында Үмбетей жырау былай деп толғайды:

*Аруағыңа болысқан,
Әділ билік қылысқан.
Қашпаган қандай ұрыстан –
Керейде батыр Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай –
Абылай сенің тұсыңда,
Сол бесеуі болыпты-ай.
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай си [13, 29, 77–78 бб.].*

Егер Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек сынды батыр бабаларымыз Абылай ханның жауға сілтер семсері мен қылышы болса, Қазыбек пен Бұхар жырау оның сезімтал жүрегі, кеңесшісі бола білді.

Сол кезеңдегі қазақтың саяси-қоғамдық ойында бірнеше ағымдар қатар өмір сүрді. Жоңғар шапқыншылығынан әбден

әлсіреген, одан қалса Шығыстан бір дұшпан, іргеден екіншісі анталап тұрғанда үш жүзге бөлініп келген осы жұрттың алдында қай жолды таңдаса, қай пікірді қолдаса, кімнің соңынан ерсе тығырықтан шығамыз деген мәселе тұрды. Ең бастысы елдің тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалу қажеттілігі туындады. Әбілхайыр хан кіші жүздің ру басыларымен ақылдаса келе Ресеймен бірігіп, әскери Одақ құрып, қалмақтардан қорғануды жөн деп байлам жасайды. Төле би бастаған Ұлы жүз, Қазыбек би бастаған Орта жүз ақсақалдары да Ресеймен Одақ болуды қалайды. Осы ой-пікірлермен сана отырып, Абылай хан бір орталыққа бағынатын ұлттық мемлекеттілікті хандық диктатураға бағындырып ұстауды жөн санаған еді. Айлалы саясаткер дала демократиясын да шебер қолдап, хандық билікпен ұштастыра да білді. Хандық кезеңнің әлеуметтік-философиялық ой қазыналары бір-бірімен осылайша толықтырылып біртұтастанған идеяға айналды. Қазақ ұлтының бостандығы мен еркіндігін қамтамасыз етуде Қазақ хандығы тәуелсіз мемлекеттіліктің үлгісі бола алды.

1757-1758 жылдарда Қазақ-Қытай қатынастары шиеленісіп, екі жақ та алма кезек бір-біріне беріспей, бірнеше қан төгіс шайқаста күш сынасқаннан кейін, Шығыстан шыққан жаудың оңай еместігіне көзі жеткен Абылай хан Ұлы империямен тіл табысуды жөн санайды. Ендігі жерде ұзақ жылдарға бағытталған жүйелі, орнықты саясат қажет екенін түсінді. Абылай ханның қазақ қоғамы мен мемлекеттілігі жөніндегі бағдарламасын әлеуметтік-саяси ойдың шыңы деуге болады. Өйткені Абылай ханның бұл бағдарламасы прогресшіл бағыттағы құжаттар болуымен ерекшеленді. Бағдарлама өзінің алдына қазақтардың ерікті, егеменді ел болуын мақсат етіп қойды. Абылай үш жүздің басын қосып, бір орталыққа бағынатын Қазақ Ордасын құру мақсатында көшпелі тұрмыстағы халқын отырықшы мәдениетке көшіруге бел байлайды. Ал басқа мемлекеттермен саяси қатынаста әр мемлекет бейбіт қатар, бір-бірінің ішкі істеріне араласпай өмір сүрсе екен дейді. Тәуелсіздік жолындағы күрес көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жүргізудің саяси үлгілерін қалыптастырды. Қазақ елін сол кездегі сыртқы жаулардан аман сақтап қалуда Абылай хан азулы жыраулар мен арқалы билердің кеңесіне аса зор ілтипатпен құлақ асты.

Батыстағы көптеген деспоттық билік жүргізген отырықшы өркениетке қарағанда номадтар өркениетінде жеке адам өзін еркін сезінді. Өйткені көшпелі қоғамда қатал тәртіп орнату олардың өмір сүру тәсіліне байланысты мүмкін болмады. Далалық демократия орныққан қазақ қоғамындағы хандық биліктің өзі қатал тәртіп орнатуға бағытталмаған болатын.

Сол дәуірдегі хандық дала демократиясындағы еркіндік пен азаттықтың тарихи және жалпы теориялық тұғырларын анықтай келе:

- Хан – далалық еркіндік пен азаттық рухының жаршысы және оны тәжірибе жүзінде іске асырудың орталығы;

- Еркіндік таза шексіз немесе шектен шыққан бейберекетсіздік емес, ол әлеуметтік деңгейде белгілі бір жауапкершіліктермен, түсіністіктермен, келісімділіктермен шартталып отыруы тиіс екендігінің бақылаушысы да хан болып табылады;

- Хан – Жеке тұлғалық еркіндіктің негізі – әлеуметтік еркіндік, ұлт азаттығы мен бостандығы екендігін үнемі ескертіп отырушы ақпараттық және рухтандырушылық жан иесі;

- Хан – халқымыздың еркіндіксүйгіш дүниетанымы мен азаттықсүйгіш психологиясын толықтай меңгерген рәміздік түрде жинақтаушы образ;

- Халықтың азаттық рухы пен тәуелсіздігі, сайып келгенде, осы ханға тәуелділікпен ұштасып жатады деген – бағамдар жасауға болады.

1.2. Қазақ би-шешендері ой-толғамдарының құндылықтық-мағыналық ерекшеліктері

Кез келген қоғамының әлеуметтік-саяси ойларын, философиясын зерттеу үшін осы қоғамның әдет-ғұрып құқығына соқпай өтуге болмайды. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен заңдары іштей біртұтас, берік күйінде сақталған. «Әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық жүйе мемлекет заңдарынан түзелген құқықтық жүйеден өзгеше құбылыс. Бұл өзгеріс әдет-ғұрып құқығының контекстінде, әлеуметтік-саяси астарында, рухани бастауларында, принцип қағидаларында, өмірнамалық

құндылықтарында, адамға әсер ету ерекшеліктерінде. Әдет құқығы өзінің ішкі мәні және мазмұны, сыртқы түр-сипаты, іс-қимылды реттеу және оған әсер ету мүмкіншіліктері, жалпы болмысы, яғни қандай параметрлері тұрғысынан алса да адамзат мәдениетінің ерекше туындысы екендігіне шүбә келтірмейді», – дейді заңгер-ғалым З. Кенжалиев [14, 5 б.]. Көшпелі қазақ халқының өзіндік болмысын айқындаушы белгілерінің бірегейі ол әдет-ғұрыпы. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі бірнеше жүздеген жылдар өтсе де қаймағы бұзылмай атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа саф алтындай таза күйінде қанымен, тілімен, ділі арқылы беріліп отырған ізгі қасиеттері – сол халықтың өмірінің мәні болып есептелген «жөн – жоралғы», әдет-ғұрып заңдары мен этикалық, адамгершілік қағидаттары болып табылады. Кең-байтақ даланы мекендеген көшпенділерде түрменің болмауы, күштеу органдарының қажет етілмегенінің өзі «жабайы» деп аталған тайпалардың рухани байлығының қаншалықты дәрежеде дамығандығының айғағы. Мысалы «Билер кеңесі», «ақсақалдар мәжілісі» мемлекетте заң шығарушы органның қызметін атқарды.

Ақын-жыраулар күнделікті өмірдегі адамдардың іс-тәжірибесін қорытындылай отырып, даналықты қолданып шығармашылығын жасайды. Ал билер шығармашылығының өзіне ғана тән ерекшелігі табан астында, дәл сол мәселені шешу үстінде қауым алдында кезек күтіп тұрған түйінді шешіп төрелік етуі арқылы туындап отырады. Далалық демократиялық ой билер институты арқылы жүзеге асырылып, билер шығармашылығында жариялылық, сөз бостандығы сияқты құндылықтар көрініс тапты. Қазақ билерінің үкімдері мен кесімдеріне ханның да жарлығы жүрмеген. Хандық биліктің тұрақты әскері мен тармақты жүйеленген күштеу құрылымы болмағандықтан сахарадағы демократиялық үрдістер билер институтына берілген еркіндік арқылы айшықталады. Еркіндік философиясындағы «би» феноменін тарихи-әлеуметтік тұрғыдан сараптайтын болсақ:

- бидің қызметі мен еркіндік ұғымының мазмұны құқықтық деңгейде өзара тоғысып, би адам еркіндігі мен еріктілігінің және жауапкершілігінің «ресмиленген» реттеушісі;

- «би» адам еркіндігі мен құқықтарын сақтаушы болумен қатар заманға лайықтап жаңа мүмкіндіктерін ашып беруші;

- бидің қызметі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар деңгейіндегі: жауапкершілік пен еркіндік, еріктілік пен тәуелсіздік, бостандық пен азаттық т. б. категориялардың шеңберінде ғана қызмет етеді, немесе осылармен шартталған;

- бидің өзі әлеуметтік жауапкершілік пен еркіндіктің нақты қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-саяси барынша толыққанды өкілі, өнегесі мен жарқын үлгісі.

Билер қоғамдық өмірдің әр саласында, сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың мүмкіншілігіне қарай әділ шешімін кесіп отырған әрі дана, әрі шешен, әрі төрешінің рөлін атқарған. Билік өнерін жайында академик С. Зиманов пен Н. Өсеров: «Бұл дәуірде (хандық дәуір) қазақ тайпалары арасында билік өнері күшті дамыды. Қоғам ішіндегі дау-жанжал, талас-тартыс билер тарапынан шешіліп отырды. Билердің негізгі мақсаты – қылмыстыларды жазалап қана қоймай, қылмыстың алдын алуға, ел тыныштығын қорғап, екі дауласушы жақты татуластыруға күш салғаны белгілі» – деп сипаттайды [15, 4 б.]. Сондықтан да билер шығармашылығы еркін ойдың іс-әрекетте айшықталуы болып табылады.

XVIII ғасырдың басында Тәуке хан (1680–1718) әдет-ғұрып заңдарына өзгерістер енгізді. Ташкентке таяу жерде Құрылтай өткізіп, онда мемлекеттік мәселелер қаралып, тарихта «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жобасы жасалынды. Қазақ даласының Геродоты аталған орыс ғалымы, этнографы А.И. Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу» деген еңбегінде: «Бұл есімді естігенде өздерінің қызу қанды елірген отандастарының тобырынан рухы әлдеқайда жоғары кез келген қырғыз-қайсақтың жүрегін мақтаныш сезімі кернеп, Тәукенің алдында бас иді. Оны Қазақ Ордаларының нағыз Ликургі, нағыз «Драконы» десе де болады. Ол өз халқын апатты өзара соғыстан арылтты; бір тайпаның екінші тайпамен бірнеше жылға созылған қантөгіс ұрыстарына тыйым салды; жұрттың бәріне ортақ жарғы шығарып, сол арқылы сот билігін жүзеге асырды; ол күш қолданудан гөрі, неғұрлым терең ақыл-оймен, тәжірибемен, байланыстар мен билік ету өнері арқылы әрекет жасаған сияқты» [16, 3 б.] – деп жазды. Осындай халықтың көкейіндегісін дөп басқан бұл заңдар жинағы ел арасында «Қасымның бес жарғысы» немесе

«Қасым салған қасқа жол» деп аталып бізге дейін жетті. Сонымен бірге «Есім салған ескі жол» деген түсінік бар. Есім ханның тұсында «Жарғыға» шариат заңдары сыналап енгізіле бастады. Осы екі заң жобалары ежелгі билер жасаған қалпын бұзбай XVII ғасырдың аяғына дейін өз күшін жоймай сол қалпында сақталып, қолданылып келген болатын. Заманалар бойы халық өз тағдырларына қатысты талас-тартысты, даулы-дамайлы мәселелерін билерге өз еріктерімен сеніп тапсыратын болған.

«Қоғамды билеу дәстүрі мен ел билеген игі жақсыларының қалыптасу үрдісі әр ұлттың саяси өмірінің бітім-болмысын айқындайтыны белгілі. Сондықтан қазақтың дәстүрлі қоғамындағы саяси билік жүйесінің тыныс-тіршілігін, ондағы іс-әрекет пен саяси қатынастар ауан-шеңберін, саяси басшыларды тағайындау мен ел билеу әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерінен аңғаруға болады» – дей келе Д. Раев қазақтың билік философиясының қалыптасуындағы өзіндік ментальдық көріністерді дала қоғамындағы билік жүргізу дәстүріндегі тұлғаның жеке бас қасиеттері алдыға шығатындығы жайлы пайымдайды [17, 33, 120 б.]. Яғни адами, адамгершіліктік тұрғыдағы құндылықтармен өлшенгенін ашып көрсетеді. «Би» деген атаумен астасқан көне түркі тіліндегі «білік» деген сөздің мағынасы «басқару» немесе «білгірі» дегенді білдірсе керек. Далалық тарихтың суреттемелерін саралай келе А.Х. Қасымжанов билерді өткір тілді, ұшқыр ойлы, тез арада уәж айту, сөзге сөз қайтара білу батырлардың жекпе-жектегі жеңісіне пара-пар болатын қолма-қол жеңіс сипаты мен қорытындысын анықтайтын халықаралық саясаттың маңызды бөлігі деп сипаттаған еді [18, 43 б.]. Мәселені шешудегі бидің ой ұшқырлығының диалектикасын ашып көрсете отырып, әсіресе халықтың тағдыры шешілетін сын-сағаттардағы бидің рөлін дөп басып айқындап беріп тұр. Ақиқат алдында ар тазалығын сақтау билердің ең басты ұстанымы болды. Әр Ордада билікті қадағалап отыру үшін үш жүзден үш би сайланып қойылды.

XVII ғасырдың аяғында патшалы Ресей қазақ жеріне жайлап ене бастаған еді. Ел басына күн туған шақта халықтық философия мәселесі, сана мен билік арақатынасы өмір қажеттілігі ретінде бірінші орынға қойылды. Осы кеңістік пен уақыт аралығында қазақ даласында атақты үш биіміз – Төле

би, Әйтеке би, Қазыбек билердің даңқы шыққан еді. Олардың билік құру әдістерін талдап-тарқатсақ, сахарада әділетті, ашық қоғамның өмір сүргендігін бағамдауға болады. Ру арасындағы даулы мәселелерді шешерде ақылдастар алқасы жұмыс атқарып отырған.

*Әйтекеге дау келсе,
Қазыбекке жіберіп,
Үрмет айтып Қазыбек
Төле биге итеріп,
Оларсыз жұмыс қылмайды,
Үшеуінің басы бірікпей,*

Ердің құны тұрмайды [19] – дегенде атақты үш бидің жұмыс істеу тәсілі туралы толғанылған. Олар қоғамдағы үлкен ру аралық дау-шарларға жеке-дара өкім шығармаған. Кеңесіп, ақылдасып барып үкімін шығарып отырған. Азаматтардың тең құқығы сыйланып, ақиқат заңдылығын ғана басшылыққа алады. Осы өкім мен кесімдер тек қана жазалаушылық міндет атқарып қана қойған жоқ, олар тәрбиелеушілік те рөлге ие бодды.

«Ұрлық», «зорлық», «өтірікшілік» сияқты жаман қылықтар мен «мейрімділік», «кешірімшілік», «шыншылдық» секілді ізгіліктің тірегі болған философиялық ұғым-түсініктердің диалектикасы билер философиялық ойының орталық ұстындары бодды. Болашақ ұрпақ өмірмәнділік құндылықтарды мақсат етумен қатар, болашаққа үміт-сенімдерімен аттады. Мәселе билік жүргізу өнерінің әмбебаптылығында. Билер институтының атқарған үлкен ісі арам жолмен табылған мал мен олжаның, адал жолмен келген мал-мүліктен айырмашылығын түсіндіріп, «обал – сауап», «адал – арам» аражігін ұрпақ зердесінде мәңгілік ұялата білуінде. Иmandылықты жастардың көңілдеріне қондыра білуі шешендік өнермен қатар тәлімгерлік тәжірибенің де арқасында мүмкін еді. Қоғамның дамуының әр кезеңі адам болмысының дамуы арқылы болады. Адам өзін өзі жетілдіре отырып қоғамды жетілдіреді. Адамдар өздерінің іс-әрекеті арқылы қоғамның алға жылжуына тікелей қатынасады. Сондықтан қазақ хандығы тұсындағы билер атқарған ұлы істер адамды рухани жетілдіруге бағытталғандығымен де құнды.

Әлеуметтік өмірдегі келеңсіз іс-әрекеттер қазіргі кезде біздің қоғамымызда белең алып отырған жағдайлар. Бұл әсіресе қоғамның өтпелі кезеңінде ушыға түсетін құбылыстар. Ұлттық идея аясында біздің қоғамдық ғылымдар саласында көптеген келеді ойлар жазылып та, айтылып та жатыр. Оларды қазіргі ақпараттық технологиялар заманында барлық құралдар арқылы ұрпақ санасына жеткізу міндет. Жаһандану жағдайында ұлттық төлтума мәдениетін ұлықтап, салт-дәстүрлерін әлі күнге шейін жастарының санасына сіңіріп отырған Жапон, Қытай мемлекеттерінің орнықты дамуына қарасақ та жеткілікті. Мемлекеттілігімізді нығайтуда ұлттық сана архетиптерін жаңғыртудың тигізер үлесін де ескерген жөн.

Кезінде Әлихан Бөкейханов айтып кеткендей: «Би әділ болмай жұрт оңбақ емес. Қайда ілгері басқан жұртқа қарасақ, биі әділ. Закон жұрт болып, мемлекет болып жасаған жұрттың бәріне бірдей ноқта. Бұл ноқта рәсімге сүйенсе, рәсімнен жұрт тартынбайды, закон жұртқа жайлы саулап жүріп тұрады, жұрт қашан болса да рәсімге құл. Әділ би құдайдан басқа адамнан қорықпаса болды. Әділ билік рәсімге сүйенсе орнына келеді. Англия биін жұрт сыйлайды, атақты билер оқу оқитын медресені бітірген, жасы толған, ғұмырында қылған ісінде кірі жоқ кісіні би сайлауын ешкім бекітпейді һәм бұл би ешкімнен мақтау, шен алмайды, сот тергемей орнынан түспейді. Қызметіне алатын хақысы министрлер алатын хақыдан кем емес. Би алдында патшаның соқа басынан басқа бар адам құрдас. Англияда би болмақ зор дәреже, жұрт көзіне зор құрмет. Міне, Англия билігіне қарасақ, бұлардың әділдігі жазып шығарған закон емес, жұрт рәсімі арқылы болған. Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйірік шешен билерден келе жатқан әз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды» [20, 167–168 бб.] – деп қынжыла жазған еді. Алаш көшбасшысы қазақ арасында билік құру өнерінің тамаша үлгісі болғандығын сөз еткенде, билер әділеттілігін мақсат тұтты. Өйткені дәстүрлі билер билік құрған кезде қазақ ортасында «пара беру» деген ұғым болмаған.

Қазақты орыс судьясына қаратуды да, шарифатқа қаратуды да жақтап қол қоймаймыз дегені, қазақта өзінің әдет-құқығы мен билер институтының үлгісі қалыптасқандығына сүйенген еді. Үлгілі жұрттардың үздік, озық жақтарынан үйренуге шақырды. Алдыңғы қатарлы дамыған ұлттардың ел билеу өнері жайында сараптамалар жүргізе келе, қазақта да өзіміздің дәстүрлі билеріміз салған жолдың болғанын, соны орынды пайдалана білу керектігін ескерткен болатын. Өзіміздің төл мұраларымызды жаңғыртып, саралап, бүгінгі күннің кәдесіне жаратсақ одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Қазіргі Қазақстан жағдайында халқымыздың рухани мұраларын жаңғырта отырып асыл мұраларды, жәдігерлерді, тарихи тәжірибелерді жинақтап қазіргі кезеңнің игілігіне жұмсауға мол мүмкіндіктер бар. Әрбір қолына билік тиген азамат үшін халық мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қоюы қажет. Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой да, әлеуметтік мәселелерді шешеуде адамның адамгершілігін жетілдіруден бастап, тәрбиелеу мен рухани кемелдікке мылтықтың қажеті жоқ деген болатын.

Халқымыздың билік құру өнерінің жетістіктерін зерделей отырып, мемлекеттілігімізді жаңғыртуда өзіміздің түп-тамырымызға үңілу қажеттілігін байқаймыз. Шоқан Уәлихановта қазақ сахарасында реформаларды қабылдау кезінде жергілікті жағдайларды ескеру керектігін баса көрсеткен болатын. Ұлы ағартушы-ғалым азаматтық заңдарымызды жасауда, би сайлауында қалыптасқан дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуды армандап кеткен еді. Қазақ хандығы тұсындағы билер институты тек ел ішіндегі мәселелерді реттеп қоймай, сыртқы саяси қатынастарға да араласты. Билердің мәмлегерлік міндетті де атқарғандығы тарихтан белгілі. Көрші мемлекеттермен болған келіссөздер жүргізуде тамаша табыстарға жеткен Қаз дауысты Қазбек би туралы аңыз әлі күнге мәмлегерлік ойдың шыңы болып есептеледі. Жеке адам еркіндігінің әлеуметтік азаттық мәселесіне қарай сөзсіз ойысатындығын бағамдаймыз. Немесе, адамның ішкі еркіндігі сыртқы әлеуметтік еркіндіксіз түк те емес екендігі түсінікті жайт.

Билердің мәселені шешу тәсілінің өзі, ұрымтал тұсты дөп басатын сан қырлы әдістерге толы болды. Бұл әдіснамалар ақиқаттың мәңгілік заңын сақтауға қызмет еткен тетіктер бо-

луымен сипатталады. Бұл жерде биге шешендік өнер аздық етеді. Дәстүрлі рулық қоғамның салт-санасы, тұрмыс-тіршілігі мен тынысы көкейінде сайрап тұруы қажет.

Әйгілі билеріміздің ішіндегі Төле бидің бала кезінде «бала би», есейе келе «дана би», қарт шағында «төбе би» атануы жайдан-жай емес болса керек-ті. Оның істері халық арасында аңызға айналған. Төле бидің «қарлығаш би» атануы жайындағы аңызда былай дейді: Жоңғар шапқыншылығынан қалың ел босып қашқанда Төле би қозғалмай ауыл-аймағымен отырып қалады. Қалмақ әскербасы бұған таң қалып, неге көшпей отырғанын сұрастырғанда: «Осы көктемде қарлығаш үйіме ұя салып, балапан басқан болатын. Адамның досы ақ пейіл құстың Нұх пайғамбар кемесіне көмектесіп, адамды жыланның азығы болудан сақтап қалған ерлігі тағы бар. Өзі құйттай демесең, бойында адамзаттың жүрегі, адамның ақ ниеті бар құстың ұясын бұзбадым, сол үшін көшпедім» деп жауап беріпті. Сонда, қалмақ хоңтайшысы: «Бұл әулие адам екен» [21, 10 б.] – деп, оның еліне де, өзіне де тимепті дейді аңызда.

Дүниетанымы мен дүниетүсініктері айдың қабағын аңдып, күннің құпиясын кеуделеріне қонақтатқан көшпенділер Әлеммен, Табиғатпен тікелей тілдесіп үйлесімді қарым-қатынас орнатты. Табиғаттың өзіндей табиғи даму жолымен өркендеген, содан ләззат алып, содан бақыт тапқан. Бұл жерде көшпелі халықтың әлемді қабылдауындағы дүниетүсінігінің ерекшеліктерін аңғаруға болады. Олар жан-жануарлар дүниесінің қасиетін ұғынып, оны пір тұта білді. Дана ойшыл өзінің философиялық пайымдауларында адамгершілік-этикалық мәселелерді діни ұғымдармен ұштастырып отырған. Билердің шығармашылығында халықтың наным-сенімдері мен этикалық-адамгершіліктік құндылықтары жетекші рөл атқарды. Философияның негізгі категориялары зұлымдық пен мейірімділік, жауыздық пен кешірімшілдіктің мәндері, қарама-қарсы ұғым-түсініктердің арақатынастары диалектикасы бағамдалғанын көреміз.

Билер шығармашылығының тағы бір ерекшелігі іс-әрекетте, шешуші сәтте олардың адамгершілікті, ізгілікті, әділеттілікті ұстындарды нақты жүзеге асыруында деп білеміз. Олардың ізгілікке толы Кемел Адамдық келбеті бүгінгі ұрпаққа

үлгі боларлық, тәлімдік-тәрбиелік мәні зор. Дала ділмәрі Төле бидің әрбір іс-әрекеті мағынаға толы болды. Мәселен, «бақыт» категориясы этиканың басты ұғымдарының бірі болып саналады. Адам еркіндікте болғанда өзін бақытты сезінеді. Адамзат ықылым заманнан бері біреулер оны байлыққа баласа, біреулер оны «бақыт құсы» деп, қашан қонатынын біле алмай, қиялдайтын, соны арман етіп жүретін адамгершілік мұраттардың бірі. Осы «бақыт» ұғымын Төле би:

Ел билеген ер жігіт,

Сыйласа халқы құрметтеп,

Басына бақыт қонғаны [19, 57–58 бб.] – деп бір түйіндеп қояды.

Нағыз бақытқа жету билік тізгіні ұстау ғана емес, халықтың ризашылығына бөлену болып табылады. Халықтың сый-құрметіне ие болу дегеніңіз оңай емес. Ойшылдың бақыт туралы түсінігі бұл жерде ел көшбасшысының бақыты халқының мүддесімен астасып біртұтастануына меңзейді. Халық пен ханның тұтас бақытқа жетуін айтып отыр.

Төле би түсінігіндегі «бақыт» ұғымының тағы бір қыры қоғамдағы әйелдің орнымен анықталады. Жалпы көшпелі қазақ қоғамында әйел затын, қыз баланы өте қадірлеген, аялаған. Он үшке толғанша «қонақ бала» деп олардың күтіміне ерекше қарап, өте еркін етіп өсіреді. Бірақ бұл шексіз еркіндік емес. Бабаларымыздан: «Қызға қырық үйден тыйю» – деген сөз де қалаған. Бұл да жәй айтылған сөз емес. Оларды әсемдікке, сұлулыққа баули отырып, дарақылықтан, әдепсіздіктен тыйып отырған. Таза, пәк, ару күйінде болашақ жарына қосуға тырысқан. Қазақ жанұясында қыздың орны ерекше саналған. Қызды келген жері «бақ құсы», «бақыт құсына» теңеген. Ердің бақыты әйел деп есептеген. Әйел мен адалдықты теңестіреді. Қыз баланың, жалпы әйелдің тазалығына қазақ қоғамында ерекше көңіл бөлген. Әлбетте, қызды еркіне жібере отырып, оған жауапкершілікте жүктелген.

Алғаның адал болмаса,

Басыңа бақыт қонбайды [19, 58 б.].

Ырыс та, бақыт та, қызыр да әйелде деп түйіндеген ойшылы бүкіл үш жүздің Төбе биі бола тұра, болашақ келінін

ел аралап жүріп байқай, барлай жүреді екен. Бұдан Төле бидің жанұяға рудың, мемлекеттің алтын діңгегі ретінде мән бергенін байқаймыз. Болашақ ұрпақтың тәрбиесіне баса назар аударған философ, олардың болашағының дұрыс қалыптасуы жанұядан басталатынын терең пайымдаған. Ер түздегі тірлікті тындырса, әйел үйдегі шаруаны жүргізген. Жалпы қазақ қоғамындағы жанұялық тәрбие мен ондағы тыныштықты әйелдер реттеп отырған.

Төле би бір үлкен дауды шешіп, екі жақты бітістіріп бір топ серіктерімен келе жатса алдарынан бір топ қыз-келіншек шығады, жолын кеспей тұрып қалады. Осыны байқап келе жатқан Төле би, оларды өздеріне шақыртып алады. Жақындағанда олар аттарынан түсіп иіліп сәлем береді. Жөн сұрасқаннан кейін: «Неге бізді күтіп өтпей тұрдыңдар, бір шаруаларың бар ма еді?» – дейді. «Шаруамыз жоқ, Ата – дейді іштеріндегі бір қыз, – үлкен кісілердің алдын кесіп өтпе, оларға ізет қылып сәлем бер дейтін бізге, сіздерді сыйлап тұрғанымыз ғой» – дейді. Қыз жауабына риза болған Төле би қыздың аты-жөнін сұрастырса, Алакөз деген байдың жылқышысының Данагүл есімді қызы болып шығады. Сонымен Төле би Данагүлге құда түсіп, баласына алып береді. Данагүлдің ақылдылығы, инабаттылығының арқасында өзінің би атасына ғана емес, бүкіл ауылға жағады. Көшпелі қазақ қоғамындағы әйел атқаратын іс – ішер тамақ, киер киім даярлаумен шектелмейді, сонымен қатар бала тәрбиесі, үлкендерге қызмет көрсету асқан төзімділікті, инабаттылықты қажет етті. Әйел бойынан сұлулықты, пәктікті, тазалықты, әсемдікті іздеуіміз бекер емес. Жұбайлық өмірдегі әйел-ананы ерінің тағдырымен, оған жақын бала-шағасы, ата-анасы, туған-туыс, ауыл-аймақ, ел-жұртымен байланыстырып тұрар Тұлға деп қарады. Әр ер азаматтың өзіне лайық жар таңдауды және оны армандап жүрген «бақытына» балауы, көшпелілердегі «Ана-Жер-Ана» қатынасы Әлемдік Ұлы махаббат желісіне құрылған.

Төле бидің даналық философиялық түсінік-танымын зерделеу барысында әр істің шешімін өзінің өмірлік іс-тәжірибесі арқылы бекітіп отырғандығын байқаймыз. Дала ділмәрінің халқымыздың рухани жетілу мәселесінде тәлімдік және тәрбиелік рөл атқарғандығы жайында көптеген

аңыздар сақталған. Сапарлап келе жатып би атамыз серігімен қарақшылар қолына түсіп қалады. Өздерінің кім екенін қарақшыларға айтпайды. Төле қарақшыларға былай дейді: «Әй, жігіттер, сендерге біздің жанымыз керек пе, жоқ малымыз керек пе? Жан керек болса көп азаптамай өлтіріңдер, ал мал керек болса мәмлеге келейік, бізде сендерге жететін мал бар. Біреуің менің киімімді киіңдер, мен хат жазып берейін. Хатты былай деп жазамын: «Кенже ұлыма құда түстім. Соған қырық құнан атан, жиырма бура, сегіз ақбас атанымды осы барған адамнан айдатып жіберіңдер. Және оң босағамда жатқан тығулы алтынымды, сол босағамда жатқан күмісімді де беріп жіберіңдер»... Екеуі салып ұрып Төле бидің ауылына жетеді. Хатты табыс етеді. Данагүл атасының хатын оқиды. Мен білсем, ол кісі қырық қарақшының қолына түсіп қалған болу керек. «Қырық құнан атан» дегені – қырық мықты жігіт, «Жиырма бура» дегені – жиырма палуан. «Сегіз ақбас атан» дегені – сегіз ақсақал кісіні келінім мен балам ертіп келсін дегені ғой. «Алтын» дегені – баласы, «күміс» дегені келіні мен шығармын. Тезірек барып құтқарып алайық деп жолға шығады. Жақындай бергенде Данагүл екі қарақшыға: «Сіздер озып барып хабар беріңіздер, біз малды жая жүріп кешке қарай жетеміз» – дейді. Екі қарақшы шабуылдап барып «Мал келе жатыр» дейді. Өзге қарақшылар мол олжаға кенелетін болдық деп, аттарын қоя беріп, жайбарақат жата береді. Ел жатып, олар ұйқыға кіріскенде, қырық жігіт, жиырма палуан бәрі сау етіп, қарақшыларды сойылдап, байлап бәрін қолға түсіріп алады.

Сонда, Төле би қарақшыларға: «Келер кезек, өмір – біреу, кезек екеу деген осы жігіттер. Сендер шөліккеп келе жатқан жалғыз-жарымды тонайсыңдар. Елді зар жылатып малын талайсыңдар. Біреудің бермесін тартып аласыңдар. Адал еңбек етпейсіңдер. Шөл далада қаңғырып, қатын жоқ, бала жоқ, ит қорлықпен күн көресіңдер. Қанша жыл қарақшылық қылсаңдар да құтаймайсыңдар. Сендердей ұры қарақшыға не істесе де болар еді, әттең. Амал қанша сендерге өлім сыйлағанша, өмір сыйлағым келіп тұр. Мен Төле деген билерің боламын. Тілімді алсаңдар тәубаға келіңдер. Қарақшылықты қойыңдар, адал еңбек етуді ойлаңдар. Бала-шағаға қарап, ел қатарлы тірлік етіңдер, ұрпақ өсіріңдер. Үйлі-жайлы бо-

лып, мал жинап, егіс егіп, күн көрейік десеңдер мен сендерге көмектесемін, қамқор боламын, жер беремін» [19, 24–36 бб.] Төле би өзін тұтқындаған қырық қарақшыны тәубаға келтіріп, еліне ертіп барып, біріне жер беріп, біріне қой, біріне сиыр беріп барлығы адал еңбекпен шұғылданып, Төле бидің ел-жұрты атанып кетеді. Би ата өзінің тапқырлығымен, сенімді уәжімен нандыра отырып оларды жөнге салады. *Тәубешілдік, қанағат, құт, құтаю* деген сияқты ізгілікті тұғырларды орнатады. Адам өзінің еркіндігін дұрыс пайдалана алмаса, онда жаман жолға оңай түсіп кетуге болатынын көруге болады. Төле би түсінігіндегі толық Адам әлеуметтік ортамен ғана өлшенеді. Жеке адамның өмірі осы көпшілікпен мәнді. Ол белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі.

Адамның болашақта қандай болуды, кім болуды таңдау еркіндігі өзінде. Бұл жерде адам еркіндігі мен таңдау еркі анық көрінеді. Төле би сияқты данаға жолыққан жігіттер енді өздерінің теріс жолға түскендеріне көздері жетіп, түзу жолға бет бұрады. Бір ғана материалдық құндылықтарды күйттегенмен, адам жаны басқа да қажеттіліктерді қалайды екен. Оңай жолды күйттеп, жапан далада жол торумен, тонаушылықпен айналысып, әйтеуір қарын тоқшылығын ғана ойлап өмір сүріп жүрген жастардың болашаққа деген үміт-сенімдері оянды. Ең бастысы олардың пиғылдары өзгерді. «Ұрлық», «зорлық», «өтірікшілік» сияқты теріс істерге бастайтын жаман қылықтар мен «мейрімділік», «кешірімшілік», «шыншылдық» секілді ізгіліктіліктің тірегі болған философиялық ұғым-түсініктердің диалектикасы ашылып көрсетіледі. Олар енді өздеріне өмір-мәнділік құндылықтарды мақсат етті.

Билердің осындай ел ішіндегі бұзақылықты жөнге салу үрдісі «ақсақалдар алқасы», «әжелер кеңесі» сияқты салауатты ұйымдар арқылы әр ауылда жалғасын тауып жаңғыртса қазіргі қазақстандық қоғамды жетілдіруде маңызы артар еді. Өйткені мұндай ұйымдар «қазан бұзар, үй тентектерді» заң орындары арқылы жазаға тарпай-ақ жөнге салып отыруға септігін тигізери хақ. Нәтижесінде темір тордың ар жағындағы жігіттер саны азайып, бүгінгі таңдағы еліміздің демографиялық ахуалын жетілдіруге, экономикалық күш-қуатын арттыруға игі әсер етері сөзсіз.

Қазіргі кезеңде қоғамдық ұйымдардың бірнешеуінің атқаратын міндеттерін Төле би сияқты ойшыл-билеріміз осылайша бір ғана істің барысында атқара білген. Бұндай әдіс-тәсілдерді тәлімгерлік тәжірибеде қолданып отырған. Билер философиялық ойының шыңы да қарама-қайшылықты ұғым-түсініктердің ара жігін ажырату мәселесіндегі турашылдығында. Өйткені арам жолмен табылған мал мен олжаның, адал жолмен келген мал-мүліктен айырмашылығын түсіндіруде «обал-сауап», «адал-арам» – сияқты қарама-қарсы мәндегі ұғымдарды ұрпақ зердесінде мәңгілік ұялата білді. Діни-этикалық исламдық құндылықтар жүйеленіп, сахара жұртының діни наным-сеніміне айналды. Олардың жүректеріне имандылық пен тәубешілдікті ұялатты. Би-шешендеріміз қазақ елінің далалық демократиялық ұстындарын қадір тұтып оларды жетілдіріп қана қоймай, іс жүзінде сөз өнерінің философиясын жасады.

Қазақ даласында әділеттілікті ту еткен билер төреші болған кезеңде ұлтымыздың өресін жауларына мойындатқан болатын. Қабанбай, Бөгембай сынды батырларымыз білек күші сыналған жерде ержүректіліктің үлгісін көрсетсе, би-шешендеріміз Төле би, Әйтекеби, Қазбекбилер мәмлегерлік институтын жетілдірді. Басқаны бақытты сезіндіру деген ұғымды дәстүрлі қазақ философиясында билер шығармашылықтарынан бағамдаймыз. Билер институтының атқарған қызметін Қазақ даласындағы еркіндіктің жарқын көрінісі деуге болады. С.Е. Нұрмұратовтың аксиологиялық талдаулары бойынша, рухани дамудың негізгі мақсаты адамды бақытты болуға ұмтылдыру. Адамның жер бетінде тіршілік иесі болып келуінің өзі (қандай дененің иегері болса да, материалдық байлығы қанша мөлшерде болса да) – оны болашағы бар, бақытты болуға лайық жан етеді. Тек адамға Ақиқаттан берілген бір ғана еркіндік бар, құқық бар – ол таңдау құқы. [22, 98 б.]. Сондықтан да таңдау еркіндігі адамға берілген үлкен сый. Еркіндікті адамның бақытты сезіну шақтарымен шендестіруге болады.

Қоғамның дамуының әр кезеңі адам болмысының дамуы арқылы болады. Адам өзін өзі жетілдіре отырып қоғамды жетілдіреді. Адамдар өздерінің іс-әрекеті арқылы қоғамның алға жылжуына тікелей қатынасады. Сондықтан қазақ

хандығы тұсындағы билер атқарған ұлы істер адамды рухани жетілдіруге бағытталғандығымен құнды деп есептейміз. Ата-бабаларымыздан келе жатқан архаикалық құндылықтардың да атқарар қызметі аз емес. Бірнеше ғасыр бұрын қазақ қоғамында әлеуметтік індет болған келеңсіз іс-әрекеттер бүгінгі күнде де біздің қоғамымызда етек алып отыр. Бұл әсіресе қоғамның өтпелі кезеңінде көрініс беретін құбылыстар. Жұмыссыздықты желеу етіп, жаман жолға түсіп, оңай олжаға кенеліп кетеміз деген пиғылда адасып жүрген жастарымыз қаншама. Оларды қалай түзу жолға салуға болады? Өркениетті елдің жастарына лайықсыз тұрпайы, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерді қалай ауыздықтауға болады десек, бір ғана соттау арқылы түрмелерге жабу ма? Жоқ, әлде бірнеше жүздеген жылдар бұрын ата-бабамыздың әдет-салт, жөн-жоралғы жолдарын қайта жаңдандырып, ол өсиет-өнегені мектеп, үй-іші, басқа да қоғамдық ұйымдар арқылы таратуға ат салысып, шешімін табудың жолдарын қарастырған дұрыс па?

Президентіміздің: «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік ел» боламыз» [23, 55 б.] – деген қағидасы ұлтымыздың жарқын болашағы осы мұраларды ескеріп отыруда екендігін айқындап берді. Ұлттық идея аясында біздің қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында көптеген ойлар жазылып та, айтылып та жатыр. Жаһандану заманында әр этнос өзінің ұлттық мәдениетін ұлықтауы тиіс.

Билік құру, төрелік айту, қазылық етудің туы «әділдік», көздегені «ақиқатқа» жету. Осындай адам тағдырын шешудің кілті қолында болатын билерге Төле би :

Қолыңда болса бар билік,

Қараға залым болмаңыз.

Алдыңа келсе бітпес дау,

Әділін айтып қорғаңыз [21, 40 б.] – деп өсиет қалдырған. Бұл қағиданы заманауи сот билігінің тізгінін ұстаған азаматтардың басты ұстанымы болуға тиіс. «Тура биде – туған жоқ, туғанды биде – иман жоқ» деген нақыл сөзді қазақ босқа айтпаған. Әділеттілік орнату – имандылықпен шендеседі.

Төле би толғауларында елінің көкжиегін кеңейтуді, әлемге ашықтықты уағыздайды. Алдыңғы қатарлы дамыған елдермен араласып, олардың өнерінен үлгі алуға меңзейді:

*Көпшіл болған ер дана,
Достары болар әр сала.
Өнерліден үлгі алып,
Салдырар сәнді мол қала.
Өнерлімен дос болсаң,
Қиялыңды қозғайды.
Ой-өрісі тар жігіт ауылдан
Асып озбайды. [21]*

Бұл жолдардан ойшыл бабамыз қазақтардың томаға тұйықталуын қаламағанын көруге болады. Отырықшы мәдениетке ұмытылуға үндейді. Ұлтының болашақтағы жарқын өмірін содан көргендей болады. Жабық қоғамнан ашықтыққа үндей отырып, басқа халықтармен араласуға шақырады. Прогресске жетудің бірден-бір көзі өнегелі жұрттармен араласа жүріп, жақсы жақтарынан үйрену керек деп түсінеді.

Атақ, даңқ, мансап қуып соған жету жолында кез келген кедергілерді басып-жаншу адамды еліктіруші, адамшылықтан кетіруші нәрселер сияқты болып көрінеді. Алайда атақ та, даңқ та, мансап та адал еңбек, маңдай термен өз өзінен адамды өзі іздеп табатын кездері де болады. Онда олар нағыз атақты, даңққа бөленген, мансап иесі болады. Шексіз байлыққа кенелу мен атақ, даңққа елігу адам бойындағы құмарлықтардың ең қауіптісі дер едік. Өзінің әлі жетпейтін нәрселерге құмарланып, оңай жол іздеушілерді түйреп:

*Мансапқұмар оңбаған
Сатып кетер жолдасты [21, 40 б.] – дейді.*

Шен құмарлықты кезінде Абайда түйреп, сынаған. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келе бермейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек... әрбір

болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе жаманшылығы әшкере білінгендіктен түссе, әйтпесе түспесе» – деген шарттар қояды [9, 14 б.]. Алайда, заманның өзгеруіне байланысты ескіргендерін алып тастап, жаңа өмірге келіспейтұғынның орнына татитын жаңа жарғыларды толықтыратын билік шығаратын кісі керектігін айтқан болатын. Ойшылдың пайымдауында билік құратын адам міндетті түрде білімді және жоғары адамгершілікті болуға тиіс. Төле бидің мансапқұмар оңбағанға теңеген, жолдасын сатып кететін ала аяқты бүгінде көптеп кездестіруге болады. «Қазақтардың мұраттары» деген еңбегінде Т. Айтқазин: «Әрбір жан өз өмірінде алдына адамгершілік (имандылық) мақсаттар қоятыны айқын. Мұның өзі қоғам дамуының тарихитанымдық дамуын айқындайды... Адам жан-жақты жетіліп, айналадағы ортаға, өзгелерге деген шынайы, пәк сүйіспеншілігі қалыптасып, өзінің бойына имандылық мұраттарын жинақтай білгенде ғана, ол жаңа бір сапалық деңгейге көтеріле алады» – дейді [24, 1 б.]. Мансап пен шен қолына тигенде ақыл таразысына салып, алдымен халықты ұйытатын әділеттілікті ұстанғанда ғана шын мәнінде «әділетті басшы» бола алады. Өз заманының жас ұрпақтарына лайықты тәрбие беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды дұрыс жолға сала білген Төле би бабамыздың салып кеткен билік құру өнері мен имандылық қағидалары осы заманның да кәдесіне асарына сөзсіз дау жоқ.

Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тәуелсіздігі Қазақ хандығының 250–300 жылдық кезеңі болып табылады. Хандық мемлекеттің қалыптасуының ірге тасын Төле, Әйтеке, Қазбек билер бірге қаласты. Ел ішіндегі тек ру аралық мәселелерді шешуде ғана емес, мемлекет аралық даулы мәселелерді шешуде қазақтың үш биінің ауызбіршілігі, билік құру өнерін меңгеру іскерліктері көрініс берді. Олардың бойынан әр кез табылған азаматтық, мәрттік бүгінгі таңдағы қазақ елі жастарының еліктеп, ұқсап бағуға тұрарлық құндылықтар. Қазақ билерінің далалық өркениеттің құқық қорғау саласын биік деңгейге көтергенін елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев былай деп тұжырымдады: «Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы жайлап жатқан мемлекеттің реттеуші тетіктері толық іске қосылмай тұрған кездің өзінде ешқашанда, еш жер-

де қазақта жүзбен жүз, тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген, өмір болған соң кездеспей қоймайтын жер дауы, жесір дауының, барымта мен сарымтаның аяғы ат-тон айышпен, әрі кеткенде билер кеңесінде құн төлеумен бітім тауып отырған» [25]. Сайын даланың көшпелі тайпалары өз араларында адами қатынастар мен қоғамдық қатынастарын осылайша ерекше, билердің билік жүргізу үрдістері арқылы жүргізіп отырған.

Ел билеуші әуелі халықтың тынышығын сақтап, оның бірлігін қамтамасыз етуді өзінің басты мақсаты етуі тиіс. Ол үшін ел тұтастығын көздейтін ең басты әділдік, арлылық сияқты құндылықтарды ұстануы қажет. Өз мүддесінен халықтың мүдделерін жоғары қою әрбір қолына билік тиген азамат үшін ең басты қасиет. Сонда ғана ол пендешілікті жеңе алады. Бұл жерде адам өзінің нәпсілерін тежей отырып, еркіндігін де шектейді. Ерік деген осы екен деп, қолына билік тізгіні тие сала оны шексіз пайдалану емес.

Қазақ халқының тағдырын шешуде көш бастаған көсемдері, сөз бастаған шешендері мемлекеттік істерді реттеп отырды. Солардың ішінде ерлікке лайық батылдық пен ер жүректілік көрсеткен мәмлегеріміз Қаздауысты Қазыбек би. Оның даңқы мемлекеттік мәселелерді шешуде іскер мәмлегер дәрежесіне дейін көтерілді. Қазыбек бидің «Қаз дауысты» атануының өз тарихы бар. Қалмақтың ханы Қоңтажы қазақ елін үш рет шауып алғанда, малдан бөлек, сол шабылғанның ішінде бірталай ұл мен қыз да кетіпті. Соны сұрап қазақтар елші жібергенде Қоңтажы ешбір есе бермепті. Ұл мен қызды тұтқынан босатып алу үшін қазақ билері жиылып, елші жібермекші болады. Сол жолғы елшілікке Абылай: «Ал, жігіттер барыңдар! Жолдарың болсын, алдарың олжаға толсын, басшыларың Тайкелтір болсын, хандарың Қарқаралы хан Бертис болсын, атшыларың мына Қазыбек бала болсын. Үлкендеріңді кішілерің сыйландар. Жат елдің алдында жақсы елдің баласы құсап тұрыңдар... Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай, жауласа кетсек, сендердің шеберсіздіктерінен болады». Осылай деп Абылай елшілікті шығарып салады. Елшілік Қоңтажы ордасына жетеді. Қазақ елшілігіне қонақасын беріп, тынықтырған соң:

«Иә, қазақтар неменеге келдіңдер, айтатындарыңды айтыңдар да қайтыңдар! – депті. Сонда қазақ елшілерінің басшысы Тайкелтір би:

*Өгізді өлеңге байладық,
Өрлікті төменге байладық
Алдияр тақсыр алдыңа келдік,
Берсең алдық, бермесең қалдық.*

Сөзді өзіңе салдық» [19, 57 б.] – деп сыпайы қайырған екен. Асып – тасып тұрған Қонтажы Тайкелтірдің төмендеп сөйлеген сөзіне мерейі үстем болып: « Олай болса кешке дейін бір жауап қайтарармын. Жауап қатпайтын күн болса, ат-тонның амандығында, елді тапқан да жөн болар» – депті. Үзілген сөзді жалғап қазақ жағынан ешкім шыға қоймайды. Сол кезде есік жақта отырған Қазыбек орнынан ұшып тұрып хан Бертіске жетіп барып:

*Ерден ердің несі артық, ептестірген сөзі артық.
Малдан малдың несі артық, бір-ақ асым еті артық.
Жерден жердің несі артық, бір-ақ уыс шөбі артық,*

Міндетіне алған сөзден шегінген ерден, өлген аюдың өті артық – деп, қаһарын төге сөйлеп, Қоңтажыға жетіп келіп: «Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат!» – дейді. Біз қазақ деген мал баққан елміз. Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз [19, 58 б.] – деп төгілте жөнеледі. Табан астындағы тапқырлық пен суырып салма ақындық өнер қатар өріле келе өр намыстың үшқыны арқылы лапылдап сыртқа шықты. Данагөй би қазақ елінің бет бейнесін алты жол өлеңге сыйдыра отырып таныстырады. Толғау жолдарынан Қазақ хандығының көрші елдермен қарым-қатынаста әрқашан бейбітшіл сыртқы саясат ұстанғанын аңғарамыз. Адамның дүниеге келудегі өмірінің мәні оның еркіндігінде деп білген көшпелі жұрт басқаға ба-

сыбайлы болмаған. Хандық мемлекетте жеке тұлғалардың барлық жағынан қорғалғанын елшілік жіберіп тұтқындарын босатуды талап еткендерінен анықтауға болады. Мемелекет елшілігінің осы сапары адам құқығын қорғау болып отыр. Шешеннің адам әуел бастан құл болу үшін туылмаған деген тұжырымы еркіндіктің басты құндылық, өмір мәні екендігін айғақтайды.

*Сен қалмақта, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз,
Сен темір де біз көмір,
Еріткелі келгенбіз.
Екі еліктің лағын
Теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге
Танысқалы келгенбіз.
Танысуға келмесең,
Шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан да, біз арыстан,
Алысқалы келгенбіз,
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенбіз,
Тұтқыр сары желімбіз
Жабысқалы келгенбіз,
Берсең жөндеп бітімді айт,
Бермесең дірілдемей жөніңді айт,*

Не тұрысатын жеріңді айт» [19, 59 б.]! – Мәселені тікелей қойып, оны бірден шешуді талап етеді. Әуелі бейбіт жолмен, жоралғысымен тұтқындарды қайтаруды өтіну бар. Бітім болмаған жағдайда, күш қолданылатынын ескертеді. Жауына сес көрсете, асқақ түрде талап қоя да білген. Қазбектің шығармашылығының өзіне тән пайымдаулары ұлтымыздың тарихнамасында адам құқығы мен еркіндігін қорғаудың жарқын үлгісі ретінде мәңгілік сақталады.

Қалмақ ханы Қоңтажы: «Өзің сөзге келетін бала болсаң отырған орның қандай төмен еді, былай жоғары шықшы» – дегенде Қазыбек: «Біздің қазақтың әдетінде, жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлей береді» – деп орнына барып отыра-

ды. Сонаң соң қазақтарды қонақ үйге апарып күтіп – «Қазыбек сен жаңа үйреткен, жас тұлпар екенсің, сенің айтқан сөзіңе бұнымы шыдамай, сіресіп тұра алмадым. Сондықтан саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі – сенің дауысың қаз дауысындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан былай «Қаз дауысты Қазыбек» болсын, екінші тоқсан жеті жүлдені саған байлады, бұдан былай сен екі сыбағалы бол!» депті [19, 60 б.]. Дала ділмары қазақ хандығы мемлекеттінің сыртқы саясатын поэзия тілімен айшықтай отырып, елдің сыртқы саясаттағы ұстанымдарын осылайша мәлімдейді. Арқалы билеріміз сөз өнерінің майын тамызған, әрбір ойын әуездете білген майталмандар екендігін де көрсетеді. Ұлы Абайдың «өлең сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы» деген ойы қазақтың шешендік өнерді баптаушыларын «дана ерге» теңегінін осы мысалдан көруге болады. Біріншіден би-шешендер ойларын поэзия түрінде жеткізді. Екіншіден, халқының асыл қасиеттерін суреткерлік шабытпен төгілтіп, екпіндетіп, әрлеп жеріне жеткізе толғағанда дұшпаның да басын игізді. Сөз қадірін білген жұрт, басқа іс-әрекеттерге жол бермеген. Осы сапарда Қазыбек ел намысын осылай қорғап, туысқандарын құлдықтан құтқарды. Ойшыл сұңғыла ақылы мен парасатын халқының басына түскен ауыр халден құтқару жолында ұтымды пайдаланды. Бұл Тұлға еркіндігі мен шығармашылық шабыт құдіретін айқын танытады. Қазыбек шығармашылығы еркін ойлы Тұлғаға ғана тән. Адам бостандығы мен еркіндігін қамтамасыз етудің жолында билеріміздің атқарған қызметі қазіргі Қазақстан мемлекетінің рухани тұғырларының бірі болып табылады. Қазақтың дәстүрлі қоғамында еркіндік идеясының дамуы билердің философиялық ой-тұжырымдарында осылайша көрініс беріп отырған.

Қазыбек бидің тағы бір ел ішіндегі үлкен оқиға саналатын 1748 жылы тамыздың 4 күні Әбілқайыр ханды Барақ сұлтан қастандықпен өлтіреді, сондағы төрелік айтуына зер салсақ: «Уай, Барақ! Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен де бұрын сен адамзаттың өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қынадай қырарсың. Жауыздықтың қақпасын ашсаң, қанын

судай шашарсың. Ал енді еліңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзің бітеп, жараны өзің жазып ал. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды. Өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң өмір азбайды, шырақ қайта маздайды [19, 100 б.]. Бұндай үкім тек қана ізгі жүректен шығады. Өмірге келтіру, өлімді бұйыру Құдайдың ісі. Өлім мен өмір мәселесі қазақ арасында мәңгіліктің философиялық астарларына жол тартқандығының айғағы. Бұдан билер қазылығы қазақ философиялық ойының бір тармағы ретінде ерекше даналық түрінде дамығандығын бағамдаймыз. Қазақтарға ғана тән болған өзіндік төрелік айту өнеріне келетін болсақ, олардың шексіз билік құрғандығын көреміз. Би Барақ сұлтанға ешқандай жаза қолданбай тұр. Жазаға үкім шығаруды күнәлінің мойнына артады. Ой салады, арға жүгіндіреді. Адамзаттың бәріне ортақ осындай мәндегі философиялық мәселелерді риторикалық тұрғыдан мәмлеге шақыра отырып, шешуін ханның өзіне жүктейді. Адам өз күнәсін мойындап қана қоймау керек. Одан арылуы қажет. Қазбек би түсінігінде күнәдан арылу жолы – жүрек арқылы болады. Ал жүректің қақпасын тек қана ізгіліктерге ашып, оған мейірім, шапағат, қайырымдылық, имандылықты ұялату керектігіне меңзейді.

Адам табиғаты өте күрделі құбылыс. Қазақ мақалы: «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» – дегенде, адам бойындағы жаман қылықтардан арылу үшін ең бастысы сабыр сақтау керектігін тұспалдаған. Дана билер өздерінің шығармашылығы арқылы адам еркін ізгілікті істерге жұмсауға бағыттайды. Руханилықтың ең жетілген түрі дүниеге қатынастың терең мән-мағыналық сатыға көтерілуі дейтін болсақ, Қазыбек бидің өмірлік ұстанымдарын осы деңгейге жатқызар едік. Ақыл таразысынан өтіп, адамның ар-ожданы алдында есеп беруі арқылы адамға үлкен жауапкершілікті жүктеп тұр. Бұл жерде қаншама ғибратты үлгі аларлық, жамандыққа тоқтау, жақсылыққа жол ашудың көздері бар.

Билік өнерінің сахара жұртының әдет-ғұрпы мен салт-санасында ғасырлар бойы қалыптасып өзінің міндетін атқарғандығына зерттеушілер арнайы тоқталған. Адам бойындағы шайтани күштер билейтін күншілдік, қызғаншақтық, іштар-

лық сияқты кесірлерден арылудың жолдарын билеріміз өз шығармашылықтары арқылы көрсете білді. Осындай келеңсіздіктерге жол бермеуге ықпал ететін кешірімшілдік, жамандыққа жақсылық жасау сияқты оңды қылықтардың жетекшілік етуі адамдықтың басты белгілерінің бірі. Нағыз адамның жүрегі әрқашанда жақсылықтың ұясы болуға тиіс. Қазыбектің аталас ағайындары – Бертіс би мен Тілеуке би мұның ел ішіндегі абыройын көре алмай, жастарының үлкендігін малданып оны бір күні шақырып алады, Әуелі Бертіс би тұрып:

Ақылы елден артылған,

Ақылың болса мақтан.

Ынтымағы жұрттан асқан,

Жақының болса мақтан

Сенің жасың кіші ғой,

Ағаңның алдынан шығудан сақтан – деп ескертеді. Қазыбек

оларға:

Бір бала бар – Атаға жете туады.

Бір бала бар – Атадан өте туады.

Бір бала бар – кері кете туады – деп жауап береді. [19, 110 б.].

Мұның айтқанын ана екеуі кек тұтып, күні бұрын дайындап қойған адамдарына белгі беріп сабатуға айналады. Сол кезде аттың дүбірі естіліп Қазыбектің кенже інісі Бөдене батыр келе қалады. Ашулы батыр ана екеуіне тұра ұмтылады. Қазыбек інісін тоқтатып: «Шырағым, бір қолың ұрыс бастаса, екінші қолың арашашы болсын. Ашу дұшпан, ақыл дос. Жауға сілтер қаруыңды жақыныңа сілтеме!» – деп басыңқы сөзбен інісін тоқтатады. Өміріне қауіп төндірген ағайындарын бір ауыздықтаса, інісіне айтқан ақылы, баршаға айтқан ескертуі емес пе?

Өркенім өссін десең, кекшіл болма. Кесапаты тиер еліңе.

Елім өссін десең, өршіл болма, өскеніңді өшіресің.

Басына іс түскен пақырға, қастық қылма. Қайғысы көшер басыңа.

Жанашыры жоқ жарлыға, жәрдемші бол асыға,

Қиын-қыстау күндерде, өзі келер қасыңа [19, 121 б.].

Әрбір жеке адам өзінің рухани жетілуі үшін теріс пиғылдардан арылуы тиіс. Дана ойшыл кекшілдік, өркөкреттік, қаскүнемдік сияқты кесірлі жамандықтардан арылу жолдарын ашып көрсетеді. Адамның ішкі жетілуінің шамшырағы ізгілікті істерге жетелейтін тәлімгерлік түріндегі философияны жасады. Адамның рухани құлдырауының себебін іздеумен айналысқан философтарымыздың ой-түйіндеулеріне зер салсақ, А. Қапышев былай дейді: «Адамзат руханилық жайында көптеген пайымдаулар білдіргенмен, бірақ рухани құлдырауды тоқтатуға практикалық қадамдар жасамай келді, ол сыртқы дүниеге қызығу жолымен келді. Соның нәтижесінде руханилық пен мәдениеттің арасында терең сызат пайда болды. Сөйтіп руханилық пен мәдениет екіге бөлінді: біріншісі қазіргі күні бос сөзге, бедерсіз ұғымға айналды, ал екіншісі таза техникалық шеберлік, өзіндік мақсат қойған операциялық қабілет, қажетке жарату техникасы мен технологиясы және сыртқы материалдарды ұсыну түрінде көрініс берді. Руханилық пен мәдениеттің үйлесімділігі іс жүзіндегі махаббат, яғни әсемдікті туындатушы жақсылық ретінде түсінілуі керек» [26, 96–97 бб.] Иә, руханилықты адамдар қарым-қатынасының үйлесімділігі деген бұл пайымдаулар қазақ билерінің жүзеге асырылған үкім-шешімдері түрінде көрініс берді. Олардың даралық, тұлғалық келбеттері адамға деген махаббаттан, оларға үнемі жақсылық жасау тілегінен, кешірімшілдік, мейірбандық қасиеттерімен көмкерілген. Қазақтың үш биі осындай тұғырлы да, ізгілікті түрдегі әлеуметтік әділеттілікті іс жүзінде өз заманы тұсында жүзеге асыра білді.

Адам табиғатындағы сезімді ақылға жеңдіру оңайға соқпаған. Осының салдарынан қазақ қоғамында қайшылықтар туындады. Мысалы бір рудың жастары бір-біріне үйленуге болмайтын. Қазақтардың әдет-ғұрып заңдарының ішінде жеті атаға дейін қыз алуға тыйым салынған. Егер осындай оқиғалар орын алса ру басы ақсақалдар кеңесі арқылы шешіліп отырған. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары сынды трагедиялық, драмалық оқиғалар жайындағы шығармалар соның айғағы. Қазақтың дауларының ішіндегі намысқа тиетіні (рудың, жүздің) жесір дауы болып табылады. Бұл ғұрып күйеуі қайтыс болып бала-шағасымен әйелі қалатын болса,

ол балаларды қаңғыртпай, жесірін ешкімге бермей ағасы немесе інісі алатын болған. Олардың қараусыз қалуы ру, жүз, ел намысы болып саналған. Бұл құбылыс әмеңгерлік деп аталған. Алайда, әмеңгерлік институтында күштеу, зорлық деген болмаған. Әдетте ол ағайын арасында келісіліп, әйелдің ырқымен санасу арқылы шешілетін. Қазақ жетімін қаңғытпаған, қазіргідей мемлекетте жетімдір үйі болмаған. Жесірлерін жылатпаған, олар жан-жақты қамқорлыққа алынған. Әмеңгерлік институттының оңды жақтарына назар салсақ қазақ ішіндегі ағайынгершілікті бірегейлендірді. Демографиялық ахуалдың да жақсаруына ықпал етті.

Үш бидің сыншысы халқы болған. Күлтөбенің басында хан сайлап, жер дауы, жесір дауы, тағы да басқа әлеуметтік мәселелерді талқылап отырған. Үш жүздің ынтымағының қаймағы шайқалмай, іргелі ел, тұтас бір мемлекет болуына не қажет дегенде, мынандай толғау жолдарын қалдырған екен. Төле бидің айтқаны:

Батырлықтан не пайда,

Халқына қайран қылмаса?

Хандықтан не пайда?

Қарашасын жалмаса.

Молдалықтан не пайда?

Шаригатты өзгертіп,

Нашарларды алдаса – деп, батыр бол, хан бол, молда бол мейлі,
тек қана адал бол дегенді білдірсе керек. Ал Қазыбек бидің:

От басында білгір қартың болса,

Ол жазылған хаттан кем емес

Ей, біз үш жүз, үш қазақ керіспейік,

Асылы бізге керіскен жөн емес – деп, біртұтас қазақ ұлтын ауызбіршілікке үндейді. Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін деген сөзді халық бекер айтпаған. Билер философиясы жалқыдан жалпыға, жекеден көпке, әрқашан тұтастықты қамтыған ой жүйелері болды. Үшінші болып Әйтеке тұжырыпты:

Мен жиырма тоғыз рудан құрылған кіші жүзбін,

Әрі көптің, әрі батырмын, әрі бимін. Керісер болсақ,

Осы үшеуі маған жайсыз, сендерге жоқ! [19, 130–131 бб.]

Билер шығармашылығы үш жүздің басын біріктіріп, ынтымақтастырып, олардың арасында болатын дау-дамай, айтыс-тартыстарды жаңжалсыз шешіп отырудың ұтымды түрлерін үлгі еттуімен маңызды.

Қазақтың үш биі үш жүздің ортақ даулы мәселесін шешіп, халықты біріктіруші рөл атқарып отырған. Жесір даулаушы екі жақтың кісілері Төле би мен Қазыбек биге жүгініседі. Қазбек би сонда: Аға болып алдымнан туасың, Барымталап жылқымды қуасың десе.

Төле би: Артымнан ерген еркемсің, ағаңның көзі тірісінде жеңгенді неге ертесің? – деп өкпе артады. Екеуі ұзақ сөз жарыстырып бір мәмлеге келе қоймайды. Сонда ортадан Әйтеке би тұрып: – Сабыр етiңдер ағалар, ашу бар жерде ақыл тұрмайды.

*Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады..
Төле, сен жылқысын қайыр!
Қазыбек сен жесірін қайыр! [19, 132 б.], –*

деп төрелік айтып, келістіріп, қол алыстырыпты. Қарама-қарсы мәндердің диалектикасы «ашулану» мен «сабырлылық» арасын ажыратып ақылға жеңдіру көп жақсылыққа жетелейтіндігіне тағы бір көздерін жеткізіп береді. Екінші бір қырынан бағамдайтын болсақ, біз қазақ әйелдерінің еркіндігі сол қоғамның тұтас бірлігі жолында шектелгенін байқаймыз. Ғ. Есім дәстүлі қоғамдағы «әйел мәселесі», қажеттілікке сай шешім таппаған деп түйіндейді. Дәстүрлі қоғамда әйел мәселесінің арнайы регламенті болғанын, оның дәстүрді бұза алмағанын атап көрсетеді [27, 28 б.]. Әйел еркіндігі жайында әртүлі көзқарастарды қарастырғанда оның қоғамнан тыс бола алмай-

тына баса мән берген жөн. Дәстүрлі қоғамның өзгеруімен бірге, ондағы әйел еркіндігі деген мәселе көтерілген кезден бастап ол өзінің бостандығына ие. Ол енді өз тағдырын өзі жасайды.

Сахарада билік құру өнерін дамытқан осы билердің ізімен Абай да би міндетін атқарған кездерінде оны жаңғырта отырып жетілдіруге атсалысты. Алдымен Ұлы ойшыл қазақ қыздарының білімді болғанын қалады. Өзінің қара сөздерінде: «...қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді» – деп жазады [9, 110 б.]. Халқын алдыңғы қатарлы жұрттармен тең терезелі өркениетке жеткізуді көздеген Абай әйел еркіндігін де зерттеу көкжиегінен тыс қалдырмады. Дәстүрлі қазақ қоғамының әйел бостандығы мен теңдігі жөніндегі мәселе Кеңес өкіметі орнаған соң оңды шешімін тапқандай болды. Дегенмен қазақ әйелдері мен қыздарының мінез-құлықтарының еліктеушілік сипат алғанын жасыра алмаймыз. Егемен еліміздегі ұлтымыздың өркендеуі жолындағы басты мәселелердің бірі қыздардың тәрбиесі. Біздің зайырлы мемлекетімізде қыздарымыз сапалы білім алуға, жұмыс істеуге, өзіне жар таңдап отбасын құруға құқылы. Қазіргі кезде белең алып отырған қыз-келіншектерге тауар есебінде қарайтын көзқарастардың қалыптасуына өзіміз кінәліміз. Қазақ қыздары ықлым заманалардан бері намысын қорғай білген. Инабатты, ибалы кейпін сақтаған.

Руханилық, адамгершілік мұраттар қазақ ділінің нағыз өзегі болып табылатын құндылықтарға жатады. Қазіргі кезеңде қазақ үшін жаңа сынақ келді. Өрелі, өркениетті ел болу үшін ынтымақ, бірлік, ағайыншылық, адамгершілік қадіріміз бен қасиетімізді, ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді қазық етсек одан ұлтымыздың өркендеуі қарқындайды десек қателеспеген болар едік. Жастарымызға бала-бақшадан мектепке дейін, одан әрі жоғары мектептерде ақын-жырау, билер институттарының тәлімдік-тәрбиелік мағынасы мол шығармашылығынан сусындауына мүмкіндіктер ашу кезек күттірмейтін шаралардың бірі болса керек. Руханилық пен мәдениеттің үйлесімділігі іс жүзіндегі махаббат. Руханилық әрқашанда адамдар арасындағы қарым-қатынастардың үйлесімділікте болуымен сипатталады.

Біз бұл талдауымызда билердің тікелей іс-әрекетімен, талантымен еркіндік мәселесін құқықтық деңгейде таразылап, оны жауапкершілікпен толықтырылуын зерделедік. Әрбір адамның өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігі мен жеке адам бостандығын бағамдауға болады. Қоғамдық қатынастардың рухани дәрежесін көтере отырып, адамгершілік, ізгілік, өнегелілік т. б. этикалық категориялар жүйесімен толықтырылғандығын аңғардық. Қазақ қоғамындағы билер институты хандар даралығын толықтырушы бола отырып, тек ел ішіндегі ғана мәселелер емес, сыртқы саяси қатынастарға да араласты. Сондықтан жеке адам еркіндігінің әлеуметтік азаттық мәселесіне қарай сөзсіз ойысатындығын бағамдай аламыз. Немесе, адамның ішкі еркіндігі сыртқы әлеуметтік еркіндіксіз түк те емес екендігі түсінікті жайт.

1.3. XVII–XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармашылығындағы еркіндік идеясы

Жыраулар шығармашылығының басты ерекшелігі адам еркіндігін ең басты құндылық ретінде тануында. Ақын-жыраулардың дүниетанымдарына тән ортақ сипат – еркіндік ел тұтастығы, ел бірлігі мәселелерімен біртұтастықта қарастырылады. Өйткені XVII–XVIII ғасырлардағы уақыт талабы халықтың басын біріктірумен байланысты. Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жыраулардың халықты бір билікке бағындыруды көздеп, оған өз шығармашылықтарын арнауы халықтың дербестігін елдің бірлігі, еркіндігі мәселесімен қатар қоюымен анықталады.

Даналық дүниетанымдық үрдісте ой кешкен ірі тұлғалардың бірі қазақ сахарасында бір ғасырға жуық ғұмыр кешкен ойшыл, философ Бұқар жырау бабамыз болды. Бұқар жыраудың замандасы Үмбетей жырау «Өткіздің тоғыз ханды толғауменен» дегенде оның Әз Тәукеден бастап – Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік, Әбілхайыр, Барақ, Абылай хандар тұсында өмір сүргендігін айтады. Бұқар жырау Абылай хан дәуіріне дейін де қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік

өміріне араласқан болатын. Өзінің терең ойлы философиялық тұжырымдамаларымен қоғамдық ойды жетілдіруге ат салысты. Алғаш рет Бұқар жырау мемлекет дәрежесіндегі істерге Тәуке ханның тұсында қатысады. Қарақұмдағы тоқсан бидің басын қосқан Құрылтайда сөз алып, осы әдет-ғұрып заңдарын қайта қарап жатқан кезде пікірталасқа қатысуы бұған дәлел. Бұл кезде Бұқар Көкілташ медресесін тамамдап, мұсылманша оқумен қатар ғылымның бірнеше салаларын игеріп, араб, парсы, тәжік тілдерін терең меңгерген болатын. Дүниетанымы мен дүниеге көзқарасы жағынан толысқан ойшыл еді. Дәстүрлі ақын-жыраулар шығармашылығынан сусындаған Бұқар көшпелілер өркениетінің рухани дүниесінен терең нәр алды. Сонымен бірге оны Шығыс мәдениетімен шебер толықтырып, білімін мемлекеттік мәселелерді шешуде шыңдайды.

Көшпелі қазақ қоғамдық жағдайында сақталынып келе жатқан рулық қатынастар, патриархалдық от басы, көшпелі мал шаруашылығының басқа да қатынастарын реттеп отыратын әдет-ғұрып құқығы болды. Құқықтық заңдарды талқылау кезінде дін ислам орталығы Бұқара қаласынан келген қазы: «Сіздер, қадірменді қазақ халқы, әлмисақтан бері мұсылманбыз дейсіздер, заңға келгенде Құран-шариғаттың жолымен жүрмейсіздер. Уәдені көкке сілтейсіздер. Көк атсын дейсіздер. Ата-баба моласына, әруаққа табынасыздар. Бұл шариғат жолынан кеткендік» – дегенде, шариғатты Бұқараның қазысынан да жетік меңгерген Бұқар жырау: «Алла аспанда емес, жерде де емес, әркімнің жүрегінде, сезімінде, жадында. Ал заң сол сенімнен жоғары емес» [28, 86–87 бб.] – деген екен. Жыраудың осы пікіріне зер салсақ, оның ислам дінінің негіздерінен жақсы хабардар екендігін көрсетеді. Мұсылманның шариғат заңы қазақ үшін жат емес, Құранда «қанға-қан, кешуі болса құн төле» десе, қазақтың жолы да осыны айтады. Қоғам ісі қазақтың жолымен, дін шаруасы шариғат жолымен жүрсін. Дін мен құқық, мораль мен адамгершілік туралы түсініктердің әрқайсысының орнын айқындап береді. Бұқардың бұл пайымдаулары мемлекет істеріне діни мекемелердің араласпауын жақтайтындығын білдіреді.

Философия тарихында көз жіберсек немістің классикалық философиясының негізін қалаушылардың бірегейі Кант мо-

раль, құқық, еркіндік, тұлға ұғымдарын баламалы түрде қарастырады. Адам қоғамдық жаратылыс, ол қандай да бір азаматтық қоғамның мүшесі. Ал, қоғамда адам еркіндігі заңдармен (сөз құқықтық заңдар туралы болып отыр) шектеледі [29, 584 б.]. Заңдар болса жеке тұлғалардың еркіндіктерін шектеп, азаматтық қоғам мүшелерінің іс-әрекеттері мен қылықтарын қалыпқа түсіріп отырады. Бірақта заң өзі өздігінен ештеңе емес. Оның қызмет істеуі үшін қоғамдық құрылымда ықпалды бір элемент болу керек. Бұл элементті Кант күштеу аппараты деп білді. Бұқар жырау да елді бір орталыққа бағындыратын хандық билікті дәріптейді. Үш жүзді орталық билік хандық билікке бағындыруды көздейді. Ғасырға жуық ғұмырында бірнеше ханның билік жүргізуінің куәгері болған абыз жырау ханды елдің ұйытқысы деп түсінді. Бұқар шығармашылығының негізгі арқауы – ол елдің бірлігі. Ал ауызбіршіліктің негізгі ұстанымдары адамдар арасындағы өзара түсінушілік пен сыйластық. Өмірдің сәні де, мәні де осында деп білген жырау тіршілікте адамдар арасындағы осындай жарастықты, шат-шадыман өмір сүру туралы былай деп жырлайды:

*Адамзаттың баласы,
Атадан алтау тумас па,
Атадан алтау туганмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па.
Арыстанның барында,
Жорғасы болса мінісіп,
Торқасы болса киісіп,
Толгамалы қамшы алып,
Толғай да толғай дәурен сүрмес пе [19, 121 б.]*

Жалпы адамзаттың бірлігі мен татулығы мәселесін қозғайды. Қазақтар бейнелі сөздер мен теңеулерді шебер қолданған. Адамды қанаттандыратын жақсы сөз. Бұл жерде жақсы сөз жарым ырыс деген нақылдың осындайда айтылғанын көруге болады. Араларындағы жақсыларыңды қадірлеп, құрметтеп, оны сақтай біліңдер дейді. Ол ел қорғаны болған батырлар мен билеушілерін арыстанға теңейді. Арыстаннан

айрылса артында қалған жамандар бас-басына тозбас па деген ғұлама айтқан өсиет әлі күнге өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол өсиет жан ұядан бастап, мемлекетке дейінгі аралықтағы әлеуметтік топтар ішіндегі өзара қарым-қатынастың тұғыры болуға тиіс. Бұдан біз халқымыздың рухани бастаулары мен даналығының қайнар көздері жырауларымыздың асыл ойларында жатқандығын байқаймыз.

Бұқардың философиялық даналыққа толы шығармаларының өзегі адам. Қоғамдық қатынастарды реттеу мен әлемнің тыныштығын, ел тыныштығын сақтау туралы болып келеді. Жырау өзінің ойлау жүйесімен, өмірдегі тәжірибесімен дүниетанымдық негіздерді қалыптастырып, өзіне тән көзқарастарды орнықтырды. Оның он бір тілектен тұратын толғауы қазақтардың мұсылманшылығын, діни санасын қалыптастыратын өнегеге толы шығарма. Ондағы: «Бірінші тілек тілеңіз, бір аллаға жазбасқа». Ойшыл еңалдымен Алланың, жаратушының бар екенін, бір екенін мойындау керектігін ескертеді. Ислам дінінің негізгі шарттарын мойындап, оған құлшылық етуге шақырды. «Екінші тілек тілеңіз, шұғыл бір пасық залымның тіліне еріп азбасқа» – дегені әр нәрсенің байыбын ақылға сал, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырата біл дегенге меңзеп тұрғандай. «Үшінші тілек тілеңіз, үшкілсіз көйлек кимеске, Төртінші тілек тілеңіз, төрде төсек тартып жатпасқа», – деп қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін дені сау адам болу ең бастысы екендігін көрсетті. Жетінші тілекте «желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, сонан сасып тұрмасқа» деп жаугершілік заманда кез-келген уақытта жеріңді қорғауға дайын болуыңды ескертеді. Ғұлама жыраудың сегізінші тілегінде «сегіз қиыр шартарап, жер тұлданып тұрмасқа» деген жолдардан Жер-Ананың бүтіндігі, зілзала, топан су сияқты табиғат апаттарынан сақтауын тілеуді ескертеді. «Тоғызыншы тілек тілеңіз, төреңіз тақтан таймасқа» – хандық билікті халықтың, ұлттың тәуелсіздігінің кепілі деп білді. Ұлт тізгінін қолдан жібермей, әділеттілікпен билік жүргізетін хандық билікті күшейту мақсатын көздейді. Қарт ананың, қарт әкенің қартайған шағында аңырап қалмауы үшін осы тілектерді тілеңіз деп халқына арнау жолдайды. Ойшылдың даналыққа толы ойлары көшпенді халықтың өмір сүруінің әліппесі, үлгісі

іспетті. Жырау шағармашылығының негізінде ұлттың ішкі болмысы, өмір сүру қағидалары, дүниетанымы жатыр. Бұқар жыраудың философиялық ой-жүйелерінде Адам, Әлем, Өмір, Өлім мәселелері қозғалады. Адамның біуге құштарлығы, ол құштарлықтың шексіздігі жайлы:

*Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,*

Қызыққа тоймас адамзат [19, 132 б.], – деген толғауы бүгінгі күні жоғарғы технологиялар заманында дәлелденіп отыр. Жырау адамзаттың әлем ғажайыптарын игеретіндігін алдын ала болжады. Адам танымының, оның құмарлықтарының шексіздігі туралы ойлары жыраудың таным теориясының категорияларын саралап білгендігін көрсетеді. Адамзаттың еркіндікті шексіз пайдалануы апаттарға ұрындырары сөзсіз. Адамның табиғатты тануы мен өзгертуі тіптен адамның жер бетінен жойылып кету қауіпін туғызып отыр. Адам табиғатқа өз үстемдігін еркіндігі арқылы жүзеге асырады. «Қайғылы күні қабарып, қазалы күйге түссе де, Өмірге тоймас адамзат. Жақындап ажал төнсе де, Жанына қылыш ұрса да, Қалжырап көңіл қарайып, Қарауытып көзі тұрса да, Үмітін үзбес адамзат». Өмірдің қызығына тоймай, ажал төніп тұрған кезде де адам болашақтан үмітін үзбей, тіршілікті, жарық дүниені қимайтындығы жыр жолдары арқылы әсем өріліп, Өмір, Өлім, Үміт сияқты философиялық ұғымдардың адамзат үшін мәңгілік ұғымдар екенін меңзейді.

Бұқар жыраудың саяси-әлеуметтік ойларының негізгі түйіндері халықты ауызбірлікке үндеу. Ол көрші қалмақ еліндегі объективті құбылыстарды сыни көзбен талдай отырып:

*Кіші қара қалмақ бүлерде,
Бозылардың билігі,
Бұлт бұрқан болысты,
Уағдадан жылысты,
Буыршындай тіздесті,
Жамандықты іздесті,*

*Бірін-бірі күндесті
Жаулаған ханын қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас,
Ханын қалмақ жаулаған,
Сүйткен қалмақ оңбаған,
Үш Қарқара, Көктөбе
Иттей ұлып қалмаған [35, 130–131 бб.]*

Көрші қалмақ еліндегі оқиғалардан мысал келтіре отырып, оның жайын баяндап, алауыздықтан ауызбіршілікке үндеді. Адам бойындағы жаман қасиеттер – күншілдік, көреалмаушылықтан аулақ болып, жамандық іздеспей, жақсылыққа ұмтылуға үгіттеді. Хан қисайса бәрі оңбас деп, Елбасын құрмет тұтуға шақырды. Көрші елде болып жатқан оқиғаларға ден қойып қана қоймай, соны сараптай отырып, алдын ала сондай жағдайларды өз елінде болдырмауға атсалысты. Хандық мемлекеттің мызғымас бірлігіне нұқсан келтіретін рулар арасындағы алауыздықты әшкереледі. Жырау «Керей қайда барасың?» дегенде бір-біріне өкпелеп көше жөнелетін қазақты тоқтатуға, кешірімшіл болуға үндеді.

Бұқар жырау сынды кемеңгер ойшылдарымызға кеңестік идеологиялық көзқарастар тұрғысынан «сарай ақыны» деген ат тағылған кез де болған. Таптық тұрғыдан талдаудың әдістемесі арқылы Тұлғаларымыз осындай жаңсақ көзқарастың құрбаны да болды. Жыраудың басты мақсаты үш жүзге бөлінген сахара халқын топтастырып, ұйымшылдыққа шақыру болғандықтан Хандарымызды мадақтап, дәріптеуі халық алдындағы беделін көрсете жырлауы мемлекеттігімізді нығайтуда қажетті құралдардың бірі болды. Далалық демократиялық басқару үрдістерін жыраулар мен ақындар, билер мен шешендердің Хан маңына топтасуынан-ақ көруге болады. Ал Бұхардың жаугершілік заманда халықты күшті бір орталыққа бағынған мемлекет пен ханның қол астына топтасуға үндеуі халықты біріктірудің негізгі ұстанымы болды. Демек жырау ұлттың ұйтқысы. Еркін ойшылдыққа бет бұрған кезеңде жыраулардың түпкі мақсат-мүдделері ел тыныштығы мен ұлттық құндылықтарымыздың сақталуын көздегенін баса көрсетуіміз қажет. Бұқар жырау салиқалы ой-толғауларымен жаугершілік заманда ел тоз-тоз

болып ата қоныстан үдіре көшкен кездерде ұлтымызға рух, батырларымызға қанат бітіріп, ханымызға ақыл-кеңес бере білді. Ақыл-кеңестерін ханға да, халқына да тыңдата білді. Ойшылдың философиялық шығармашылығының дені билік мәселесіне арналып, әділеттілік, адамгершілік, ізгілікті мемлекет және оны басқарушы жайындағы пайымдаулар болды. Ол Абылайдың билік құру өнері жайлы былай деп толғайды:

*Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай мініңіз,
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың
Жетім менен жесірге
Ешбір кесір қылмадың
Әділетпен жүрдіңіз
Әдепті іске кірдіңіз*

Арманың бар ма Хан ием? [19, 50 б.] – деп, қанат бітіре мадақтауы қазақ халқының мақалы «жақсының жақсылығын айт, нұры тассын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» дегенін жырау халық атынан айтып отыр. Абылай хан тұсында қазақтың үш жүзінің басы бірікті. Билік құрудың басты ұстанымы әділеттілік болса, ол да хан бойынан табылды. Жыраулар мен ақындар билікке оппозиция да бола алды. Ханды осылайша көтермелеп халық алдында абыройын асқақтата отырып, кезі келген тұстарда оппозициялық пікірлерін де батыл айта алған. Жыраудың келесі толғауынан сол кездегі өмір шындығының басты-басты оқиғаларының бәрін жіті қадағалап отырғанын байқауға болады. Әрқашан өзінің қырағылығымен ішкі-сыртқы саяси мәселелерге дер кезінде араласып отырды, орысқа соғыс ашамын деген Абылайға:

*Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген,*

Жұртыңа жаулық сағынба, [19, 51 б.] – деп өте қатал да, зілді басу айтады. Абыз-жырау Ресей мемлекетімен арадағы

қатынаста бейбітшілікті қолдайды. Өзінің болашақты болжағыш, қырағы көкірек көзімен сезгендерін жырау ханға керек жерінде батыл да, батырып та айта алған. Өйткені қарт жырау үздіксіз соғыстың әлеуметтік-экономикалық зардаптарын көзімен көріп, басынан кешірді. Сондықтан, ел тыныштығы мен бірлігін көксеген ойшыл, ендігі жерде ханның тағы да соғыс ашқысы келгендігіне қарсы шығады. Абылай ханның жаулаушылық саясатына батыл, ашық түрде қарсы шығып, босқа қан төкпеуге шақырып қана қоймай, бұйыра айтып тоқтатқан кездері де болған. Бұқар жыраудың ханға қарсы оның алдағы соғыс ашу туралы жоспарына үзілді-кесілді тойтарыс беруі, сол кездегі қазақ қоғамындағы жариялықтың, сөз бостандығының, демократиялық үрдістердің басымдық танытқанының айғағы. Ханға жауап айтпасам, ханның көңілі қалады, қандыра жауап айтпасам, халқым не деп айтады деген жолдардан қазіргі кездегі депутаттың да міндетін атқарғанын бағамдаймыз. Абыз-жырау өзінің саяси ойларын құлаққа жағымды, көңілге қонымды, көкіректе әрқашан гүлденіп, санада сайрап тұратындай қылып айта білген. Әулие жыраудың еліміздің тыныштығын сақтап қалуда атқарған рөлі ерекше. Бұқар өзіне дейінгі ақын-жыраулар көтерген мәселелерді тарихи сабақтастықпен жалғастыра білді. Оны айғақтайтын толғауларына тоқталсақ, Асан қайғы бабамыздың болжамдарының жаңа заманға лайықталған түрін Бұқардан да табамыз. Оның кейбір шығармаларында сонау Асан қайғы бабамыздың ой-толғауларындағы болжамдар Бұқар заманында да ұлтымыздың тыныштығына қауіптің көрші Ресей мемлекетінен болатынына меңзейді. XV ғасырда Асан қайғы:

*Ай, Жәнібек ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан,*

Қарағай басын шалмай ма [30, 24 б.] – деп жұмбақтап кетсе, сол жұмбақтың шешімін XVIII ғасырда Бұқар жырау жалғастырып, былай деп толғайды:

*Күн шығыстан бір дұшпан
Ақыр да шығар сол тұстан,*

*Өзі сары, көзі көк
Бастығының аты поп
Күн шығысқа қарайды
Шашын алмай тарайды
Жаяулап келер жұртыңа [19, 52 б.]*

Әулие ойшыл болжаған отаршыл пиғылдағы көршілеріміз қазақтың қойнауы байлыққа толы өлкесіне ғана көзін сүзіп қоймай, халқын мәнгүрттендіруді де ойластырғанын айтып кетті. Басқыншылық пиғылдағы мемлекеттер ұлттың төлтумалығын, мәдени-рухани табиғатын жоюды көздейтіні белгілі. Оған кәрі тарих куә, бүгінгі ұрпақ куә. Осыны болжай білген көріпкел жырау елінің болашағын, елдің азып-тозарын, бодандықта өмір кешетінін алдын ала сезді. Бұқар жыраудың басқа ақын-жыраулардан айырмашылығы оның болар істі, келешекті болжай білетін сезімтал қасиеттері мен сұңғылалығында.

XVIII ғасырда Орталық Шығыста халықаралық саясаттың негізгі орталығы Ресей империясы болды. Петр I Үндістан мен Қытайға саудаға шығу үшін барша шығыспен сауда жолдарын иемденгісі келіп, қазақ жерлеріне қорғандар салып, қайтсе де оның ішіне ену үшін небір айла-тәсілдерді ойластырды. Орыс патшасының осындай арандатушылық отаршыл саясатының салдарынан өз халқының болашағы мен егемендігіне нұқсан келерін жырау алдын-ала сезіп, осы жайлы былай деп толғайды:

*Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына [19, 52 б.]*

Бұл айтылған болжамдар қазақ қоғамында 1937–1938 жылдардағы қаншама есіл ерлеріміздің өмірін қиған оқиғалармен расталды. Отарлаушылық саясаттың іргесі Ресейде сол кезде қаланған-ды. Қоғамда теңдік пен әділеттілік орнатуды мақсат еткен Кеңес өкіметі кезінде де отарлау саясаты жалғаса

беретінін жырау көрегендікпен тағы да өзінің шығармасында ескерткен:

*Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан,
Тексізді төрге шығарып,
Басыңа ол күн туганда*

Теңдік тимес құлыңнан [19, 51 б.]. Ресей мемлекетінің құрамында болған кезеңдерде пролетариат диктатурасының орнауымен болатын сойқандықтарды сахара ойшылы екі ғасыр бұрын болжаған еді. Жырау шығармашылығының негізгі арқауы сол кездегі қазақ мемлекетіндегі саяси хал-ақуалды тегіс қамтып отыр. Бұқар жыраудың бойынан жыршы, жыраулық қасиеттермен қоса саясаткерлік қабілеттер қатар табылып, қазақ қоғамының идеологы дәрежесіне көтерілді. Жырау өзінің жан-жақты шолу көрегендігімен сол кезеңнің өзекті мәселелері болып отырған Қытай-Маньчжур саясатынан да сақтандырды. Цин империясының күшінен сақтандырып, қара қытайларды қапдатқанша, орыспен одақтасуды жөн деп санайды.

*Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір жейді ақтарып*

Көмүлі көрден дәнеңді. [19, 52 б.] деп, қытайлармен одақтасудан сақтандырды. Бұқардың саяси көзқарасы Абылай хан саясатымен үндесіп, бірін-бірі толықтырды. Бұқар жырау Абылай ханның саяси ойларын ары қарай жетілдіріп, жүйелеп беріп отырды. Абылай ханның қасында Бұқарекен жырлайды, жырлағанда не дейді, соғыспа деп жырлайды. Ұзақ жылдарға созылған жаугершілік заманның зобалаңынан әбден шаршап-шалдыққан халыққа тыныштық керек екенін түсініп, хан саясатының бейбіт жағдайда өрбуіне ықпал етті. Бұқар жырау толғаулары терең философиялық астарымен ондағы ұғымдар мәнінің ашылып көрсетілуімен құнды. Жаулық жолын сүйеңіз, мұнау сұм дүние өтпей қалмас деменіз. Қазақ халқының тыныштығын, бейбітшілігін бірінші орынға қояды. Дүниені «жалғанға», «сұмға» теңейді. Үнемі ат үстінде соғыс жағдайында ғұмыр кешкен жырау тыныштықты аңсады.

Бұқардың сопылық әдебиетпен де жақсы таныс екендігін оның ой-толғауларынан аңдауға болады. Шығармашылығының өзегі исламдық құндылықтармен көмкеріліп, имандылық, сабырлылық, төзімділік сияқты ұғым-түсініктердерен тұрады. Шығыс мәдениетінің озық үлгілерін сопылық өлеңдерді көшпенді қазақ даласының ойлау жүйесімен, көшпенділер мәдениетінің озық үлгілерімен ұштастырып, оны байытты. Соған қоса Бұқар табиғаттың бізге әлі беймәлім тылсым дүниесінен хабар алатын көріпкелдік қасиет қонған жан. Бұқар жыраудың көріпкелдігі, сәуегейлігі жайында көптеген аңыздарда айтылады. Абылай хан бір елге сапарға аттанарда осы сапарымыз қалай болады екен, жолға шығуға бола ма, сәуе көріп беріңіз деп өтінеді екен. Сонда Бұқар жырау: «Егер сары бура келіп, туыңның түбіне шөгіп жатып алса, онда осы жорыққа шықпағаның жөн болар» – дейтін көрінеді. Бұқардың айтқандары шынымен де тура келіп отырған. Абылай хан мен Бұқар жыраудың қазақ ұлтының бірігуі жолындағы қайраткерлігі өз алдына зерттелетін құбылыс болса, саяси-әлеуметтік, философиялық ой-жүйелері әлі де талай ойларды қанаттандырары сөзсіз деп ойлаймыз. Олар өздерінің өнегелі ғұмырнамасы арқылы ауызбіршіліктің, достықтың жарсымдылығы, үйлесімділігінің үлгісін кестеледі. Бұқар жыраудың Абылай хан науқастанып жатқанда көңілін сұрай келіп, айтқан арнауында:

*Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай.
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен жаның-ай [19].*

Абылай хан тұсында қазақ елінде тыныштық орнады. Жырау толғауы арқылы қазақ халқы ұзақ жылдар бойы шапқыншылықтан мезі болып, енді ғана мамыражай күн кешсе, осы күнге жетуде Абылай ханның еңбегі зор болғанын паш етті. Ғасырларда бір рет дүниеге келетін кемеңгер, ақылгөй даналарымыздың бірі – Бұқар жырау шығармашылығының інжу-маржандарын тере берсек, оның мән-мағынасы әр қыры-

нан ашыла беретіндігіне тәнтіміз. Философияның мәңгілік мәселелерінің бірі «Өлім» туралы жырау дүниедегі не өлмейді деген сұраққа:

*Ай мен Күннің өлгені
Еңкейіп барып батқаны,
Айдын шалқар өлгені
Мұз болып тастай қатқаны,
Қара жердің өлгені*

Қар астында қалғаны [35], – дей келіп, табиғаттағы «өлім» бір түрдің екінші бір түрге айналуы күйіндегі қарама-қарсылықтың күресі диалектикасында жүзеге асса, адамның мәңгілігі рухы екенін «жақсының аты өлмейді, әлімнің хаты өлмейді» деп тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін түйеді. Қаншама ғасырлар өтсе де ақын-жырауларымыздың ақыл-кеңесі мен өсиетнамасы кейінгі ұрпаққа жететінін айтып отыр. Олардың өлмес мұралары арқылы қазірде бізбен сұхбат құрғандай тілдесеміз. Қазір де біз Бұхар жыраумен өз замандасымыздай сырласамыз, өсиеттері бүгінгі таңда да біздер үшін өнеге. Қысы мен жазы, көктемі мен күзі алмасатын өткінші дүниеде адам өмірінің мәңгіліктігі оның артында қалған шығармашылық мұрасы дейді. Бұқар жырау өз поэзиясына осындай философиялық мәселелерді арқау етті. Адам болмысының мәңгілік мәселелері жырауды толғандырмай қоймады. Ал қоғам өміріндегі құбылыстар мен ондағы шиеленісті жағдайлардың шешімін табуда философиялық ойдың тамаша үлгілерін қалыптастырды. Жырау алысты болжай алатын сұңғыла саясаткерлігімен қоса ақылға бай кеңесші де еді. Батырларымызға арнаған толғауларында олардың ержүректілігін, елі мен жерін жаудан қорғаудағы жанқиярлық көзсіз ерліктерін мақтанышпен жырға қосты. Бізге жеткен жырларының ішінде қазақтың камал-қорғаны болған Бөгембай батыр өліміне арнауында:

*Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған,
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған,
Қазақ деген халқынан*

*Батыр шыққан даңқынан
Қарсыласқан асылдар
Қорғасындай балқыған
Батырың өтті Бөгембай [19],*

– деп қазақи дәстүрдегі өлімді естіртудің өзін елі-жұрты атынан толғайды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде қалыптасқан салт бойынша Абылай ханға Бөгембайдай батырының бұл дүниеден өткендігін жыр жолдары арқылы жеткізеді. Өнегелі жұрттың ардақтысын қадір тұтып, батырларын үлгі етіп ерекше қастерлегенін жыраудың арнауынан көруге болады. Бұқар шығармалары қазақ қоғамының көкейтесті мәселелеріне арналды. Батырлық пен ерлік туралы жырлары арқылы халық еркіндігі жанқиярлықпен қорғалатынын айшықтайды. Тәуелсіздік үшін күрес жылдарында ұлттық намыс пен отансүйгіштік сезімдерді оятып, халыққа қанат бітірді. Батырлар мен саяси тұлғалардың сомдалуы мен олардың күш-қуатын шыңдауда жырау шығармашылығы рух беріп, қанаттандырып отырды. Бұқар шығармалары ұлттың саяси санасын қалыптастыруда зор үлес қосумен қатар тәрбиелік, тәлімдік-тағылымдық жүйелер болды. Қай заманда болмасын ақын-жырауларымыз ел тұтастығы мен бейбітшілігін қамтамасыз етіп, азаттықты, еркіндікті сақтауды әрқашан шығармаларына өзек еткен.

Келесі арқалы жырауларымыздың бірі – **Шалкиіз жырау** болса, елінің, жерінің бүтіндігін, тыныштығын сақтауды бірінші орынға қояды. Ол толғауларында:

*Есендікте малыңды бер де батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе
Дұшпанның қолы жете алмас [31, 44 б.]*

– деген нұсқаулар бере ой түйіндейді. Жаугершілік заманда өмір сүрген ақын әрқашан бес аспабың сай тұрсын деген қағиданы ұстанады. Мемлекеттің қорғаныс ісіне бейбіт кезде қамдануды, бейқамдыққа жол бермей, әскері мен батырларын әрқашан сақадай-сайлап, сақ отыру керектігін ескертеді.

Шалкиіз жырау өзінің еркіндік жайындағы көзқарастарын дұшпанға беліңді шешіп иланба, илантып тұрып өлтірер деген жыр жолдарымен өрнектейді. Бұндай ескертпелер ел мен жерді сақтаудың, еркіндікті қамтамасыз етудің басты ұстанымдары болуға тиіс.

Хандық қоғамның ішкі қайшылықтарын өзінің философиялық ой-жүйелерінің арқауы еткен **Жиембет жырау** Есім ханның тұсында өмір сүріп, еркіндік мәселесін, ел бірлігі, бостандық пен әлеуметтік азаттық, жеке тұлғалардың биік рухы, асқақ жігері мен төзімділігі және төзбеушілігі тәрізді мәселелерді экзистенциалдық категориялар төңірегіне топтастыра білді. Жиембет жыраудан аса көп мұра қалмағанмен, «Өмірің қатты Есім хан» деп ханға бағытталып айтылған толғауларынан осы мәселелер анық аңғарылады. Ол өзінің еркіндігі мен асқақтық рухының эволюциясын былайша сипаттайды: әуелі ханға бағынышты кезіндегі адалдығы мен бас ұрушылығын, құрметтеушілігі мен сыйласушылық қатынасын көрсетеді: «Көруші едім Есім хан, Ханымды күнім, Сізді айымдай...Жұмыскерің мен едім, Сатып аған құлыңдай» [31, 53 б.]. Одан соң арадағы кикілжіңдерден, мүмкін әлеуметтік әділетсіздіктерден шығар, онымен осындай сыйлы қатынасты бұза отырып, өзінің әлеуметтік бас бостандығын жеңіп алады: «Қайратым қанша қайтса да, Мұныңа, ханым, шыдаман! Арқаға қарай көшермін, Алашыма ұран десермін...Сенсіз де күнімді көрермін!» [31, 53 б.] Бірақ Жиембеттің толғауларынан өмірден түңілушілік пен сары уайымшылдық байқалмайды, физиологиялық жағынан «қартайып» біраз жасқа келсе де, өзінің рухын жоғалтпайды. Бұл, әрине, еркіндік пен азаттық рухы, сайып келгенде, тәуелсіздік пен ел қамы мәселесі: «Меніменен ханым ойнаспа, Менің ерлігімді сұрасаң, Жолбарыс пеннен аюдай, Өрлігімді сұрасаң, Жылқыдағы асау тайындай, Зорлығымды сұрасаң, Бекіре мен жайындай, Беріктігімді сұрасаң, қарағай мен қайыңдай». Ханға сес көрсеткен, жырау өзінің «Менін» осылайша теңеулер арқылы сипаттайды. Осы тұста ұлттық таным түсініктегі еркіндік мәселесінің тура мағыналарын философиялық тұрғыдан зерделесек, еркіндік ұғымының мазмұнына келіп тоғысатын ұғымдар мен түсініктер жүйесін байқаймыз. Атап айтқанда:

«Ерлік», «Өрлік», «Зорлық», «Беріктік» т. б. Бұл ұғымдар өздігінен түсінікті сияқты болып көрінгенмен, мағынасы тереңде жатқан еркіндік идеясының категориялық ұғымдары екендігі сөзсіз. Бұлар халқымыздың ділі мен ұлттық психологиясынан өрілген дүниетанымдық құрылғылар. Бұны таза батыстық философия тұрғысынан түсіндіруге болмайды, дегенмен, аралық деңгейде таразылап қарастыруымызға болады. Мәселен, «Өрлік» деген не? Ол әрине адам мен қоғам еркіндігін, азаттығы мен бостандығын сақтап тұра алатын, қамтамасыз ететін құрал. Екіншіден, эстетикалық категорияға жақын, «асқақтау» түсінігі. Үшіншіден, ұлттық Тұлғалықты айқындайтын жекелік сапа. Төртіншіден, Әлем мен Адам қатынасының белгілі бір үлгісі деп те айтуымызға болады. Бесіншіден, ел мен жерді сақтау үшін қажетті өмірмәнділік қағидат болып табылады. Жеке бастың мүддесі үшін қажетті абстрактілі, өзімшілдік еркіндік емес. Мәселен;

*Қол аяғым бұғауда
Тарылды байтақ кең жерім,
.....
Күн болар ма екен мен сорға,
Өзен, Арал жерлерім
Қиядан қолды көрсеткен,
Төбеңе шығар күн бар ма,
Жотасы биік Дендерім,*

– деген [31, 54 б.] сарындардан-ақ рух еркіндігі тек жеке өзіне ғана емес, тұтас халқы мен еліне, жері мен табиғатына қарай бағытталған сезімдік-қуат екендігін аңғара аламыз. Осы жолдардың әрбіреуінде еркіндік пен азаттық идеясы жатқандығы шындық. Осы төбелердің қасиеті, тек тау болғаны үшін ғана емес. Ол сақтық, жер мен елдің тәуелсіздігінің сақтығы екендігі сөзсіз. Яғни, еркіндік пен бостандық бар және оны сақтау бар, сақтау үшін сақтану бар деген логикалық тізбек туындата аламыз.

Жиембет жыраудың толғауларындағы өкініш пен қайғыру сезімдерінде де еркіндік рухы тайсалмайды. Ол мәңгі

жасампаздығы мен өміршеңдігін кейінгі ұрпақтарына астарлап, поэтикалық тілмен жеткізе біледі:

*Керегеге ілінген
Шабылмаған семсер тұр,
Жаудан алмай кегімді
Есіл де өмір өткен құр... [31, 54 б.]*

Осы өлең жолдарындағы «Керегеге ілінген, Шабылмаған семсер тұр», – деген жолдарға назар аударсақ, ол семсер сол күйінде тұра береді, байырғы замандағыдай егер Жиёмбет қайтыс болатын болса, бірге көмілмейді. Батыстың ғылымы мен техникасының дамуы нәтижесінде соғыс техникасының жетілуіне байланысты ендігі жерде семсермен жауымен соғыса алмайтынына өкініш білдіреді.

Жыраулық поэтиканың көрнекті өкілдерінің бірі – **Ақтамберді жырау:**

*Жағам қодың тигенін
Жалғыздық сенен көремін,
Атадан тудым жалқы боп,
.....
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан адам жоқ [31, 58 б.]*

Бірақ ол өзінің жалғыздығы арқылы өмір азабына түсіп, сарыуайымшылдықпен түңілмейді. Жаугершілік кезеңнің бозбаласының арманы жауға шабуға мүмкіндік алу екендігін жыраудың:

*Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп құдай тілекке! [31, 59 б.]*

– деген ойларынан көреміз. Ол еркіндік рухына қол жеткізгеннен кейін, жалғыздық қайғысын жояды, себебі, еркіндік рухы

жауға шабумен шартталған. Сол сәтте жалғыздық қайғысы жойылады. Осы сәтті Ақтамберді жырау былайша атап көрсетеді: «Торлаусыз өскен құланмын, Мезгілсіз жусап өрермін, Байраққа біткен құрақпын, Саусағым жерге түсірмен, Жапанға біткен терекпін, Еңсемнен жел соқса да теңселмен...». Осы позиция аңдай қарасақ, бірінші жолдар – еркін елдің ерке де азат өскен ұланы екендігін айтса, екінші жолдар – еркіндік рухты жырлап тұрғандай болады. Жырау еңсесінен жел соқса да теңселмейтін асқақ рухты жан. Өзін торлаусыз өскен құланға теңеуі де еркіндік пен азаттық сарынын аңғартатын теңеулер екендігі сөзсіз.

Ақтамберді жыраудың еркіндік философиясы ұлттық дүниетаным тұрғысынан алғанда, тереңірек, өмірмәнділік сипатта құрылады:

*Ел шетіне жау келсе,
Алдына сірә дау келсе,
Батырсынған жігіттің,
Күшін сонда сынаса! [31, 60 б.]*

Осы жолдарға назар салсақ, бір қарағанда бұнда еркіндік туралы ешқандай тереңірек мәселе жоқ сияқты болып тұрады. Бірақ оған тереңірек логикалық тізбектер бойына үңіле түсу қажеттілігі туындайды: «Батырсыну» түсінігі бұл тұста қоғамдағы еркіндіктің белгілі бір статусын айғақтап тұр. Яғни, ол өзінің батырлық рухы арқылы ішкі тәндік-психологиялық қорқу, тайсалу тиымдарын алып тастаған немесе жеңе білген, ерік күші толықтай жетілген тұлға. Еркіндіктің белгілі бір деңгейдегі шыңы батырлық құбылысы өзінің әмбебаптығын және өмір тәжірибесінде шынайылығын дәйектеуі тиіс болған. «Батыр» деп атаған немесе өзі «батырсынған» адамның бәрі шынайы батыр емес. Ол нақты жау алдында сыналуы керек. Бұны батыстық парадигмамен түсіндіре беруге болмайды. Бірақ осы тұста, К. Ясперстің «шекаралық жағдай» ұғымымен салыстырып қарастыруымызға болады. Яғни, шынайы адам болмысы өлім немесе қиыншылық жағдайда ғана ашылады. Бірақ біздің бұл салыстыруымыз ХХ ғасырдағы Ясперс айтқан ойды, ХVІІ ғасырда-ақ Ақтамберді жырау жырлап кеткендігіндігінің куәсі

болуы тиіс. Екіншіден, К. Ясперс идеясында осы жағдай солай болуы тиіс құбылыс, адам психикасының қасиеті ретінде тұжырымдалса, Ақтамберді философиясында, адам, нақтырақ айтқанда батыр, сол күйінде, шекаралық жағдайға қарамастан өзіндік болмысында сақталып қалуы тиіс екендігі толғанылады.

«Батырсыну» еркіндігі жай ғана құбылыс емес, өзін-өзі үнемі тексеріп, толықтырып отыратын, шынайылығын дәлелдеуі тиіс еркіндік рухының талаптарына жауап беруі керек деп тұжырымдай аламыз. Ол сонымен қатар тек жау алдында емес, «Алдыңа сірә дау келсе» де өзінің шынайы болмысын сақтауы тиіс. «Батырсыну» дегенде әділеттілік жолында тек қана шындықты, ақиқатты басты нысана етуді меңзейді. «Қап түбінде жата ма, Болаттың асыл сынығы? Халқың тозып кем болмас, Әділ болса ұлығы» халықтың біртұтастығына ел билеушінің әділдігі түп қазықтарымыздың бастысы екендігін баса көрсетеді. Яғни, «батырлық» құбылысы бірегейленуі қажеттілігі туралы ой қозғап отырған Ақтамберді жырау еркіндік рухының осылай қалыптасуын қалайды. Батырлық еркіндік пен азаттықты сақтаудың шарты болса, «батыр» өзінің еркіндік рухын жеңіп алушы, сақтаушы, бұзылуына төзбеуші тұлға екендігін естен шығармауымыз қажет. Осы мәселелерді толғаған Ақтамберді тек сөз жүзінде ғана емес, өзінің басынан бұл жағдайларды өткізген. Еркіндік пен батырлық рухын өзінің өмірлік тәжірибесі арқылы жүзеге асыра білді:

*Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап,*

– деп толғауы да [31, 61 б.] осының көрінісі. Ол осындай шабыт пен жігер рухы тек өзі өмір сүрген дәуірмен аяқталып қалмай, одан ары жалғаса түсіп, сабақтасып, болашақ ұрпақтарының да азаттық идеясын сақтап қана қоймай, өзінен де асып түсуін тілейді, табиғат эволюциясындағы даму заңдылықтарына сүйенгендей болады:

*Бала берсе тезінен,
Пірлердің бітсе демінен,
Шілтеннің тиіп шылауы,
Артылып тұыса өзімнен!* [31, 64 б.]

Ол «Күлдір-күлдір кісінетіп» атты толғауында тек ұрыс пен кек алуды ғана жырлаған жоқ. Азаттық пен еркіндіктің нәтижесін көре білу турасында шабытты, әсем өмірдің тұтас бейнесін жырлады. Ойшыл еркіндік мәңгілік күрес қана емес екендігін ескерте отырып, қалыпты тұрмыс кешіп отырудың өзі белгілі бір деңгейде тұрмысмәнділік құндылық екендігін атап көрсетеді:

*...Пышақтан малым кетпесе,
Қазаным оттан түспесе,
Ауылдан топыр үзілмей,
Ошақтың оты өшпесе...* [31, 62 б.]

Нағыз мамыражай көшпенділер өмірінің еркін сипатын келтіреді. Еркіндікті үдеріс ретіне байыптасақ, оның жоғалуынан бастап, қайта оралуына дейінгі кезеңді белгілі бір уақыт шеңберіне сыйғызамыз. Оңды аяқталар сәті болуы тиіс деп пайымдасақ, осы көрініс еркіндіктің шынайы өмірмәнділік құндылық екендігін дәйектеп тұрғандай болады. Ақтамберді жыраудың еркіндік философиясы: батырлық рухпен байланысты, ол жай ғана батырлық емес, шынайы өз мәніндегі, ел-жұрт пен халқының қамына тағайындалған батырлық рухпен астасып жатыр. Болашақта жарқын өмір барынан үміттендіре:

*Еділ, Жайық – екі өзең,
Талсыз болар деймісің...
Абылай қонған кең қоныс,
Елсіз болар деймісің....
Орын тапқан ер жігіт
Жерсіз болар деймісің* [31, 62 б.]

– деген толғауынан сол кезеңнің үдере көшіп, босқан ел-жұртына торығу мен мұңлы сарындардан гөрі, рухтандыру-

шы философиялық сарындағы туындыларын ұсынды. Осы рухтың мәңгілік сабақтастығы мен жалғастығын ұсынушы, болашақ хақындағы толғанысты бере білуші Ақтамберді жырау толғаулары өзінің өміршеңдігімен бүгінгі ұрпақтарының сүйіп айтып, ұйып тыңдауымен мәнді. Сондай-ақ, ойшыл шығармашылығы еркіндікті қадірлей білу, оның нәтижесін өмірмәнділік тұрғыдан терең түйсіну, әсем, эстетикалық идеалдарды осы еркіндік пен бостандық аясына орнату болып табылады.

Қазақ дүниетанымындағы азаттық идеясы тек жаугершілік пен елдікке ғана арналған жоқ, онда өмірмәнділік-тұрмыстық еркіндік мәселелері де қозғалып отырды. Экзистенциалдық жағдайлар, адам өмірі, тұрмыс пен тіршілік ету, жанұя мен ондағы сыйластық, жастық пен кәрілік туралы ойтолғаныстар да белгілі бір деңгейде адам еркіндігі мәселесіне келіп ойысты. Мәселен, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген **Көтеш ақын** толғауларына назар аударсақ:

*Қартайганда қатының дұшпан болды,
Баласымен бірігіп қысқан болады,
Келін деген бір дұшпан тағы шығып,
Біреуі іштен, біреуі тыстан қысқан болды.*

.....
*«Бала», «бала» деуменен мазалымыз.
Баладан болар білем ажалымыз,
Баламызға жалынсақ жан сақтармыз,
Келін деген даяр тұр тажалымыз!*

Бұндай өмірмәнділік еркіндік толғаулардың мағынасы да белгілі бір деңгейде экзистенциалды және тұрмыс философиясына, адам өмірінің мағынасына келіп ойысады. Мәселен, екінші және төртінші жолдардағы «қысқан» деген сөзге назар аударсақ, «нені қысқан?» деген сауал туындайды. Әрине, адам еркіндігінің қысылуы, тарылуы, бірақ тұрмысмәнділік деңгейдегі еркіндіктің шектелуі екендігі сөзсіз. Жыраулық дәстүрдің поэтикасына сүйене отырып, ұлттық дүниетанымның өзіне сай келетін еркіндіктің тәуелділікке өтуінде «қысылу» түсінігінің маңызды құбылыс екендігін байыптай аламыз. Адам

еркіндігі абсолютті еркіндік емес екенін, адамның жеке басы жанұя шеңберінде әке мен шеше, ата мен әже, жұбайы, балалары алдында әрқашан атқаратын міндеті мен жауапкершілігі арқылы шектеліп отырады.

Келесі шумақтағы соңғы сөздерге назар аударсақ, еркіндіктің шектелген, тіпті аяқталған шағын байқаймыз және оның регрессиялық сатыларын аңғарамыз: «маза – ажал – жан сақтау – тажал». Бірақ бұны тура мағынасында түсінбеу керек. Бұл тәндік, биологиялық, әлеуметтік, рухтық еркіндік емес, психологиялық еркіндіктің шектелуі. Бұнда жанұядағы физиологиялық жағынан қартайған адамның еркіндігінің психологиялық тұрғыдан шектелетіндігі баяндалған. Бұндай үрдіс қазіргі заманда өмір шындығымен кей жағдайда сәйкес келіп жататындығын ескерсек, XVIII–XIX ғасырлардағы жыраулық-ақындық дәстүрлердегі өмірмәнділік толғаныстарды аңғарамыз. Шындығында да, адамның қартайған шағында еркіндік басты құндылық екендігі хақында ой түйіндей аламыз.

Бірақ Көтеш ақынның осы мәселе жөнінде бір жақты қарамай диалектикалық тұрғыдан келуінің өзі еркіндік хақындағы философиялық толғанысты тереңдете түседі. Осы еркіндіктің тарылуы мен қысылуын тек объективті себептерге таңбайды, оның субъективтік қырларын да атап көрсетеді:

*Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма,
Қазы, қарта, жал, жая, бас жарай ма?
Кәрілік мұның бәрін жақтырмайсын,
Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма!? [19]*

Бұндай диалектикалық ұстанымдар еркіндіктің психологиялық-субъективті және әлеуметтік-объективті қайшылықтарын ашып көрсетуге арналғандай. «Кәрілік» – бұл тұста, жалпы еркіндік мәселесінің күрделілігін, өздігінен қайшылықтылығын көрсетіп тұрған мысалы сияқты.

Жаугершілік заманның келесі ойшылы **Үмбетей жырау** (1706–1778) шығармашылығының негізгі арқауы бейбітшілік пен адамгершілік мәселелері. Еркіндік пен елдік бірлікке арналған жыр толғаулары негізінен ұлттық дүниетанымның

көркем шежіресін жасауға арналған. Шығармашылығы арнау түрінде, этикалық құндылықтарды дәріптеп, мұсылмандық қағидаттарды насихаттау, қазақ қоғамындағы ұрлық, тонаушылық секілді жаман қылықтардан жирендіру түрінде болып келеді.

*Тоқымы кеппей топтанып,
Ел тонауға аттанып,
Жылқышысын дойырлап,
Жылқыларын сойылдап,
Көрші жұртты шулатып,
Жаудай шапқан не сұмдық! [30, 70–71 бб.]*

– деп толғайды. Сахара жұртының ең бір жаман әдеттерінің бірі барымта. Зорлық, зомбылықты бүркемелеп «қарымта қайтару» деген желеумен осындай бір тұрпайы түрдегі қылықты рәсімге айналдырған. Жырау болса оған өзінің қарсылығын ашық түрде паш етеді. Үмбетей жыраудың ұрлық туралы «бұл не сұмдық!» деп күңіренген мәселесі келесі ғасырда Әлихан Бөкейханның да «Ұры тыю» атты мақаласында сөз болады. Жаугершілік заманда жылқы малы ортақ ағайындыкі болғандықтан, егер бай ағайынның айғырын ұстап соғымға сойса, тұяққа тұяқ деп құлын, тай төлейді екен. Ағайынның құр семіз атын ұстап мінсе ол күнә емес. Осы рәсімдер жылқы бір рулы елге ортақ уақыттан қалған. Қазақ рәсіміне салса жылқы ұрлығы зор айып емес. Біздің қазақ мұсылманмын дегенмен, құранды ұстағанмен, рәсімнен шыға алмай, ұрлыққа бата беріп отыр. Ғұмыр өзгерілді. Ат ұрлаған адамды тышқандай өлтіретін орыс мұжығымен ауылдас болдық... Қазақ рәсімі қанша ұрлыққа жылы-кешірім болғанмен мұжық рәсімін, үкімет заңын жүргізбей қоймайды. Енді ғұмырдың өзгерілгеніне қарай ұрлыққа әдіс қылмаса болмайды. Бұл тәмәм қазақ атына зор кемшілік, таңба, ұят [20, 133–134 бб.]. Қазақтың «барымтасы» елдің бірлігіне, ынтымағына кері әсерін тигізіп қана қоймайды, ол жеке адамның адми қалпын бұзады. Қазақтың ата кәсібіне айналдырып алған ең жексұрын қылықтарының бірі ұрлық. Оны өздерінше бір ерлік деп есептеп, кек алудың түріне айналдырған. Өкіметтің заңы да оны тия алмай отыр.

Бұндай әдеттен халық болып, жұрт болып өздері әрекет етіп құтылмаса ешкім қайран қыла алмас. Ол үшін адам әуелі өзінен бастау керек.

Біздіңше, бұл жерде қоғамдағы жеке адамның иманы, тәрбиесі шешуші рөл атқарады. Үмбетей жыраудың да шығармашылығының өзегі болған бұл мәселе басқалардың еркіндігін шектеумен сипатталады. Ауызға «Алла» жол емес дегендей, мұсылманшылықтың тілде ғана көрінуін «сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді» дегенінен жыраудың дүниетанымында исламдық құндылықтар басымдық танытқандығы көрінеді. Бұдан әділеттілік пен әділетсіздік, жақсылық пен жамандық тәрізді философияның мәңгілік категориялары жырау толғауларының өзегі болғанын бағамдаймыз. Үмбетей жыраудың ойлау жүйесі «Адам мен Адам», «Жеке адам мен Қоғам» қатынасындағы адам болмысының мәселелеріне арналған. Адамның Тұлғалық жетілуіне тәрбиенің ықпалын жырау әуелі рухани тазарудан бастау керек деп білді. Бұрала біткен емендей, қисық туған адамсың. Бұл мінез бұл қылықпен, қайдан абырой табасың? Адам мінезін түзеу туралы ойлары арқылы қоғамды жетілдіруді көздейді. Қарап жатқан жыланның, құйрығын неге басасың дегенде көрші елдермен тыныштық пен татулықта болуды көздегені белгілі. Батырлардың ел қорғаны, мемлекеттің тұтастығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі жайында «Бөгенбай қазасын Абылай ханға естірту» атты толғауында кеңінен сипаттайды. Бөгенбай сынды батыр Тұлғаларға арнап толғау түрінде мәңгілік сөз қалдырды. Жыраулар осылайша ерлік пен батырлық жайлы ұлтымыздың салтанат құрған шақтарын жырмен өрнектей отырып еркін де ерке кездерін дәріптей де білген. Өз зерттеулерінде жыраулар дүниетанымын зерделеген Ж.Б. Ошақбаева: «Қазақ халқының өмірінде сөзге тыйым салынбаған, өзара сын-пікірге шек қойылмаған. Көшпенді халық үшін еркіндік қандарына сіңген қасиет болу керек. Ақын-жырауларымыздың, шешендеріміздің сөздері осы халық еркіндігінің көрінісі болып табылады», – деп жазады [32, 36 б.].

Замана өзгерістеріне үн қосқан келесі бір бағыт «Зар заман» ақындары деп аталған ойшылдар. Зар заман ақын-

дарының шығармашылықтарына еліміз толық дәрежеде тәуелсіздікке жеткен жылдардың басында жаңаша ойлау тәсілдері тұрғысынан сараптама жасаған Қ. Бейсенов бұл ақындарды «зар заман» емес ұлтжанды ақындар деп атайтын уақыт жеткендігі туралы ой қозғаған еді [33, 158 б.]. Дәстүрлі қоғамның қалыпты дамудан ауытқушылығын ақырзаман белгілері деп түсінген олар тек Ресей отаршылдығына ғана емес, Еуропалық дәстүрлерге де іштей психологиялық, идеологиялық қарсылық көрсетумен өз идеяларын таратады. Екінші бағыттан айырмашылығы өздері өз идеяларын іске асыратын күрескерлер емес және көбінесе сары уайымшылдық басымдау болып келеді. Болып жатқан құбылысты заманның объективті ағымына телиді. Сондықтан да оларға «зар» деген атау берілген. Бірақ бұлардың басқалардан бір ерекшелігі оларда мистикалық көріпкелдік емес, қазақ халқының болашағын нақты болжаған болжамдар ұсынып отырған. Ол болжамдардың шынайылығына бүгінгі заман куә болып отыр. Негізгі өкілдері: Дулат, Шортанбай, Әбубәкір, Мұрат т. б.

Олардың орталық түсініктері ұлттық дүниетанымдағы – «заман» категориясы. Ал еркіндік пен бостандық осы ұғым төңірегіне топтастырылған. «Заман» ұғымы ұлттық дүниетанымдағы әлеуметтік философияның категориясы дәрежесіне дейін көтерілген және орталық түсініктердің бірі ретінде қалыптасқан тарихи-мәдени феномен. Заман халқымыздың таным түсінігінде екі бағытта толғанылады: біріншісі – оптимистік (қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман); екіншісі – пессимистік (зар заман, қилы заман, аумалы төкпелі заман т. б.). Біз қарастырып отырған зар заман толғаулары осы екінші бағытты қамтиды. Заман ұғымына әлеуметтік философия тұрғысынан біз мынадай өз анықтамамызды ұсынамыз: «Заман дегеніміз – сол дәуір немесе кезеңнің белгілі бір уақытқа бағдарланған объективті әлеуметтік шындығы, тұрмыс тіршілік пен ғұмыр кешудің жай-күйін білдіретін категория».

Зар заман ақындарының толғауларының пессимистік бағытта құрылуы жоғарыда атап өткеніміздей, Ресей отаршылдығы мен Еуропоорталықтық ықпалға төзбеушіліктен туындаған. Оған белгілі бір деңгейде психологиялық, идео-

логиялық қарсылық көрсетумен анықталады. Олар ұлттық құндылықтардың өзгеруі мен ауысуына қарсылықтарын шығармашылықтары арқылы ашық айтты. Халықтық дүниетаным мен діліміздің жағымсыз бағытта өзгеріп бара жатқандығына көңілдері көншімеді. Өздеріне етене көшпелі өркениеттің қастерлі құндылықтарының жоғалып бара жатқандағына, оның ақырын терең сезінгендіктен буырқанған сезімнен туған дүниелер еді. Яғни, дәстүршілдік қағиданы қатаң сақтап, тарихилық ұстанымды бағдар ретінде бағамдап, өткеннің қадір-қасиетін мойындай отыра тіршілік ету ұстынынан айнымаушылықты тіледі.

Бұл жерде еркіндік: біріншіден, саяси тәуелсіздік пен азаттыққа, екіншіден, осыдан туындайтын рухани-мәдени және психологиялық еркіндікке, үшіншіден, осындай сыртқы факторларды тұтасай мойындап, дәстүршілдік табулардан азат болуға ұмтылған келешек ұрпақтардың сана-сезіміне т. б. байланысты болып келетіндігін атап өткендігіміз жөн.

Соңдықтан зар заман ақындарының идеялары шындап келгенде, ақыр заман ырғағына келіп тоғысты. Ақыр заман ұғымы, қоғамдық санада діни катаклизммен байланысты. Яғни, дүниенің түпкілікті жойылып, астан-кестен болып, бүкіл әлемде тіршілік пен адамзат атауы жер бетінен құрып, геокосмологиялық жағдайлардың түбірінен өзгеруі.

Ал жыраулық дәстүрдегі ақыр заманның бұған тікелей қатысы жоқ. Бұл ақыр заман – қазақ қоғамындағы құндылықтардың түбегейлі өзгеруі барысында соған қарсы ойшылдарымыздың зарлы үні еді. Жағымсыз және ұлттық таным түсінікке мүлде сай келмейтін сананың үстемдік етуі, оны халқымыз мойындап, қоғамдық тәртіп ретінде қабылдауы, бұндай үрдіс тоқтатусыз объективті сипат алып, ішкі қарсылықтарға бағынбай кететіндігі туралы болып келеді. Осы сипатты ақыр заман бізге анық белгілі тарих бойынша Асан қайғыдан бастау алады: «Ай, Хан ием, мен айтпасам білмейсің, Айтқаным көнбейсің...Мастанып, қызып терлейсің...Қатын алдың қарадан, Айрылдың хандық жорадан. Ел ұстайтын ұл таппас. Айрылар ата мұрадан!»...Ай, Жәнібек хан ойласаң, Қилықилы заман болмай ма? Суда жүрген ақ шортан, Қарағай басын шалмай ма?» [30, 15 б.]. Асан Қайғы болса ата дәстүрлердің

бұзылуына алаңдаушылық білдіреді. Ойшыл-философтың «Жерұйық» идеясы қазақтардың әлі бодандық бұғауын мойнына ілмей тұрған кездерінде құтты қоныс іздеуден туындаған. Ол көшпелі қоғамды жетілдіру және кемелдендіру мақсатын көздеген еді.

Ақыр заман туралы толғаныстың орта буыны осы зар заман ақындарына сай келеді. Одан кейін да бұндай сарын арагидік, Абайда, Мағжанда т. б. кездесіп қалады. Мәселен, Абайдың «Ақыр заман жастары» өлеңі бәрімізге жақсы таныс. Бірақ, кек алу үшін қоғамды жетілдірудің идеялары айтылмайды. Туған жерді тысқары жаудан қорғау қамындағы елдің поэзиясында көшпенділік мұраттарымен көмкерілген – батырлықты жырлау дәстүрі барлық ерекшеліктерін бойға бітіре қалыптасып, күрделі заманалар көшінде тарихи-поэтикалық тұрғыдан талай-талай өзгерістерге ұшырады. Қарулы қарсылықтың пәрмені қайтып, жат жұрттықтардың қол астына қараған дәуірде қазақ қоғамын билеген фаталистік (жазмыштық) және эсхатологиялық (ақырзамандық) сарындар әдебиетке кеулей кірді. Зар заман поэзиясы туды. [34, 306 б.]

Дулат Бабатайұлы (1802–1874) өлеңдерінде де адам, оның мұрат-мақсаты, еркіндік сарыны бағытында философиялық ой-толғамдар жетерлік. Адамның ерекшелігі оның нақты атқарып отырған ісіне қарай бағаланады, қолында билігі, қора-қора қойы, табын-табын жылқысы бар адам тура жолдан таймай, ақиқатын айтып отыратын болса, ел оны қадір тұтатын еді. Қазақтың Әбілпейіз бен Абылай хандарының тұсындағы ауызбіршілікті, еркіндікті аңсайды. Еркінше өскен елінің кәпір салған тамға қамалғанын қаламайды. Елдің отырықшылық тұрмыс салтына көшкеніне қарсы болды. Адам бойындағы жаман қасиеттерді де сын тезіне салды. Сөздің қасиеті кетіп, адамдар арасындағы сыйластыққа сызат түсті дегенде, жырларының рухани өзегі дәстүрлі қоғамның ерекшеліктерін сақтап қалуды көксейді. Көшпелі қазақ қоғамдық болмысын аздыруға негізделген мына келген заманның кесірлі деп таныған құндылықтарын сынға алады.

Дулат ақынның толғауларында өзі өмір сүрген заманның қасіреті мен келешек мәселелері толғанылады. Оның

түсінігінде заманның ырқы жоқ, адам болмысының еркі мен еркіндігі қилы заманның жетегінде кеткен:

*Қилы-қилы заман-ды,
Заманға сай адамды
Салғастырып қарасам...
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көксер басы аман,
Бәйбіше – тантық, бай – сараң,
Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң,
Нары – жалқау, кер табан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан [31, 198 б.]*

Бұл тұста еркіндікке қатысты Дулат философиясының мәні тереңірек. Заман белгілі бір деңгейде алға қарай жүріп отыратын үздіксіз үрдіс бола отырып, өзінің жағымсыз құндылықтарын бірге ала жүреді. Сонымен қатар адамды (қазақты) ғана емес, басқа да тіршілікті өзіне елтіп әкететін тоқтаусыз әмбебаптанған үрдіс. Яғни, адам мен тіршіліктің еркі – заманда, заман бүкіл ырықтардың бәрін өзі ғана иемденген, бірақ оны тағдыр түсінігімен шатастыруға болмайды. Тағдырда мүлтіксіз бағыныштылық және ол әрбір пенде мен тіршілік иелеріне жеке-жеке, дара, ешқайсысына ұқсамайтын тіршілік береді. Ал, заман оларды бір бағытқа, өзінің ыңғайына қарай тартады. Жоғарыдағы тоғаныстарға назар салсақ, заман ықпалының субъективтіліктен объективтілікке қарай өрлеу логикасын байыптауымызға болады. Нақтырақ айтқанда, «антқор», «арам», «сараң» қасиеттері таза субъективті, адамның өзіне байланысты болса, «Қырсыға туған қыз» – тумысынан қырсық, бірақ ол адамға, оның тегіне байланысты екендігін, кейіннен тәрбиеге де қатысты болатындығын ескерсек, осы тұста, субъективтіліктен объективтілікке қарай ойыса түскен ықпалдарды (заманның) байқай аламыз. Ал «жалқау нар», «шабан ат» заманның объективті ықпалы тәріздес. Бұрынғы жалқау емес нар, кенеттен кер заманға лайықталып, ол да кері кеткен. Бәрін де заманға таңу бар.

Дулат шығармашылығынан адам мен тіршіліктің еркіндігі сол заманның шеңберіне сыйғыздырылған деген тұжырым дәйектеліп тұрғандығын аңғаруға болады. Бұны кейіннен материалистік философияда қалыптасқан «Сананы тұрмыс билейді» деген тұжырыммен салыстыруға болады. Бірақ бұл екі тұжырым бір-бірімен тура сәйкес емес. Дулатта сана хақында айтылмайды, тұтас адам болмысы, тіпті тіршіліктің болмысы тұтас қарастырылады. Сонымен «сананы тұрмыс билейді» тұжырымына «психиканы тіршілік билейді» десек қана сәйкес келуі мүмкін. Бұдан Дулат идеясының неғұрлым кеңірек екендігін байыптай аламыз. Бірақ Дулаттың айтайын деген негізгі түйіні ол емес, жалпы ұстанған идеясы – мыңдаған жылдар бойы өзінің оңды, тиімді жемісін беріп келе жатқан көшпелілік өркениеттің аяқталауының қайғысы. Ал нақты мазмұны – ұлттық құндылықтардың күйреп, орнына таным-түсінікке сай келе бермейтін «құндылықтардың» енуі; ерік пен еркіндікті заманның билеуі деп тұжырымдауымызға болады. Себебі, бұл тұста Дулат бабамыздың логикасы дәйекті. Мәселен, әлеуметтік философияда ең бастысы, әрине, ел-жұрт пен халық, одан соң – хан, одан кейін – батыр, бәйбіше мен байы, одан кейін – ер бала, содан соң – қыз бала айтылады. Бұл қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебелердің жүйесі. Бұл әлеуметтік жүйе неліктен тұтастай азғындауға ұшырайды? Себебі, заманнан ешқайсысы оқшау, тыс бола алмайды. Ал үрдісті объективті түрде байыптап көре білу оның тек ақындығы емес, философиялық толғанысын тудырады.

Біз еркіндік мәселесін қозғап отырғандықтан, «дәстүрлі қоғамнан, қалыпты заманнан қилы заманға өтіп отырған осы субъектілердің еркіндігі бар ма, олар өз ырықтарымен сол заманауи үрдіске тоғысып отыр ма» деген сауалдар туындайды. Бір қарағанда олар саналы түрде мойынсұнып, өз еріктерімен мойындап отыр немесе заман ағымының жағымсыз үрдісін жете бағалай алмаудан пайда болады. Бірақ пайымдай алғанның өзінде одан тыс бола алмайды. Міне осы тұста ішкі еркіндіктің сыртқы ырыққа бағындырылуы туындайды. Ол сыртқы ырықтың ықпалының түп түрткісі қазақ қоғамы емес, дамудың «өзге» саясаты. Дәл осы сәтті қазіргі замандағы жаһандану үрдісінің жағымсыздау ықпалымен са-

лыстырып қарауымызға болады. Жаһандану үрдісіне қатысты көзқарастарды үш топқа бөлсек: оңды, теріс, бейтарап. Онда осы терістеуші көзқарастағылар қазіргі қазақ қоғамының «зар заманшылдары» деп атуымызға болады. Ал жаһандануды жақтаушыларды сол кезеңдегі қазақ ағартушыларының көзқарастарына сәйкестендіруімізге болады. Әрине, «бұл дұрыс па, теріс пе» – біз қарастыратын мәселе емес. Бірақ, біз үшін, мәселе – осы ХІХ ғасырдағы зар заман өкілдерінің толғанысының мағынасын тереңірек түсінуге қазіргі заман тұрғысынан салыстыру арқылы мүмкіндіктер ашу.

Зар заман ақындарының келесі бір белді өкілі – **Шортанбай Қанайұлы** (1818–1881). Оның басқаларынан ерекшелігі өзінің толғауларын тереңнен толғайды. Жаратылыс пен Ғаламның сыры туралы көзқарастар жүйесін қамтып өтеді. Абстрактылықтан нақтылыққа, жалпыдан жекеге өту қағидасы бойынша осы мәселелерден адамзат, қоғам, заман мен адам, нақтырақ айтқанда, халық өкілі тұрасындағы мәселелерге ойыса келе, халықтың тек саяси ғана емес, мәдени-әлеуметтік-рухани бостандығы туралы түйінді ойларын үнемі паш етіп отырады. Мәселен,

*Атамыз – Адам пайгамбар
Топырақтан жаралды...
Сол адамнан таралды
Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, гайбат, зорлықтан
Бойыңды тартып тек жүрсен
Көрмессің деген залады....*

Немесе:

*Алақандай ай мен күн
Ғаламның орта жарығы
Жаббардың екі болмайды
Әмір қылған жарлығы,*

– деген жолдар [31, 275 б.] философиялық толғаныстың діни және этикалық ұстындарын кіріктіре жырлағандығының

белгісі екендігі анық. Осыдан соң ол ақыр заман мен болашақ заман туралы толғаныстарын ұсынады. Осы тұста күрделі сауал туындайды: Жаратушы арқылы Адам Атадан таралған адамзат осыншама ақырзамандық пиғылдарға не үшін барады? Бірақ ол бегілі бір деңгейде жазылып қойылған тағдыр турасында өз ойларын таратпайды. Яғни, адам болмысының абсолютті еркіндігін белгілі бір деңгейде, жоғарғы күштердің тек ұсынысы арқылы ғана байыптайды: «Өтірік, ғайбат, зорлықтан, Бойыңды тартып тек жүрсең, Көрмессің деген залады...». Яғни, «Көрмессің», – деп ескертіп кеткендей кейіпте баяндайды. Сонда адам еркіндігі белгілі бір шеңберде осындай онтологиялық «императивтермен» шектеледі, бұл да шартты шектеу мен жауапкершілік деп түсінгендігін бағамдай аламыз. Осындай шартты еркіндікке тағайындалған адамзат, әрине, кей кездерде зұлымдық пен әділетсіздік әрекеттерге бара береді. Бірақ, осы тұста, Шортанбай өмірдің шынайы заңдылығын, таза ақиқатын жырлап тұрғандығын атап өтуіміз қажет. Ол ислам дінін жақсы меңгерсе де, халықты тозақ отымен үрейлендірмейді. Дегенмен, халқының азғындық жолына түсуін күйінішпен жырлайды. Міне, Шортанбай идеясындағы адам болмысының еркіндігі – рухани еркіндік, табиғи еркіндік, саяси бостандық, мәдени азаттық сияқты мәселелерді туындатып отыр.

Осы қайшылықты, яғни, жоғары күштердің қойған этикалық талаптары мен оны адамзаттың мойындағысы келмей, тіпті кей кездерде бұзып отырғандығының арасындағы айырмашылықты Шортанбай өздігінше, өмірдің өткіншілігін еске салу арқылы шешкендей болады: «Мал дүниенің жарығы, Жаратып шырай көркіңе, Қызықпаңыз бес күнге, Бұл дүние қалмас әркімге» (31, 276 б.) Шындығында, адамның абсолютті еркіндігін шектейтін, бұл – баршаға ортақ табиғи заңды өлім құбылысы екендігін де нақтылай түседі:

*Ақиретте жалған жоқ...
Алтын күміс абзальың
Өлгеннен соң не керек.*

Өзінің осындай экзистенциалдық сарындағы идеяларын ол бірнеше жерде, әр түрлі қалыпта қайталап отырады. Ал сол замандағы қайшылықты, әділетсіз жағдайларды ол былайша толғайды:

*Мейір кетті пендеден,
Қасиет кетті төреден,
Ғаділдік кетті билерден,
Абырой кетті әкімнен,
Қайын енесі ас ішпес
Қабағын түйген келіннен [31, 279 б.].*

Бұнда жалпы адам болмысы емес, ұлттың болмысы, қазақ халқының өкілдерінің болмысы туралы толғанылады. Сонда бұл халықтың өз болмысынан ажырап қалуы өзіндік сана-сезімнің ырқының әлсіздігінен бе деген сауал туындайды. Шындығында да, сол дәуірде, ұлттық құндылықтардан осылайша бас таруға не себеп болды? Ал қазір ше? Бірақ, тарихи өткелдердегі «заман ырқы» құбылысының бүгінгі күнге де сәйкес келетіндігін бағамдап, сол ырқтың адам еркіндігін қалай шектегендігін әуелі тарихи тұрғыдан пайымдап алуымыз қажет екендігі түсінікті. Ол үшін Шортанбай Қанайұлының келешек туралы толғауларына назар салып, ақыр заман ұғымындағы негізгі түйткілдерді анықтап алуымыз қажет. Оның толғауларына құлақ түріп отырған барша қауым оған: «Ендігі заманның адамдары қандай болар, біздерге бір жауап айтыңыз» деп сұрау салады. Ол көп толғана келе, болашақ заманның сиқын жағымсыз құндылықтарға баса мән бере:

*Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды...
Қылымсыған қатыны
Қызыл көйлек киеді
Өзінің байын менсінбей
Көрінгенді сүйеді...*

– деп сипаттайды [31, 288 б.]. Ал кей сәттерде бұл бүгінгі заманның шындығына айналып отырғандығы сөзсіз. Демек, бұл жерде еркіндік мәселесі «жанұялық билік» ретіндегі еріктің шектелуі туралы болып отыр. Адам санасын еркін бейсаналық елігулер билейтіндігі т. б. мәселелер еркіндіктен туындайтын сана мен бейсананың, әлеуметтік ықпал мен еріксіздіктің айқын көрінісі ретінде ойшыл туындыларынан көрініс табады.

Зар-заман ақындарының келесі ірі өкілі **Мұрат Мөңкеұлы** (1843–1906). Көшпелі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жаз жайлауы, қыс қыстауы болған жерінің тарылуы зар-заман ойшылдарын алаңдатты. Әсіресе Мұраттың «Үш қиян» атты толғауы: «Еділдің бойы қанды қиян, Жайықтың бойы майлы қиян, Маңқыстау бойы шаңды қиян, Адыра қалғыр үш қиян! Осы үш қиянның арасынан жеті жұрт кеткен. Асанқайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шораның шұбап кеткен жер. Қайырсыз болған неткен жер?» – деп күңіренеді. Бірақ ашық күреске шақырмайды. Көшпелілерде жерді кие тұтқан. Олар жерді өздерінен бөле-жара қарамайды, керісінше оны өздерінің тарихи, тәни және рухани өмірінің бір бөлігі әрі заңды жалғасы есебінде қабылдайды. Көшпелі ұғымында жер жансыз табиғи құбылыс – жәй ғана аумақ емес, ол – жанды бейне. Жанды болғанда қасиетті бейне – «Жер – Ана» келбетінде көрініс табады. Міне, осыдан келіп, жер мен көшпелі арасындағы ара қатынас өзара тең әрі туысқан екі субъект арасындағы моральдық қатынас түрін қабылдайды. Көшпелі өзін Жер-Ананың баласы, соның перзенті деп есептейді. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы атамекенді кие тұту мифтік-поэтикалық ойлау жүйесінен бастау алады. Жыраулық поэзияда құтты қоныс (Жерұйық, Жиделібайсын) қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заман туралы утопиялық нышандар бейне-бедер тапты [33, 56 б.]

Еділді тартып алғаны,

Етеке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны,

Жағаға қолды салғаны.

Ойылды тартып алғаны,

Ойындағысы болғаны ... қоныстың бар ма қалғаны [30, 365 б.]

– деген Мұрат Мөңкеұлының толғауы жердің отарға айналғанына ашық жар салып тұрғандай. Көшейін десе жері жоқ, алды тұйықталған заманның үні. Мұнда отарлаушыларға қарсы күреске шақыру жоқ. Жазмыштық және ақырзамандық сарындар басымдық танытты. Зар заман ақындарының дүниеауи толға-ныстарындағы сол кезеңнің өткір мәселелері еркіндік философиясы тұрғысынан сараланады. Сонымен қатар көшпелілік дәстүрдің аяқталуын сезінген идеялардың трагедиялық сарындары байыпталып, осы ойшылдардың болашақ заман жөніндегі ойтолғамдарының еркіндік мәселесіне тоғысатын тұстары зерделенді.

Халқымыздың XVII–XIX ғасырлардағы дүниетанымындағы еркіндік мәселесін сараптай келе, ондағы негізгі ерекшеліктерді байыптайтын болсақ:

- ерік күшіне қол жеткізген, өзінің тәнін бағындырған, қоғамда да белгілі бір деңгейде шексіз еркіндікке ие болған жандардың еркіндіктерін жауапкершілікпен шектеп отыру қажеттілігін нақты көрсетеді. Мысалы, хандарға, батырларға батыл райларынан қайтару үшін айтқан сөздер.

- Батыстық түсініктегідей таза рационалды емес, сезімдік, эстетикалық, этикалық категориялар жүйесімен қамтылған;

- жеке адам еркіндігінен ел мүддесі, жер мен мемлекеттілік, бостандық пен азаттықты жоғары қояды т. б.

Еркіндіктің қадірін білген адам ғана халқын алға – мақсат, мұраттарына жетелейді. Ақындардың, шешендердің сөз саптауынан ой еркіндігі мен сөз еркіндігінің тең келуін көреміз.

Адамдар көп нәрсеге тәуелді: табиғатқа да, қоғамға да, басқа адамдарға да т. б., бірақ еркіндік адамның еш нәрсеге тәуелсіздігі емес, ол сол тәуелсіздікті мойындау, не мойын-дамау, оған қарсы әрекет ету немесе оның алдында тізе бүгу. Бұл адамның өзі шешетін нәрсесі. Осы идеяны біз ақын-жыраулардың шығармаларынан көреміз.

1.4. Махамбет Өтемісұлының дүниені пайымдауындағы рух еркіндігі

Махамбеттің еркіндік идеясын философиялық тұрғыдан таразылау, сол дәуірді тұтастай қарастыру, оның қоғамдағы орнын айқындау шарттарымен толыға түседі. Сондықан біз, біріншіден, оның еркіндік идеясын талдауда, алдымен қоғамдық-тарихи жағдайдың заманауи мәнін ашып көрсетуге талпыныс жасаймыз. Ойшылдың өмірі мен шығармашылығынан туындайтын еркіндік сипаттарын және қоғамдық алғышарттар мен әлеуметтік жағдайды еркіндік идеясының туындауына байланыстыра қарастырып аламыз.

Екіншіден, оның еркіндік идеясын философиялық тұрғыдан және жалпы халықтық дүниетаным негізінде таза теориялық деңгейде таразылаймыз. Бұл Махамбеттегі еркіндік философиясын ашып көрсетудің негізгі ұстындарына сүйенуді және әлемдік деңгейдегі еркіндік мәселесімен салыстырып, ақын идеяларындағы еркіндіктің ерекшеліктерін ұсынуға негіз болады.

Махамбет рухы ғасырлар бойы өзіндік арнасымен дамыған көшпенділер өркениетінің күйреуіне қасқая тұрып қарсыласқан, бүтіндей өзінің болмысымен, шығармашылық әлемі-мен ерекшеленетін құбылыс болды. Мағжан Жұмабаевтың: «Егер бір адамның қайраты күшті болса, сөзінен ісі айрыл-майтын болса, ондай адамның мінезі қайратты мінез, күшті мінез» – деген анықтамасы дәл осы Махамбет бойынан табылды [34]. Махамбет өзінің дүниеге көзқарасын берік ұстанған, оны ашық түрде айта алған, сөзіне ісі сай жалынды тұлғалық болмысымен ерекшеленді. Қайратты мінез, еркіндіктің белгісі.

Ол көшпенділер мәдениетінің небір асыл інжу-маржанын өз шығармашылығында өре білген ерекше шығармашыл Тұлға. Махамбет дүниетанымындағы құндылықтар жүйесіне Ә. Нысанбаев пен С. Нұрмұратов, әділеттілікті, азаттықты, сөз бостандығын («бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ»), ерлікті, адалдықты, халыққа шынайы қызмет етуді, жауапкершілік пен бостандығын жатқызды. Махамбет әлеуметтік әділетті, үйлесімді жаңа қазақ қоғамын орнатуды аңсады [35, 16 б.] деп жазды.

Асан-Қайғы, Доспамбет жырау, Шалкиіз ақынның ізімен Махамбет те ауызша көркем-сөз мәдениетін жалғастырушы болды. Махамбеттің өмір философиясы асқақ, шабытты, еркін рухты болуымен ерекшеленеді. Оның толғаулары жорықта, шайқас кезінде, жауымен бетпе-бетте ерекше шабытты шақтарында туды. Ақындық шабыттың көрінуі жайлы ауызша мәдениеттің қыр-сырын егжей-тегжейлі зерттеген Қ.Ш. Нұрланова жалпы ақынға сипаттама бергенде былай дейді: «Ақын адамның елден ерекше елім деген, еліме деген сана астарында бейсана жүйеде, кейде тереңде, кейде тіпті бер жағына белгі бермейтін ойы бар. Ол ой күнделікті өмірде, кәдімгі өмірлік жүріс-тұрыста, қарым-қатынаста, жолдас-жорағаттармен араласу-дидарласуда аса көп белгі бермейді, бірақ іште ішкі рухани дүниесіне нәр болады да жүреді. Осы іштей ойланып толғанумен қоса жадында интуиция қатар жүреді. Күндердің күнінде ел басына күн туғандай қиын жағдайда ақын жанпида деп ақтарылып олай емес былай ғой деп, немесе былай болуы тиіс деп айтқаны, «сөзі» өзінің де, өз елінің де тағдырына етене байланысты болып шығады, содан кейін ондай «сөз» тарихи, рухани мәңгілікке айналып кетеді» [36, 160 б.]. Махамбет шығармашылығы ол оқиғаға тікелей қатысуымен, азаттық жаршысы ғана емес, жауынгері болуымен, рухтандырушылығымен сипатталады. Ақын өзінің өмірлік мақсаты мен мұраты туған жері мен халқының бейбіт те тәуелсіз өміріне қауіп төнген кезде барлық жан-тәнімен, болмысымен қарсы тұра білді. Қоғамдағы Тұлға еркіндігін зерделеген неміс классикалық философиясының өкілі Канттың тұжырымдамасы еркіндік жолындағы Махамбеттің бейнесін сипаттайтындай. Адам еркіндігі жайындағы Кант ілімінің ерекшелігі «еркіндік» пен «жеке тұлға» туралы түсініктің тепе теңдігінде болып табылады. Жеке тұлғаға ғана еркіндік тән, жеке тұлға жоқ жерде еркіндік те жоқ, еркіндік болмаған жерде жеке тұлға да жоқ. Канттың пайымдауында тұлға дәрежесіндегі адам, ешқашан құрал болмауы тиіс. Ол былай деп жазды: «Мен: адам және барлық зерделі жаратылыстар әртүрлі ырықтардың кез келген жерде қолданатын құралы ғана емес, өзіне өзі мақсатты өмір сүретіндігіне сендіремін» [37, 269 б.]. Жеке адам мен еркіндік жайында Кант келесі тұжырымдасында анығырақ тоқталып

былай дейді: «Бүкіл жаратылғандардан нені болса да және не үшін болса да тек қана құрал есебінде ғана болса, тек қана адам, сонымен қатар әрбір саналы тіршілік иесі өз өзінің мақсаты» [37, 414 б.].

Махамбет Тұлғасын көшпелілер өркениетінің соңғы тұяғы десек, осы орайда әдебиетші ғалымдарымыздың ой-тұжырымдары ден қойдырады. Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шырқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл сағағын тағдыр тұзағы қылқындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет тәрізді. Шыны да сол... Махамбет заманы көшпелілердің айының батып, күнінің тұтылған кезі. Сондықтан да, көшпелілер мәдениетіндегі этикалық синкреттілік Махамбет болмысымен түйінделеді [38, 220 б.].

XVIII ғасырдың аяғында Еділ мен Жайық арасын Каспийдің сырт қыратына дейінгі үлкен аймақты Кіші жүз қазақтары жайлады. Ол жерді Ішкі Орда немесе Бөкей Ордасы деп атады. Бөкей Ордасының ханы 1824–1845 жылдары Әбілхайыр ханның немересі орыстың генерал-майор шеніндегі, орысша білім алған, дворяндық тәрбие көрген Жәңгір хан Бөкеев болды. Тарихтан белгілі болғандай, XIX ғасырдың бірінші ширегінде Кіші жүздің Россияға саяси тәуелділігі нығая бастаған кезі еді. Патша өкіметі Қазақ елін билеу ісіне белсене араласты. Қазақ елінің бір орталыққа бағынатын өкіметінің болмауы және жергілікті сұлтандардың өзара қырқысулары соғыстарға жол ашып берді. Кіші Орда жерінде жергілікті биліктің халық алдында беделінің болмауынан, сол кездегі елдің ішкі жағдайларын Патша әкімшілігінің көмегіне сүйеніп шешіп отырған. Ал, осындай жағдайды пайдаланған сырт күштер ақыры құнарлы жерді тартып алды да, қазақтарды сар далаға ысырып тастады. Мұнда Табын, Тама, Шекті, Алаша т. б. руларының малға ықтасынды, сулы, орманды жерлері, қыстаулары, егін жайы кетті. Бұратана елді қанаудың бір түрі – алым, салық жинау. Патша өкіметі 1835 жылдан бастап линия бойында көшіп жүрген қазақ шаруаларының малын жайғаны

үшін ақшалай алым жинауға нұсқау берді [39, 23 б.]. Кіші жүз елі Ресей патшалығының, Хиуа, Бұхар, Қоқан хандарының отарлық езгісінде болды. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы сынды қазақ халқының арыстарын Тұлға ретінде қалыптастырған тарихи кезең осындай еді. Жеке адамның Тұлға дәрежесінде қалыптасуы ерлікпен пара-пар дейтін болсақ, ерлік – батылдық, ұстамдылық, табандылық сияқты қасиеттерді талап етеді. Адамдар арасындағы теңсіздік үлкен қақтығыстарға әкелетіні аян. Осындай қайшылықтарға толы қазақ қоғамы озбырлыққа шұлғи беруден бас тартты. Одан әрі қарай төзу мүмкін емес еді. Өр мінезді, еркін халықтың намысшы ұлдары ашық күреске шықты.

Қоғамдағы теңсіздік, ондағы қарама-қайшылықтарды шешу жайлы ағылшын ойшылы Томас Гоббс мемлекет пен пен ондағы әлеуметтік саяси күресті талдап көрсетті. Адам табиғатында соғысты тудыратын себептер: біріншіден «күндестік» десе, екіншісін «сенімсіздік», үшіншісін «даңққа деген құмарлық» – дейді [40, 95 б.]. Бірінші себеп адамдарды тіршілік үшін күресте бірін-бірі басып жаныштауға итерме-лесе, екіншісі жеке қауіпсіздігін қорғауда іске асады, үшіншісі жалған намысқа итермелейді. Бірінші себепті ұстанған адамдар басқа адамдардың өміріне, малына қожайын болуға зорлық етеді. Екінші себепті ұстанғандар өзінің жеке басын қорғау жолында басқаға зорлық көрсетеді. Ал үшінші жолдағылар не болса соған кектеніп, басқаларға қорлық көрсетеді. Адамдар арасындағы қан төгіс қақтығыстар мен соғысты тудыратын адам табиғатына тән осы қасиеттерді талдаған Гоббс «адам адамға қасқыр» дейді. Сонымен ағылшын ойшылы адамдар табиғатынан эгоистер, әркім өзін-өзін сақтауға, әрі өз құмарлығына ұмтылатындығын баса көрсеткен болатын. Ақырында осындай әркімнің өзімшіл ұмтылыстары олардың арасында бітіспес соғысқа әкеледі. Соңында осындай бітіспейтін жаулық олардың бірін-бірі жойып жібермес үшін өзара келісімге келіп мемлекет құруға, бәріне ортақ заң шығаруға, бәрі өз ырықтарын біріктіріп, оны билеушінің жеке ырықына бағындырады. Осылайша әркім азаматтық қоғамда бейбіт өмір сүреді деп топшылады.

XIX ғасырдың басындағы жеке Ордаларға бөлшектенген қазақ қоғамының ауыр тауқыметі осындай орталық билікке

бағынған мемлекетті қажет етті. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарының өрескел бұзылуы қайшылықтар туғызды. Басқару жүйесіндегі хандық билеудің жойылуы басты себептердің бірі болып табылады. Қазақ даласы Ресей Империясының бодандығына түскен кезден бастап Хан Императордың қуыршағына айналды.

Патша өкіметі мен жергілікті билеушілерден озбырлық пен езгінің неше түрлісін Исатай да басынан өткерген. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс азаттық пен бостандық үшін саналы түрде ұйымдастырылған еді. Олардың өзіндік санасы алдымен туған жерін, елін сүюі, өмір сүруінің мәні болған еркіндікке деген құштарлығы. Ол сана Гегель тілімен айтсақ қожайын сананың деңгейіне көтерілді. Осы өзіндік сана мен адам еркіндігінің диалектикасын көреміз. Адамның дүниеге келіп өзіндік санасы қалыптасқан уақыттан бастап еркіндік пен бостандық туралы идея да өмір сүреді. Адам еркіндігі мен олардың құқықтары аясының шектелуі осы әділетсіздіктерге қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа түрткі болды.

Жәңгір ханның деректері бойынша көтерілісшілер екі апта бойы Жасқұстағы Орданы қоршап тұрған. Олардың іс-қимылдарының қауіптілігінен сескенген Жәңгір губернатор Перовскийге хат жазып көмек сұрайды. Исатай бастаған көтерілісшілерді басу үшін оларға қарсы Орал казак әскерін шығаруды өтінеді. Патша әскерінің күшіне сүйенген хан уақыт жағынан ұту үшін көтерілісшілерге елшілік жібереді. Бірнеше ғасыр бойы хандық билік құрған ел басқарудың өзіндік үлгісін қалыптастырған жүйе ендігі жерде қоғам ішіндегі мәселелердің өзін сырт күшке сүйеніп шешетін жағдайға жетті. Бұл кезең техникасы мен ғылымы дамыған көршілес Ресей мемлекетінің көршілес дәстүрлі қоғамда өмір сүретін қазақ даласына отарлау саясатын жүргізе бастаған кезеңі еді. Әрине оларға бұл қоғамның алауыздыққа ұшырауы, орталық биліктің әлсіреуі өз үстемдіктерін жүргізіп иелік етуге жағдай жасады. Елшілікке жіберілген Еспембет би: – «Хан, артық айтқан сөзім, біреуге таяғым, біреуге тілім тисе кешірсін. Халқымның қандай тілегі бар екен айтсын, ойланайын, сол үшін он күн мерзім берсін» – дейді.

Ізгілік пен зұлымдық, сатқындық пен адалдық, өмір мен өлім, ақыл мен парасат сияқты адами өлшемдердің

мәселенің нағыз шешуші сәттердегі адам бойындағы ізгілікті қасиеттердің көрініс беруінің айғағын Исатай қабылдаған шешімнен көреміз. Жағдайды ақыл таразысына салды. Байсалды, ақылды, сақ, ұстамды Исатай бір жағынан өздерінің талап-тілектерін бейбіт жолмен, сес көрсету арқылы орындатуға болар деп түсінсе, екінші жағынан Патша әскерінің қандай күш екенін әр түрлі қалаларда қамауда болған кездерінде көзі көрген. Олардың қаруына қарсы қояр қару жоқ. Егер Патша әскері келсе бейбіт жатқан елді қырып салып, барды тартып әкететініне күмән жоқ. Көтерілісшілер екі түрлі ұйғарымға келді. Көтеріліс басшылары Махамбет, Қабыланбай, Үбі тағы басқалары хан сөзіне сенбеуге кеңес береді [39, 75 б.].

*Хан баласы қабанды,
қайырылып шатса жаманды,
Хан баласы қара жылан-ды,
Қайта айналса шағар-ды,
Шабар күнің бүгін-ді
Бүгіннен кейін қиын-ды [41, 67–68 бб.],*

– деген Махамбет пікірінің дұрыстығын уақыт дәлелдеді. Исатай ханмен келіссөз жүргізуге келіседі. Көтеріліс көсемдерінің мақсат-мұраттарының орындалмауы, әлі де болса ханға деген сенімнің басым болуы, сертте тұру сияқты ізгі қасиеттердің әлі де болса басты құндылықтар болғандығында деп ойлаймыз.

Гегельдің анықтауынша адамның басқа жаратылыстардан айырмашылығы, ол «ойшыл рух». Гегель еркіндікті басқалардан тәуелсіз болу деп анықтай отыра: «Алайда рухтың еркіндігі тек басқадан, осы басқадан тыс қабылдап алынған тәуелсіздік қана емес, қайта осы басқада қол жеткен еркіндік. Ол басқадан қашқақтап жүріп емес, бірақ оны еңсеріп барып іске асады» – дейді [42]. Гегель түсінігінде еркіндіктің белсенді сипаттамасы пайда болды. Шынайы еркіндік рухта тікелей бар әлдене емес, бірақ оның іс-әрекетінде әлі тек тууға тиісті ғана сондайлық әлдене. Сонымен, рух өз еркіндігін өзі жасайды, сондықтан еркіндік іс-әрекет. Махамбеттің Исатай атынан жазылған «Әй, Махамбет жолдасым» деп аталатын даста-

нында Әйтеке бидің «Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме? Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме? Ел тірегі ері, ер тірегі елі бола білген қауымның басынан бағы кетер ме!» деген қанатты сөздері халық пен оның көшбасшысының ауызбірлігіне меңзейді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығы мен күн көру қаракетінің бұзылуы, ең бастысы жерінен айрылуы оларды қатты күйзелтті. Өздері өмір сүріп отырған уақыт пен кеңістіктегі ел азаматтары жайлы «Ереуіл атқа ер салмай» атты толғауында:

*Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай
Қоңыр салқын төске алмай
Ерлердің ісі бітер ме? [43, 21 б.]*

– деп, жаугершілік замандағы нағыз ерлер өмірін сипаттай келе, тебінгі терге шірімей, терлігі майдан ерімей, алты малта ас болмай, қу толағай жастанбай, ерлердің ісі бітер ме? Жырау көшпелі қоғамдағы ер-азаматтардың түзде қаншалықты уақыт өткізетінін «өзіңнен туған жас бала сақалы шығып жат болмай» – деп сипаттаса, темір қазық жастанбай дегенде олардың далалық, жауынгерлік өмірлерін дәл суреттейді. Ерлердің заман талабына, жорық қиындақтарына төзімдерін шыңдай түсуіне қайрат береді. Бұл сипаттамалар жауынгер ақынның ой ұшқырлығын айғақтайды. Махамбеттің дүниеге көзқарасы оптимистік сарында болды. Ақын-жыраулардың тақырып таңдауы далалық көшпелі өмірді билеушілермен тең дәрежеде сөйлесуін, олардың болмыстың мағынасы мен мәні жөніндегі терең пайымдауларын, олардың шығармашылығының асқақ және әмірлі этикалық-дидактикалық рухы олардың тарихтың субъектілері ретіндегі белсенділігінің нәтижесі екендігі жайындағы Қ. Әлжанның ой-түйіндеулері толығымен Махамбет шығармашылығының ерекшеліктерін көрсетеді [44, 49 б.]

Бұл дүниенің өткіншілігі туралы ойшыл терең түсінген. «Жалған дүние» атты толғауында Қоғалы көлдер мен құм, су-

лар кімдерге қоныс болмаған, ер қанаты тұлпардың да, олар сүйген арулардың да қалатыны туралы толғана келе:

*Ишелік те, желік
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік,
Ойласаңдар жігіттер
Мынау жалған дүние,
Кімдерден кейін қалмаған?! [43, 22 б.].*

Адамдар қарым-қатынасындағы өзара сыйластық, жарасымдылық сияқты негізгі ұғымдар мен түсініктерге ерекше мән берді. Өмірдің мәні сыйластықта екендігін баса көрсетеді. Ойшыл дүниетанымындағы негізгі ұғымдар: намыс, жігер, ар, жалған дүние т. б. Махамбет бұл дүниенің уақыт пен кеңістікте өткінші екендігін түсіне отырып, оның мәнділігін жете зерделейді. Жеке бастың өмірмәнділігі оның руының, тіптен бүтін халқының тағдырымен біртұтас. Махамбет тайсалмайтын іс-әрекетті тура айтты, шығармасына өзек етті. Ол насихаттамайды. Соны тікелей іске асырды. Жорық жырларында адам бойындағы жігер, қайрат, қайсарлық, табандылық, қаһарлану сияқты қасиеттерді оятып, қайрай түсті. Өр мінезі, уытты сөзі, қайрат пен жігерді қамшылады.

Махамбет мұрасы тарихи деректілігімен, қаһармандық үнімен қазақ халқының рухани әлемінің шыңына шықты. Ойшылдың философиялық ой тұжырымдарын зерделеу ғылыми ой танымымыздың өсіп өркендеуімен толығы беретіні сөзсіз. Адамның мәдени-тарихи даму барысы оның түпкі онтологиялық мәні, ол еркіндік. Ішкі еркіндігінің арқасында өзің, өз әлемін таңдауы арқылы шығармашылықты тудырады. Асан Қайғы бабамыздың «Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас, жел толқытса шығады. Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады» – дегені, Махамбет жырларын тудырған замана шерін меңзегендей еді. Махамбеттің дүниетанымдық түсініктері адам мен қоғам арасындағы қарама-қайшылықтар тудырған мәселелер болды. Осы өмір қажеттілігінен туындаған мәселелердің ойшыл шығармашылығындағы көріністеріне философия тарихы

арқылы талдау жасағанда, олардың тұтас дәуірлерді қамтитын үрдістермен астасып жатқандығын баса көрсеткен ләзім. Махамбеттің дүниеге көзқарасы дәстүрлі қазақ мәдениетінің аясында қалыптасты. Өзіне дейінгі жыраулар ізімен өмірдің өздеріне қымбат құндылықтарын поэзиясына арқау етті. Ақтамберді жыраудың «Күлдір де күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екенбіз» деп басталатын толғауының желісімен өмірмәнділікке балаған асылдарын:

*Айналайын Ақ Жайық, ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік боз Орда, еңкеймей кірер күн қайда?
Кет Бұғадай билерден, ақыл сұрар күн қайда?
Еділдің бойын ен жайлап, шалғынға бие біз байлап,
Орнықты қара сабадан боз баламен күліп ойнап,
Қымыз ішер күн қайда? – деп аңсайды [43].*

Махамбет дәстүрлі қазақ қоғамының мамыражай кездерін сағына толғайды. Бұл жолдарда көшпенді өркениетке ғана тән болған құндылықтарға деген махаббат, іңкәр сезім бар. Хан Ордасына батыл кіріп, билермен емін-еркін сұхбаттасудың өзінен сахарада демократиялық үрдістер басымдық танытып отырғандығын көруге болады. Махамбет өткен шақтың бейбіт те мамыражай, өзіндік қалпы мен болмысы арқылы күн кешкен көшпенді халық өмірін суреттей отырып, осы шақтың қысымшылықтарға тап болған кездеріне қарсылық білдіреді.

Жыраулар шығармашылығының басты ерекшелігі адам еркіндігін ең басты құндылық ретінде тануында. Көшпелі қоғамда адамдар арасындағы әлеуметтік теңсіздік аз болды. Әділеттілік, қанағатшылдық, бауырмашылдық сияқты құндылықтар басымдық танытты. Осы қасиеттер көшпелілердің бойына ізгілікті мол етті.

Кемел адамның жан дүниесін бүкіл Әлемге теңгерсек, Махамбеттің әмбебаптылығына ерекше тоқталып өткеніміз жөн. Махамбеттің рухани әлемінің тұңғиығын саралайтын болсақ «жігітке жеті өнер де аз» дейтін халқымыздың талаптілегіне Махамбеттей ер жігіттің сыны толғандай. Жыраулардың соңғы тұяғы Махамбет, сөз өнері мен саз өнерін қатар жарыстырып мерейін тасытқанын бағамдаймыз.

Сарбаз ақын өзінің шешендігімен топ алдында сөз бастаса, ержүректілігімен қол бастаған көсемде болды. Поэзияда асқақтық, өршіл рухты паш етсе, музыка саласында күйдің көңілді дүр сілкіндірер ерекше сазын шертті. «Махамбеттің күйлері адуын мінезімен, асқақ сезімімен дараланады. Кібіртігі жоқ ішкі толғаныстың тегеурінді күрсіні көкіректен лақылдап ақтарылғандай. Ең ғажабы, осының бәрін өзгеде жоқ әуен-сазбен өрнектеп отырады. Махамбет күйлері оның поэзиясының саз-сарынға айналған түрі. Ұлы мұрат жолында арқалы қимыл жасап, атқа қонған ерлерге сүйсінгенде «Исатайдың Ақтабаны-ай» күйін саңқылдатқан. Ата жаудың темір торына түсіп, тар есіктен сығалап, өр кеудесін өксік қысқанда «Шілтерлі терезе» күйін бебеулеткен. Адыра қалаған ата мекен, жатың табанына тапталған туған жер қасіреттің үлкені, қайғының зоры болып, қабырғасын қайыстырғанда «Қайран Нарын» күйін сұңқылдатқан. Арманында ақау жоқ үзеңгілес серіктерінің ер тұлғасына, мәрт мінезіне арнай «Тарлан», «Жұмыр қылыш» күйлерін күмбірлететін. Қапыда дұшпанның қақпанын басып, Қиыл өзенінің бойында Исатай бастаған есіл ерлер қырғынға ұшырағанда «Өкініш», «Қиылдағы қырғын» күйлерін азынатқан... Міне осылай жалғаса береді. Себепсіз домбыраға қол созу жоқ. Күйді көңіл көтеру үшін емес, көкейдегісін жеткізу үшін тартатынын Махамбеттің өзі де жасырмайды. Махамбеттің күйшілігі оның біртұтас тұлғасын даралап қана қоймайды, сонымен бірге дәстүрлі көшпелілер мәдениетін жасаушылардың әмбебап қасиетіне де жарқын айғақ» – деп жазды А. Сейдімбек [38, 372–373 бб.]. Махамбеттің философиялық ой-толғаныстары поэзия мен музыка түрінде қатар өрілді. Ол еркіндікке деген буырқанған құлшынысын алмастай өткір тілімен, сазымен, күйімен айшықтай алды. Махамбет шығармашылық әлемі арқылы бүкіл бір кезеңнің суреткері ретінде ерекшеленуі тиіс.

Көтеріліс басшысы Исатайдың тұлғасын «Исатай деген ағам бар» атты өлең жолдарында:

*Төрт бес жылдай алысып,
Мына тұрған Иса-екем*

*Ханның бір жауын қайтарған
Ат туар ма шұбардай,
Ер туар ма бұлардай!
Мына тұрған Иса-екем
Дулығалы бас кесіп
Дұшпанының қанына
Ақ алмасын суырды-ай! [43, 32 б.]*

Исатай батырдың іс-әрекетін дәріптеу, көтермелеу арқылы рухтандырушылық бар. Осындай еркіндік жаршылары жайында А. Мейрманов: «Бодандық бұғауындағы ұлт пен ұлысты елдің қайғы шері мен мұң-зары, азаттықты аңсаған ұлы арманы ел қамқоры ердің көкейінен жыр болып ақтарыла төгіледі» [45, 224 б.] – деп сипаттайды. Махамбет сынды ақынның образы философиялық оймен өрнектеле келе сом Тұлғаға айналған. Жаугершілік заманның ақындары болсын, жыраулары болсын, батырлары болсын дүниеге көзқарастары негізінен мәрттік түрде болып келеді. Өмір қандай тәтті болса, Отаны одан да ыстық. Азаттығы мен еркіндігін одан да қымбат көрген. Олар толғауларында ұзақ өмір сүре тұра, қартайған шақтарының өзінде, табиғи өлімді сезініп тұрған шақтарында да «Батырларша жорықта, өлмедім оқтан қайтейін» деген армандайды оқисыз. Өлімдерінің өзін халқының пайдасына жаратқысы келеді. Табиғи түрдегі ажалға қарсылық білдіреді.

Өнер алды қызыл тіл дейді халқымыз. Халықтың арман тілегін, көңіл-күйін, мұң-мұқтажының тізгінін ұстаған қол бастаған ерлер алдымен шешендігімен сөз бастаған. Махамбет сөзімен де, ісімен де дара. XX ғасырдағы технократтық дамудың нәтижесінде, адамзат ғылым мен техниканы игергенде, оны қандай мақсатқа пайдалану жайлы гуманистік идеяларды ұстанған философтардың еңбектері тасада қала берді. Ақыл-ой жетістіктерін игілікті істерге жұмсаудың адамзат дамуына оңды ықпалы мен зұлымдыққа пайдаланудың теріс ықпалы жайында ықылым заманнан бері философиялық ойдың негізгі мәселесі болғаны белгілі. Егер, адам табиғаты өзімшіл дегенмен келісетін болсақ, онда жаппай пайдагерлік пиғылдағы отарлаушылардың мақсат мүдделері бұратана халықтарды еркіндігінен айырумен сипатталатын еді. Исатай мен Махам-

бет көтерілісінің жеңіліс табуы қоғамдық даму үрдісінің ендігі жерде көшпенді күйде қалуға болмайтындығын ұқтырды. Отырықшы өркениеттің туындысы болып табылатын отты қарулар зеңбірек, мылтықпен қаруланған Ресей патшалығының қарулы күштеріне төтеп беру мүмкін емес еді.

Ғылым мен техникасы дамыған көрші елдер, осы жетістіктерін соғыс мақсатына жұмсап, көрші халықтарды құлдыққа салып жерлерін басып алу үшін пайдаланды. Осындай жымысқы сыртқы саясат ұстанған Ресей патшалығы алдымен үш ғасыр бойы хандық билік құрған көшпелі елдің билеу аппаратын жоюдан бастады. Билік жайында, Қ. Әбішев «өз өзіңнің қожайының болу» басқаша айтқанда өз өзіңді билеу – дей келе, әрбір жеке адам еркіндігі, одан кейін барып адамдар қауымдастығының еркіндігі биліктің түп тамыры еркіндікте – деп анықтама берген болатын. Еркіндік – өзіңді өзің, өз өміріңді, өзіңнің сезімдерің мен ойларыңды, мақсаттарың мен уәжіңді, істерің мен қылықтарыңды, ең соңында, ең бастысы адамдық мәніңмен өз еркіндігіңді билеу екендігін тұжырымдайды [46, 53 б.]. Іс жүзінде бұл кездері билік патша әкімшілігі ұсынғандай түрде жүргізілді. Қазақтың ел билеушілері билік тізгінінен бірте-бірте айрыла бастады. Өз еліңнің тағдырын басқалардың қолына ұстату, өз еркіңмен құлдықты мойындау деген сөз.

Жеке адам өмірінің үзілуімен, ол көтерген мәселе мен қоғамдағы қайшылықтар шешілмейді. Біраз уақытқа тұншығуы, іштен тынуы болады. Халық жадында Махамбет пен Исатай ерлігінің, олардың істерінің ізгіліктілігі мәңгіге сақталады. Махамбеттің ұлт еркіндігі мен бостандығы жолындағы күресі оның халықты қарулы көтеріліске бастауы еркіндікті ешқашан өзің қарсылық көрсетіп тартып алмасаң ешкім бермейтінін ашық түрде жалынды жырымен де, нақты ісімен де көрсетті. «Бірақ ХІХ ғасырдағы Қазақстан жағдайын ескерсек – деп жазды О.А. Сегізбаев – Махамбет қоғамдық дамудың заңдарын түсіне алмады. Оның дүниеге көзқарасында стихиялық материализм мен реализмнің элементтері басым болғандықтан ғылыми-теориялық тұжырымдар жасай алмады. Сондықтан да Махамбет Өтемісов қанаушыларды аямай сынап отырып, халықты бостандық үшін күреске шақырып отырғанымен қазақ қоғамын әлеуметтік-саяси қайта

құрулары жайында жобалар ұсына алмады. Езілген халықтың арманындағы еркіндікті, болашақта жаңа қоғамдық құрылыс атынан емес, әділеттілікті орнатудың негізі ретінде жырлады» [47, 178 б.]. Иә, Махамбеттің ұлттың азаттығы жолындағы жалынды күресі жаппай халық көтерісіне ұласа алмады. Оның басты себептерінің бірі ұлттың намысы мен жігерін оятатын, күшін топтастыратын болашаққа жасалынған ұлттық идеядағы жоспардың болмауынан дер едік. Сонымен көшпелі өмір салтымен артта қалған қазақ қоғамы, бодандықтың қамытын мойындарына іліп алып жүре берді.

Махамбет өмір сүрген кезеңнің жалпы тарихи-әлеуметтік жағдайы, оның дүниетанымы мен рухындағы еркіндік пен азаттықтың қалыптасуының алғышарты және негізгі белгілерін ұсына келе, еркіндіктің таза теориялық көрінісін философиялық тұрғыдан талдау үшін, алдымен, оның деңгейлерін былайша топтап көрсетуіміз қажет:

- Ішкі психологиялық еркіндік – ерік күші арқылы өзін-өзі билеу;
- Қоғамдағы еркіндік – саяси-әлеуметтік саладағы азаттық сарыны;
- Ұлттық рух еркіндігі – тарихи-дәстүршілдік пен ұлттық психология;

Бұл үшеуі жеке дара оқшау, бір-біріне қатыссыз ұстанымдар емес, бір-бірінен туындап, бірін-бірі толықтырып, бірлесе әрекет ететін тұтас еркіндік аймағына кіріктіріледі. Сондықтан да, оның таза теориялық деңгейлерін психологиялық-философиялық тұрғыдан таразылап көрсетуіміз қажет. Махамбеттің еркіндік шеңберін талдай келе, оның еркіндік рухының өзіне бағытталуына, ішкі күшінің қуаттылығына, өзін билей алуына байланысты оны «ішкі психологиялық еркіндік» деп атуымызға болады. Ол адамның өз еркін бағындырудың еркінен туындайтын рухани күшінің басымдылығы екендігі Махамбеттің рухында анық байқалады: «Мен, Мен, Мен едім...» деп басталатын толғауын ішкі психологиялық және ұлттық рухтық бағдарда ажыратып қарастыруымызға болады. Шындығында, осы «Мен» поэтикасы әлемдік ақындардың толғауларында аса көп кездеспейтін ерекше эмоционалдық сарын. Ал қазақ поэзиясында аз-кем болса да, кездесіп отыра-

ды. Мәселен, Ер Тарғын жырындағы Қартқожақтың өзін таныстыруында, ақындар айтысындағы өзін асқақтату тәсілдерінде т. б. қолданылады. «Қазақ философиясында билер мен шешендердің, ақын-жыраулардың өз атынан сөйлеп, өз ой-түсінігін, «Менін» паш ете отырып, өздерін ақыл-ойдың субъект ретінде көрсетуі» [48, 154 б.] орын алғандығын І. Ерғалиев атап көрсеткен болатын. Дала ойшылдарының өздерін «Мен» деп атағанда дүниеге белгілі дәрежеде көзқарасы қалыптасқандығын, халықты уәжіне сендіре алатындығын, әділеттілігін мақтанышпен айта алатындығында. «Мен» деген Кісілікті, Дара тұлғалықты өздерінің басқаларға ұқсайтындығын сезінгенде айтылады. Махамбеттің «Мені» туралы пайымдай отырып, оның хан-сұлтандарға, елі мен жеріне, досы мен жауына осы «Мені» арқылы қатынас жасағанын көреміз. Өзіндік бағыт-бағдары айқын, нағыз өз дегенінде тұра алатын хас батырлығын паш етеді.

«Меннің» еркіндік мәселесінен туындайтын асқақтығына мән берген Махамбет философиясын зерттеушілеріміз оны экзистенциалистік сарынмен талдайды: «Объективті уақыт ағымы – оның Мен – сенімділігімен қайшылыққа түседі де, оның тұтас өмірі шекаралық жағдайлы күйде болады да, өзінің адамдық мәнінің қыспаққа түсуі өзіндегі – Менді онтологиялық азаттыққа итермелейді». Бұл пікірлерін «Мен тауда ойнаған қарт марал», «Боз ағаштан биік мен едім» тәрізді табиғат құбылыстарымен бірегейлендіру толғаулары бойынша дәйектеп қояды [49, 347 б.]. Бұл тұста оның дүниетанымын тек батыстық экзистенциалистік бағытпен шектеп қоюға болмайтындығын атап өте отырып, ұлттық танымдық бағдар тұрғысынан әрі қарай зерделеуге болады.

Бірінші, оның түр ерекшелігіне назар салсақ, бұл сөз қатарынан бірнеше рет қайталанады, толғаудың ортасында немесе соңында емес, басталғаннан-ақ жүзеге асады, «едім» сөзі арқылы толықтырылады да, ол әрбір ойды тиянақтап тұруға қатысады т. б. Яғни, осы формалық жақтар сөздің әсер ету күшін арттырады. Бұл әсер ету сарыны ішкі руханилық қуаттың күшінен туындап тұр. Осы тұста, ақын толғаған Меннің әлемдік философиялық ойдағы Менге, психологиялық Мен-ге қаншалықы қатынасы бар екендігін байыптап алуы-

мыз қажет. Мәселен, Р. Декарттың «Ойлаймын, демек өмір сүремін» тезисінде «Мен» мәтін астарында орныққан. Ол өзінің өмір сүретіндігінің метафизикалық деңгейін ашып көрсету үшін алынған нұсқа және рационалдылықпен шартталған болса, И.Г. Фихтенің «Мені» – «Мен емеске» қарсы қойылатын, өзін сыртқы дүниеден ажырататын және сана, ерік, ойлау тәрізді психикалық процестерді жинақтайтын жалпы түсінік болғандықтан, субективті идеалистік сипатта құрылған. Ал психология мен философиядағы «Мен-Тұжырымдамасы» адамның өмірлік мақсаттары мен өзін айқындауға арналып, шынайы, фантастикалық, идеалды т. б. формаларға тарамдалады.

Ол осы «Менге» маңыз бере отырып, оны орталық түсінікке айналдырады. Осы тұста «Меннің қаншалық мағынасы бар, ол неге қайталанып тұр» деген қарапайым сауал туындайды. Біріншіден, ол – ішкі рух күшінің толғанысы, еркіндіктің айбарлы, белсенді, әрекетшіл, намысшыл мазмұнын қамтыса, екіншіден, өкініш пен аңсаудың, күйініш пен цикл бойынша қайта жігерленудің құлдыраушылық тұсы, себебі, онда трагедиялық сарын да бар. Үшіншіден, өзін-өзі айқындаудың, өзін-өзі ашудың жеке тұлғалық үлгісінің еркіндік рухына тоғысуы. Төртіншіден, таза бірегейлену үдерісін білдіреді. «Мен» сөзінің қайталануы арқылы өзінің болмысынан өзі ажырап бара жатқан сәттен қайтадан өзіне оралуына ұмтылатын өзіне бірегейлену. Бұны өлең мазмұндарынан ақ айқын аңғаруға болады. «Едім» түсінігі өткен кезеңнің нышанын сездіретін, бұрынғы Меннің өткіншілігін сипаттайтын және оның шынайылығын дәріптейтін еркіндік рухының солғындануын да білдіреді.

Бұл Мен – Рухтың Мені, нақтырақ айтсақ, еркіндік рухының Мені. Махамбет дүниетанымы арқылы ұсынып отырған осы ішкі Рухтың еркіндігі ұлттық философиялық түсінік деп анықтай аламыз. Оның бұл жердегі ерекшелігі – Еркіндік пен Еріктің тұтасып, Рух түрінде көрінуі. Себебі, осы ерікпен тұтасудың мақсаты тұлғаның және халқының әлеуметтік еркіндігі мен саяси бостандығына келіп тоғысады.

Махамбеттің осындай ішкі психологиялық еркіндігін әрі қарай сараптасақ, оның «Мені», жалпылай алғанда, халық рухының тұтасқан күйдегі еркіндігі, әлеуметтік – Мен. Ал же-

келей қарастырсақ, ол өзінің жалғыз еркіндігі мен рухын Исатаймен бөліседі: «Исатайдың барында, екі тарлан бөрі едім». Махамбеттің ішкі еркі Исатайдың рухымен тұтасады. «Бөрі» тотемі ұлттық фольклорда жиі кездесетін сарын. Дегенмен, жоғарыда атап өткендей, көшпелілік өркениеттің ақырын сезінген Махамбет поэтикасындағы «бөрі» және өзін «бөрімін» деп атау қазақ дүниетанымындағы соңғы теңеулердің бірі тәрізді. Осыдан біз бөріге еліктеген еркіндік рухының шабытты, айбарлы, әрекетшіл, күрескер көшірмесін анық байқай аламыз.

Сондықтан, Махамбет дүниетанымы арқылы еркіндіктің енжар, жай ғана абстрактілі ұғымдық деңгейін біз белсенді, әрекетшіл және тәжірибелік дәрежеге дейін көтеріп, оны «өміршең еркіндік» деп атай аламыз. Оны ұлттық философиядағы еркіндіктің ерекшелігі екендігін ашып көрсетуімізге болады. Немесе, оны «ұлттық еркіндік философиясының рухтық түрі» деп нақтылай түсуіміз дұрысырақ тәрізді.

«Қоғамдағы еркіндік – саяси-әлеуметтік саладағы азаттық сарыны» деп атап көрсеткен екінші деңгей, әрине, біріншіден, қоғамдағы әділетсіздіктен, екіншіден, Ресейдің отаршылық саясатына төзбеушіліктен, үшіншіден, көшпелілік тіршілік ету дәсүрінің күйреуіне іштей қарсылықтың нақты тәжірибелік көрінісінен туындайтындығын жоғарыдағы талдауларымызға сүйене отырып, дәйектей аламыз. Бұның саяси-әлеуметтік сипаты жеке адамдық еркіндік шеңберінен шығып, тұтас ұлттың еркіндігін аңсаумен байланысты. Ол – шынайы ұлттық рухтың нақты ұжымдық еркіндігі.

Біріншіден, ол жалғыз емес, қолдаушылары сол қазақ халқының өкілдері, яғни, ол қоғамдық санадағы ұжымдық бейсаналылықтың ішкі сарындарының сыртқа шығарылған көрінісі.

Екіншіден, егер К.Г. Юнг теориясына сүйенсек, байырғы намысшылдық пен жігер архетиптерінің оянуы, құлдық пен еркіндіктен айрылуға төзбеушілік.

Үшіншіден, Махамбет осы ұжымдық ұлттық рухтың сан мыңдаған жылдардан бергі жалғасқан еркіндігін жалғастыруын қамтамасыз етуге ұмтылушы және оны аңсаушы

тұлға болғандықтан, оның бойында ұлттық рух еркіндігінің нышаны бар жеке даралыққа айналады. Бұл даралық екінші қырынан алғанда, ұжымдық-ұлттық рухтың жалқы өкілі, тұтастықтың бөлшегі.

Бұл тұста «егер олай болатын болса, еркіндіктің көрінісі, іске асуы неге тек қана жалғыз тұлғаға жүктелген» деген сауал туындайды. Бұл ұлттық танымдағы рух еркіндігінің ерекшелігіне байланысты. Біріншіден, оның тарихи сабақтастығы айқын. Мәселен, эпостық дәуірдегі өмір шындығында да, рух еркіндігі, образдық түрде болса да, жалғыз тұлғаға жүктеледі. Екіншіден, ол Махамбеттің өзіне ғана тән даралық қасиеттеріне байланысты. Мәселен, оның ақындық, күйшілік өнері бұл тұста, көңіл көтеру қызметінен елді рухтандыру, азаттық үшін күреске шақыру, жігер мен намыстың терең архетиптік тамырларын оятудың психологиялық тетігіне айналады. Мәселен, ол Исатайдың серігі ғана екендігін ескерсек, әйгіленуі мен танымалдығы жөнінен Исатаймен қатар қойылады. Өйткені, ол тек қана батыр емес, ақын, күйші, әрі жас жағынан да кіші. Сондықтан Махамбеттің ұлттық Рухтың жаршысы қызметін атқаруы тағдырдың таңдауы, оның ішінде ұлт тағдырының талғамы, заманның объективті қажеттілігі болып шығады. Ол – «әлеуметтік таңдаулы тұлға».

Махамбеттің еркіндікті жеңіп алу үшін күресті таңдауы Г. Нұрышева атап көрсеткендей: «Осылайша жабырқаған ақын жалғыздыққа, өмірмәнділік гиперрефлексияға қарсы күш ретінде күресті таңдады және оны өмірінің ақырына дейін жүргізді. Бұл таңдау оның қиындыққа мойымаған ішкі рухани мықтылығын көрсетеді» [50, 276 б.]. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс жеңіліс тапқанмен, ақынның еркіндікке деген ұмтылысын жоя алмады. Ол өмірінің соңына дейін шығармашылығы арқылы еркіндік жолында күресіп өтті. Н. Бердяев еркіндік – адамның ішкі шығармашылық күш-қуаты деген болатын. Оның ішкі рухани еркіндігін ешкім жоя алмады.

Күрескер ақынның еркіндік буырқанған күш-қуатқа толы әлеуеті шығармалары арқылы бүгінгі ұрпаққа патриоттық сезім күшін тудыары хақ. Оның әрбір өлең жолдары рухтан-

дырушылық қызмет атқаратын рухани қажеттілік. Осы тұста Е.Д. Тұрсыновтың жаугершілік замандағы қаһармандық дәстүрлерге шолу жасай келіп, қарсы жақпен болатын сөз сайысының сиқырлық әрекет етуші қуаты болғандығын, оны түркілік батырлардың оңтайлы пайдаланғандығын [51, 111–112 бб.] атап көрсетуіне сүйене отырып, Махамбеттің толғауларында осы сарынның сабақтасқан нұсқасы бар екендігін дәйектей аламыз. Бұдан біз әлемдік философиялық ой ағымындағы еркіндік мәселесінің қозғалуынан ұлттық таным-түсініктегі еркіндіктің елеулі айырмашылықтарын тани аламыз. Атап айтқанда, бұл еркіндік парасатты ой-толғамның объектісі болумен қатар, біріншіден, тәжірибелік тексерілген, оны Махамбеттің күрескерлігі арқылы анықтауымызға болады. Екіншіден, ол эмоционалдық реңді жамайды. Үшіншіден, Рухтың белсенділігі, әсер етуі, ұжымды ұйымдастырушылығы және психологиялық дайындаумен астасып жатқандығы және іске асырылатындығы екендігін тұжырымдай аламыз. Махамбет тұлғасы еркіндіктің осы сапаларын дәйектеудің біз үшін нақты мысалы.

Осыдан – «Ол ұлттық рух еркіндігін неге жоқтайды», «Рух еркіндігі осы кезеңде неліктен өрши түсті» деген сияқты туындайтын сауалдарға байланысты, еркіндіктің саясиленған аренадан көрінуінің себебі, оның ішкі болмысына келтірілген нұқсанға байланысты. Еркіндік рухы өзінің болмысын сақтауға, өзін-өзі үнемі бірегейлендіріп отыруға, өзін қайтадан тануға ұмтылып отыратын табиғи, биологиялық, психологиялық, рухани қуаттылық. Осы еркіндіктің өміршеңдігі, тайталасы, күресі, өзін сақтауға ұмтылысы – Махамбет әрекетінен анық көрінетін шынайылық. Ал оның осы сәтте, нақ осы тарихи кезеңде өрістеуі мен өршуінің себебі еркіндік рухын шектейтін отаршылдық саясаттың ұстанымы екендігі түсінікті. Сондықтан да, оның еркіндікті аңсауындағы оқшаулығы – шартты, образды, типтік түрдегі жалғыздық. Махамбеттің өмірінің соңғы кезеңдеріндегі оның рухының жасуы, күрескерлік санасының бәсеңдеуі тек батыр тұлғаның ғана жеке психологиялық күйініші емес, тұтас ұлттық рухтың ұзақ кезеңге созылған жеңілісі болып табылады деп ой түйіндей аламыз. Бұны, тарих

шыңдығы көрсеткендей, Махамбет дәуірінен бастап, бүгінгі күнгі тәуелсіз Қазақстан кезеңіне дейін жалғасқан 200 жылдық отаршылдық дәуір дәлелдейді.

Осылайша, біз Махамбеттің ішкі психологиялық ерік күшінің әлеуметтік еркіндікке жалғасқан тасымалдануын тани аламыз да, еркіндіктің себеп-салдарлық қатынасын, ішкі мазмұндық бірлігін аңғарамыз. Мәселен, оның психологиялық ішкі қуаттылығының оянуының себебі, алдымен, ішкі потенциалды күш – эндогенділік, содан соң, сыртқы мотивтер – экзогенділік, яғни, саяси-әлеуметтік жағдай екендігі анық.

Ал «Ұлттық рух еркіндігі – тарихи-дәстүршілдік пен ұлттық психология» деп көрсетілген деңгей осы екі сатының түпбастамалық негізі мен алғышарты, толықтырушысы болып табылады. Ол жоғарыда атап өткеніміздей, жігер рухының архетиптерінің оянуы болып табылады. Ұлтымыздың намысшылдық стереотиптердің жандануы, діліміздің жауынгерлік рух сабақтастығының шынайылануы сияқты үдерістер арқылы іске асырылатын тарихи қалыптасқан рух еркіндігі.

Сондықтан, ол тарихи тұрғыдан алғанда да, заңды логикалық сабақтастық. Бұл сабақтастық сан мыңдаған жылдар бойғы азаттық сүйгіш еркіндік психологияның сақталуының мирасқорлығы. Бұл мирасқорлық генетикалық қырынан, мәдени-әлеуметтік жағынан болсын, тарих шыңдығы мен ұлтымыздың тұтас өмірінің болмысы дәлелдеген, әрі сан мәрте рет тәжірибеден өткізілген шындық. Халқымыздың жаугершілік дәстүрі еріккен әрекет емес, объективті заман шыңдығынан ырықсыз түрде шыңдалып шыққан еркіндікті аңсау құндылығы. Яғни, осы еркіндікті басты құндылыққа шығарған ұлттық дүниетаным жаугершілдік өмір дағдысын тұрақты түрде қалыптастыруға ден қойған. Махамбет Өтемісұлының өмірмәнділік әрекетінің тарихи-дәстүршілдік тұғыры да осы деп айта аламыз.

Мұнда ұжымдық архетиптік көріністен бастау алатын еркіндік сүйгіштікті Махамбет тұлғасы сабақтастырушы аралық буын ретінде жалғастырушы қызметте ғана, ол – өзінің байырғы дәстүрлеріне сүйенеді. Бұл еркіндіктің өзі кемелденген тәуелсіз еркіндік. Олай дейтініміз, біріншіден, тарих тәжірибесінде тексерілген ақиқат болуымен, екіншіден, құдайшылдық пен жоғарыдан көмек күтуге сүйенбеуден,

үшіншіден, мистикалық күштермен толықтырылмай, нақты күрескерлік арқылы жүзеге асудан, төртіншіден, бөрілік төменнің рухтандырушылық қызметінің сарқыншақтарын негізге алумен анық көрінеді. Мәселен, Махамбет толғауларының шабытты немесе күйзелген тұстарында да құдайшылдық жоқ, «тәңір» сөзі еш жерде кездеспейді. Демек, еркіндік өзіне сенімділікпен көмкерілген.

Махамбет өзіне табиғи тұрғыдан міндеттелген еркіндікті сақтау парызын атқарды ма, деген сауал туындатсақ, атқарғандығын, бірақ мақсаты объективті себептерге байланысты толық орындалмағандығын көреміз. Себебі, тарих дәлелдегендей, халқымыз үнемі жеңістерге жете бермеген, жеңіліс те болған. Махамбет осы жеңілістердің көп құрбандарының бірі. Бірақ жеңіліс, ұлттық тарихи рух еркіндігі тұрғысынан қарағанда, түбегейлі болып табылмайды. Себебі, жеңіс пен жеңіліс кезектескен өмір өткеніміздің өн бойында және өмірдің заңдылығы ретінде кездеседі. Сондықтан, жеңіліс – түбегейлі күйреу, тарих сахнасынан мүлде жоғалу емес, циклды қайта жанданудың шарты іспеттес. Махамбеттің жеңілісі еркіндіктің жеңілісі емес, оның қайта жандануының, өркендей түсуінің негізі. Бұның нақты мысалы 200 жылдан кейінгі 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Бұл қозғалыс та тарихи қалыптасқан еркіндік сүйгіш рухтың заңды табиғи, генетикалық, әлеуметтік, саяси жалғасы деп айта аламыз. Тарихымыздағы осындай нақты өмірлік картиналар Махамбет дүниетанымы арқылы біз ұсынып отырған еркіндіктің тарихи-дәсүршілдік деңгейінің бар екендігін айғақтайды. Қоғамдағы демократиялық принциптердің салтанат құруы тек тәуелсіз елде ғана жүзеге асады. Сондай-ақ, шынайы демократия мен халықтың басым көпшілігінің рухани тұрғыдан осы демократиялық бостандықты пайдалана алатындай кемелденуінсіз мемлекеттің тәуелсіздігін баянды ету де мүмкін емес [51].

Сонымен, Махамбет танымындағы еркіндік мәселесін таразылай келе, біз оның ұлттық сипаттағы негізгі ерекшеліктерін анықтадық:

- саяси сипат алғанмен, ол үстемдік жүргізушілермен келісімпаздық, келісім шарт арқылы жүзеге аспайды;
- психологиялық тұрғыдан тек рухтандырушылық идеологияны ғана қабылдайды; рухты жасыту, экзистенциалистік

түңілу сарындары жоқ.

- ақпараттық күрес түрлеріне жүгінбейді. Тек шынайы тәжірибелік түрде ғана іске асады;

- құдайшылдық, мистикалық, мифтік нышандар мүлде қатыспайды;

- еркіндік тек теориялық қағида ғана емес, белсенді, әрекетшіл, өміршең сипатта құрылады;

- еркіндік жалаң емес, көпқызметті, көптүрлі, құрылымды жүйе. Мәселен, ол ерікпен бірлікте, халық рухымен тұтас, сезімдік мазмұнды болып күрделі синкреттік бірлікті құрайды т. б.

Махамбет Тұлғасы арқылы еркіндік басты құндылық болғандығы дәйектеледі. Қорыта айтқанда, Махамбет ақынның поэти-касындағы еркіндік мәселесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ондағы еркіндік түпкі мәнде азаттық идеясынан туған рухтанушылықпен, жігерленумен, құлдыққа төзбеушілікпен қаруланған. Махамбет шығармашылығы рух еркіндігін күрсекерлік жолмен орнатудың нағыз өнегесі болып табылады. Оның рухтаңдырушылық күші ұрпақтары үшін әрқашан намыс пен жігерін маздататыны сөзсіз. Халық жадында Махамбет пен Исатай ерлігінің, олардың істерінің ізгіліктілігі мәңгіге сақталады. Жыраулық дәстүрдегі рухани дүниетаным замана тынысы арқылы Махамбет шығармашылығының өзегіне айналды. Махамбеттің еркіндік туралы түсінігі қоғамдық еркіндікті білдіреді, ол тұтас ұлттың еркіндігін, шынайы ұлттық рухтың еркіндігін аңсаумен байланысты.

2. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ИДЕЯСЫ

2.1. Қазақ ағартушылығының идеялық алғышарттары мен әлеуметтік негіздері

Қазақ жерінде ағартушылық XIX ғасырдың екінші жартысында қоғамдық санада ағартушылық-демократиялық ой түрінде көрініс тапқаны белгілі. Әрі қарай дүниежүзілік ағартушылық оймен ортақтаса отырып өзінің әлеуметтік-мәдени кеңістігінде дамыды. Негізгі алға қойған мақсаты мен міндеті – адам ойының еркін дамуы мен халықтың бостандығы мен теңдігі мәселесі. Қазақтардың ақырында тәуелсіздіктен айырылып Орыс Империясының құрамында тіршілік еткен кезең. Бұл кезең Ресейдің Петр патшадан кейін Батыс өмір жолының үрдісіне біржолата бет бұрған шақтары еді. Экономикалық өмірді, өндіріс, техника таным жолын бірден-бір негізгі нәрсе деп, рухани өмірдің алдында тұруға тиіс деп түсінді. Ресейдің бұл ұстанымдары оның құрамындағы басқа халықтарға, соның ішінде қазақ даласына әсер тигізбей қоймады.

Осындай жағдайда қазақ халқының халық ретінде сақталуын, басқалармен біршама тең болуын қамтамасыз ететін жол – білім, өнер, кәсіпкершілікті т. б. игеру деп білетін ойшылдар шыға бастады. Олар Шоқан, Абай, Ыбырай т. б. Бұлар енді тәуелділікке мойынсұнғандар. Орыс мәдениетін, сол арқылы Батыс мәдениетін игеруді өз халқының бірден-бір жолы деп түйсінетіндер. Бұлар да сөз жоқ өз халқын сүйген, өз халқының бақытын тілейтіндер, тіпті соның жолында өмірін арнап қызмет еткендер.

Бірақ олар өз халқының бақытын Орыс Империясынан бөлініп, тәуелсіз мемлекет құру жолынан көрмейді. Ондай идея бұларда тіпті жоқ. Бірден-бір қалған жол – басқа халықтардың әлдеқашан түскен жолы – өнер, білім, кәсіпкерлік

жолы. Оларда қазақтардың дамуына Орыс Империясының септігі тиеді деген үміт бар. Қаншалық бұндай үмітке қайшы келетін фактілер кейінгі ғасырдан астам уақытта дәлелденді де. Қазақ ағартушыларын қалың ұйқыға кеткен қазақтардың енжарлығы қынжылтады. Сол енжарлықтан арылуға, өнерге, білімге, әр түрлі кәсіптерді меңгеруге шақырды. Оларда бірақ, қазақтардың өзіне тән құндылықтарынан алаңсыз ада болу керек дейтін идея жоқ. Өнер, білім, кәсіпкерлік қазақтарды басқаларға кіріптар болдырмайтын құрал ретінде ғана түсініледі. Яғни, ол түпкі мүдде – тәуелсіздікке қызмет ететін екінші қатардағы шаралар ғана. Қазақтардың қалыптасқан осы тығырықтан шығу жолдарын көрсеткен ой-өрісі мен ұмтылыстарын осы лек, яғни Шоқан, Ыбырай, Абайлардың философиялық жүйелері деп атауға болады. Бұларда шын мәнінде білім мен өнер арқылы күш арттыруға ғана бас иетін, тек қуат асыруды ғана бірден-бір бағалы нәрсе деп білетін жаңа дәуірдегі Европалық құндылықпен елігу де бар. Бұл әсіресе Шоқан мен Ыбырайда айқынырақ деуге болады. Осы жолмен жүрсең, кем болмайсың деген сарынды қазақтардың көзі ашықтау топтарының санасына сіңіру бұлардың негізгі мақсаты. Мұны олар елеулі дәрежеде орындады да.

Осыған сай көшпенділік қоғамның мұраттарын жоғары бағалаушылық мұнда енді жоқ. Әрине, ол үшін бұл жаңа заманның зиялыларын кінәлауға болмас. Өнер, білім, кәсіп арқылы ғана қуатың өрістейді, онсыз басыбайлықтан құтылуға болмайды. Ол үшін соған ұмтылу, тынымсыз іс-әрекет керектігін дәріптеу өз заманына сай ұсыныс. Мұнда енді жаңа құндылықтардан гөрі, сол құндылықтарға жетудің құралдары көрсетіліп дәріптеледі. Оның үстіне түпкі құндылыққа жетудегі негізгі жолдар мен құралдар екінші қатардағы болса да белгілі бір құндылықтар. Мұндай қарулану жолының тәуелді елдер үшін ақ жол болатын себебі – оның мақсаты еркіндікке, тәуелсіздікке жету, өз қалауымен емін-еркін даму.

Осындай жолдармен қазақ қоғамын мешеуліктен, Еуропа елдерімен салыстырғанда өнер, білім, техникалық жағынан артта қалудан шықса, басқа жұрт қатарында боламыз деген ойлардан туындаған еді. Ағартушылық-демократиялық ой түзген қазақ ойшылдарының негізгі идеялары жалпыадамзаттық про-

гресске қосылған үн болды. Қазақ ағартушылығының да мақсаты дүниежүзілік ағартушылыққа тән жалпы қараңғылықтан, надаңдықтан оқу, білім мен ғылым арқылы адам санасын ояту.

Қазақ ағартушылығының өзіне тән ерекшелігі, біртұтас қазақ ұлтын қараңғылық түнегінен алып шығу еді. Қазақ ағартушылары да әлемге жаңаша көзқараспен қарау керектігі жайлы ой қозғады. Ең бастысы дәстүрлі қоғамдағы қатып семіп қалған ескі көзқарастардан арылуды уағыздады. Еуропа ағартушылығы ортағасырлық түнекпен күреске түскен болатын. Ал қазақ ағартушылығы болса өз кезегінде қазақ қоғамында орын алып отырған келеңсіздіктерге қарсы күресті. Қазақ халқының прогресті дамуын армандады. Олардың ұйқыдағы сана-сезімін ояту, табиғатты, әлемді ғылыми таным арқылы танудың негізі ағартушылықта деп білді.

Ағартушылық құбылысы әдетте адамзат ойының еркін дамуына шіркеу мен діннің қарсы тұрған кезеңдерінде көрініс беріп отырған. Ақырында білім мен ғылымға ұмтылысты алдыңғы қатарға шығарды. Батыс Еуропадағы капиталистік құрылыстың дамуы, дүниеге жаңа философиялық көзқарастар мен дүниетанымды тудырды. Ендігі жерде Әлемді, Дүниені, Табиғатты, Адамды танудың жаңа әдістері пайда болды. Ағылшын, неміс, француз ағартушылықтарының негізгі мақсаттары – ұлттық идея болды. Сондықтан ағартушылықтың қозғаушы күші ұлттық идея деп түсінеміз. «Қазақ халқының рухани дамуы да патшалық Россияның орыстандыру саясатының жасанды әдістерімен шектеліп отырылды... Бодандық құрсаудың жан-жақты қысымы ұлттың материалдық сүйеніші мен негізін нашарлатып онымен қоса тарихи қалыптасып өзін-өзі практикада көрсеткен билеу ерекшелігін ыдырату қолға алынды. Үйреншікті болған өмір харакеті тездетіліп сіңіскен тамырынан ажырай бастады» деп жазды қазақ ұлтының психологиясын зерттеуші ғалым Н. Елікбаев [53, 18 б.].

Рухани даму, рухани жетілу адамдардың бостандығы мен еркіндігі мүмкін болған жағдайда ғана іске асады. Қазақ философиясының тарихын зерделедеуде тың әдістемелер мен өзіндік көзқарастар қалыптастырған І. Ерғалиев, адамның еркіндіксіз, өз басының бостандығына өзі ие болмайынша, оның бойында рухани жетілуі де болмайды дей келе, егер, жағдай

жасалынбаса, әлеуметтік-мәдени орта мүмкіндікке жол бермесе адамның рухтық дамуы да тежеледі деп атап көрсеткен болатын [48, 103 б.]. Сондықтан да жеке адам еркіндігі тежелген тұста шынайы азаттық пен бостандыққа жол жоқ.

Қазақтың прогрессшіл ойшылдары өз халқының бейшара халден шығарудың бірден-бір жолы ағартушылықта деп түсінді. Өмірдің сүреңсіз көріністері мен қоғамдағы келеңсіздіктердің себебін іздеді. Ұлы Абай қазақ халқының ендігі жерде тек қана көшпелі мал шаруашылығымен айналысуына қарсы болды. Ол өзінің ғақлияттарында: «Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздері етке қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан; өзге егін, сауда өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді» [9, 11 б.]. Барға малданып, тоқмейлсінетінін айтқан. Дәстүрлі төрт түлік малдың соңында жүре беруді қаламай, жан бағудың басқа түрлеріне ауысуды насихаттайды.

Осы кемшілікті жоюды қазақ ағартушылары ғылым мен білімді игеруден тапты. Қазақ қоғамының нақты тарихи жағдайында Шоқан да, Абай да, Ыбырай да орыстың тілін меңгеру арқылы әлемдік өркениетке қол жеткізуге болатындығын атап көрсеткен еді. Мал шаруашылығының өсіп-өркендеуінің өзі жайылымдық жерлер мен табиғат апаттарына тікелей байланысты болды. Сондықтан, малдың бір жұттық екенін қазақ халқы талай ашаршылық нәубетін басынан кешіргенде түсінді.

Қазақ ағартушылығы өзінің даму барысында қайшылықты эволюциялық жолдардан өтті. Ол даму реакциялық идеялық бағыттармен күреске толы болды. Отандық философия тарихын зерттеуші ғалымдарымыз солардың ең бастыларын атап көрсеткен болатын. Оларға: XIX ғасырдың орта тұсында пайда болған дәстүрлі – консервативті шаманизм бағытын, XIX ғасыр аяғындағы діни-реформаторлық джадидизмді, Ресейдің мұсылман халықтарының арасында панисламизм мен пантюркизм ілімдерін жатқызады.

Қазақ ағартушылығы туралы мәселеде Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарының өміріндегі маңызды құбылыс жәдитшілдікті атап өткен жөн. Өйткені, жәдитшілдер де қоғамды надандықтың қара түнегінен алып шығудың, оны өзгертудің басты құралы ағартушылықта деп білді. Олар түркілік мұсылман халықтарының арасында білім берудің жаңа заман талаптарына сай бола отырып, ислам дінінің аясында болуын көздеді. Білімділік пен имандылықты қатар қойып, оларды ажарамас бірлікте қарастырды. Ал, Ресей патшалығы болса өзінің жаулап алған елдерінде өздерінің билік жүргізулері үшін ыңғайлы жолдарды қарастырды. Сондықтан да, бірден олардың осы кезге шейін қолданып келген жазу алфавитін орыс кириллициясына ауыстыруды ойластырды.

Орыстың атақты миссионер-ғалымдары Н.И. Ильминский, В.В. Радловтар аралас «орыс-түзем» мектептерін ашу жөнінде ұсыныстар жасады. Отарлаушылар енді әскери, әлеуметтік-экономикалық саясатпен қоса рухани жағынан жаулау саясатын да жүргізе бастады. Қазақ даласына миссионерлер ағылып келе бастады. Осылайша, миссионер ғалымдар 1865 жылы Қасиетті Синодтың ұйымдастыруымен құрылған «Православиелік миссионерлік қоғамның» тапсырмасымен көшпенділерді шоқындырып, өздерінің салт-дәстүрлерін бірте-бірте сіңіруді өте сақтықпен жүргізе бастады. Түпкі мақсаттары, баланы бірден орысша оқытып, ұлттық санасы мен болмысынан айыру болатын.

Адам болмысының мәні туралы Қ. Әбішевтің пайымдауынша адамдыққа жат жауыздықтың өзі де тұтас бір қауымдар, халықтар, топтар үшін олардың тарихтағы болуының мәніне айналғаны белгілі дейді. Адамгершілікті, әділеттілікті, ізгілікті мойындаудан басқа, шексіз байлыққа, билікке, үстемдікке ұмтылушылық та көп адамдардың көкейтесті пиғылдарына айналады. [11, 25 б.] Патшалы Ресей Қазақ жеріне толық орнығу үшін, алдымен халқымызды рухани жағынан аздыруды көздеген болатын. Қазақ сахарасын отарлау саясатының негізгі бағыттарының бірі дін мәселісі еді. Діни көзқарастары тұрғысында қазақтар өздерін әлмисақтан мұсылманбыз дейтін. Халықты біріктіретін ұйтқылардың ең бастыларының бірі де дін болып табылады. Олар енді халық-

тың сенімін өзгерту арқылы өздеріне жақындатқысы келді. 1862 жылдан бастап қазақ халқын ресми түрде шоқындыру, сол арқылы орыстандыру саясатын жүргізе бастаған еді. ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Ресей империясының барлық мұсылман аймақтарының діни мәселелері ислам дінбасыларының құзырынан алынды.

Дәстүрлі дүниетанымы мен ислам өркениеті арасынадағы үйлесімділікті қамтамасыз еткен адамды ішкі еркіндікке жетелейтін ар түзейтін Қожа Ахмет Исауидің сопылық философиясы осы кезеңде ұлттық рухани тіректі нығайтуға негіз болды. Шындығында, адамның құлдырауы, рухани азғындап, құлдыққа түсуі, еркіндіктен мақұрым қалуы оның ішкі рух әлемі мен санасының ластауынан туындайды. Ислам өркениетінде адамды осындай жатсынулардан айықтырып, имандылықтың сақшысы қызметін атқарған таза сопылық ілім болатын. Ислам өркениеті Шығыста қарақытайлар, Батыста крест жорықтары салдарынан экспансия қыспағында қалып әлсіреген тұста, сопылық ілім иманның қорғаушысы, мемлекеттің тірегі, халықтың ұйытқысы, ар мен имандылықтың, әділет пен туралықтың көзі болды [54, 9–10 бб.]. – дейді Иасауи ілімін зерттеуші Д. Кенжетай.

Қазақ халқының рухани-мәдени өміріне ислам дінінің таралуы құндылықтарымызға зор үлес қосқаны белгілі. Ислам діні жалпы адамзаттық мәдениеттің бір тармағы болса, сопылық та рухани өмірде ерекше құбылыс болып табылады. Сопылық құбылысы философиядағы жалпылық пен ерекшелікке саяды. Халқымыздың әлемдік өркениет арнасынан өзіндік бітім-болмысы мен ұлттық санамызды айшықтайтын рухани нәрлердің бірі осы сопылық ілім. Осы сопылық сарындардың ықпалымен қазақ сахарасында дәстүрлі қазақи дүниетанымдық негізде қалыптасқан мифология, аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар басқаша өңге ие болып, Құран аяттарының нұрымен көмкерілді. Араб тіліндегі Құран аяттары мен сүрелері түрік тілінде үн қатқан жаңа бір шығармашылықтың түрі пайда болды. Ислам діні мен түркілердің тәңіршілдік дінінің көптеген ұстындары бір-бірінен онша алшақ кетпейтін болып бір бірімен қабысты. Ұлан байтақ даланы мекен еткен рухы мықты, өзі

жауынгер, ақ пейілді халық негізінен ата-бабасының Рухы мен Көк Тәңірісіне табынатын еді.

Қазақ арасында сопылық ілім дәруіштер арқылы таралды. Негізгі діні тәңіршілдік болған қазақтар Тәңірді, Жаратушыны бір деп білген. Көшпелі қоғамның шаруашылығы мен тұрмысына байланысты мешіттер салып, медреселер ашуға мүмкіндіктер болмады. Сондықтан дала қазақтары ортодоксты исламның негізгі шарттарын орындауға келгенде құлықсыздау болды. Шамандық пен Тәңіршілдік дүниетанымында Әлем де, Ғарыш та бөлінбейтін, өзгермейтін, мәңгілік сипатқа ие болмыстар. Ш. Уәлиханов шамандық салт-сананың, аңыз-әңгімелердің көшпелілердің тұрмысымен тікелей байланысты болғандықтан, қазақтарда бақсылықтың қаймағы бұзылмағаны жайлы жазған болатын. Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау [55, 172 б.]. Шаман Тәңірі және ата-бабалары рухының жердегі қолдаушылары және олар сиқыршылық қасиетке ие. Ол білікті де талантты, өзі ақын, өзі сазгер, сәуегей және емші, жалпы айтқанда сегіз қырлы, бір сырлы адам. Халық арасында бұл қасиет адамға рухтың қалауымен қонады да, атадан балаға беріледі деп топшыланады. Шамандық дүниетанымын бойынша Адам-Әлем біртұтас. Табиғаттағы жер, су, таудың киесі мен иесі бар. Ал Жаратушыны таза Рух деп түсінеді.

Қазіргі кезге дейін қазақтардың рухани өмірінде түркілік және исламдық элементтер қатар өмір сүріп келді. Оның өзінше бір ерекше мәні бар. Халық жадының архетиптері діннің ол түрін де, бұ түрін де ұмыттырмайтын рөлі атқарады. Ана сүтімен көшпелі әлем этикасын сіңіріп өскен далалықтар, аталар жолы мен салт-дәстүрлеріне берік болып келеді.

Адамзаттың рухани іс-әрекетінің жемісті бір тармағы мұсылмандық философияны зерттеуші ғалымдарымыз ондағы еркіндік құбылысын ерекше атап көрсетеді. «Ислам философиясы адам болмысының этикалық сонымен қатар экзистенциалдық көкжиегін мақсат етеді. Ислам философиясын әр кез құдайылық бастамаларға оралып отыруы ізденістері мен «өзінің философиялық болмысын сақтауы» еркін етеді [56, 134 б.].

Сопылықтағы дәруіштердің тылсым әлемнің күштері арқылы, Құран аяттарының қасиетімен емдеу тәсілдерін қолданып емшілік жүргізуі, сахарадағы бақсылық етушілердің іс-әрекетіндегі ұқсастықтар бірін-бірі толықтырып, олар өзара кірікті. Осылайша көшпелі қоғамның дүниетанымдық құндылықтары мазмұны жағынан тереңдей, тәжірибелік жағынан байығандығын аңғаруға болады. Сопылық құбылысының қазақ арасында өгейленбей қабысуы, олардың жан дүниесіне жақын болуынан дер едік. Сопылар мен дәруіштер емшілікті табиғи шөптерді пайдалану арқылы, гомеопатиялық әдіспен, Құран аяттарының ғажайып күшіне сүйене отырып жүргізді. Нәтижесінде сопылық құбылысы таным көкжиегінде еркін шығармашылыққа жол ашты. Халқымыздың ойшылдары ықылым замандардан бері әлеуметтік өмірдегі кемшіліктерді баса көрсете отырып, адам рухын тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отырған. Сопылық поэзия тағылымдық үлгіге бай даналық философиясы дамыған халықтың дүниеге көзқарас көкжиегін кеңейтті.

Қазақ ағартушылығының негізіне ой жүгірткен зерттеушілеріміз Шоқан, Абай, Ыбырайларды қатар атайды. Үш алып ойшылдар жайлы Ғ. Есім әрқайсының өз әлемі бар тұлғалар дей келіп, ұлттық үлгіні ұсынушылар деп атады. Балалар әдебиетінің атасы атанған Ыбырайды, балалық шақ дүниетанымының парасатты білгірі деп сипаттайды [57, 104 б.]. Әрине, Абай мен Шоқан қазақ халқын білімге, ғылымға үндеді. Бірақ, қазақ даласында заман талабына сай ғылым мен білім таратудың алғашқы бұлағының көзін ашқан Ыбырай Алтынсарин еді.

Ұлы ағартушы сахарадағы ескі діни мектептердегі молдалардың жататтып оқыту әдісіне қарсы болды. М. Әуезов Ыбырай Алтынсариннің сол заманда екі жақты қыспақта бола отырып қажымас қайрат, мұқалмас жігер көрсеткенін былайша ілтипатпен атап көрсетті: «Осындай екі жақты сенімсіз ала-көздікті ең алғашқы қадамынан-ақ көре бастаса да Ыбырай қымсынған жоқ. Ірі ағартушы, зор саналы әлеумет қайраткері, өнерлі ақынның артына қалдырған ізіне, қадірлі жолына қарап отырсаң, заманына бақсаң, көңілге үлкен алғысқа толы ойлар келеді. Сонда өз өмірінің, еңбегінің барлық қисынсыз, қиын

шалғайлықтарының бәрін елемес-тен, жасымастан батыл басып, ұдай ұзап бара жатқан шын зор қайратты танысың. Мұндай іс пен тұрақты айнымас мінез тек қана халықшыл, азаматтық санасы айқын жаннан ғана шығады» [58, 24 б.]. Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға, ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға деген Абай айтқан ұстаздың нағыз бейнесін Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық, ағартушылық іс-әрекетінен көруге болады.

Қоғамды алға жетелейтін прогрестік идеялардың жүзеге асуына кертартпа қара күштер әрқашан тосқауыл болатыны заңдылық. Осы кезге шейін қолданылып келген араб әрпін орыс кириллицасына көшірудің өзі халқымыздың рухани қазынасын ойсыратып, алдыңғы буынның тарихи-мәдени жиған-тергенін тәрк етуімен бірдей еді. «Қазақ қалай орыстандырылды» деген ғылыми зерттеулерінде М. Мырзахметов осы саясаттың негізгі мәні ашып көрсете отырып сараптамалар жасады. Ресей патшалығының ғасырлар бойы жүргізіліп келген ішкі, сыртқы саясатының негізгі бағыт-бағдары отарланып алынған елдерді дінге шоқындыру арқылы орыстандыру саясаты және де оны жүзеге асырудың ең ұрымтал буыны отарланған бұратана елдердің ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын, яғни алфивитін өзгерту – олардың тарихи есінің сақталу дәстүрі мен тарихынан қол үздіру арқылы идеологиялық мәңгүрттікке айналдыру – отаршыл үкімет атаулының негізгі мақсаты болып табылатын ортақ құбылыс [59, 12 б.]. Ұлттық дүниетанымның тамыры мен қайнар көздеріне балта шабылды.

Ғасырлар бойы араб алфавитінде басылып шыққан бай мұраларымыз келесі буынның кәдесіне жарамай қалуының қауіпін сезе білген ойшыл осы мәселе төңірегінде Н.И. Ильминскийге былай деп жазды: «...мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек бұл кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқып, бұл кітаптар татар кітаптарымен қатар зор күшке айналар еді. Бұл арада әріптің арабша не орысша болуы – араб әрпінің ептеген зияны болғанмен, ісімізге онша кесел келтірмейді» [60,

23 б.]. Осылайша екі мүдде текетіресінде ақыры ұстаз орыс әріпімен алғашқы оқулықты жазып шықты.

Мақсаты қайтсе қараңғылықтағы халқын ғылым мен білімге көзін ашпақ болған Ыбырайдың оқу-ағарту саласындағы саясаттағы үстемдік құрған патша әкімшілігінің ыңғайына көнбеуге шарасы да болмады. «Осы себепті, – деп жазады зерттеуші М. Мырзахметов. «Ыбырай мен Ильминскийдің арасындағы қарым-қатынасты көп жағдайда дипломатиялық қарым-қатынасқа құрылған өте нәзік астарлы қабаттары мол құбылыс екенін, оған ерекше сын көзімен қарап барып зер салуды талап етеді. Ильминский дипломатиялық жолмен Ыбырайды өз мүддесіне, яғни миссионерлік жолға пайдалану үшін қолынан келгеннің бәрін де, яғни саяси сес көрсету, саналы түрде қысым жасау, мектеп ісіндегі мұқтаждығын пайдалану, «қамқоршы» боп көлгірсу, ұстаз боп араласу – бәрі де оны уысынан шығармай тәуелді етіп пайдаланудың амал айдалары болатын-ды» [59, 104 б.].

Дінді ешқандай саясаттың құралына айналдырмай халықтың рухани құндылықтары санатында қарастырған жөн. Ыбырай Алтынсарин де ата-бабаларының рухани болмысының алтын діңгегінің бірі ислам діні екенін жақсы түсінді. Өз тұрғысынан дінді қоғамда дұрыс қалыптастырумен дін туралы қазақтарға дұрыс мәліметтер беру жағын көздегенін ойшылдың «Шарият ул-ислам» («Мұсылманшылықтың тұтқасы») атты еңбегі айшықтайды. Ондағы негізгі көздеген мақсаты жайында «Қазіргі кезде қазақ арасында Мұқамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады...Сонымен, бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан осылай болған соң, қазақ жастарына, өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне, мүмкін болғанша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін, (бұл – қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой) мен соңғы кезде Мұқамбет шарифатын

үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім» [60, 244 б.].

Бұл кітап 1884 жылы Қазан қаласында араб әріпімен басылып шықты. Ислам діні жайында қазақ жастарының өздері де Құранды шала білетін дүмше молдалардың таратуы арқылы ғана мәліметтері болған еді. Енді балалар Ыбырай мектебінен заманауи біліммен қатар мұсылмандық ақлақтан да өнеге алатын болды. Адамгершілік пен ізгілік, әділеттілік, ұқыптылық пен еңбекқорлық сияқты құндылықтарды жас ұрпақ зердесіне ана тілінде өте жатық, халық ауыз әдебиеті үлгісінде сіңіруді ойластырды. Олардың жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуін қаперде ұстаған ағартушы шығармаларында жақсылық пен жамандықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, ізгілік пен зұлымдық жайлы ұғым-түсініктерді бала бойына сіңіруді басты нысана етті. Әсіресе адамның қанағатшылдығы мен ынсапты болуы жайында ой толғап, ол жайында былай деп жазды: «Сараң адам қанша малды болса да, өз байлығына риза болмайды, ал керісінше малы аз болса да, өзінде барға қанағат қылған адамның жаны жай тауып, тыныштықта болады» [60, 224 б.]. Ұлы ағартушының қанағат жайындағы ойларын зерттеушілеріміз әрі қарай былай деп өрбітеді. Қанағат – адамда қызғаншақтық, сараңдық, нәпсіқұмарлық, ысырапшылдық тәрізді жағымсыз әрекеттердің дамуына қарсы тұру қажеттігінен туған моральдық құбылыс екенін айта кеткен. Қанағат – тек қана материалдық тірліктерді пайдалануда өзіне-өзі шек қоя білуі емес, сондай-ақ құмарлық әсерінен туған әртүрлі жамандықтардан сақтаушы рухани күш. Сабырлылық, ұстамдылық. Адамды еңбексүйгіштікке, мейрімділікке, жомарттыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейді. Бір қызығы, қанағат адамға шек қоя отырып, оны еркін етеді [60, 439 б.].

Сол кездерде ұлттың рухани-мәдени кеңістігіндегі шешімін күткен мәселелер бүгінгі күні тіптен ерекше маңызға ие болып отыр. Білім мен сенім мәселесін қатар қоятын кез келді. Әсіресе қазіргі заманғы өркениет пен жаһандандудың сын-қатерлерінің бірі – діни экстремизмге, терроризмге байланысты халқымыздың діни болмысының тарихи тамырлары мен мәнін ұғындыру қажет. Ғылыми тұрғыдан жазылған

«Дінтану» оқулықтарын жетілдіру керек. Бұл әдіснама қазіргі Қазақстан қоғамындағы мектептер мен жоғары оқу орындар бағдарламаларына енгізілгені жөн. Заман көшінен қалмаған дұрыс шығар, дегенмен де өзіміздің ұлттың шын жанашырларының еңбектерін қайта қарап кәдеге жарату ләзім.

Отарлаушылар енді әскери, әлеуметтік-экономикалық саясатпен қоса рухани жағынан жаулау саясатын да жүргізе бастады. Қазақ даласына миссионерлер ағылып келе бастады. Миссионер ғалымдар 1865 жылы Қасиетті Синодтың ұйымдастыруымен құрылған «Православиелік миссионерлік қоғамның» тапсырмасымен көшпенділерді шоқындырып, өздерінің салт-дәстүрлерін бірте-бірте сіңіруді өте сақтықпен жүргізе бастады. Түпкі мақсаттары, баланы бірден орысша оқытып, ұлттық санасы мен болмысынан айыру болатын. Адам болмысының мәні өзгеріске ұшырады. Адамгершілікті ізгілікті мойындай отыра көп адамдар шексіз байлық пен билікке ұмтылды.

Алтынсариннің философиялық ой-жүйесінің негізгі арқауы адам мәселесі. Адам бақытың негізі адал еңбек ету мен барға қанағатшылдық деген көзқараста болды. Болашақта ұлт болып қалудың бірден бір жолы білімді адам тәрбиелеу арқылы мешеуліктен арылу деп түйіндейді. Егер біз қазақ халқының философиялық ойы қоршаған ортаны діни-аңыздық, философиялық-көркемдік түрде, әлемді мистикалық, рационалды-логикалық, философиялық публицистика мен поэзия түрінде игерілді дейтін болсақ, онда Алтынсарин шығармашылығын осы үлгіден бөле қарай алмаймыз.

Ойшылдың философиялық дүниетанымын айшықтайтын Н.И. Ильминскиймен, В.В. Катаринскиймен, А.А. Мозохинмен арадағы жазған хаттары мен пікір алысуы және «Оренбургский листок» газетіне жазған мақалалары философиялық публицистика түрінде дамыды. Ұстаздың ағартушылық ілімінің ұстанымы «Бір Аллаға сыйынып, кел балалар оқылық!» деп бастауының өзі мұсылманшылдығының, имандылығының ай-ғағы. Алтынсариннің дүниеге философиялық көзқарастары қоршаған ортаның объективті өмір сүретіндігін, бірақ олардың жаратушысы Құдай екендігін мойындауында деп білеміз. Ұлы ұстаз қазақ тіліндегі оқу құралы «Қазақ хрестоматиясын»

1879 жылы Орынборда басып шығартады. Педагог кітаптың мазмұнына ерекше назар аударып, оқулыққа балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгімелерді жазып енгізді. Сол кезеңнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің қол жеткен табыстары ғылым мен білім арқылы болып жатқандығын балаларға өлең түрінде түсіндіруге тырысады. Сонымен қатар орыс оқулықтарынан еркін аударма арқылы әңгімелер мен мысалдарды шебер пайдалана білді. Ушинскийдің «Балалар әлемі», Бунаковтың, Крыловтың және басқа орыс педагогикасының білім беру үрдістері мен теориясын меңгере отырып оны өзінің оқу құралдарында пайдалана білді.

XIX ғасырдың соңында замана талабына сай орыс-қазақ мектебін ашқан тұңғыш ұстаздың шығармашылық идеясы ағартушылық болды. Ол тек қана оқулықтар жазумен, бала оқытумен ғана айналысқан жоқ, сонымен қатар мектептерді қаржыландыру, мектепке балаларды тарту мәселесімен де айналысты. Ұлы ұстаз тәрбиелей отырып білім беру әдіснамасын қолданды. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық дегенде білімнің тәрбиелік құндылығына баса көңіл аударғанын байқаймыз. Н.И. Ильминскийге жазған хатында «Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын... оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын» [60, 198 б.]. Адам рухының күш қуатын, жан-дүниесіне әсер етіп оның қуат көз-дерін ашатын құрал ол тәрбие екендігін Ұлы ағартушының білім таратуда басты нысана етуінен аңғаруға болады. Болашақ ұрпақтың жан-жүйесіне, рухына нәр болатын барлық ізгілікті ілімдерді сіңіруді мақсат тұтты.

Жаңа ғасыр қарсаңында енді тәуелсіздікке жетудің жолы тіпті басқа болуға тиіс. Ол жолды XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың жаңа демократиялық қозғалыс көсемдері айта бастады. XIX ғасырдың соңына қарай Ресей мемлекеті қазақ жеріне орыс шаруаларын жаппай қоныстандырды. Қазақ еліне, жеріне үстемдік етудің небір құйтұрқы айла-әдістерін қарастырып, патша әкімшілігі жан-жақтан ақпараттар жинап, экспедициялар ұйымдастырып, ішке еніп, біртіндеп жаулай бастады.

Енді осы қазақ қоғамын басқаруды жетілдіре түсу мақсатында отаршыл әкімшілік жергілікті халықтың өздерінің арасынан басқару аппаратына қажет мамандар даярлау ісін қолға алды. Орысша білім мен тәрбие алған жастар өз жұртының арасында орыс мемлекеті мен мәдениетінің мүддесін көздейтін құралға айналуы тиіс болды. Солардың бірегейі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еді.

Шоқан орыс ағартушылары Пушкин, Достоевский, Белинский, Чернышевскийлердің қоғамдық-саяси, әдеби ағартушылық шығармаларымен танысты. Орыс ғалымдары арасында ол ержүрек саяхатшы, тамаша зерттеуші, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өмірін терең білетіндігімен белгілі болған еді. Ол орысша алған білімі мен табиғи талантының арқасында өзінің нағыз ойшыл-ғалымдығын қалыптастырды. Шоқан алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті әлеміне кіре отырып, өзін толғандырған туған халқының тағ-дыры жайындағы мәселелерді сол кездегі Империядағы Бас штабтың әскери-ғылыми комитеті мен Азия департаментінде, географиялық қоғамды жұмыс істей жүріп ғылыми тұрғыда қоя алды.

Ресейдегі 1860 жылдардағы реформалар кезеңі Шоқанның шығармашылық әлеміне, дүниетанымы мен көзқарастарына қатты әсер етті. Ғылым жолындағы өмірі туған халқының ортасында болып ел тұрмысымен, саяси-әлеуметтік жағдайларымен жіті танысуы жағдайында болуы, жас ғалымды өзгеше бір рухтаңдырғанын байқаймыз. Өйткені Ресейде дайындалып жатқан реформалардың жасалуына өзі тікелей қатысушыларының бірі болды. Осы сәтті пайдалана отырып, ол реформалардың қалайда туған халқына оңды жақтарының болуына атсалысты. Ойшыл өз халқының мүддесін бәрінен жоғары қойды. Жасалынып жатқан реформалардың алдымен әлеуметтік және экономикалық жаңаруларды қамтамасыз ете отырып жергілікті жердегі ұлттық салттар мен дәстүрлерге, өмір сүру тәжірибелеріне көңіл бөлуді ескеруі қажет деп санады.

Ш. Уәлиханов өзінің «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде: «Отаным үшін осындай маңызды өзгерістер жасалып жатуына байланысты, өзімнің кейбір ойларымды, сот, әкімшілік реформасымен халықты ағарту ісіне байланысты жазбаларымды қазақ халқының жоғары бастығы ретінде жоғары

мәртебелі Сіздің ғұзырыңызға ұсынуды өзімнің міндетім деп білемін» [61, 142–143 бб.], – деп өзінің ғылыми көзқарастарын ұсынған болатын. Европада болған революциялардың бәрі де үкіметтің бостандық үшін болған халық қозғалысының басталуынан туындады. Қисынсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне негізделіп зорлықпен ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келеді. Ол өзінің негізгі мақсаты европалық, әрісі жалпы адам баласына тән ғылым-білім бұлағынан нәр алудың жолында қандай да бір бөгеттермен күресу деп білді. Халқының европалық қайта туындау идеясын қабылдай алатын қабілеттілігін арттыру үшін білім беру керектігін баса назарға алады.

Шоқан Уәлиханов сахарадағы билер сотынының артық жақтарын дәлелдеп көрсетіп беруге тырысты. Сахарадағы билік құру мен билердің атқарған міндетіне ғылыми тұрғыдан салыстырмалы түрде саралауы қоғамдық-гуманитарлық ғылымға қосылған зор үлес. Халықты билеушілер халық тарапынан би деп атақ берілген адамдарды сайлап қоймаған. Олар билік өнерге құштарлығымен, әдеттік заңдарды жетік білуімен, шешендік тілмен өздері шыққан. Мұндай билер халық арасына тез тарап, әркімнің аузында айтылатын билерге айналған. Билер істі жалғыз өзі шешпейді, оған қатысатын адамдарға шек қойылмайды, кейде олар адвокатта болып кетеді. Қабылданған шешімге риза болмаған жағдайда, шағым түсіруге құқылы. Бұл тараптан қарағанда мировой судьяларға үлкен билік берілген... Судья бір ғана ардың заңын басшылыққа алып шешім қабылдайды. Қазақты орыс заңымен соттауға болмайды. Оның себебі мынада: біріншіден, өзге тайпалық құрамдағы, өскен ортасы, тіршілігі бөлек қазақтардың қылмыс пен жат қылыққа көзқарасына, түсінігіне орыстармен басқа европалықтармен қатар қарауға болмайды... Орысша бірауыз сөз түсінбейтін қазақ орыс заңын білмеймін деп аузын аша алмайды! Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жәйлі болмақ. Бұл заң қаншалық олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екеніне ешқандай да күмән жоқ... Мұсылман, қытай және орыстың Орыс правдасы заңына

қарағанда, қазақтың әдеттегі правосының адамгершілік жағы басымдау [61, 142–143 бб.].

Шоқанның «өздігінен даму, өздігінен қорғану, өзін өзі басқару және тергеусіз сот» жайындағы идеясы қазақ қоғамының дамуы мен ұлттық сананың қалыптасуында еркіндік идеясын пайымдағанын бағамдаймыз. Шоқанның еркіндік жайындағы көзқарасы адамның ізгілікті өнегелі қасиеттерінің дамуына қажеттілігімен айқындалды. Бірақ толыққанды өнегелілікке жетуге бір ғана еркіндік жеткіліксіз, себебі сол еркіндікті дұрыс пайдалана алу керек. Осы еркіндікті көзі ашық адам ғана пайдалана алады, надан адамның қолынан бұл келмейді. Ойшыл надандық еркіндікті дұрыс пайдалануға кедергі жасап қана қоймайды, сонымен қатар адамдарды азғындауға итермелейді деп түйіндейді [61, 432 б.].

Ш. Уәлихановтың ұлылығы сол – көшпелілердің іргелі негізін – бостандығын – жоғалтқанына қарамастан бұл жағдайды түсіне білді дей келе Г. Барлыбаева, қазақ ағартушысының әлемдік ғылым мен өз халқының алдында жасаған еңбегі жайында, ерекше этнос ретіндегі қазақ халқының тарихи құқығын анық және логикалық дәлдікпен қалпына келтіргендігін, оны ғылыми тұрғыдан әлем халқы қатарына қосқандығын атап көрсетеді [62, 57 б.]. Қазақ даласын билеудің, ғасырлар бойы қалыптасқан билер сотының артықшылығын ғылыми түрде дәлелдеді. Орыс губернияларына арналып жасалған реформалар көшпенділер тұрмыс-салтына үйлеспейтіндігін ғылыми тұжырымдайды. Шоқан ұлтының болашағына тиімді жағын көздей, нақты дәлелдер келтіре отырып ғылыми түрде өз ұсыныстарын жеткізді. Ойшыл ары қарай ойын былай деп өрбітеді: «...халық өркендеудің қандай сатысында тұрмасын оның қарапайым өсу жолына: өздігінен даму, өзі-өзі қорғай білу, өзін-өзі басқара білу қажеттілігін басшылыққа ала отырып біз бұлтартпайтын қорытындыға келдік, яғни билер сотын белгілі мерзімге дейін, 1854 жылы заң шыққанға дейінгі қалпында қалдырып, бұл заңды немқұрайды қараудың төрешіл кеңсешілдіктің идеясының ықпалынан формализммен тәртіп түрінде пайда болғандықтан жою керек» [61, 142–143 бб.]. Жасаланып жатқан реформа отарлаушы мемлекеттің мүддесін көздейтіні белгілі. Колонизаторлардың күштеп

енгізетін үрдістері, оларда Ұлы Империялардың жымысқы саясаты жасырылды. Кеңістік пен уақыт аралығында олардың әлеуметтік және моралдық зардаптарның бет пердесі ашылмай қалмайтын. Шоқан кадет корпусын бітіргеннен кейін патша әкімшілігінде қызмет істей жүріп ұлыдержавалық шовинистік пиғылдарды байқаған болатын.

Ойшыл-ғалымды толғандырған басты мәселе халқының тағдыры болды. Шоқан тек қана Ресейдің әкімшілік және әскери адамдарымен ғана араласып қойған жоқ, сонымен қатар алдыңғы қатарлы ойшылдары мен ғалымдары, саяси элитасымен достасты. Олардың ішінде әсіресе Ф.М. Достоевскиймен арадағы ұлы адамдарға ған тән риясыз достығы болды. Екі жақты ашық жағдайдағы қарым-қатынастан жан-жақты жетілген Тұлғалардың адамзаттың ең бір асыл қасиеттерін бойына сіңіргендігін көруге болады. Россиядағы помещиктік құрылыстың мерездерін сынаушы, декабристер мен революционер-демократтардың арасын біріктіруші петрашевшілдер үйірмесіне қатынасқаны үшін Омбының каторгалық түрмесінде отырған Достоевский сол кезде мылқау, түпкір деп есептелінетін шеткері аймақ Семейге мерзімсіз солдат қызметіне жер аударылады. Шоқанмен Семейдегі кездесуі олардың қазақ ауылдарын аралап Достоевскийді Шығыс әлемімен жақынырақ танысуына мүмкіндік берсе, қазақ ойшыл-ағартушысы ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерден ерекше ләззат алды. Шоқанның ағартушылық идеясының негізі қазақ халқын орыс мәдениетін игеру арқылы жалпыевропалық әлемдік мәдениетпен қауыштыру болатын.

Ол енді отандастарын бақытты өмірге жеткізудің жолдарын билікке араласу арқылы жүзеге асырмақ болады. Ұлтының еркіндігі мен бостандығы «өкімет билігімен» жүзеге асады деген сеніммен Атбасарда аға сұлтандыққа сайлау кезінде өз кандидатурасын ұсынады. Жерлестеріне оқыған правитель-сұлтанның ел басқаруда қандай болатынын көрсеткісі келеді. Өз ұлтын жанындай сүйген Шоқан оларды патша шенеуніктері мен қазақ байларының озбырлығынан қорғау мақсатын көздеген еді. Тура осы ойлар елді биліктік өкілеттіктер арқылы басқаруда өзінің гуманистік идеяларын жүзеге асырмақ болған, кемеліне келген шақтағы Абайды да

толғандырған, одан бас тартқызған болатын. Абай: «Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі болмаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!» [9, 27, 7 б.] – деген ойға тоқталған еді. Абайды жалғызсыратқан, өгейсіткен орта Шоқанға да пана бола алмады. Қазақ арасындағы кертартпалық пен надандықтың салдарынан өзінің ақыл-кеңестеріне құлақ аспайтынына көзі жеткен ойшыл-ғалым Омбыға келіп облыстық басқарманың заң комиссиясының жұмысына қызу араласады. Ендігі жерде ғылыммен айналысуға ден қойған Шоқан, қазақтың сот реформасындағы кейбір мәселелерді зерттеумен айналысады. Шоқан «аққан жұлдыздай» қысқа ғана ғұмырында ғылымда тамаша жетістіктерге жетті. Ойшылдың өлкенің географиясы, этнографиясы, этносы, фольклоры, ру, тайпа, халықтардың тарихы және қоғамның әлеуметтік құрылымы жайлы ой-тұжырымдары ғылыми еңбектерінің арқауы болды.

Шоқанның Қашқарияға сапары өте қауіптілігімен қатар өте нәтижелі де болды. «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-лу (Кіші Бұхара) провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы туралы» атты Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен географиясы, әлеуметтік құрылысы жөніндегі отандық ғылымға қосылған сүбелі ғылыми еңбек жазды. Отаршыл саясат мемлекеттің егеменділігін саяси тұрғыдан және оның саяси басқару жүйесін жоюдан бастаған еді. Ал Шоқан пайымында қазақ қоғамы өз ерекшеліктерін сақтай отырып, орыс білімін құрал есебінде қолдану арқылы эволюциялық жолмен тәуелсіз дамиды деп түсінді. Басты мақсат қазақ қоғамының өзіндік табиғатына тән демократиялық әлеуметтік институттарды сақтап қалу болды. Шоқан Уәлиханов өзінің «Алтышаһар» жөніндегі есепті баяндамасында Шығыс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық көтерілістеріне тоқталып, олардың сәтсіздікке ұшырау себептерін ғылыми тұрғыда дәлелдеген еді. «Халық қытайларды жек көреді және үздіксіз көтерілістер мен қажырлы күрестерді үнемі қолдап отырды. Тек әскер күші мен қатал шаралар ғана ел тыныштығын сақтауы мүмкін, ал енді қытай үстемдігінің бұл кезге дейін жойылмауына және қожалардың әрекеттерінің үнемі сәтсіздікке ұшырап отыруына себеп болса, оған біріншіден жергілікті халықтың

өзара алақөздігі мен араздығы, екіншіден қоқандықтардың ықпалы ғана себеп болып отыр. Бұл себептер жойылған күнде Кіші Бұқараның, тым болмаса «Алтышаһардың» Қытайдан тәуелсіз болатыны сөзсіз» [61, 364 б.] – деп жазды. Қазіргі кездегі ШҰАР-дағы қандастарымыздың бір кездері өз еркіндіктерін қолдан беру себептері, халық бірлігінің жоқтығынан болғандығын дәл көрсеткен еді.

Энциклопедист-ғалым өз шығармашылығында ұлттық құндылықтардың өзгеріске ұшырауы, жаңғырулары туралы да ой-түйіндейді. Қашқария сапарынан оралғаннан кейін жазған еңбегінде Шығыс Түркістанда әйелдердің уақытша жатжұрттықтармен некеге тұру дәстүрі еуропаша білім алып, қазақи ортада тәрбие көрген оқымыстыны толғандырмай қалмаған екен. «Әйелдерге махаббат бостандығы берілуін берілсе де, надандық пен абыройсыздықтың салдарынан бұл уақытша некелесу дәстүрі ерлі-зайыптылық қатынастарын қадірлемеуге үлкен себеп болып отыр және Шығыс Түркістанда әйелдер бәлендей өнегелі құлқымен асылы көзге түспейді... Қашқарда абыройсыздық, азғындық жолына түскен әйелдер санының көп болуына бәрінен бұрын кедейлік пен жоқшылық, мұқтаждық себеп болып отыр» [61, 487–489 бб.]. Бұндай құбылыстың шығу себептерін анықтаумен қатар, өз тарапынан сыни көзқарасын жазып қалдырады. Надандық, сауатсыздық, білімсіздік қоғамды кедейлендіріп қана қоймай адамдарды да азғындық жолға бастайтындығы туралы ой түйіндейді. Қоғамдағы ондай келеңсіздіктер салт-дәстүрлердің сақталмауы, дінсіздік жайлаған кезеңдерде белең алады. Қоғамда әйел еркіндігі жөніндегі мәселеде, осы бостандықты әйелдер дұрыс пайдалана ала ма деген сауал туындайды. Бұл сұрақ әйел табиғатының ерекшеліктеріне тығыз байланысты деп ойлаймыз. Әйелдерге еркіндікті дұрыс пайдалану үшін әуелі ар-ождан, білімділік, имандылық қажет.

Шоқанның қазақ ұлтының азаттығы мен еркіндігі жолындағы қызметі мен шығармашылығы жайында қазақ зиялыларының пікірлеріне тоқталуды жөн көрдік. Мұстафа Шоқай «Орыс миссионерлігі» деген еңбегінде Түркістандағы бүгінгі большевик миссионерлерінен Шоқанның артықшылығын былай деп сипаттайды: «Қазақстан оқу-ағарту жұмыс-

шыларының құрылтайында Қазақстан оқу-ағарту комиссары Жүргенұлының баяндамасында «қазақтар арасында таралған миссионерлік мәдениет жемісінің мысалы ретінде Шоқан Уәлихановты» келтіреді. «Ш. Уәлихановтың генерал Черняевтың жанында әскери қызмет атқарғаны әмбеге аян. Григорий Потанин: «Бішкекті және Әулиеатаны алу кезінде орыс әскерілері тарапынан Шоқанның діндестеріне, руластарына, яғни қазақ-қырғыздарға жасалған айуандық, қатыгездіктері оны қатты күйзелті. Ол енді өзінің соғыс қимылдарына қатыса алмайтынын сезді. Черняевтан айрылды да, Алматыға қайтып, Құлжа маңында қоныс тепкен Тезек сұлтанның ауылына барды» – деп жазады. Потанин Шоқан туралы естелігін жаза келіп: «Шоқан ең алдымен өзінің қазақ-қырғызын сүйетін, онан соң Сібірияны, онан кейін Ресейді, одан кейін бүкіл адамзатты сүйетінін айтушы еді» – деп еске алады. Осы естелігінде әрі қарай Потанин «Орыс қазақтарды жәбірлесе, мен орыстарға қарсы көтерілемін. Ал француздар орыстарды жәбірлесе, менің бүйрегім орыстарға бұрады дейтін». Ал енді Жүргенұлы мен сол тектестерге келсек, олар өз халқын Шоқанша сүйе алар ма? Олар өз халқына жәбір-жапа көрсетіп отырған орыстарға қарсы көтерілу былай тұрсын, бетіне тура қараудан именеді. Шоқан Уәлиханов шынында орыс мәдениеті мен орыс билігінің миссионері еді. Бірақ ол орыстардың өз халқына істеген хайуандығын көргенде оларға қарсы шығуға батылдық ете алды. Шоқан Уәлихановты сынауға біздің ғана құқымыз бар. Ал өздері орыс большевизмі мен орыс диктатурасының миссионері болып отырғандардың құқы жоқ» – деп жазады [63, 486 б.]. Мұстафа Шоқайұлының Ұлылар туралы салиқалы пікір мен сындарды Ұлылар ғана айта алады деген ойына уақыт өте келе көз жеткізесіз.

Міржақып Дулатов та өзінің «Шоқан Шыңғысұғлы Уалихан» атты мақаласында: «Шоқан үкімет қолында құр жансыз құрал болмай, таза пікірлі ақ жүрек, ұлтын сүюші жігіт болғандығын орыс әскерінде патшаға ант берген офицер бола тұрып, мұсылмандарға орыс әскері қылған залымдыққа шыдамай қарсы келіп Черняевтен айрылғандығы зор дәлел болса керек. Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін,

тарихын анықтау жолында болған» [64, 110 б.] деп жазғанда, Шоқан туралы мұсылманның зиянына қызмет етіпті дегенге тойтарыс ретіндегі пікірінің өзектілігі бүгінгі күнге дейін ғылымда орынды дәлел болып табылады.

Шоқан сахарада қазақтарға дінді күштеп енгізудің жөнсіздігі жайында «Сахарадағы мұсылмандық туралы» зерттеуінде ғылыми тұрғыдан анықтап, дәлелдеп көрсеткен болатын. Үкіметтің қазақтардағы ағарту ісін ешбір бақылаусыз молдалардың қолына бергендігін теріс деп есептейді. Молдалардың көпшілігі татарлар, олардың өздері өз жазуларын әрең игерген, барып тұрған білімсіз дүмшелер, рахымсыз қараңғылыққа, тағы нанымға шырмалған тақуалар деп сипаттайды. Бұл қазақ даласына ағылып Бұхарадан, Қоқаннан қожа ишандар қаптап кеткен кезең еді. Шет елдік мұсылман кезбелерінің әсіресе татар семинаристерінің мүддесі қазақтарды соқыр наныммен шырмап, дінге бас шұлғыту; әрине мұндай кезде бұл қарттардың, қажы мен дәруіштердің де жағдайы жаман болмайды. Орыс үкіметі біздің өнегелі тәрбиемізді сеніп тапсырған татардың діни ағзамдары біздің пиғылымыз бен ниетіміздің азғындауына әсер етті, пара алды, екіжүзділікке үйретті, ортаазиялықтармен қосылып аңқау қазақты алдап соғуда. Аңқау елге арамза молда деген осы... Содан кейін біздің қырда діни орын кімнің қолына берілген, қазақ халқының діни өнегесі, діншілдігі кімге тапсырылған дейсіз [61, 110 б.]! Ислам діні қағидаттарын пайдагершілік жолға жұмсаған келімсектер қарын тойдырып кете барды. Алайда қазақтарда өздерінің бабалары салған жолды ұстану қамалы бұзылмаған еді. Қазақ әлмисақтан бері мұсылман халық. Олар әрқашан өнегелі өмір сүру салтын ұстанған. Оның дәлелі Шоқан айтқандай тәрбиелі, өнегелі өмір сүру дағдысы дін таратушылардың шалағайлығынан бұрмаланып діни сананың қалыптасуына кері әсерін тигізгені шындық.

Заманауи әлемде дінің адамзатты жақындастырушы, біріктіруші әлеуеті артып отырғаны бәрімізге аян. Қазақстан қоғамның дамуында дін рухани тұғырлардың бірі болып қала беретіні сөзсіз. Қоғамның дамуы тек саяси-экономикалық қатынастарға қана емес оның руханилығымен де тікелей байланысты. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан жағдайында тамы-

ры жоқ жаңа діни бірлестіктер өздерінің діни уағыздары мен ұстанымдарын таратып отыр. Әсіресе, әлемдік деңгейде өріс алып жатқан діни экстремизм мен терроризм сияқты жағымсыз іс-әрекеттерді ислам дініне таңушылық, исламның шынайы мәнін бүркемелеушілікке байланысты рухани қазыналарымызды қайта жаңғырта отырып жетілдіру қажет деп білеміз. Қазақ қоғамының рухани тұғырларының бірі, ұлтымыздың бітім-болмысын, рухани жан дүниесін айшықтайтын ислам дінінің құндылықтары болып табылады.

2.2. Абай Құнанбаев шығармашылығы – қазақ рухани болмысының еркіндік сипаты

Шығармашылықтың кілті еркіндікте десек, Абайдың шығармашылық әлемі қазақ рухани болмысының еркіндігін паш етті. Абай Құнанбаев шығармашылығына тоқталған қазіргі қазақстандық зерттеушілер оның идеяларының философиялық тұғырлы және өмірмәнділік ұстанымдар екендігін баса көрсетіп жүр. Шындығында, оның идеялары барынша жан-жақты сипат алатын толғаныстардың түзілімінен тұрады. Осыған орай, оның философиялық толғаныстарын зерделей отыра, ондағы еркіндік мәселесінің толғанылу деңгейлерін ашып көрсетуге тырыстық. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы өлеңдерден, қара сөздерден, аудармалар мен поэмалардан құралатындығын ескерсек, еркіндік идеясы да осы салалардың тұтас бойына сіңірілгендігін айқын аңғаруымызға болады.

Қазақ қоғамының әлеуметтік сыншысы ретінде танымал болған ойшыл өзінің толғаныстарын белгілі бір жүйеде адамзат тіршілігінің мағынасы мен өмірмәнділік талаптар бойынша ұсынған және халқымыздың тіршілік дәстүрлеріне бойлай еніп, оның негізгі мәнін ашып көрсетуге бағдарлады. Оның сыншылдығы, әрине, халқын жек көргендіктен емес, оған жаны ашығандықтан туындаған шығармашылықтың түрі болды. Ұлтының шымырланып қайта түлеу қажеттігін сезінгендіктен, қайрау мен намыстандыру арқылы ішкі жан-дүниесінің қайтадан жаңаша құрылу қажеттігін ұсынды. Оны

ойшылдың өзіндік ішкі ұлттық Менді оятуды рефлексиялық жолмен ұсынуынан анық байқаймыз. Мәселен, «Қалың елім, қазағым қайран жұртым» деп басталатын толғауында халқына бағышталған махаббаттың тұңғық көріністері анық байқалады. Сонымен қатар өкініш пен күйініш те сезіледі. Абайдың негізгі көздеген түпкі идеясы, ел ішіндегі бірлік пен татулық, әділеттілік пен адамгершілік, білімділік пен зиялылықты жаңғыртуды көздейтін ұстаным. Оның туындыларындағы еркіндік мәселесін талдауды біз алдымен өлең жолдарынан хронологиялық жүйе бойынша сараптап, кейіннен оларды белгілі бір парадигмаларда жіктеуді жөн көрдік.

Ойшыл өзінің қара сөздерінде, ноғай, орыс, сарттардың бізден артық болғандығының себебі, бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып еңбекқор болуында деп атап көрсетеді. Тұрмыстары жағынан да, мәдениеті жағынан да көш ілгері кеткен осы көршілерімізден артта қалуымыз не себептен деп сұрақ қоя отырып, оның себебін төрт аяқты мал соңында жүре беріп, соны көбейтуді ғана ойлаған шаруашылығының тұйықталуынан деп түсіндіреді. Басқа жұрттардай егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса осындай кері кетушілік болмас па еді деп топшылайды. Осылайша жалқау, қорқақ, ұры, надан, ақылсыз, сұрамсақ, тойымсыз, тыйымсыз сияқты жиренішті қасиеттердің бой көрсету себептерін қазақтың тұрмыс қаракетінің мал бағудың айналасында қалуынан көрді. Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әріберіден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық [9, 110 б.]. Күншілдік дерті жайлаған қоғамда, одан арылудың жолдарын іздестірген ойшыл болашақтан үміт етеді.

Абай айтып отырған кезең қазақ елі тәуелділікке мойынұсынған шақтар еді. Қоғамдағы артта қалушылықты, халықтың надандығын жоюды ойшыл әуелі адамның өз бойындағы кемшіліктерді жеңуден бастау керек деп білді. Қазақ қоғамындағы қайшылықтарды адамның бойындағы жаман қасиеттен арылу арқылы шешуді көздейді. Іштарлық,

көреалмаушылық, бақастық, жаулық сияқты іштегі жаман қасиеттер ел ішінде дау туғызып іріткі салудың түрткісі болды. Осындай келеңсіз жайлардың орын алуын болдырмауды Абай әуелі жүректі, ойды тазартуда деп білді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Әуезов пен Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытов сонау 1918 жылы жарық көрген «Абай» журналында: «Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық – аждаһаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды» [65, 160 б.] – деп, Абайдың фәни дүниеде қазақ үшін атқарған істерін дәл көрсете білді. Абайдың ең бір артық өзгешелігі заманының ыңғайына жүрмей өзінің «өздік» бетін мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билеткен, көз тұндырарлық кемшілік, міннің ортасында туып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі шарықтап жүріп, қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы. Мұндай сипат Абай бұл жүрген адамдарға ұқсамай өзгеше зор мақсат үшін келгендігіне дәлел [65, 160 б.]. Абайдың сыншылдығы оның зор қайраткерлігімен ұласады. Абайдың алдына қойған мақсаты – ұлтын рухани жетілдіру. Қазақтың келешегіне сенген, өз халқын шексіз сүйген Абай ескіліктің бұғауынан, надандықтың шырмауынан шыға алмай отырған ауыр халіне күйінеді. Күйініп қана қоя салмайды, одан арылудың жолдарын да көрсеткен болатын. «Жамандықты кім көрмейді. Үміт үзбек қайратсыздық – дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің. Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді» [9, 33 б.] дейді ақын. Алайда халық басындағы қара тұман айығып, ел өмірі өзгеріп, жаңа дүние, жарық күн туатынына сенеді. Қазағын сын тезіне салып қуырып, ащы тілмен түйреп қана қоймай жұбата да білген.

*Жас қартаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек* [68, 52 б.]

деген өлең жолдарында Алладан басқаның бәрі де өзгерісте болатынын, қазақ қоғамның да осы қалпында тұрып қалмайтыны жайында тұспалдау бар. Басыбайлы халқының ендігі жердегі өзін-өзі сақтап қалу жолы адами тұрғыдан өзін-өзі жетілдіру дегенге тоқталады. Қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылдануға үндейді.

Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпен адам аздырмақ үшін, яки аздырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Қазақ өз еркіндігін, бос уақытын өмірзая етіп отырғанын ашық түрде баян етеді. Егер олар еңбекпен айналысса өтірікші, еріншек, жалқау, сұрамшақ, өсекшіл болмас еді. Пайдалы еңбекпен шұғылданса одан арылуға болар еді деп түсінді. Шынында да кісіні аздыруға негіз болатын жаман қылықтар адамда бос уақыттың көптігінен болады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас түзу жолға түсіп шынайылық, нағыз сыйластық орнаған болар еді.

Абай қазақтың дәстүрлі қоғамындағы адамдар өмірінің бірталай келеңсіз жақтарын сынай отырып, одан құтылудың жолын да көрсетіп береді. Өнер, білім, ғылым үйреніп қана қоймай, сол алған білімді қалай жұмсау керектігін де айтып кеткен. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек.....балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес [9, 52 б.]. Қазаққа осылайша Абай ұғынықты, дәл, қатал да батырып сөз қалдырып, жол көрсеткен.

Ғасырлар бойы сахарада билік тізгіні кісілік, тұлғалық қасиеті бар адамдардың қолдарында болған еді. Абай заманында ол өлшемдер ысырыла бастады. Ендігі жерде малын шашып, пара беріп билік басына келді. Басқару жүйесі

жергілікті жердегі дәстүрлі қоғамның ерекшеліктеріне қарама-қайшылық туғызды. Абай елге болыстық басқару жүйесі енгізіліп, ел ішінде болыстыққа таласып, партияласып алауыздық өршіп тұрған кезеңді ащы мысқылмен «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» деген өлеңдерінде ашық түрде ажуалайды. Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейіп орысың, шенді шекпен жапқанға – деп өз елінің билігі ендігі орысқа қараған кездегі хәлі дәл суреттейді. Қытымыр заманның қыспағындағы, надандық түнегіндегі, ескі әдет-ғұрыптың шырмауындағы халқының ауыр халге жетуінің себептерін ашып көрсетеді. Бірлік, береке, шынайы ақ пейіл секілді жақсы әдеттерін жоғалтқан, керісінше екіжүзділік, көрсеқызарлық, күндестік сияқты жаман әдеттерді бойларына жұқтырған жаңа қазақтар қалыптасты. Белгілі абайтанушы ғалым Қ. Мұқаметханов: «... Алым-салық онан сайын молайып, патша әкімдері мен қазақ байларының ел билеу жөніндегі үстемдігі күшейе түсті. Сөйтіп, бұл реформа қазақ халқын ұлттық және саяси жөнінен правосыздыққа айналдырған нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық сипаттағы реформа болды... Абай: өз қолыңнан ырқың (билігің) кетіп отырғанда ел болар дей алмаймын. Халық билікті өз қолына алып, өз тағдырын өзі шешетін болғанда ғана мақсатқа қолы жетеді, деген пікірді айтып отыр» [66] – деп жазды. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын толғауында қазақ қоғамына әлеуметтік сыншылық ойтолғаныстары анық байқалады. Ел ішіндегі бірліктің бұзылуы, өзімшілдік пен бос мағынасыздық өмір т. б. жөнінде толғай келе осының бәрі жеке адам еркіндігі мен қоғамымыздың азаттығына кесел келтіретіндігін байыптайды. Сайып келгенде, ол: «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың, Ағайын жоқ нәрседен етер бұлтың, Оның да алған жоқ па құдай құлқын» деп толғанады. Яғни, өз ырқыңның кетуі қайтадан елдік пен бірліктің үстемдік етуіне күмән туғызатын басты белгі. Ендігі жерде сахарада жаңа әкімшілік құрылымын күштеп енгізген Ресей билігіне қарсы тұруға қазақтар қауқарсыз еді. Ұлан байтақ кеңістікте өздерінің ықпалын жүргізген рубасыларының билік құруы жойылды. Оның орнын қазақтарды шабындық пен жақсы жайылымға

таластырып бір бірімен жауластыруға мәжбүрлеген жаңа әкімшілік құрылым алмастырды.

Сахарадағы биліктің жаңа түрін Абай: «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап. Түйеде қом атта жал, Қалмады елге тығындап. Сөйтсе дағы елімді ұстай алмадым мығымдып» деп сипаттайды. Болыстық лауазымының өкілдігіне ру аралық тартыс жергілікті басшыларды әжептәуір баюға дәмелендірген еді. Енді ел арасы пара беру деген, жағайымпаздық, құлқынын арандату деген сияқты жаман қылықтарға үйір бола бастайды. «Ағайынның құлқын да құдай алған», «Құлқы», яғни, шын пейілі мен ниеті жоқ ағайын да, бұрынғы туысқандық сезімнен алшақтай бастағандығын білдіреді. Осы тұста Абайдың ырық мәселесіндегі «оны сақтаудың басты мазмұны – бірлік» деген қағида жатқандығын аңғарамыз. Бұл тек қана Абайдың өмір сүрген аймағындағы жағдай емес, бүкіл қазақ қоғамындағы сол кезде белең алып отырған құбылыс. Сондықтан ол бүкіл халқымыздың тұтас бейнесін сипаттап тұр. Абай «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» дегенде халық тұтастығы адам аралық қатынастар шынайы махаббатқа негізделгенде ғана сақталатындығына меңзеген еді. Қазақ халқы бұған дейін өз ырқынан айырылса да, дәл осындай күйге түскен емес. Ел тізгіні басқаның қолына өтті. Ел болып қалудың қамын ойластырған ақын шығармашылығы адамның жетілуі мәселесіне қарай ойысты.

Абайдың дүниеге көзқарасы, дүниетанымы жөнінде сөз қозғағанда, оның философиялық ой-әлемі өзіне ғана тән хас сипатта екенін түйсіну ләзім. Абай шығармашылығының өзегі «Адам бол» деген философиялық идеяға саяды. Қоғамдағы бір адамның жан-жақты жетілуі, қалған адамдардың да соны үлгі тұтып талпынуы соның себебі, алғы шарты. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз – дегенде ғұлама – адамның рухани жетілу мүмкіндігінің шексіздігін көрсетті. Нағыз рухани жетілген адам өзінің барлық танып-білгендерін, оқып-тоқығандарын, сұлу сезімдерін басқа адамдарға, ел-жұртына, адамзатқа бағыштаған шығармашыл тұлға. Абай ақыл мәселесін ағарту, халыққа білім беру тұрғысынан шешті. Адамның білімге талпынысы табиғи қасиет «... өйткені адам-

ды, қоғамды адасушылықтан сақтайтын да, индивидке идеялар мен ережелер, ойлар мен болжамдар беріп, жалпы таным әлемі ретінде ашылатын да білім» [67]. – деп жазды М.С. Орынбеков. Адамның рухани дүниесін жетілдіруде таным қабілетінің атқаратын ролі ерекше. Абайдың «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің – құмары. Біреуі білсем екен демектік... көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген осы табиғи қабілетімізден ержеткен соң айрылуымыз не себептен, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз» дегенде, ойшыл әрбір адам өзінше жетіледі деп сенді. Ақыл өзіндік сананы жетілдірудің әмбебапты ұстыны болып табылады. Ұлы ойшыл ғылым мен білімді махаббатпен үйрену керектігі жайында: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» [9, 80 б.] – деп жазды.

Абай дүниетанымының гуманистік жақтарын философиялық тұрғыдан зерделеген І. Ерғалиевтің пікірлерінен ой түрткі еншілей келе, Ұлы Абай әлеміне тағы да үңілсек тереңдей береріміз сөзсіз. Абай философиясының негізгі мәселесі – адамгершілік, ізгіліктілік, этикалық мәселелер. Бұл мәселелерді ұлы ойшыл Адамның, Әлемнің мәні, Алла мен Адам қатынасы сияқты жалпы философиялық сұрақтарға жауап іздеу арқылы шешеді. Өзінің негізгі сипатында өзгеріссіз қалатын Құдайдан басқа барлық болмыстың өзгеруі идеясы бойынша Абай адамның рухани жетілу мәселесін көтереді. Адам бойындағы жаман қасиеттерді көре отырып одан арылу жолдарын анықтайды. Адам жаратылғаннан бері зұлым да, қайырымды да емес. Ол тәрбиенің нәтижесінде, заманның ағымына, өзінің ортасына байланысты дамиды. Адамгершілікке жетелейтін бірден бір жол, Абай түсінігінде білім мен ғылымға құштарлық болып табылады. Абай адамды тәндік құрылысымен табиғаттың туындысы ретінде қарастырған жоқ, ол адамды Құдайдың шығармашылық іс-әрекетінің туындысы ретінде қарастырды. Адамды өзінің махаббаты арқылы жаратты деп түсіндіреді. Абай адамның өз тағдырын өзі жасап, өзі

шешетіндігіне сенді. Адамның адамгершілікті қасиеттерінің негізі ретінде Абай білімге құштарлықты, ғылым, білім үйренуді алады.

Абай шығармашылығындағы еркіндік мәселесі философиялық, саяси-әлеуметтік бағдарларға ажырайды. Мәселен, «Сап-сап, көңлім, сап, көңлім» атты өлеңінде адам еркіндігінің шабыты мен оған тоқтау салу, әрбір жеке тұлғаның өзінің болмысының шеңберіндегі еркіндік мәселесі толғанылады. Бірде алабұртқан көңілге басу айтса, бірде, оның шабытын қолдай түседі. Бірақ адам өзіндік жеке болмысынан асып түсе алмайды деген тұжырымдар айғақталады. Бұндағы көңіл таза психологиялық еркіндік пен адамның жан дүниесінің толғанылу деңгейлерін таразылауға бағытталған. Өмірлік шабыттың сезімі мен саналы бағдарды қатар қоя отырып, ғұмыр кешудегі байсалдылық арқылы өзіндік ішкі сезімді шектеп отыру қажеттігін де атап өтеді: «Қарсақ жортпас қара адыр, Қарамай неге шабасың» деген жолдар осының айғағы. Бұл жердегі «қарсақ жортпас қара адыр» теңеуі қазақ даласына байланысты айтылған образдық теңеу. Дала құбылысы өзіндік тылсымдығы мен асқақтығын сақтайды, сонымен қатар үрейлілігі мен өзінің сырын ішке бүккен қасиетінен танбайды. Яғни, ең дала, елсіз мекенмен жүру адамның еркіндік шабытының белгілі бір деңгейде қанағаттандыруға бағытталған ғұмыр кешудегі тұрмыстық мәніне айналады. Яғни, тоқтау салу, байсалдылық пен ойлылық адамның сезімдік шабытының еркіндігін тежейтін бірден-бір ұстын екендігі туралы пайымдайды.

*«Көріп алсаң көріктіні
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда да көңіл толмай ма?»*

– деген жолдар белгілі бір деңгейде адам санасы мен өмірлік шабытының қанағатсыздығын белгілейді. Бірақ, бұның дұрыс немесе бұрыс екендігі туралы нақты шешім айтылмайды. Бұл шындығында да солай. Бұл жолдар Бұхар жыраудың «Ай нұрын ұстап мінсе де, Қызыққа тоймас адамзат» деген толғауларының тұрмыстық деңгейдегі пратикалық

көрінісі екендігі сөзсіз. Осыдан өмірлік шабытпен астасып жатқан «көңіл еркіндігі» деп атуға болатын психологиялық түйткілдерді аңғаруымызға болады.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» деп басталатын туындысында бір қарағанда еркіндік мәселесі қозғалмайтын сияқты болғанмен, табиғаттың тылсым және көркем бейнесін суреттеуде тек мүлгіген тыныштық емес, қайнаған тіршілік адаммен байланыста қарастырылады. Түлкі өзінің тіршілік үшін күрес жағдайында алыса бастаса, қыран бүркіт өзінің мақсаты мен жауапкершілігін орындау үстінде айқасқа түседі. Қазақ дүниетанымында бүркіт шынайы еркіндіктің, дала еркіндігінің рәміздік белгісі екендігін ескерсек, ол өзінің күш-қуаты мен тіршілік тағайындаған болмысына толықтай сәйкес келеді және көкті шарлаған, аспан кеңістігінің төресінде абсолютті еркіндіктің нақты нышанын айғақтайды. Бірақ Абай түлкіні де осал қылып суреттемейді: «Біреуі – Көк, Біреуі – Жер тағысы». Яғни, Көк тағысы Бүркіт түптеп келгенде мақсатына жетеді. Мүмкін, Абай сол кезеңдегі дәуірге байланысты қыран бүркіт арқылы қазақ рухы мен еркіндігінің нышанын және осындай күрескерліктің рәмізін білдіргісі келген шығар. Мүмкін арнайы ондай мақсат қоймаса да, осы өлеңнің мазмұнынан терең бойлаған хылықтық діл бүркіттің еркіндік сүйгіш азаттығына ризашылық сезіммен қарап, бейсаналы түрде болса, оған еліктеп, архетиптерін оята бастайды. Осыдан ұлттық рух серпілісінің белгілі бір деңгейде өзіндік түйткілдері ашыла түседі деп тұжырымдай аламыз. Мәселен, қазіргі мемлекеттік рәміздердегі аспанды бейнелейтін көк түсті ту және ондағы қыран бүркіт бейнесі осы еркіндік пен азаттықтың нышаны екендігі белгілі жайт. Бұны біз Абай дүниетанымындағы еркіндіктің «табиғатпен сәйкестендірілген рәміздік көрінісі» деп те атауымызға болады.

Абай дүниетанымындағы еркіндік мәселесі тек философиялық қана емес, этикалық арналарда да айқын көрініс табады. «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған» деп басталатын толғауында адамзат тіршілігіндегі еңбек пен еңбектен азат болатын адам еркіндігін салыстыра көрсетеді. «Орынды іске жүріп ой таппаған, Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған. Қасиеті болмайды ондай жігіт, Әншейін құр бекер-

ге бұлғақтаған» деп аяқталған тұжырымдарына назар салсақ, еркіндік хақындағы толғаныстардың деңгейлерін байыптай аламыз. Не ой еңбегімен, не дене еңбегімен шұғылданбай өмірзая тірлік кешудің мәнсіздігін айшықтайды. Осы орайда, адамның абсолютті бостандығын теориялық түрде жобаласақ, ол бәрінен, тіпті тіршілік үшін қажетті еңбектен де азат болу керек. Бұндай азаттық әрине, мүмкін емес. Егер осындай азаттық болатын болса, ондай адамның «қасиеті болмайды» сондықтан «адам еркіндігі белгілі бір деңгейлерде шартталады. Оның бірі – еңбек» деген тұжырым жатқандығын аңдай аламыз. Еңбек еркіндікті шектемейді, бірақ адамның бос уақытының еңбекпен өтуі белгілі бір қырынан алғанда, еркіндіктің шектелуі тәрізді. Дегенмен осы шектелу еркіндіктің шектелмеуіне алып келеді. Адам еркіндігінің абсолютті сипаты оның қоғамдағы еңбектен азат болуымен өлшенбейді. Еркіндік өзінің қоғамдық талаптарының шеңберінде іске асып отыратын өзінің Менінің жауапкершілік деңгейі болып шығады. Осы толғаныстарды таразылай келе біз мұны «еркіндік этикасы» деп тұжырымдауымызға болады. «Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп аталған өлеңі экзистенциалдық толғанысқа құрылған туынды. Бұнда да адам еркіндігі мәселесі антропологиялық деңгейден онтологиялық дәрежеге дейін көтеріледі. Адамзат тіршілігінің мағынасы мен мәніне шолу жасай отырып, өлім мен өмір мәселесін қозғайды:

*Жас – қартаймақ, жоқ – тұмақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайтып келмек,
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек». [68, 23 б.]*

Осы мәтіннің мазмұнына тереңірек назар салсақ, тағдыр, өлім, Құдай сияқты концепттердің кірістіріліп, ұлттық таным түсініктегі философемдерді аңғарамыз. Жас қартаяды, жоқ адам дүниеге келеді, туғандар өледі. Бұл адамзат болмысының қарапайым эволюциялық формуласы болғанмен, тоқтаусыз уақыт пен өтіп бара жатқан өмір сол адамның жеке субъектілік қалауына байланыссыз болып шығады. Осы орайда абсолютті еркіндік пен антропоцентрлік сана тежеледі.

Өмірдің бір бағытта, яғни, өткеннен келешекке қарай жүріп отыруы мен өлген адамның қайта оралмайтындығы жалпы оның болмысының тағдыры болып айқындалады. Осы тұста абсолютті үстемдік пен еркіндік белгілі бір деңгейде мағынасын жояды. Адам болмысының, тіршілігінің мазмұны субъективті болғанмен, формасы объективті екендігін байыптаған ой пікірлерін бағамдаймыз. Тағдырдың үстемдік етуі (фатализм) белгілі бір деңгейде еркіндіктің шартталуы деп те айғақтауымызға болады. Көрген қызықтардың артта қалуы уақыт факторын бағамдауға байланысты айтылған идея. Уақыт пен тағдыр немесе, уақытты қалай өткізу керектігін бағындырған тағдыр еркіндік өлшемдерін де өзіне оңай бағындыра алады деген тұжырым меңзелгендігінаңғаруымызға болады. Келесі шумақтағы «ерісі ақылға ермек, бойды жеңбек» деген дәйекті тұжырым, ақыл мен иррационаллықтың қайшылығын ашып көрсетуге мүмкіндік туғызатын ұстаным. Бұл жердегі «бой» сөзін тереңірек ашып көрсетсек, қазақ халқының таным түсінігіндегі «бой бермей кету», «бой алдырмау» сияқты тіркестері арқылы мағынасының толығырақ ашылатындығына көз жеткіземіз. «Бой» ерік күшімен тежелетін, адамның ішкі сезімдік, иррационалдық, нәпсілік т. б. физиологиялық қажеттіліктерінің бағынышсыздығынан туындайды. Батыс философиясы түсінігі бойынша қарасақ, оны «бейсаналылықпен» де байланыстыруға болады. Яғни, бой алдырмау, өзінің бойын (өн-бойын) оған бағынышты етпеу деген психологиялық қағиданы туындатады. «Оған» деп отырғанымыз руханилыққа қарама-қарсы зұлымдық және өзіне де, өзгеге де қажетсіздіктердің тұтас жиынтығын білдіреді. Демек, «бойын жеңу» өзінің ішкі қуаттылығы мен бейсаналық ұмтылыстарын бағындыру, тәннің талаптарына сөзсіз бас июді болдырмау деген мағынаға келіп тоғысады. Себебі, оған ақыл қарма-қарсы тұрады. Осы орайда, Абай дүниетанымындағы еркіндік мәселесінің «ақыл», «бойды жеңу» сияқты ұғымдармен тереңірек анықталып тұрғандығын атап өтуіміз қажет. Бұны «ақыл-ерік күші» деп атауымызға болады.

Осы шумақ «Еріншек ездігінен көпке көнбек» деп аяқталады. Осы тұста еріншектің көпке көнуі, яғни, не болса соған

көне салуы оның еркіндігінің тежелгендігін, мүмкіндігінің шектелгендігін білдіреді. Еріншек адам дәулетсіз, мойынсұнғыш, көнбіс адамға айналып өзінің еркіндігін өзі қолынан береді. Сөйтіп, еркіндіктен өзінің еріншектік болмысы арқылы ажырайды, өзінің еркіндігін, мүмкіндіктерін өзгеге «тапсырады». Өзгеге тапсырылған басқа адамның еркіндігі әрине толыққанды сақталмайды. Еркіндіктің осылай тасымалдануын еріншектік арқылы ашып көрсеткен Абай дүниетанымы белгілі бір деңгейде еркіндік феноменінің жеке адамдар арасындағы тасымалдануын, одан айрылуды, өзге үшін тағы бір еркіндікке ие болуды сипаттайды. Мәселен, құл иеленушілік қоғамда құлдар өзінің еркі мен еркіндігін өзгеге тапсырады. Бұл жердегі еріншектің көпке көнуі сайып келгенде, түптің түбінде, өзгенің еркіне кіруге негізделеді, немесе соған ұмтылып бара жатқан үрдіс екендігі сөзсіз.

Осы өлеңдегі келесі бір шумақ мистификациялық сенімдерге негізделген еркіндік пен ерік мәселесін қозғайды:

*Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктен, қайғы жемек,
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді гой деп шайтанға болар көмек [68, 24 б.]*

Осы жолдардағы еркіндік туралы толғаныстың ерекшелігі «Періште» мен «шайтанның» қатыстырылуы арқылы ұсынылған рәміздік парадигма екендігіне байланысты. Бұл екі ұғым негізінен діндегі айқынсыз, трансценденциялық субъектілер болып табылады. Сонымен қатар халықтық дүниетанымда да, әлемдік мистикада да шайтан – сайтан, сатана түрінде құдайды мойындамайтын және адамды азғырушы, рухани жолдан тайдырып, нәпсіқұмарлыққа жетелеуші образды бейне. Ал періште де әлемдік діндердің көбіне ортақ тазалық пен пәктіктің рәміздік белгісі, адамдардың қорғаушысы (періштесі сақтап қалды). Осыдан адам болмысының белгілі бір қырын былайша түсіндіріп өтуімізге болады. Періштені шартты түрде – саналылық, парасаттылық, руханилық, тазалық ретінде байыптасақ, шайтанды – бейсанадағы жағымсыз ұмтылыстар мен белгілі бір шектердің бұзылуы деп ажы-

ратып алуымызға болады. Бұл жердегі еркіндік адамның өзі ішіндегі қайшылықтарға байланысты туындап тұр. Жоғарыда айтылғандай періштенің жиынтық қасиеттері шайтан өрнек салғанда, (жамандықтың көрініс беруі) төменшіктеп, жеңіліс табады. Ал адам бұл өзімен емес, «шайтан жеңді» деп психологиялық қорғаныш тетігін жасайды, нақтырақ айтқанда, кінәні өзінен басқаға бейсаналы түрде көшіреді. Бұл жерде шайтан, біздің түсінігімізше, барлық адамдардың бойында сақталатын, сәт сайын өзіне шақырып, адамды азғырушылыққа бағыттап отыратын ішкі психологиялық ықпалды күш екендігіне көз жеткізсек, адамның еркі немесе ерік күші оған бағынбауға тиіс екендігі мәлім. Осы орайда, өзінің еркін бағындыру мен бағындыра алмау мәселесі туындайды. Міне еркіндіктің деңгейлеріне байланысты, алдымен, адамның өз ішіндегі еркіндігі, нақтырақ айтқанда, ерік күші, өзін-өзі билей алуы бастапқы мән болып табылатындығына көз жеткізе аламыз. Ал періште сол ерік күшін бағындырып отырудың жәрдемшісі. Бұл тұста «шайтан жеңді ғой деп періште төменшіктейді» деген жолдарға баса назар аударуымыз қажет. Періште мен шайтан осылай бір-бірімен күресі, періштенің немесе шайтанның жеңілу себебі адамның өзіне байланысты. Яғни, адамның руханилық деңгейінің иерархиясынан туындайды. Шындығында, екеуі қатар үстемдік ете алмайды, адам әрекетінде не періште, не шайтан үстемдік етеді. Шайтан сол адамның ерік күшінің әлсіреуін аңдып жүріп, парасаттылығы мен руханилығының бір сәтке төмендеуін пайдаланып, өзінің үстемдігін жүргізуге ұмтылатын ішкі жағымсыз күш.

Ойшылдың – «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», «Бір дәурен кемді күнге – боз балалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген туындылары бозбалаларға қарата толғанылған тұжырымдармен айшықталады. Бұндағы еркіндікке қатысты негізгі идея – бозбалалық шақтағы еркіндіктің белгілі бір шексіз кеңістігін қалай бағындыру керектігі және оны қалай пайдалану қажеті туралы айтылады. Адам болмысындағы «күлкіні» Абай төртінші сөзінде бос күлкімен уақыт өткізуді шаруадан қалу, не ахирет шаруасына, не дүние шаруасына ғафилдік деген. Бірақ үнемі күлмей жүруге жан

шыдамайды, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ өзі де бір антұрғандық... Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Бұл дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды [9, 15 б.]. Бұл айтылған ойдан өмірдің мәні туралы ойлану, оның шектілігі ескертіліп, уақытты ұтымды пайдалану мен адал еңбек етуге шақырады. Қай кезеңде болмасын ғұмыр ұзақтығын халқымыз «қас қағымдай», «көзді ашып жұмғанша» деген сәттермен салыстырған. Өтіп кеткеніне өкініш білдіреді. Ал қазіргі кезеңдегі жаһанданудың сын-тегеуріндерінің бастыларының бірі тарихи уақыттың жеделдей түсуі болып отыр. Әлемде болып жатқан өзгерістер өте тез жылдамдықта болып жатқандықтан әр адам өзінің лайықты орнын тауып заманға қарай икемделуі қажет. Екі ғасыр бұрынғы Абайдың философиялық ойлары қазіргі адамзаттың бетпе-бет келіп отырған мәселелерімен астасып жатыр.

Ойшылдың «Ғылым таппай мақтанба» толғауында еркіндік этикалық категориялардың қатарынан көрінеді: «Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге, Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол». Осындай императив түріндегі толғаныстың мәні – құмарланып шаттана жүріп, басты этикалық қағидалардан аттап өтуге болмайтындығы. Бұл тұста бұл бес асыл іс пен қашық болуы тиіс бес нәрсе адамның еркіндігінің белгілі бір деңгейде жауапкершілікпен шектелуі, оның этикалық нормаларды мойындауы. Осы тұста құмарланып шаттану, мақтану, баптанудың белгілі бір деңгейде өмір сүрудің еркін шат-шадыман эстетикалық сәті болғанмен, алдымен, жауапкершілік бар екендігін үнемі сезініп жүруді ескертіп қояды. Өз ойын ойшыл былайша сабақтай түседі:

*Жамандық көрсең нәфрәтлі
Суытып көңіл тыйсаңыз,
Жақсылық көрсең гибратлі
Оны ойға жисаңыз. [68, 41б.]*

Осы ой түйіндерінен еркіндіктің кейде көңіл сезімі арқылы шектен тыс бостандыққа ұмтылып, белгілі бір деңгейде өзінің жазықтығынан, өлшемінен шығып кететіндігін байыптайды. Жамандықты көріп отырғанда, ондан суытып көңілді тыю қажет. Яғни, көңілді тыю адамның ерік күшіне сәйкес келетін түсінік. Көңіл – құмарлық, алдамшылық сияқты ұғымдармен мазмұны жөнінен қиылысатын түсінікті білдіріп тұр. Оны тыю шек қою, саналы түрде ұғыну, парасаттылыққа жүтіну болып шығады. Жалпы бұл толғау әрі қарай білімқұмарлықты дәйектеуге бағытталады. Шындығында, адамның риясыз, мағынасыз шаттығын тежейтін ғылым екендігіне шүбә жоқ. Ғылым өзінің шексіздігі мен күрделілігі, сезімнен гөрі ақылға үнемі бой алдыратындығы, таным шеңберінің ауқымдылығы жағынан қажетсіз арам пиғылдардан, құр мақтаньштан, бос уақытта зерігуден т. б. сақтандыратын және қоғамдық деңгейде пайдалы өнімді еңбек болып саналатын әлеуметтік институт. Әрине, бұл ғылымның негізгі мақсаты емес, бірақ біз бұл тұста ғылымды еркіндік мәселесіне қатысты айғақтап отырмыз. Еркіндіктің моральдік қағидалардан алшақтап, адамның эгоистік пиғылын арттырып, материалдық игілікке мастанып отырған шағында осы ғылыммен айналысу немесе білім қуу негізгі мағыналы іс болып табылады деген ой ниетін аңғаруымызға болады. Яғни, бұл жердегі Абай дүниетанымындағы еркіндіктің шектен шығуы, алдымен, этикалық өлшемдермен шартталса, одан кейін ғылым арқылы өзінің қалыпты шеңберінен ауытқымайды деген тұжырымын аңғарамыз.

Абай дүниетанымындағы негізгі мәселелердің бірі – махаббат философиясындағы толғаныстар тек сүйіспеншілікті дәріптеп қана қоймайды, онда да адам еркі мен ішкі психологиялық бостандығы және махаббат еркіне мойынсұну мен одан азат болу мәселелері толғанылады. «Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар», – деген жолдардан адам болмысы «дүние» ұғымына сыйғызылып жалпыланып, онсыз мағынасыз әлемді бейнелегендей болады. Яғни, тіршілік тірегі махаббат. Абай руханилықтағы басты орынға Аллаға деген сенімді оның мәңгілік шындық екенін қойды. Абай түсінігіндегі

махаббат Алладан таралады, өйткені Алла жер бетіндегі тіршілік атаулыны махаббатпен жаратқан.

Махаббат адам еркіндігінің адамдық шегін ашып көрсететін өлшемге айналады. «Махаббат дегеніміз қамқорлық» деп экзистенциалистер тұжырымдағандай, ол белгілі бір шектердегі адамның мағынасыз еркіндігін тежейтін, эгоистік пиғылды болдырмайтын, әлемде тек өзі ғана емес, өзгенің де қамын ойлап ғұмыр кешу қажеттігін аяқтап береді. Махаббат сезімі жалпы алғанда, адам болмысына тән тек өзінің қамын ғана ойлаудан өзгенің де қамын ойлауға мүмкіндік беретін ішкі эмоционалдық күш екендігінде сөз жоқ.

«Махаббат – өмір көркі, рас», – деп өз ойын әрі қарай сабақтаған жолдар «көрік» түсінігі арқылы оның философиялық деңгейде эстетикалық құндылыққа дейін көтерілетіндігін, өмірді өмір ретінде сақтаушы, асқақтандырушы, өз мәніне келтіруші, реттеуші, орнықтырушы сипат алатындығын бағамдаған ойшыл, «рас» сөзімен оның объективтілігін, шынайылығын, ақиқаттылығын тұжырымдайды Яғни, махаббатсыз құрылған адам өміріндегі ерік мағынасыздықпен ұштасып жатады. Осы тұстан егер адам өзге – үшін өмір сүруді сезінбесе, онда өзі – үшін өмір сүруді де сезіне алмайтындығын байыптауымызға болады. Махаббат адам болмысының табиғи-биологиялық еркін психологиялық-әлеуметтік шарттармен құрсаулайды. Абайдың пайымдауындағы махаббат адамға, жер бетіндегі тіршілікке, Аллаға деген махаббатқа ұласады. Махаббат өмір мәні, ол шығармашылық пен жасампаздықты тудырады.

2.3. Қазақ зиялыларының еркіндік идеясын тарихи сабақтастықпен жалғастыруы

Түріктердің өте ерте дәуірлердегі ірі Империялар құрған кездерінде олар басқа мемлекеттерден аса қауіптен бермейтін. Керісінше, көптеген басқа елдерді өздерінің биліктеріне бағындырып жүрді. Білге қағанның Күлтегін қабіріндегі құлыптасқа қашатқан сөздері: «Биікте Көк Тәңірі, төменде қара жер жаратылғанда екеуінің арасында адам баласы жаратылған.

Адам баласы үстіне ата тегім Бумын қаған, Істеми қаған отырған. Отырып, түркі халқының ел жұртын қалыптастырған, иелік еткен... Ілгері Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір қақпаға дейін жайлаған. Екі аралықта жүрген иесіз көк түріктерді осылай қоныстандырған екен. Білге қағандар екен. Алып қағандар екен. Бектері де, халқы да сенімді екен. Сол үшін де елін сонша ұзақ билеген екен. Ел ұстап, заң жасаған. Өздері қаза болған» [70, 44–45 бб.]. Осы тасқа қашалған жазу бүкіл түркі халқын осындай дүниені құртып алмауға шақыру емес пе еді. Яғни, мәселе, тек тірі қалу, немесе жерінен айырылып тіршілік ету мүмкіндігінің жоғалуы жөнінде ғана емес. Сырт күшке мойынсұнып, оған қызмет істесең, тіршілік те, өсіп-өну де сақталуы мүмкін. Қазақ халқының тағдыры патшалық Ресейге, одан кейін Кеңес Империясына қараған дәуірде осылай болды да. Бірақ ондай мойынсұну, дербес автономды субъект болудан қалу – халықтың өзіндік өзгеше рухани әлем ретінде ғайып болудың жолына түсуі болуы мүмкін.

Екі ғасыр тоғысында, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында сол баяғыдағы ыдыраған Империяның бір бөлігі қазақтардың да тағдыры соны қайталады деуге болады. Осы дәуірді біртұтас халықты ішкі бірлікке құрастыра алатын құндылықтардың қалыптасу кезеңі деуге болар еді. Өзге халықтардан рухани іргесі айқындалған өз алдына дербес халық құрама болу – ол әлі жалпы нәрсе. Әрине ол да бүтін өмірлік негізін ойсыратып жатқан бөгде күштің өктемділігіне ыдыраңқы бейғам елді жұмылдыра алатын нәрсе. Осы дәуірдегі бүкіл рухани күйзелістің негізгі сарыны, әлі де халықтық тұтастыққа жете алмаған елдің зиялыларының осы ахуалдан шығудың жолдарын іздеп шарқ ұруы болып табылады.

Әлиханға дейінгі Шоқан, Ыбырай, Абайлардың өмірлік тәжірибесі енді еркіндік өмір мен көшпенділік өмірдің ара жігі ажырағандығын көрсетіп берген болатын. Еркіндік пен көшпелі өмір бір нәрсе емес екен. Ең шұрайлы жерлерді алып қойып жатқанда көшпенділіктің тіпті мәні қалмайды.

Қазақ зиялыларының алдында тұрған ең басты мәселе ұлттың тәуелсіздігі. Тілі мен діні, әлеуметтік-саяси құрылымы, өздеріне ғана тән салт-дәстүрінің бұзылуына қарсы күреске шақырған философиялық жүйелер Алаш көсемдерінің

ой тұжырымдары болатын. Алаш көшбасшыларының бірі Мұстафа Шоқай Шығыс пен Батыс әлемінің рухани мәдениетін игеріп қана қоймай оларды өз ой елегінен өткізіп ғылыми тұрғыдан баға беріп зерделеген ойшыл. Қ. Әбішев олар жасаған Алаш партиясының бағдарламасы жайында, олардың түбегейлі мақсаттары алаш азаматтарының құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталаған, қазіргі заман деңгейінде жасалған құжат екендігін туралы атап көрсетеді. Қазақ білім мен ғылым үйренсе басқа халықтармен терезесі тең болар еді деген идеялар, бодандықта өмір сүруші халық үшін арман ғана еді. Ыбырай Алтынсарин сахарада орыс-қазақ мектептерін ашып осы идеяны жүзеге асырды. Ал, Шоқан Уәлиханов қазақ қоғамының ерекшеліктеріне тән болған демократиялық әлеуметтік институттарды саяси істерге араласу арқылы сақтап қалуды жүзеге асырмақ болды. Қазақ халқының рухани құндылықтарының тарихи сабақтастықпен жалғасқанын ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының философиялық ой-тұжырымдарынан айқын көрініс тапқан деп айта аламыз. Алаш зиялыларының барлығы дерлік ауыл моладаларынан мұсылманша сауат ашып, әрі қарай орысша оқып, әртүрлі кәсіпкерлікті игергендер болды. Олар да өз заманының ойшылдарына тән халқының бүгіні мен болашағы жайлы мәселелер туралы толғанбай қала алмады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866–1937) сынды – тарихи ірі Тұлғаның шығармашылығын ғана емес, сол есімді халық санасынан өшірген замандар артта қалды. Кеңестік кезеңнің өзіндік идеологиясы жалпыадамзаттық тұтас тарих пен рухани дүние өз сабақтастығын жоғалтып, біртұтас дамып келе жатқан ұлттардың, ұлыстардың ақиқатын бұрмалап, шындықты көмуге бағытталған еді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының барлығы дерлік сол кезеңнің саяси құрбаны болды. Тәуелсіздікке қол жеткізген егеменді елімізде әсіресе Әлихан Бөкейхан шығармашылығын жаңаша көзқарастармен зерделеу ләзім. Ойшылдың шығармашылық мұрасының негізгі саласы – монографиялық, энциклопедиялық ғылыми еңбектері (орыс тілінде жазылған). Энциклопедист-ғалымның ана тілімізде жарияланған еңбектерінің дені қазақ халқының тарихына, экономикасына, шаруашылық жүргізу

тәселдеріне, ру-тайпаларының шежіресіне, тұрмыс-салтына, қазақ жерлерінің отарлану тарихы жайында болатын. Дәл осы кезге дейін Алаш көшбасшысының еңбектері толық жиналып бітпеген. Олардың дені Мәскеу, Петербор, Самара, Омбы, Семей қалаларында шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде, архивтерде сақталған. Оны жинап бастыру бүгінгі ұрпақ үшін міндет. Әлихан Нұрмұхамедұлының жан-жақты терең білімі мен қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға терең талдаулар жасай алатын сараптаушылық қабілетінің арқасында ел өмірінің келелі мәселелері нақты ғылыми шешімдерін тапты. Кешегі күнгі Абай, Шоқан, Ыбырайлар армандаған, болашақтан үміт еткен қазақ жастары бұл күнде жаңбырдан соңғы құрақтай қаулап өсіп келе жатқан еді. Олар да, кез келген өз заманының зиялы азаматтарына тән, өз халқының болашағы мен бүгінгі жайлы, ондағы болып жатқан оқиғалар туралы ой толғап, тебіренді. Елдің осындай халіне жандары ауырып, қазақ халқына тәуелсіздік, еліне егемендік алудың жолдарын басқаша қарастыра бастады.

Солардың көшбасшысы, көсемі болған Әлихан Бөкейханның саяси-әлеуметтік, философиялық ой-тұжырымдары сол кезеңдегі қазақ қоғамының толғағы жеткен мәселелерге арналды. Санкт-Петербурдың Императорлық орман шараушылығы институты мен Санкт-Петербур университетінің заң факультетін бір мезгілде бітіріп шыққан жас маман сол кездің өзінде Астана жұртына марксизм теориясының білгірі ретінде танымал болған еді. Оның қазақ қоғамдық қатынастарындағы қайшылықтарға жасалған талдаулары, ғылыми сараптамалары қазақстандық ғылым дамуына қосылған зор үлес. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Мұстафа Шоқай тұсындағы қазақ философиясы мен саяси-әлеуметтік ойы біршама еркіндікте дамыды деп айта аламыз. Олар отарлық езгідегі елде өмір сүріп, сол отаршылдардың қатаң бақылауында бола тұра қазақ халқының еркіндігі мен ұлттық мемлекет жайлы ой-пікірлерін ашық түрде сол кездегі баспасөз бетінде «Қазақ» газеті арқылы жариялап шығарып, таратты. Әлихан Бөкейхан осы газет жайлы «Ашық хат» деген мақаласында: «Газетаның қашша құтылмайтын бір ісі саясат жолы. Мұнымыз үкімет пен жұрт

арасы. Жұрт үкіметпен қасыныспай, арбаспай ғұмыр сүрмес. Бізде жұрт жоқ па, үкімет жоқ па? Қырда болған саясат ісіне біздің «Қазақ» тіпті сараң. Бізде хабаршы жоқ... Қырда қанша учитель, мұғалім, болыс тілмәші бар. Тағы қырда адам, мал дәрігері, фельдшерлер бар. Хат білетін қазақ қанша! Осылар хабаршы-тілші болса, мен мұны жазамын ба?» [71] деп қазақ жастарын осы газета жұмысын жандандыруға шақырады. Бүкіл қырдағы хат танитындарды саяси іске тартуды көздейді. Сахара жұртын билікке, саясатқа, болып жатқан өзгерістерге тартқысы келеді. Өз жұртына бұрынғыша өмір сүрудің ендігі жерде тіптен болмайтынын ашық жазды. Өмірдің көлеңкелі теріс жақтарынан жирендіретін амалдарды көрсетіп берді. Мақсаты туған халқын Батыс пен Шығыс мәдениетінің кәусәр бұлағынан нәр алған ой-сана жемісінің шырынан сусындату.

Ойшыл-ғалымның әлемдік ғылымдар саласына қосқан үлесі де зор. Ресей мемлекетінің бірнеше ғылыми-зерттеу экспедицияларына қатысып, ғылыми қоғамдар мен ұйымдарға мүше болды. Атақты ғалым П.П. Семенов-Тянь-шанский мен академик В.И. Ламанскийдің редакциясымен: «Россия. Біздің Отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің авторларының бірі болды. Осы көптомдықтың 18-томы қазақ тарихына арналып «Қырғыз өлкесі» деген кітабы Әлихан Бөкейхановтың қаламынан туындады. Кітап 1903 жылы Петерборда жарық көрді.

Бір кездегі қазақ ағартушыларының көксеген армандары еуропалық ғылым білімге қол жеткізу, сол арқылы қазақ қоғамын жетілдіру идеясы келесі лектегі ұлтымыздың мақтанышына айналған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Шоқайдың шығармашылық әлемді игеруімен жалғасын тапты. Алаш ардақтыларының арқасында Қазақстан ғылымы халқымыздың рухани мәдениетінің бір түрі болып қана қалмай, әлеуметтік жадында сақталды. Сонымен қатар ғылымды заңғар биіктерге шығарды [72, 3 б.]. 1896 жылы Орыс үкіметінің шешімімен Ақмола, Семей, Торғай облыстарындағы жер жағдайын зерттеп қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуына қажет ғылыми негіз жасауға арналған Ф.А. Щербина бастаған экспедиция ұйымдастырып, экспедиция алдына мынандай міндеттер қойған еді:

1. Көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс-тәсілдерінің заңдылықтарына көз жеткізу;

2. Қазақтарды қауымдық қоғамға бөліп, оларды шаруашылық жүйе бойынша жіктеу;

3. Сол жеке шаруашылықтарға қажет төрт түлік малдың көлемін есептеп шығару;

4. Әр түліктің керекті жайылым мөлшерін яки жер нормасын анықтау;

5. Этникалық жағынан, жағрапиялық ерекшелігі мен тарихи даму тұрғысынан зерттеу [73].

1896-1903 жылдар аралығында Щербина экспедициясы осы облыстардың он екі уезінен жинаған материалдар бойынша 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу еңбегін басып шығарды. Осы экспедиция жұмысына Әлихан Нұрмұхамедұлы да қатысты. Осындай іргелі ғылыми-зерттеу экспедицияларына қатыса жүріп, қазақ даласына байланысты Ресей Империясы нені көздейтіні, олардың мақсат-мүддесі қандай екендігіне қанығады. Бұл жылдар Әлиханның Империялық саясаттың қыры мен сырына үніліп, өзінің терең философиялық әлеуметтік-саяси ой желісінде бағдарлы тұжырымдар жасауына ықпал етті.

1910 жылы Петерборда «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс түрлері» атты жинақта Әлихан Бөкейхан «Қазақтар» деп аталатын ғылыми мақаласын жазды. Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс хан заманынан бері 7 жүз жыл шамасында, жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрды... Осы 9 облыс, бір губернияда 260 миллион десятина шамасында жер бар. Бұл жердің көбі 10-20 жыл мұнан бұрын қазақ пайдасында еді, соңғы 10-15 жыл Торғай һәм Ақмола облыстарынан қазақ пайдасынан көп жер мұжық пайдасына кетті. 1913 жылғы есепте 1906-1912 жылдарда қазақтан мұжыққа алынған жер 6 миллион десятинадан артық [74]. Осындай фактілерді келтіре отырып, жер мәселесі туралы отаршы Ресейдің зорлық-зомбылыққа толы саясатын әшкерелеп, мақалалар жазды.

Ресейдің басқа да жерлердегідей қазақ даласында да орыстандыру саясаты жүргізіліп келе жатыр дей келе, осы жердегі орыс шенеунігінің білім жағы да, жергілікті жердің жағдайын түсіну жағынан да оңып тұрған жоқ дейді. Орыстардың

саясатының дағдыдағы белгілері – дөрекілік, зорлық-зомбылық, халықтың қасиетті деп аталатындарының бар атаулысына деген жосықсыз кемсіту. Қазақ даласына орыстарды қоныстандыру өте дөрекі түрде, өркөкірек, өзін басқа ұлт өкілдерінен жоғары санайтын пасықтықпен жүргізілгені ашық жазылды.

Көптеген көрші халықтардың ғана емес, жер бетіндегі өсіп-өніп, көбейе келе тіршілік көздері үшін, әсіресе әрқайсысының өзіндік өмір жолының шеңберін кеңейту үшін бәсеке-тайталастары күшейген заманда көшпенділік тіршіліктің сақталуы да мүмкін емес еді. Ендігіде, тек техникалық қарулану жолына түскендер ғана ұтатын заман келген еді. Көшпенді тіршіліктің ондай жол емес екендігі белгілі. Жер мәселесіне келгенде қазақ зиялылары екі түрлі пікірде болды деп жазады тарихшы-ғалым М. Қойгелді. Бірі (оны жақтаушылар Б. Қаратаев, М. Сералин, Ж. Сейдалин және басқалар ішкі Ресейден шаруалардың жаппай көшіп келіп қоныстануы жағдайында отырықшы нормамен болса да, егіншілікке қолайлы жерден үлес алып, отырықшылыққа көшуді қолдады. Қазақ отырықшылыққа көшсе, оның арасында, өнер-білім таратуға жағдай туады деп түсінді.

Екінші пікірдегілер (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы және басқалар) көшпелі шаруашылыққа үйренген қазақ отырықшы нормамен үлес алып көндігіп кете алмайды, мұндай норма тек жері құнарлы, бұрыннан егіншілік мәдениетін игерген аудандарға ғана келеді [73, 19 б.] – деп баса айтты.

Жер қатынастары мәселесінің білгір маманы Әлихан Бөкейхан жерді жеке меншік есебінде үлестіріп беруге қарсы шықты. Егіншілік мәдениетін толық игермеген қазақ шаруасы башқұрт ағайындай өз жерін құнттай ұстап, қызмет қыла білмесе, жер закон арқылы менікі деген қазақ пен башқұрт атадан қалған көп қазынаны басқан жаман бала сапарында емес пе дейді. Өстіп, қазақ шаруасы үлесін көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сытылып жалаңаш шыға келеді. Жерді қауымға кесіп ауыл, болыс ішінде өздері тәртіп жасап, әділдікпен пайдалануын жөн санайды. Алдымен жер үлесі жергілікті халыққа тиіс деген ғалым, шаруаға жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы болғанын қалайды. Өйткені жердің тозуы, оның асты, үсті байлықтарын

тек қана пайдагерлік тұрғысынан келудің зардабынан болады деп түйіндейді.

Жер туралы мәселеде Әлихан Бөкейхан өзінің білгір маман екендігін дәлелдеді. Ол жайлы Мұстафа Шоқай былай деп жазған болатын: «Халқымыздың жерін тартып алғанын заңдық тұрғыдан негіздеме болып, Ресей өкіметі күллі Түркістан даласын мемлекет мүлкі деп жариялап, Ресей мемлекетінің меншігіне айналдырды да, ол жердің байлығы иелері қазақтар мен қырғыздарға өз жерін өзіне жалға берді. Әлихан бізге былай да: – Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын Орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керек екенін, осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» – деуші еді [75, 79 б.]. Орыс мұжығына қазақтың жерін алып беру Закон болып «25-ші март 1891 жылғы Степное положение» шықты. Осы Законның 119-шы статьясында айтылған: «Көшпелі қазақ отырған жер қазынаныкі» деп, ал 120-шы статьясында былай делінген: «Бұл жер сроксыз көшпелі қазақ пайдасында болып тұрады» бірақ 120-шы статьяның қосымшасында «Қазақтың пайдасынан артық жерді қазына өз керегіне алады» – деп жазылған. Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады деген осы да, – деп Әлихан Бөкейхан жер туралы заңдардың жөнсіз жақтарын айғақтай түседі. «Қазақ 15-тен надел алмаса қыстау, егінжәй, пішендік арығынан қу, айда деген закон қайда?», «15 тен алсаң жер белгілеймін, қазақ болып отырсаң жерден күнде көшірем деп, қазақты күнде көшіріп отыр». Өстіп жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің патшалық конституциялық емес пе, біздің патша қол астындағы адамның бәріне бірдей емес пе? Біздің қазақ жерінен күнде көшетін не жазып еді? Бұл жұрт жұмысын жұрт болып іздемейтін бе? Әр жерде әрқайсысын аяғын ат басқан баладай шыңғырмай [71]. Қол астындағы халықты теңдікте ұстаған қандай империя болып еді тарихта. Бір халық екінші бір халықтың жеріне сұғынып, байлығына қызығып оны зорлық-зомбылық көрсету арқылы тартып алып жатқанда, әлі де болса отаршыл, озбыр орыс патшалығынан мейірім күтеді. Жер туралы заңға өзгерістер еңгізу керектігін және жер туралы мәселеде ұлттық мүддені бірінші орынға қою керектігін ескертеді. Жер мәселесін басқа жұрттар қалай шешіп

жатқаны жайлы ол былай деп жазады: «Үндістан жұртының бала оқытқан молдалары жер есебінің жұмбағын тақтаға кестелеп салып, мынаны қара», – дейді екен. «Қазақ жері туралы шыққан закон, закон емесін шимайлады, оқы да ақылын өзің тап қазақ» [71] деп астарлайды. Патша үкіметінің цензурасы күшейіп, «Қазақ» газетін қайта-қайта жауып, Әлиханнның өзін бірнеше рет тұтқындаған кездерде ондай ойларды ашық жазуға мүмкіндік аз еді. Осындай шақтарды Ә.Бөкейхан: «Ашып ақыл жазатын хәлім бар ма? Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр», – деп қынжылыспен жазды. Еркін ойшылдық қыспаққа түскен заманның өзінде ғалым жер мәселесі туралы ойларының өте маңыздылығы жайында тұспалдап меңзейді.

Қазақтың жерге қатынасы олардың өмір болмысын анықтайды. Жер мен ел егіз. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында даулы болып отырған мәселелердің бірі жер туралы заңдарды қабылдау барысында көптеген пікір-таластар болды. Егер өзіміздің өткенімізден тәжірибе алмасақ, оның дұрысы мен бұрысын сараламасақ, онда ол қателіктерді қайталап отырымыз әбден мүмкін. Қазақ халқы тарихының өте ауыр да қиын кезеңдері қайғылы оқиғаларға тола болды. Жоңғарлармен болған жүз елу жылға созылған соғыстар, колонизаторларға қарсы үш жүз жыл бойғы көтерілістер, кеңес билігінің репрессиялары мен аштық. Бірақ осы соққылардың барлығы қандай болмасын сырттан болған еді. Халық төзді, сақталды, әйтеуір өзінің ішкі бірлігін сақтап қалды. «Қазіргі жасалынып жатқан реформалар жер халықтыкі екенін басты назарда ұстауы керек – деп жазды Қ.Ш. Нұрланова. Жерді сату жөніндегі ұсыныстар, ол орны толмайтын іштен болған соққы. Бұл ата-бабаларымыздың жерді сақтау жөніндегі өсиетін сақтамау мен дәстүрлі адамгершілікті ұстанымдарды бұзу болып табылады. Қазақтардың ата-бабаларымен рухани бірлігі әрқашан үзілмеген. Ата-бабаларынсыз, олардың рухтарының жебеуінсіз ай мен күн тумасын» – деп, осы мәселенің маңыздылығын, орны толмас өкінішке соқтыратынын атап көрсетеді [76, 320–329 б.].

Өзінің өзектілігін ХХІ ғасырда да жоймаған жер мәселесі жайлы шешім қабылдарда Әлихан Бөкейхан сынды ойшылдың шығармашылығын зерделеп, ондағы бағыт-бағдарлардың сабақтастығын жалғастырып, құнды пікірлерін

пайдалану қабылданар Заңдар мен Реформалар жасауда қаперге алынуы тиіс деп ойлаймыз. Ә. Бөкейханның жер қатынастары мәселесінің білгір маманы екендігін Ресей әкімшілігінің шенеуніктері мойындап, ол кісіден ақыл-кеңестер алып тұрған. Орынборда (11–18 маусым 1921 ж.) өткен Қазақстан коммунистерінің бірінші конференциясында В.А. Радус-Зенкович: «Бөкейханов – өлкені жетік білетін адам. Оны ебін тауып іске араластыруымыз керек... Қазақтардың дәстүрі мен тарихы, өлкенің тұрмысы жағынан ол нағыз энциклопедист – бұл жағынан оны ешқандай кітап алмастыра алмайды. Мұндай қызметкерлер бізге көптеп керек, әрине, олар біздің бақылау мен басқаруымызбен жұмыс істеуі шарт» – деген уәж айтады [77, 86]. Әлихан Бөкейхан патшалы Ресей өкіметі кезінде мемлекетке қарсы митингілер мен петициялар ұйымдастырушы қырғыз қазақтардың діни-саяси қозғалысының басты жетекшісі ретінде қудаланып, түрмелерге жабылды. Кеңес өкіметі тұсында да Алашорда үкіметінің контрреволюциялық күресінің жетекшісі ретінде «буржуазияшыл ұлтшыл» деген айыптар тағылып, өмірінің соңғы күніне дейін бақылауда болды. Үкіметтің бұл қудалаулары ойшыл-ғалымның еркін ойлауы мен жігерін мұқалта алмады. Ол өз халқының игілігі жолында қажымай-талмай қайраткерлік көрсете білді. Замана қайшылығымен, қазақ халқының тарихи даму кезеңінің ерекшелігімен қалыптасқан Әлихан Бөкейханның философиялық ойлары қазіргі Егеменді еліміздің даму тұжырымдамасын жасауда қаперге алынғаны абзал.

Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның ғылыми ой-тұжырымдары бүкіл адамзаттық прогреске қосылған үлес болып саналады. ХХ ғасырдың басындағы Ресей мемлекетінде болған іргелі оқиғалар сол мемлекетке тәуелді елдер өміріне де өзінің әсерін тигізбей қалмады. 1910 жылдардың өзінде Әлихан Бөкейхан «Қырғыздар» деп аталатын мақаласында, таяу болашақта далада қырғыз арасында, екі саяси бағытқа байланысты екі саяси партия құрылуы мүмкін, оның бірі – ұлттық-діни, қазақтардың басқа мұсылмандармен біріктіруді мақсат етсе, екіншісі батыстық деп жазған болатын. Сол кездің өзінде ұлттық көлемдегі саяси сананың қалыптасып, соған сол

кезеңдегі қалыптасып отырған тарихи шындыққа нақты сараптама-лар жасалғанын көреміз.

Ойшыл: «...ойында көзі бар адамдар халықтың кемшілігін шамасынша көрсетіп, сездіріп, аурудың атын айтып, емін жа-зып, қағаз бетінде халық алдына салып жүр. Бірақ сөз қандай терең, үлгілі орынды болсын іс көмегі болмаса, жұмыс бо-лып, дүние жүзіне шықпаса, келісімді болғанмен жансыз су-рет қатарында қалмақшы... Күннен күнге халық нашарлап, кедейленуге айналды... тілегіміз мынау: Халық ішінде бірігіп іс жүргізетін ұйым, игілік қауымдары таралса екен» [71] де-ген ойдың ар жағында, халыққа саяси партия құру қажеттігін меңзеп отыр. Сол ойын әуелде буржуазиялық конституциялық демократиялық партиясының құрамында болып қазақ ұлты автономия алады деп сенеді. Ал кадет партиясы ұлт авто-номиясына қарсы. «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген еңбегінде кадеттермен өзінің үш мәселе бойынша келіспейтіндігін жазды. «Кадет партиясы жер адамға меншікті боп берілсе жөн дейді. Ал біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпыры-лып жалаңаш шыға келеді. Француз, орыс һәм өзге жұрттың та-рихынан көрінеді: молла хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады... оны орысша «отделение церкви от государства» [20, 261–262 бб.] дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Осыдан кейін Әлихан Бөкейхан өзінің «Алаш» партиясын құруға ұмтылысы қазақ елінің егемендікке ұмтылып, жеке мемлекеттік билікке қол жеткізу үшін саяси жүйені жасау болатын. Заңгер ғалым С.Өзбекұлы: «Кадет партиясының 1906–1917 жылдар аралығындағы талап-тары Ә. Бөкейханов, Б. Сыртанов, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин сияқты қазақ зиялыларының пікірінше, басқа партияларға қарағанда либералдық, демократиялық, реформалық сипатта-рымен қазақ халқының мүддесіне біршама сай келді де және оны құру арқылы парламенттік, конституциялық жолмен болашақта республикалық мәртебесі бар ұлттық автономияға қол жеткізуге болатындай көзделді [78, 27 б.]. 1917 жылдан ба-стап кадет партиясы басшылары Ресей құрамындағы басқа халықтардың жеке мемлекет, өзін өзі билеу мәселелеріне үзіді-кесіді қарсы шыққаны тарихтан белгілі. Ұлттық саясат-

та осындай кемшіліктер жіберген кадет партиясы осылайша өз құрамынан ұлт өкілдерін аластатты.

«Болшевиктер көсемі Лениннің 2-інші әмірі – жер, су, өлі құралдар (мәшиналар) мен тірі құрал (өгіз, аттар) жер комитеттері арқылы еңбек қуған жұрттарға бөлініп берілсін деген. Бұл үстіміздегі заманда өмір жүзінде орын таба алмайтын, әдемі ғана құр сөз...» дей келе «...бізде жер-судың әділдікпен жұртқа бөлініп беруін көздейміз. ...Бірақ бұл күнде найзаның ұшымен бар қазынаны ортаға салдыруға баспаспыз...» дейді. Әлихан Бөкейхан болшевиктердің күш қолдану арқылы мемлекет ішін қанға бояп, осылайша өз үстемдігін орнатуына қарсы болды. Басқа жұрттар Кавказ, Молдава, Литва, Латвия, Башқұртстан, Қалмақ, Ноғайлар өз бетіменен өз тізгінін өзі алмашқы болып тұр. Бізде жұртта қалмай, бетімізді бір жаққа бұрамыз ба – десе онда болашақтағы автономды көздегені [20, 261–262 бб]. Сол кездің өзінде болшевиктер көсемінің ұлттық қазынаны ортаға салу ниетіне қарсы екендігін белдіреді.

Орынбор қаласында болып өткен 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндеріндегі жалпықазақ съезінде Ә. Бөкейхан ұлттық автономия туралы баяндама жасайды. Съезд қарар қабылдап «ұлт кеңесін» құрып, оның атын «Алашорда» деп атап, 15 адамнан тұратын бұл өкіметтің төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланады. Автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас... қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес, көшсе ақылсыздық болады; қазақ жерінің ең жақсысы сол мұжық отырған жер. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халде туысқан автономиясы болар емес; жерге байлаулы автономия болмақ. Автономия болудағы Әлихан Бөкейханның тағы бір көрегендігі мен қазақ ұлтының болашағы үшін орасан зор тиімді шешім қабылдауы болып табылады. Бүгінгі таңда сол шешімнің атқарған рөлі жайлы заңгер-ғалым М. Құлмұхамед: «Осы автономия болудағы 1) қаны біргелік; 2) жері біргелік; 3) шаруасы біргеліктің жері біргелік автономияны таңдауы оның ұлы ісі» дейді [79, 25 б.].

Тарихшы-ғалым К. Нұрпейісов: «1917 жылдың күзінде Ә. Бөкейханов Сібірмен бірлесу келешек қазақ мемлекетінің

аяғынан қаз тұрып кетуіне қызмет ететіндігіне сенді, ал Түркістанмен бірігуге онша ықыласты бола қойған жоқ» – дейді [80, 39 б.]. Әлихан осылай дегенде, болашақта халық басына төнетін қасіреттерді сезіп, соны белгілі дәрежеде түсінді. Сол автономды, егемен ел болуда Түркістанмен қосылу керек деген пікірге, автономия болу, өз алдына мемлекет болу, дей келе, біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, жалпы қазақ қараңғы, соқыр болса, Түркістан халқының қараңғылығы, һәм шебер адамы жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті қатар жеккен болады. Бұл арба мініп біз қайда барамыз [20, 65 б.].

Алашорда автономиясы құрылып жатқан кезеңде 1917 ж. 26 қарашада Қоқан қаласында өлкелік төтенше IV мұсылмандар съезін шақырды. Съездің 3 күндік жұмысында қарар қабылданып «...Түркістанды мекендеген ұлттардың өзін-өзі билеуге деген ұмтылысын қанағаттандыра отырып Түркістанды Ресей Федеративті демократиялық республикасы құрамындағы территориялық автономия деп жариялайды. Осы Түркістанды мекендеген халықтардың жартысынан астамы қазақтар еді. Алғашында түрікшілдік идеяны берік ұстанған **Мұстафа Шоқай** жеке қазақ автономиясына қарсы болды. Алаш автономиясын жариялағаннан кейін Мұстафа Шоқайдың барлық қазақ облыстары Алашордаға бірігуі қажет деп табуы, оның жалпы қазақ ұлтының бірлігін қалауы мен азаттығына қол жеткізу еді.

Алашордалықтардың ұсынып отырған автономиясы демократиялық Республика болатын. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық тәуелсіздік, автономия, еркіндік, азаттық туралы көзқарастары демократиялық дүниетанымдарымен байланыста өрбіді. Қазақ зиялылары қазақ қоғамында таптық жікке бөлушілік жоқ деп есептеді. Бұл адам мәнділігінің тереңімен астасып жатады. Негізгі, басты мақсаты мен мұраты егеменді қазақ ұлтының мемлекетін құру болды. Ақырында Әлихан Бөкейханның саяси-әлеуметтік және философиялық ойлары теориялық негіз болған Алашорда мемлекеті құрылды. Бірақ қазақ халқы осы еркіндікпен кең тыныстай алмады. Тәуелсіздіктің дәмін тұшынбады да.

Сол кезеңнің аласапыранында тәуелсіздік тұншықты. Ол жөнінде ағылшын ғалымы Р. Конквест: «Демократиялық және автономиялық республика құруға тырысқан қазақтардың ықпалды ұлтшыл ұйымы 1917 жылдың 5–13 желтоқсанында Орынборда өткен съезде «Алашорда» атты үкіметін құрды. 1918 жылғы 17 қаңтарда большевиктер әскерлері қалаға басып кірді, сонымен тәуелсіз қазақ мемлекеті қысқа ғана өмір сүрді» [81, 151 б.] – деп жазды.

Осылайша Алашорда өкіметі талқандалып, еркіндік жарияланғанымен, ғұмыры қысқа ғана болды. Кеңес өкіметі орнады. «Ақтар да», «қызылдар да» қазақ халқының тәуелсіз мемлекет болуын қаламады. Неше түрлі демографиялық апаттар мен аштықты қолдан жасады. Зиялы қауымының көзін құртып, сол арқылы ой-өрісін тарылтып, тілін кесіп, тұншықтырып отырды. Тұрмыс-тіршілігінің шайқалып, жойылуымен қатар, өзі үшін адамдықпен бара бар нәрсе деп түсінетін, өз бітім-болмысын қалап, өзі анықтайтын күйден мүлдем айырылады. Өзіндік әлемге деген, өзара адамға деген өзгеше бір қатынас, бүкіл өмірді, әлемді өзгеше түйсіну, онымен өзгеше бір үйлесу жарық дүниеден кетеді. Ол дүниесіз қазақ деп аталатын осындай дүниені құрғандардың әлемі болмайды. Мұстафа Шоқай болсын, Әлихан Бөкейхан болсын халқының еркіндігі мен тәуелсіздігі жолында барлық саналы ғұмырын сарп етті. Канттың ой-тұжырымындағы адамгершілік, оған сай іс-әрекеттен міндетті түрде сыртқы нәтижелерді күтпейді, ол іс-әрекеттің өзі ғана сай болуы қажет деген пікірін Қ.Әбішев адамгершілік өлшемі жайлы оймен сабақтастырады. Отанды, от басыңды, өз абыройыңды қорғауың міндет, бірақ қорғай алдың ба, ол адамгершіліктік бағалаудың өлшемі емес, өйткені өлшем сол үшін барлық мүмкін нәрсені істеу.

Прогресшіл ойшылдар бір ұлтқа екінші бір ұлттың үстемдігі, бүтін бір халықты екінші бір халық қанап-тонап билік жүргізуіне әрқашан өзінің көзқарасын білдіріп отырған. Әділетсіздік пен зұлымдықтарды көздерімен көрген, Қазақ сахарасында қазақ халқының арасында ұзақ жылдар бойы ғылыми-зерттеулер жүргізген Г.Н. Потаниннің саяси жолындағы бізге жылы көрінетін негізгі пікірі: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп

ұлттан құралған Россияны бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Россия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек» [20, 266 б.] – дейді. Г.Н. Потанин үлкен адамгершілікті, нағыз зиялылық тұрғысынан ұлттың азаттығын жақтады. Потанин жайлы, қазақты туғанындай жылы көрген, бишарасың деп қорған болған, өз ғұмырында қылған жұмысы, жүріп-тұрған мінезі анық әулиенің ісіндей деп бағалайды. Қазақ ұлтының атынан, орыстың прогресшіл, алдыңғы қатарлы ойшылдарының қазақ халқы тағдыры жайлы құнды пікірлеріне баспасөз бетінде алғыс айтты. Осылайша, үлкен адамгершілікті, ізгілікті мұраттардың адамзат үшін ортақтығын зерделейді.

Қазақтың кім екенін, оның рухани дүниесін зерттеген, озық ойлы азаматтарымен шығармашылық қарым-қатынаста болған Г. Потаниннің қазақ халқының болашағына, бостандығына тілектес дос көңілден шыққан жылы лебізі ұлы достықтың белгісі. «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы-Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа сонда білер еді-ау» деуші еді [20, 68 б.] Сол арман бүгінгі таңда шындыққа айналды.

Өзіне тән қоғамдық қатынастары орныққан, тұрмыс-тіршілігі, рухани әлемі өзгеше дамудағы қазақтарға, пролетариаты жоқ елге, сол пролетариаттың диктатурасы керек пе еді? Осы мәселе жайында кеңестік идеологияның қате кемшіліктеріне ғылыми тұрғыдан дәлелді сыни пікірлерді елімізден жырақта өмір сүрген қазақ халқының ойшылы М. Шоқай айта алды. Большевиктердің Түркістанда орыс үстемдігінің екінші дәуірін бастағанын, Ресейдің орыстандыру саясатынан іс жүзінде еш өзгешілігі жоқ қулық-сұмдықтарын Лениннің «социализм», «интернационализм» негіздеріне сәйкестендіру үшін большевиктер бір жаңа формула ойлап шығарды. Олар енді «түрі ұлттық, мазмұны-пролетарлық» болсын деді. Асылында халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас нәрсе. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айқындалады [75, 173 б.]. Түрі ұлттық мазмұны социалистік

деп аталған формулаға сәйкес келмеген әдебиет, өнер туындарына қатал партиялық бақылау қойылып, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров сынды халқымыздың асыл ұлдары түрмелерге жабылып, ақырында социализмнің құрбанына айналды.

Мұстафа Шоқай тіл мәселесі жөнінде оның екінші орынға ығыстыратынын көрсете келіп, орыстың Пушкин, Тургенев, Толстойлар жасаған «ұлы орыс тіліне» Ленин өзі ғана табынып қоймай, оған барлық большевиктерді де бас игізді дейді. Пушкин дворяндар тобына жатса, Тургенев капиталистерге, Толстой асқан бай «граф» еді. Олар жасаған ұлы әдебиеттің іші де, сырты да ұлттық болды. Онда пролетариаттың иісі де жоқ... Ал біздің халқымыз өзінің Ахмет Байтұрсыны мен Шолпандарын оқи алмай отыр. Бұл революция біздің халқымыздың дамуындағы прогресті бір ғасырға шегерді.

Ұлттық зиялылардың бірегейі, қазақ халқының дарынды біртуар ақыны, ойшылы **Мағжан Жұмабайұлы** шығармашылығының өзекті мәселесі халқының азаттығы мен тәуелсіздігі, адам еркіндігі болды. Мағжан философ-ақын. Өзіне тән философиялық ойларын поэзия түрінде өрнектеген шығармашыл тұлға. Халқымыздың ұлттық философиясында өзінің ойлау машығы ерекше, поэзия әлемі мен терең ойды ұштастырған Мағжан, әрі шебер аудармашылығымен өзіне тәнті еткені ақиқат. Ойшыл адамтану ғылымына өзінің «Педагогика» атты ғылыми еңбегі арқылы үлес қосты. «Өз елін сүйсін дегеннен – адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға тек қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды. Бұлай болса жер қанға тұншығып, бұзақылық белең алып, жауыздық өрлеп, жер жүзінде тыныш тұрмыс болмас еді... Жер жүзіндегі адам адамды сүймек. Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез» [82, 143 б.] деп жалпыадамзаттық адамгершілікті ізгіліктер жайында гуманистік көзқарастарын айшықтайды. Мағжанның әлеуметтік-философиялық көзқарастарының қалыптасуына сол кезеңдегі қоғамдық қайшылықтар ықпал етті. Қазақ қоғамындағы зор өзгерістер оның поэзиясында көрініс тапты. Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы атанған Мағжан Жұмабаевтың еркін шығармашылықпен айналысуға тынысы

тарыла бастаған кездегі экзистенциалдық сарындағы философиялық ойларын поэзия тілінде былай деп өрнектейді:

*Әлдеқайдан шу шықты,
Қып-қызыл қан – ту шықты,
Жердің жүзін түн басты.
Шегір көзді сары шаш,
Бәрі тырдай жалаңаш,
Жан-жағымды жын басты.*

Қанмен боялған большевиктердің қызыл туын меңзейді. Кеңестік биліктің келуін қазақ зиялылары әртүрлі көңіл күйде қабылдады. Жарқын болашаққа жол ашылды деп сеніп, соны жырлады. Жарық күн туды, бостандық, азаттық таңы атты деп жырлаған жаңа өмір, сезімтал ақынға қара түнек түн болып көрінеді.

*Әлденені бөлісіп,
Ыржиысып күлісіп,
Ән жер, мін жер жалт та жұрт.
Жел ұлиды өкіріп.
Жындар жалп-жалп секіріп...
Қара жолдан сүрлеу жоқ.
Артымда елім бар еді,
Алдымда жолым бар еді
Ел де жоқ қазір, жол да жоқ...*

Ақын елінің серкесі. Бұрынғы қазақы қалпын, елін көргісі келеді. Бір бостандық таңы атарынан үміті бар. Соны күтеді.

*Табылар жолың, тарылма,
Жылама жыңға жалынба,
Таң атқанша күн де жоқ [82, 106 б.].*

Жырларымен халқын жұбатады. Азаттық таңа атарына сенеді. Ұлттық намыс пен өрлігін өшірмеуді сұрайды. Өзінің өмірдің мәні деген құндылықтарын жоғалтқан ақын айналасындағы өзгерістің ұлттық мүдделерге жат екендігін

ашық суреттейді. Ақынның жан күйзелісінде қазақ халқының бостандығынан айрылғаны қатты әсер еткенін көреміз. Мағжан сияқты дарабоз ақын үшін еркіндіктің шектелуі өмір сүру мәнділігін жойғанмен бірдей еді.

Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1938) мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы, түркітанушы ғалым, ақын, аудармашы, ұлт-азаттық қозғалысының көсемдерінің бірі. 1905 жылғы оқиғалар Ахмет Байтұрсынұлының саяси көзқарастарының қалыптастырды. Ол өз халқының жоғын түгендеп, мұң-мұқтажын түсініп қазақ зиялыларымен бірге Империяның отарлық саясатына қарсы саяси күреске белсене араласады. Олар 1905 жылы Санкт-Петербургта петиция жолдады. Онда: дінге қысым жасамау, қазақша мектептер ашу, Орталық Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату, «Даланы басқару Ережесіне» өзгертулер енгізу, іс-қағаздарын қазақша жүргізу, қазақ депутаттарының сайлануы туралы мәселелерді қойды.

Осындай талап-тілектерден кейін Ахмет Байтұрсынұлын патша жандармениясы бақылауға алып, ақыры 1909 жылы тұтқындап 1910 жылы Орынбор қаласына жер аударды. Орынбор қаласында өткізген уақыттарын Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылыққа арнады. Оқу-құралдарын жазып, «Маса» атты өлеңдер жинағы мен И. Крыловтың 40 мысалын қазақ тіліне аударды.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің жер туралы және дін туралы ойларын «Қазақ» газетінде жария етті. Қазақты отырықшы қылғанда, христиан дінін де түбінде қабылдасын деп сенат жиылысы ұнатып, жер министрі қабылдады. Жер жұмысына миссионерлік кірігіп тұр. Бірақ осы шоқынып жатқандар сорлылар мен жарлылар. «Үкімет біздің 20 ғасырда көшіп жүргенімізден ұялса, бізге жаман жерді жақсы жер орнына тұтынарлық ғылымын үйретіп, білдіріп алып, қала бол десін. Сонда қала болмасақ, біз үшін ұялсын. Оны істемеген үкімет өзінің істемегенінен ұялмаса, қазақ көшіп жүруінен ұялатын жөні жоқ. Қазақ көшіп жүрсе, еріккеннен көшіп жүрген жоқ, мал баққаннан көшіп жүр» [83, 65 б.] дейді. Сенаттың айттып отырғаны, егер қазақ кедейленсе, еріксіз мұжық қолына телмірсе, ол христиан дінін тезірек қабылдайды дейді. Олай

болса, қазақ басқалардың қолына телміртіп қарамау үшін оқу, өнер, кәсіп үйрен дейді.

Ұлт намысын оятып, жігерін қайрап: «Халық өз тағдырын өзі жасайды. Жұрттың тірлік күйде, я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады» [83, 65 б.] дейді. Намысың мен жігеріңді қайрамасаң құлшылықта болудың өзі сенің еркінде болады. Ол сенің таңдау еркіндігің. Ел боламын десең, бесігіңді түзе деген сөз жәй айтыла салмаған. Ахмет Байтұрсынұлы халықты ағарту жағын алдыңғы қатардағы мәселелер ретінде қойды. Қазақ қоғамындағы ауыл мектебі, ел ішіндегі орыс школасы. Орыс школдары екі класты школдар. Оны бітіргендер ілгері оқымаса шала болып қалады. Ал ауыл мектебінің халыққа жақын болуы бала ана тілінде білім үйренуінде. Бірінші, бастауыш мектептен оқығанда қазақша толық хат білетін жағын көздеуіміз керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек [83, 66 б.]. Ахмет Байтұрсынұлы көрсеткен осы жол өзінің дұрыстығын жүз жылдық қазақ халқының білім беру саласында алдымен сол ұлттың тілі, ділі, дінін өшірмеу үшін баланың тілі ана тілінде шығып, алғашқы білім көздерінен ана тілінде сусындауы керектігі дәлелденді де. Кеңестік Одақтың дәуірлеп тұрған шақтарында да қазақтың ауыл мектебін бітірген қаншама ғұлама-ғалымдарымыз, жазушыларымыз орыс тілін меңгергені сонша ол тіл ана тілімізді ығыстырып, сол XX ғасыр басындағы тіл туралы, білім берудің жолдары туралы мәселе ХХІ ғасырда сол қалпында қызу айтыстар тудырып отыр. «Қазақстандық демократия ұлттық мұратты жақтай ма?» – деп мәселе көтере отырып, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, философ А. Айталы көпұлтты мемлекеттерде демократиялық үрдістердің даму үдерістерінің әртүрлі, соған орай тілдердің қоғамдағы қызметтері де әртүрлі болатындығын бес түрге бөліп түсіндіреді. Мемлекетте кіндік ұлтпен қатар сана сезімі оянған басқа да ұлттар мен ұлыстардың болуы. Ұлттық мақсаттағы іс-қимылдарға, әсіресе билік, білім, мәдениет саласында, басқа ұлттар қарсылық білдіріп, демократиялық принциптерді ұлттық жанжалдарға айналдыруға дейін апаруы мүмкін. Демократиялық үрдістер өте күрделі жағдайларда өріс алады. Бұл Қазақстан сияқты көп ұлт өкілдері тұратын мемлекеттердің

тағдыры. Ал, Қазақстан жері бір ғана ұлттың – қазақтардың жұрты. Бүгінгі қазақстандық демократия таңдаудан гөрі тануға бейімдірек, осыдан да болар, ұлтымызды ұлт ететін құндылықтарға мән беріле бермейді [84, 52–54 бб.] – деп жазды.

Бірақ өкінішке орай, Ұлы Империялар басқа ұлттарды өзіне бағындырып, үстемдігін жүргізу үшін алдымен тілін, одан соң дінін жоюды көздеді. Ол солай болды да. Араб әрпін латынға, одан кириллицаға ауыстырған кезде, алдыңғы ұрпақ жазып қалдырған қаншама рухани қазына, келесі ұрпаққа жетпей, жаттанды. Ахмет Байтұрсынұлы осы екі мектептің де кемшілік жағын көрсетіп, қазақша оқытатын мектепте құрал да, тәртіп те, мөлшер де, жоспар да жоқ болса, керісінше орысша оқытатын мектепте бәрі бар. Бірақ осы орысша оқытатын мектептің барлық жақсылығынан, бірақ нәрсе, оның «қазақты орысқа аударамыз» дегені бәрін бүлдіріп отыр деген болатын. Осы кезге дейін араб әріпін қолданып келген қазаққа, енді латын әріпін енгіземіз дегенге, араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, ол дін жоғалмай жоғалмайды. Сол тілде, сол жазумен кітап, газет, журнал шығады. Олай болса қазақтың тілі жоғалуы мүмкін емес екендігін айтып кеткен.

1911 жылы Орынборда «Маса» атты өлеңдер және аударма мысалдар жинағын бастырып шығарды. Бұл өлеңдер жинағы негізінен Ахмет Байтұрсынұлының басқа жұрттар ілгері кеткенде қалың ұйқыдағы халқын ояту үшін жолдауы түрінде жазылған:

*Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса...
Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса...?*

– қазақтың санасын оятып, бейғамдықтан шығаруды көздейді:

*Қайырсыз неше сараң байлар да бар,
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмтылып талап ойлап талпынбаған.*

Қазақ қоғамының тіршілігінің нағыз суреттемесін береді де талап ойламайтындардың көптігін айтып ары қарай:

*Солардың қатарында бізде жүрміз
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған,
Не пайда өнеріңнен, біліміңнен,
Туісті жерлеріне сарп қылмаған?! [83, 6 б.]*

– деп қазақтың оқығандарының көбі, шен-шекпен мен атақ қуып, үкіметке қызмет еткеніне мәз болып жүргеніне көңілі толмайды. Қазақта түк «қасиет» қалмады, байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрт қамын ойлайтұғын адам азайды. Бар бітім-болмысымен замандастарының заман ағымының көлеңкелі жақтарымен ілбip бара жатқанына налиды. Бар күш-жігерін халықты ағарту ісіне жұмсап, ұлттық тілдің сақталуы мен жаңғыруына зор үлес қосты. Қазақтың алты бақан алауыздығын, талай ойшыл, ақын-жыраулар қозғаған көптен сіңген дерт болғанын айта келе:

*Бейне бір құдіретті сынағандай,
«Сақтар деп сақтар болса» сертпен жүрдік.
Жат жақты жаратқанға күзеттіріп
Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік [83, 7 б.]*

– деп қазақ елінің шекарасын «Аллаға» тапсырып отырғанын баса көрсетеді. Бұл біздің діліміздегі сенгіштігіміз, ақкөңілдігіміздің кесірлі жақтары. Кейде аузымыздағыны жырып бере салатын жомарттығымыздың өзіміздің түпкі игіліктерімізге зияны тиіп жататын тұстары аз емес. Соның салдарынан жеріміздің шетін жат жұрттықтар иемденіп, қалаған нулы-сулы жерімізге жайбарақат орналаса бастады. Алаш көшбасшылары осыған байланысты қамсыздыққа, салғырттыққа алаңдаушылық білдіреді. Мемлекеттің шекараларын бекіту туралы ой қозғайды. Ел ішіндегі ағайын арасындағы ұсақ-түйек араздықтармен айналысып жатқанда, жерлеріне көршілері қамалдар тұрғызып жатты. Елдің осындай жым-жырт қалпын бала ұйықтайды жастықпен, бай ұйықтайды мастықпен, шалап ішкен кедей де мас, сонда бұл жұрт қалай оңады дей келе:

Ұйқышыл жұртты
Түксиген мұртты
Обыр обып сарып тұр
Түн етіп күнін,
Көрсетіп мінін,
Оятқызбай қорып тұр
Обыр болса қамқорың
Қайнағаны сол сорың! [83, 11 б.].

Тойымсыз көршіні «обырға» теңейді. Мешкей деген жақсы ат емес дегендей, адамзаттың философиялық мәңгілік мәселелерінің бірі осы нәпсіні тыю. Империялық ашылған аран, оның тойымсыздығы «обыр обып сорып тұр» деген теңеумен көрсетеді. Осындай кезеңде қазақ жерін біртіндеп бейбіт жолмен жаулаған Ресей Империясы қазақтың мал-мүлкін, қымбат аң терілерін тонап жатқан кезең еді. Ұлттық мемлекеттіліктің барлық мәселесін жан-жақты қамтып ұйқыдағы елді серпілуге шақырған. Ахмет Байтұрсынұлын патша жандармериясы дүркін-дүркін түрмеге жауып отырған. Тұтқында отырып «Аллаға», «Хаққа» жалбарынып, аруақтарға сиынады. Ойшыл дүниетанымының терең тамырлары исламдық құндылықтармен қатар тәңіршілдікпен тұтасып жатқандығын байқаймыз.

Адасқанын алаштың,
Түзу жолға түсір хақ!
Тұтқын болып тарығып
Жалғыз жатып зарығып,
Ашу қысып ойды алып,
Өрт жайылып, бойды алып
Дерт жүрекке толған шақ
Қатты айтты деп кектемей
Сиынганды тек демей,
Он екі имам әулие
Жиырма сегіз әмбие
Қолда өңшең аруақ! [83, 13 б.].

– деп түрмеде қамалып отырса да, бүкіл ақыл-ойымен халқына тілек тілейді. Оның рухы халқымен бірге болды. «Хақ» деп бір Аллаға сиынса, қолда өңшең «аруақ» деп қазақтардың ата-баба дәстүріндегі «әулие», «әмбиеге» табыну содан медет тілеу де бар. Ұлттық азаттықты өз еркіндігі шектеліп қамауда болғанмен, рухы мен жан жүрегі арқылы тілейді.

Ұлттық рухты ояту мақсатында «Оян, қазақ!» деп ұран тастап халқының жерден, діннен айрылып бодандық құрсаудағы халден қайтсем құтқарамын деп соған өзіндік үн қосқан Алаш ардагері **Міржақып Дулатов** болды. Ойшылдың ағартушылық көзқарастары жалпыадамзаттық пайдалы еңбек пен ғылым-білімге үндеу болды. Әуелі мұсылманша ғылымдарды оқып үйреніп дінді тануды, екінші жер мен малға ие болып, басқалардан қорлық көрмеу үшін орысша оқып өнерін үйренуге шақырды. Оның мақалаларының аты айтып тұрғандай «Қайтсек жұрт боламыз?» осы елдігіміз бен жұрттығымызды, тіліміз бен дінімізді сақтау үшін мемлекет пен автономия құру керектігін бірінші орынға қойды. «Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз, қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде» [85, 263–264 бб.]. Бұл айтылғандардан сол кездері әлі де қазақтардың еркіндігі бар екенін аңғарамыз. Халқымыздың өсіп-өркендеуі үшін ол қазыналардың маңызы өте зор. Дегенмен қазіргі күні халқымыздың тарихи қалыптасқан этикалық-адамгершілікті қарым-қатынас, имандылық бағытындағы дәстүрлеріміздің жұтаңдауы сезіледі. Бұл жалпы ақпараттық қоғамда болатын құбылыс, өйткені ХХІ ғасырдың басында әлемде болып жатқан іргелі экономикалық, саяси-әлеуметтік өзгерістер адам өмірінің барлық салаларына өз әсерін тигізді. Әсіресе посткеңестік мемлекеттерде, мысалы Қазақстанда болған мұндай өзгерістер бұл мемлекеттің азаматтарының тіршілігінде негізгі әлеуметтік кепілдіктерден айрылумен байланысты болғаны белгілі.

Қазіргі қоғамның ерекшелігін түсініп, дүниетанымдық бағдарларды анықтап алу керек. Дағдарыстан жаңа қоғамға өту үшін барлық өткен тарих беттеріне объективті үңіле отырып, оның тек адамның құндылығын, еркіндігін жоғары қоятын, оның бостандығын, құқықтарын сақтайтын, мәртебесін бағалайтын негізгі идеялар мен ұстындарды іріктеп алып,

алға жылжу керек. Аристотельдің: «Ізгіліктерді пайдалана білмеу масқаралық болса, олармен бос уақытта пайдалана білмеу, қолдары бос болмай соғысып жатқанда ержүрек болып көрініп, бейбітшілік орнағанда құлдарға ұсқаудың өзі одан да бетер масқаралық» [86, 19 б.]. – деген ойлары қазіргі кезеңдегі еліміздің азаматтары тәуелсіздіктерін қандай игілікті істерге жұмсап жатқандығы жайында ойлануға итермелейді. Еркіндіктерімізді қалай пайдаланып жүрміз деген өмірлік мән мен мағынаға ие сауал тастап тұрғандай. Ал қазақ халқының рухани мұрасы, қазақ даласынан шыққан ұлы тұлғалардың идеяларынан аларымыз жетерлік.

Еркіндік адамның болмыстық іргелі анықтамасына жатады. Кез келген адам, кез келген дін, барлық ірі философиялық жүйелер еркіндікті өте жоғары қояды. Ол – адамның бірден-бір терең құндылықтарының бірі [87, 74 б.]. Солай болғандықтан да адам өз өмірін еркіндік үшін құрбан етуге дайын. Біздің қарастырған кезеңдердегі қазақ ойшылақтарының, жырауларының елдің бостандығы мен тәуелсіздігінен әр адамның жеке еркіндігін көргенін олардың шығармашылықтарына талдау жасау барысында көз жеткіздік.

Еркіндік – адамның өзіндік «Менін», өз өмірінің мәнін, өмірлік мақсатын таңдай білу және жүзеге асыру мүмкіндігі. Абсолюттік еркіндік болуы мүмкін емес деп ойлаймыз, еркіндік тек салыстырмалы. Себебі еркіндік қадам басқан сайын тәуелділікпен бетпе-бет кездесіп отырады. Ол табиғат пен қоғам, басқа адамдар тарапынан болатын сыртқы кедергілер және адамның өзінің жігерсіздігі, рухының төмендігі, ақылының аздығы секілді ішкі кедергілер болуы мүмкін. Тәуелділік жолы жеңіл де түсінікті. Еркіндік жолы болса, адам үшін ең қиын, ең азапты жол. Еркіндікке адам талай талпыныс, адасудан кейін жетеді. Ең бастысы – осы жолдан таймау, ол түбінде адам болуға, яғни мәнді өмір сүруге әкеледі [88, 92 б.]. Қазақстанның дербес мемлекет болып, тәуелсіздіктің туын тіккенге дейінгі тарихы осының дәлелі болып табылады. Осы жолда қаншама қиындықтар, қан-төгістер кездесті. Ал қазіргі күні осы мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды ету үшін шынайы демократия мен руханилыққа негізделген еркіндіктің көмегімен кемелденуге жетуді көздеп, алға жылжу қажет. «Ұлттық тәуелсіздік – қоғамдағы демократиялық

принциптердің орнығуы мен халықтың рухани жаңаруының іргетасы болса, демократия мен рухани жаңару – елдің саяси және экономикалық тәуелсіздігін баянды етудің басты құралы» [89, 57 б.]. Демократиялық жүйенің басты принциптеріне – адам құқыларының сақталуы, оның бостандығы, шығармашылық еркіндігі жататыны белгілі. Адам еркін болмаған жағдайда демократия болуы мүмкін емес. Адам құқығы сақталмаған жағдайда ол еркін де емес. Сондықтан бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірін толықтырушы ұғымдар болып табылады.

Ал адам мен қоғам тікелей байланысты болғандықтан, адамсыз қоғам, қоғамсыз адам болмайтындықтан, қоғамда адамның еркін болуы, сол қоғамның еркін дамуын білдіретінін Алаш қайраткерлері түсініп, барлық қызметтерін осы идеяның жүзеге асырылуына бағыштаған. Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның ХХ ғасырдың басында айтқан мына сөздері: «Жұрт жұмысын халық бәрі қыла ма? Қай жұртта болса халықты бастап алып жарыққа тартып шығарып жүрген саны аз, білімі мол жұрт жігіті емес пе? Бұлай болғанда қазақ жұртының шырақ алып, түзу жолға бастаған жігіттері қайда? Бұлар бас қосатын болса, бұған жар салатын заман осы заман... Болатын бас қосудан қашпаймын, болмайтын бас қосуға арам тер болмаймын. Тірі болсам хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» – нағыз ұлтын қалтқысыз сүйген ердің жүрек жарды ойлары қазіргі кезең ерлері үшін де өзінің өзектілігімен мәнді [20, 114 б.]. Қазақ зиялыларының идеялары, олардың арман-тілектері қазіргі күні жүзеге асырылып жатыр. Ол идеялар қазіргі біздің демократиялық қоғам құрудың негізгі принциптерімен сабақтастығын көрсетеді. Алаш қайраткерлерінің армандаған Ұлттық Автономиясы Қазақ елінде орнады. Енді азат, тәуелсіз қазақ ұлты өз еркіндігін алған тұста оның алдағы тағдыры өз қолында.

Ендігі міндет – осы идеялардың өзектілігін жоғалтпай, сол мұраттарға сәйкес бола отырып, жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, тәуелсіз елдің әрбір азаматы еркін дамуға құқылы болатын мемлекеттілігімізді сақтап, болашақ ұрпақтарға жарқын өмірді тарту ету.

3. XX ҒАСЫРДАҒЫ ЕРКІНДІК ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚАЙШЫЛЫҚТЫ СИПАТТАРЫ

3.1. Тоталитарлық жүйе дәуіріндегі идеологияланған құндылықтардың ерекшеліктері

Қазақ философиясының кеңестік кезеңдегі даму барысы социализмнің алғашқы жылдарындағы жазалау мен қудалауға ұшыраған көрнекті қайраткерлердің шығармашылығымен өрнектеледі. Олардың философиялық еңбектері Қазақстандағы халық өмірінің алуан түрлі мәселелеріне арналған қоғамдық ойларды құрады. Қазақ философиясы, рухани ой кешу үрдістері социализм жеңісінің бағыты мен социалистік сана ны қалыптастыру жолына түсті. Қазақ халқы өзінің мәдени-рухани, дәстүрлі ерекшелігі мен өзіндік болмысынан ажыратылды. Жаппай диалектикалық тарихи материализм үстемдік құрды.

Тоталитарлық кеңестік кезеңнің өзіндік социалистік идеясының әсерін зерделеу, ол жүйелердің философиялық қырларын ашып көрсету, халқымыздың руханиятының дамуына кері әсері мен оңды іздерін саралау еліміз еркіндікке қол жеткізген уақытта мүмкін болып отыр. Отаршыл саясат ұстанған жүйе қазақ елін егемендігінен айырған кезде, құлдық сана қалыптастырып, ұлтымызды рухани құлдыратты. Социализм идеясының басты ұраны: «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер», деп басталады. Олардың мақсаты қоғамды қарама-қарсы таптарға бөліп, сол таптар күресі арқылы революциялық төңкерістер жасап пролетариат диктатурасын орнату еді. Коммунизм мен социализм ілімінен алынған идеяларды қазақ қоғамына күштеп таңды.

Ресейлік, кейінгі Кеңестік империялар қазақ халқының басқа халықтар сияқты мәдени өзгешелігінен, тәуелсіздігінен қаншалықты ажыратуға ұмтылса да, шын мағынасында әлсірете де, толық жойып жібере алған жоқ. Дегенмен қандай жолды

бірден-бір құндылық деп таңдаса да, ондай құндылықтардың ар жағында жататын, бүкіл адам баласына тән түпкілікті құндылық – ол еркіндік. Тіпті құлшылықтың өзін адамдар таңдайтын болса, ол да сол еркіндіктің салдары. Онсыз ешбір таңдау болмас еді. Тәуелсіздік үшін күрес дегеніміздің өзі де осы түпкі құндылыққа ұмтылыстың көрінісі. ХХ ғасыр басындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық түбегейлі демократиялық өзгерістер адамзаттың тарихында жаңа диалектикалық даму үдерісін тудырғаны белгілі. «Кеңес Одағында жаңа тапсыз қоғам орнату, адамзаттың тағдырының жұмбағын шешуге бағытталған бүкіл әлемдік, әлеуметтік-саяси тәжірибелер, жобалар жасалынып, олар «социализм» деген атпен практикалық түрде жүзеге асырыла бастады, осы идеяның қаншама миллиондаған жандарды осы процестің жолына құрбандыққа шалды» – дейді академик Ә. Нысанбаев пен Т. Әбжанов [90, 141 б.].

Кеңестер Одағындағы көшпенділер өркениетінің құндылықтық-дүниетанымдық дамуы жайлы ой шолу біздің философиялық әдебиетте әлі де өз зерттеушілерін күтуде. Қазіргі Қазақстандағы рухани әлемнің қалыптасуы мен адамдарда өмірлік құндылықтар қалыптасуы жайлы әлі байыпталмаған мәселелер баршылық. Кеңес өкіметі орнаған соң көшпелілердің рухани құндылықтары тоталитарлық жүйенің толық идеологияландырылған жалған құндылықтарымен алмастырылды. Қалыптасқан экономикасы негізінен мал шаруашылығымен айналысқан елді колхоздар мен совхоздарға күштеп біріктірді. Далалық демократиясы қалыптасқан қоғамнан тоталитарлық жүйеге негізделген социалистік қоғам орнатты. Социалистік қоғамда ең бастысы адамның субъектілік өзгеруі болды. Бұл жердегі тереңнен біліне бермейтін дүниетанымдық тұрғыдағы өзгерістер әрине құндылықтарды рухани қайта бағалау. Ұлы Абайды толғандырған, шырамашылығына арқау болған қазағының рухани даму мәселесі кеңестік кезеңде де, қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да өзектілігін жойған жоқ. Адамзаттың өсіп-өркендеуінің, жетілуінің, рух әлемінің мәңгіліктігін көрсетеді.

Өздерінің нені бағалы деп, нені дәріптеп, құндылыққа балап жүрген жүйесі өзгеруімен бірге жеке адам да субь-

ект ретінде елеулі өзгеріске түседі. Басқа сапаға өтіп, соған сеніп, соны қадір тұтады. Қазақ халқының да субъект ретінде өзгеріске ұшырауы осы кеңестік кезең болды. Бұл жерде өмір сүрудің мән-мағынасы болып саналатын құндылықтардың өзгеруі субъект ретіндегі жеке адамдар басқа бір сапаға өзгеріп, соған сеніп, соны тұтады. Н.Р. Мұсаева руханилықты мақсатты мағыналы іс-әрекеттің түп негізі дей отырып, оның түпкі мақсатын адамның өзін жетілдіру ғана емес, сонымен қатар өзіне тән, өз болмысында мүлгіген мәндік, мағыналық мүмкіндіктерін жетілдіру екеніне тоқталады. Адамның біртұтастыққа, яғни сан қырлы қасиеттерге көтерілуі оның өзін өзі жетілдірумен тікелей байланысты. Бүгінгі даму дегеніміз – өткен кезеңдердің тәжірибесі. Адамдар өз бойына шамасы келгенше өткен кезеңдер тәжірибесін жинақтап, сұрыптап, оның рухын өз бойына сіңіруге тырысады [91]. Халқымыздың рухани әлемі өзінің өткені арқылы тамырын жайып содан нәр алды. Ондай мәдениеттің тұңғығына бойлап, оның мән-мазмұнын түйсініп-түсіну адамның рухани өсуіне әсер етеді.

Қазақстанда ұзақ жылдар бойына күштеу идеологиясының үстемдік етуіне байланысты құндылықтық-бағдарлы және реттеуші-тәрбиелік комплекстер этникалық субъектілердің өмір сүру мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіншілік бермеді [92]. Иә, батырлық пен батылдық, ерлік пен қаһармандықтың небір үлгісін жасаған, эпостар қалдырған ұлттың рухын басып жаныштаған қандай күш деген сұрақ туады. Кеңес Одағы ыдырағаннан соңғы кезеңде ғана руханиятымызды қайта қарастыру мүмкін болды. Кеңестік философияны қайта жаңғыртып, оның негіздеріне ғылыми тұрғыдан талдаулар жасалынды. Мысалы, Д. Кішібеков Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының менталитетіндегі өзгерістерге былайша тоқталады:

1) 20 жылдардың аяғында мыңдаған жылдық көшпелі тұрмыстан күрт өзгеріске ұшырап, отырықшылыққа көшті. Бұл оңай болған жоқ. Елдің үрдісі, дағдысы, өмір сүру тәсілі өзгерді.

2) Өндіріс құрал саймандарына жеке меншік жойылып, қоғамдық меншік үстемдік құрды, мемлекеттік, қоғамдық меншікті көздің қарашығындай қорғау қажеттігі қатал әрі ауыр

заңдар арқылы халық санасына сіңірілді. 1932 жылғы 7 тамызда қабылданған. 1946 жылғы ауыл шаруашылық артелінің Уставын бұзушылыққа қарсы қабылданған заңдар осының дәлелі. Бұл заңдармен мыңдаған адамдар қоғамдық, мемлекеттік меншікке қол сұққаны үшін сотталып, тіпті ату жазасына бұйырылды. [93]. Адам тағдыры, оның еркіндігі өресек түрде бұзылғандығын осы бір фактілерден көреміз.

Кеңестік идеологияның қазақ қоғамының дамуына кері әсері туралы ұлттық зиялыларымыз Қазан төңкерісінен кейін ақ өздерінің көзқарастарын ашық түрде айта бастады. Алаш көшбасшылары Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын ұлтымыздың қазан төңкерісінен кейінгі жердегі тағдыры, тәуелсіздігі туралы мәселені теориялық тұрғыдан қайта қарастырды. Өйткені, большевиктердің түпкі мақсаты мен қазақ зиялыларының ұлт-азаттық мүдделері бір-бірімен ымыраға келмейтін еді. Қ. Бейсембиев өзінің зерттеулерінде: Қазақ ұлтшылдары большевизмге қарсы қандай аргументтерді қойды? Олар қазан революциясын қалай бағалады? деп сұрақ қоя отырып, өзі соған былай деп жауап береді: «Әрине олар Ресейдегі социалистік революцияны бір қоғамдық құрылыстың басқамен ауысуы емес, әлеуметтік-экономикалық прогрестің жарқын көрінісі деп қарамай, бүтіндей орыс мемлекеті мен орыс халқының жайылуының көрінісі деп есептеді» [94]. Бұндай тұжырымдама кеңестік философияның буржуазияшыл-ұлтшылдық көзқарастар мен дүниетанымды сынға алу болатын. Жұмыстың зерттеу әдісі партиялық сын тұрғысынан, таптық көзқарастар аясында жүргізілгендіктен ондағы шындықты көрсету мүмкін болмады. Бірақ, бұл зерттеу социализм тұсында қазақ зиялыларының ұлтты бақытты өмірге, әділетті қоғам орнатуға, тәуелсіздігін қамтамасыз ету жайындағы идеяларымен көзі қарақты оқырманға танысуға мүмкіндік жасады. Кеңестік кезеңде «алаш» деген сөздің өзін айтуға тыйым салынып, халық жадынан өшіруге тырысты. Ұлттың еркіндігі жолындағы күрескер М. Шоқай өзінің Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары жайлы мақаласында «Ресейдегі патша үкіметінің құлағанына қуанған едік» – дейді. Алайда біздің бақытымызға қарсы,

басқа бір Ресей – большевиктік Ресей – кеңестік Ресей пайда болды. ...Атамекеніміздің патшалық Ресейдің отарынан кеңестік Ресейдің отарына айналдырылды. Осы Түркістандағы қозғалысқа ғылыми тұрғыдан дәл сараптамалар жасаған да М. Шоқай болды. «Кеңес үкіметінің орыс емес өлкелерде жүргізіп жатқан ұлт саясатына мұқият назар аударыңызшы, сонда сіз бұл өлке халықтарының орыстарға қарсы көтерілмеуден басқа амалы қалмай отырғанына көз жеткізе аласыз... Түркістандықтар көтерілмей тұрмайды. Өйткені олардың ұлттық намысы әлі өлген жоқ [75]. Тәуелсіздік пен бостандық жолындағы күрес арқылы ғана сол кездегі тығырықтан шығудың көзін көрсетіп берген болатын. Кеңес үстемдігінің біздің ұлттық идеяларымызға қарсы бағытталғандығын, оның пролетариат диктатурасы түрінде көрінген формасы халқымыздың саяси-әлеуметтік ұғым-түсініктеріне сәйкес келмейтіндігін ашып көрсетті.

Кеңес үкіметінің «әскери коммунизмнен» жаңа экономикалық саясатқа көшуінен соң, оның талаптары мен түркістандықтардың ұлттық мүдделері арасында пайда болған кереғарлықтар Мәскеу үкіметінің Түркістандағы ең жақын жақтарына да белгілі болып қалды. «Әскери коммунизм» аяқталар кезде Мәскеу большевиктерінің Түркістанға біршама саяси, экономикалық бостандық беру жөніндегі «төңкерісшіл уағдаларына» сенетіндер шыға бастаған. Олар өздерінің сол сенім-үміттерімен большевиктер партиясына кіргенін айтатын. Және солай айтуға хақылы да еді. Іс жүзінде жағдай мұндай үміттердің бос елес екенін дәлелдеді. Кеңес үкіметінің жаңа экономикалық саясаты түркістандық отаршылық езгіні бұрынғыдан бетер ауырлата түсті. Түркістанды орыс астығына тәуелді етіп қойған мақта саясаты, Түркістан шаруашылығын Мәскеу үкіметі мүдделеріне құрбан етіп жіберген колхоздар, орыс шаруалары мен Түркістан шаруалары арасындағы экономикалық, мәдени қайшылықтарды тым асқындырып, Түркістанда орыстарды патша заманындағыдан әлденеше есе көбейтіп жіберген мұғажыр саясаты, Түркістандағы мемлекет аппараттарының «ұлттандырылмауы», Түркістанның ұлттық мүдделерін орыс пролетариаты диктатурасының талаптарына сәйкестендіретін большевиктік саясаттың «ұлы

орыс державалық» рухы – міне, осылардың бәрі Түркістандағы «ұлттық большевиктердің» көзін ашты. Ленинизмнің кешегі мүриттері бүгін партияның «сара жолынан» тайып, оппозиция түрінде көріне бастайды.

Түркістан қасіреті жалғасуда. Түркістанның бақытсыздығы сол – большевиктік төңкеріс біздің әлі ұйымдасып үлгермеген балаң кезімізде шарпыды. Орыстың патшалық мекемелері біздің ұлттық дамуымызды тежеп келген болса, большевиктер басқаруы халқымызды ұлттық сезімнен жұрдай етуге, мұндай сезімді көкірегінен біржолата сылып тастауға тырысып отыр [75]. Осылайша М. Шоқай кеңестік жүйенің халқымыздың рухын басып-жаныштап, жоқ етуге тырысып бағып жатқан іс әрекетін объективтік шындық ретінде көрсетті. Ал ұлттық сана-сезімі, белгісі жоғалса онда ол мәңгіртке айналады.

Орыс большевиктерінің саяси мәдениетінің төмендігінен және адамгершілік тұрғысынан да түрік халықтарына көрсеткен озбырлықтары дөрекі түрде өріс алып үстемдікке қол жеткізген болатын. Түркістандағы оқиға елу жылдан кейін Алматыда қайталаңды. Енді Кеңес Үкіметінің үстемдік құрғанына 70 жылдай уақыт өткен соңғы 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының бейбіт түрдегі наразылық шеруіне сол баяғы әдіспен ату, түрмелерге жабу, қудалау сияқты тәсілдер қолдану арқылы жауап берді. Жастардың өз наразылықтарын білдіруі, ендігі жерде ұлттың түбегейлі мүдделеріне жат шешімдермен ымырасыз қарсы екендіктерін ашық жариялауы еді. Кеңестік әміршіл-әкімшіл Үкімет сол баяғы өркөкіректікке басып, ұлттық рухты ескі тәсілдерді қолданып басып жанышты. Алаңға шыққан жастар әрекеті темір құрсаулы елдегі әділетсіздікке әрі қарай төзудің мүмкін еместігін, ұлттық намыс пен рухтың ояу екенін білдіреді. Керек кезінде халқы үшін, ұлтының болашағы үшін жан пидалық, сын сағаттарда сол намыстың күрт оянуы бейсаналық астарларда үнемі жататындығын байқатады. Тоталитарлық-авторитарлық жүйенің этникалық өзгешеліктерді жойып, халықтарды, ұлттарды біртұтас кеңестік социалистік ұлтқа біріктіру идеясының жүзеге аспайтындығын пайымдатқызғаны болатын.

1932 жылы «Яш Түркістанның» №37 санында «Жел-тоқсан естеліктері» атты мақаласында: «1917 жылдың 10 желтоқсанында «Түркістан автономиясын» жариялау кезіндегі Түркістан халқының саяси рухы бірден көтеріліп, Ташкент маңынан қалаға мереке күні 13 желтоқсанда 10 мыңнан астам жігіттер атпен кірді. Жергілікті халықтардың рухын түрік көтерген осы мерекеден большевиктер қатты қорықты. Ташкенттегі митинг салтанатты жағдайда аяқталып жұрт үйлеріне қайта бастады. Қаланың бір топ түрік тұрғындары көне қала жаққа кетіп бара жатқан, митингішілер «Ордадағы» тар көпірдің үстінен енді өте бергенде оқ атылып, пулеметтер сақылдап қоя берді... Қарусыз құр қол халық басы ауған жаққа қашты. Оқиға болған жерде түріктердің ондаған өлігі қалды... Осы күннен бастап орыс большевиктері мен біздің арамызда ашық қанды күрес басталды» – деп еске алады. Түркістанның бақытсыздығы көтерілісшілер ұйымының әлсіздігіне, басшылықтың күшті бір саясатты орталыққа ие бола алмауында еді... Алайда күшті ұйымы, тәжірибелі әскери басшысы болмаған қарусыз халық мұздай қаруланған, кемелді мемлекетке қарсы күрескенде, мұндай күрес немен тынбақ? Осы тарихи құбылыс жайында М. Шоқай кезеңнің тарихи оқиғаларына ғылыми түрде шолу жасай отырып, сол кездегі Ұлыбритания отары Үндістан мен «Кеңес Одағының тәуелсіз Республикалары» арасындағы айырмашылықты көрсетіп талдау жасаған болатын. Осы екі жағдайдағы отар елдегі сөз бостандығы жайындағы мәселені салыстыра отырып зерттеу ақиқатты көрсетіп берді. Большевиктер «отарлық құлдықта» деп санайтын Үндістанның тәуелсіздігі хақында айтар болсақ, шетелдіктермен ашық сөйлесе алады. Ал Кеңес ұлттық республикасындағы туысқан халықтар болса «тәуелсіздік» туралы жұмған ауыздарын ашуы мүмкін емес. Олар тек қана Мәскеуде бекітіліп рұқсат етілген «рухпен» сөйлеуге мәжбүр... Біз «Кеңестік шығыстағы өлкелерді» қызыл отар, яғни «отаршылдық тепкісінде жатқан», отаршыл мемлекетке арзан бағамен шикізат беріп, қымбат бағамен өнеркәсіп товарларын алуға мәжбүр болған мемлекет деп санаймыз. Отарлаушы мемлекетке тән барлық белгілерді біз кеңестік Ресейдің басынан анық көріп отырмыз [75]. Большевиктер өздерінің құйтырқы саясаттарын жан-

жақты ойластырды. Мысалы Қазақстанда ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру, индустрияландыру, тың жерлерді игеру, жастарды екпінді комсомолдық құрылыстарға аттандыру ұрандатқан бастамалардың ішкі астарында орыстандыру жатты. Тың игеру кезінде ішкі Ресейден 1,5 миллион адам әкелінді. Нәтижесінде солтүстік аймағымыз саны мен санасы жағынан ұлтымыздың кемшілік тартқанын көрсетті. Демограф М. Тәтімөвтің тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында жарық көрген «Қазақ әлемі» зерттеуінде нақтылы деректер келтіріле отырылып көрсетілген.

Қазақ халқының философиялық ойы ХХ ғасырдың 30 жылдарында өзінше ой-кешетін ұлы тұлғаларынан айырылуымен байланысты үзіліп қалды. Бұл үдеріс сол кезеңнің саясаты мен биліктің жан-түршігерлік қаталдығымен сипатталады. Ол репрессияға ұшырату мен адамдарды өлтіру түрінде жүргізілді. Қазақ философиялық ойының табиғи-тарихи даму жолының нақ осы кезеңде үзілгендігі туралы О.А. Сегізбаев: «КСРО-да керісінше түсіндіріліп бұрмаланған марксизмнің басқасын қойғанда осы елдің құрамына табиғи-ұлттық айырмашылықтарымен кірген халықтардың философиясын жоғалтуына әкеліп соқты» – деп көрсетті [95, 349].

Философиялық ой айтушылар Мәскеуде ғана болды, ал оған бағынышты шеткері аймақтардағылар тек солардың айтқандарын таратушы, соны тәржімалаушы ғана еді.

Социализм идеясының халқымызға психологиялық тұрғыдан әсерін зерттеуге көптеген ғалымдарымыз ой толғады. Кезеңдегі халқымызды өзіндік-психологиялық және мәдени өзгерістерге жетелеген күрделі әлеуметтік-саяси процесстердің бірі – мәдени революциясы деп жазды Н. Елікбаев. Ғылыми әдебиеттердегі осы мәдени революция туралы көптеген пікірталастармен қатар, ХХ ғасырдың 20–40-шы жылдары болған өзгерістер мен табыстарды түбірінен жоққа шығара алмаймыз. Осы процестің қадамы мен оңды нәтижелері туралы пікірлер жаңаша ойлау мен бағалау кезеңіне дейін жетістік ретінде, зор ықыласпен бағаланып келді. Мәдени революция қоғамның рухани өмірін өзгертуге арналды. Мәдени революцияның жалпы заңдылықтары: адам-

дар санасындағы ескіліктің зиянды қалдықтарын жою және адамгершілікке тәрбиелеу; ғылыми көзқарасты қалыптастыру; қоғам ісіне берілген жаңа халықтық интеллигенцияны өсіріп нығайту; халық ағарту жүйесін социалистік жолмен қайта құру; жалпы халықтың мәдени-техникалық дәрежесін өсіру; социалистік мәдениетті қалыптастыру және дамыту; барлық еңбекші бұқараға мәдениет ошақтарын пайдалануға жол ашу және т. б. мәселелер қамтылды [96].

Бұл аталған шаралардың нәтижесінде қазақтар да Одақтағы жүз шақты ұлттар мен ұлыстар қатарында ағартушылыққа қол жеткізіп, еуропалық ғылым мен білімге сусындады. Бірақ бұл жаңашылдық қоғамдағы ірі өзгерістер халық жадынан өзінің тарихын, дәстүрлерін жоққа шығара отырып жүзеге асырылды. Түрік өркениеті мен мәдениеті жайындағы кез келген ақпараттар мен дереккөздерді кеңестік идеологияның қырағы қорғаушылары жойып отырды. Олар түркі мәдениетінің тарихына теріс көзқарас қалыптастырды. Оның архаикалық түбірлерін «ескіліктің қалдығы» деп тұқыртып ұмыттыруға, қолданыс аясын тарылтуға күштеп көндірді. Өздерінің отарелдерінде бұндай саясат жүргізу әрине «аға халық» үшін болашақта өздерінің артықшылықтары алдында бас игізуді көздеген мақсаттан туған еді.

Кеңестік кезеңнің солақай саясаты халқымыздың мәдени мұраларының жойылып кетуіне себепші де болды. Большевиктер «мешіттер мен мавзолейлерді, шіркеулерді қирату керек» деген айдармен вандализмге жол ашты. Кеңестік кезеңнің осындай сорақылықтарын отандық философ М.С. Бурабаев өз зерттеулерінде ашып көрсеткен болатын. Сол кезеңнің өзінде араб әрпімен жазылған әдеби мұраны құртудың қате екені жайында: «қазірге шейін «мұсылмандық» әдебиет деп аталып жүргендердің барлығы діншіл деп есептеді. Ол дұрыс емес. Оның «мұсылмандық» деп аталуы оның мұсылман халықтарының тілінде араб әрпімен басылуында. Ол әдебиеттердің арасында социал-демократтық, марксистік басылымдар болды» – деп жазды. [97]. Дін, дінсіздікпен атеизммен алмастырылды. Халықты діннен бездіру дөрекі түрде талап етілді. Діннің өзі рухани бастаулардың негізгі

тіректерінің бірі. Ал, өздерін әлмисақтан мұсылманбыз дейтін қазақтарды патшалы Ресей де, кеңестік Ресей де шоқындыру мақсатын көздегенімен, дінінен бездіре алмады. Большевиктер қорқыныш пен үрей тудыра отырып өздеріне құлақ кесті бас шұлғитын құлдық сана қалыптастыруға тырысты. Ұлттық құндылықтар «отаншылдық», «ұлтшылдық», ендігі жерде «интернационализм», «тапшылдық» деген ұғымдармен жаңа-жасанды моральдық қағидаларды ұстанумен айырба-сталды. Сол кездегі саяси атқа айналған «пантүркішіл», «панисламшыл», «ұлтшыл-уклонистер» деген жарлық біздің ірі Тұлғаларымыз бен ұлттық зиялыларымызға тағылды. Рухани жетілген адамның үлгісін кезеңнің зиялыларының бойынан, іс-әрекетінен табамыз. «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз – осы ұғымды түсіндіруде, оған дәл жауапты М. Шоқайдың өзі береді. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар кіреді. Халықты ұлт деңгейіне көтеру яғни, жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі. Дүниежүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасы бірлігі ешқашан болған емес. Сондай-ақ халық бұқарасынан қолдау көрмеген жағдайда зиялы қауым ештеңе істей алмайды [75]. М. Шоқайдың бұл тұжырымдары Кеңестер үстемдігі орнағаннан кейінгі халқымен зиялыларының арасындағы ортақ сананың қалыптаса алмауынан туындады. Зиялыларымыздың өрелі ой-тұжырымдарының негізгі алтын қазығы еркіндік идеясы болды. Отаршыл Империя құрамында ұлттық еркіндік пен тәуелсіздік жайлы ойды жүзеге асыру жолы өте ауыр жол еді. Бірақ еркіндік идеясы ешқашан халқымыздың рухани өмірінен өшкен емес. Ұлттық философияда ол желі үзілген жоқ еді.

3.2. Қазақ халқының кеңестік кезеңдегі еркіндікке ұмтылысы

Қазақ мың өліп, мың тірілсе ол оның рухының мықтылығынан дер едік. Руханилық тарихта сан түрлі тоқырауларға ұшырайды. Сыналады, шығын болады бірақ өмір сүруін тоқтатпайды. Руханилықты халық болмысының адамгершілік қабаты саналылық пен бейсаналылықтың қоспасы деп анықтайды А. Қасымжанов. Қазақ халқының руханилығы кеңестік кезең идеологиясының әсерінен архаикалық құбылыс ретінде қарастырылды. Даму үрдісі «таптық», «пролетарлық мәдениет» деп аталатын әдіспен ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктерін қырқып тастау әсерінен тоқырады [98].

Тоталитарлық кеңестік кезеңнің өзіндік социалистік идеясының әсерін зерделей отырып, қазақ халқының руханиятына қандай әсері болды деген сауал туындайтыны сөзсіз. Сол идеяның руханиятымыздың дамуына кері әсерлері туралы зерттеулер тек қана еліміз егемендігін алғаннан кейінгі жылдары ғана мүмкін болып отыр. Оған себеп, социализмнің идеологияландырылған көзқарасынан басқаның барлығын тәрк етуі болды. Сөз жүзіндегі жарлықтары «теңдік», «туысқандық», «ынтымақтастық», «жолдастық» – деген ізгілікті ұғымдармен көмкерілген идеялардың астарында отаршыл, жымысқы пиғылдар жасырынып жатты. Қоғамдағы таптар бөлінісін, солардың күресі арқылы революциялық төңкерістер жасап пролетариат диктатурасын орнату еді. Коммунизм мен социализм ілімінен алынған идеяларды қазақ қоғамына күштеп таңды. Қазақ сахарасы сияқты пролетариаты жоқ елді «бай» мен «кедей» таптарына жіктеуге тырысты. Тұрмыс тіршілігі, рухани әлемі өзгеше жұртқа мүлдем жат идеологияны күштеп таңып, социализм құруды бастап жібергені отаршыл, зорлықшыл Империяның өктемдікке негізделген іс-әрекетінің салдары еді. Көшпенділер өркениетінде тарихи жадты сақтаушы да оны ұрпақтан ұрпаққа беруші рухани құрылымдар еді. Ешқандай экономикалық және саяси құрылыстар бұл рөлді атқара алмайтын.

Ұлтымыздың тілін, дінін, бүкіл рухани болмысын қорғап, жетілдіру жолында күрескен алаш азаматы А. Байтұрсыновтың

күрделі ғұмыр кешкендігі жайлы С. Сейфуллиннің пікіріне назар аударсақ онда: «Ахмет коммунист партиясында да көп бола алмады. Көп бола алмайтыны белгілі еді. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айқайшысы емес, олардың қолшоқпары емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін ұлтжаңды еді» [99]. Ахмет Байтұрсынұлының ұстанған жолы мен көзқарасы туралы осы айтылған ойларынан, Сәкеннің өзінің дүниетанымын аңғару қиын емес. Халықтың тұтастығы, дербес ұлттық автономия туралы идея, ұлтымыздың әлеуметтік-мәдени және рухани өркендеуі туралы көзқарастары оның түпкі мақсат мүддесі болды. Көздеген түпкі мақсат мүддеге беріктік, табандылық, төзімділік сияқты ізгі қасиеттерінің арқасында ұстанған идеясы жолында қасқая қарсы тұрды. Осы қағиданы олар өз іс-әрекеттерінің, мақсаттарының, жан-дүниесінің үнемі бағыттаушы күші ретінде ұстанды. Патшалы Ресейдің одан кейін Кеңестік Қызыл Империяның түрмелеріне қамалу оның мықты рухын жасыта алмады. Халқымыздың басына түскен бозтопалаң жылдар кеңестік кезеңде жалғасып жатты. Қазақ зиялылары қуғын-сүргін мен күреске тола ғұмыр кешті. Қазақ руханиятын өрлетудің жолында тыныс-тіршілік тоқтаған жоқ. Өйткені халық тұрғанда ол желі үзілмек емес. Империялық жаулаушы мемлекет халқымызды қараңғы түнектен «құтқарушымыз» деген желеумен жалған пиғылдарын жүзеге асырды. Өздерінің өмірмәнділік құндылықтарын шексіз байлық, билік, үстемдік, озбырлыққа негіздеді. «Коммунизм» «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заман» идеяларымен қаруланған елеске үміттендіріп соған иландырды. Осы идеяға адамдарды иландыру соншама жантүршігерлік террор қолдану арқылы жүргізілді.

Социализм құру идеясынан басқа ой, сезім, пиғылдардың бәрін ығыстырды. Қоғамда темірдей бір ғана тәртіп, алда бір ғана мақсат, бір ғана пиғыл болуға тиіс. Тоталитарлық жүйедегі негізгі идея жалғыз және абсолюттік ақиқат болды. Кеңестік идеологияның қаһарына әуелі қазақ зиялылары ұшырады. Кеңестік билік тұсында алашордашыл қазақ зиялыларына сенімсіздікпен қарап, оларды кеңестік қызметке қолданғанмен үнемі бақылауда ұстады. Ә. Бөкейхан болсын, А. Байтұрсын

болсын өздерінің шығармашылық қызметін тоқтатпады. 1927–1932 жылдар аралығында Мәскеуде КСРО халықтарының орталық баспасында әдеби қызметкер болып жүріп көптеген кітаптар, аудармалар, мақалалар жазып ұлтының рухани қазынасын толықтырды. 1920–30 жылдары қазақ мектептері мен педагогикалық оқу орындарында пайдаланып жүрген оқулықтар мен оқу құралдарының барлығын дерлік қазақ зиялылары жазды. Алаш қозғалысына белсене араласқан кезеңнің зиялылар тобы оқу ағарту комиссариатын, ғылым, өнер, баспа, ұлттық баспасөзді ұстап тұрды. Ал, партия болса Қазақстанда оқу ағарту ісіне ұйымдық кадрлық тұрғыдан бақылау қойып, араласып қана қоймай, сол қолданылып отырған математика, химия, биология, тіл пәндерінің өзі де бұрынғы буржуазиялық идеологияның ықпал құралындай көрді.

Рухани даму, рухани жетілу адамдардың бостандығы мен еркіндігі мүмкін болған жағдайда ғана іске асады. Қазақ философиясының тарихын зерделеуде тың әдістемелер мен өзіндік көзқарастар қалыптастырған философ-ғалым І. Ерғали, адамның еркіндіксіз, өз басының бостандығына өзі ие болмайынша, оның бойында рухани жетілуі болмайтындығын айта келе, егер жағдай жасалынбаса, әлеуметтік-орта мүмкіндікке жол бермесе, адамның рухтық дамуы да тежелетіндігін атап көрсеткен болатын [48]. Қазақстанда сонымен Қазан Ресволюциясы жеңіске жеткеннен кейінгі екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі аралықта, адам еркіндігіне, шығармашылық еркіндікке жол берілмеді. Рух жасыды. Бірақ ұлттық рух, қазақтың рухани әлемі алынбас қамалдай берік еді.

Қазақ халқының руханиятының даму барысының кеңестік кезеңі жайлы ой өрбітер болсақ, **Сәкен Сейфуллиннің** қызметі мен шығармашылығына тоқтамай өту мүмкін емес. Шығармашылығының негізгі өзегі – «әділдік», «теңдік», «егемендік» сияқты әрқашан прогресшіл ойшылдыққа тән ұғымдар болды. Сәкен Қазақстан үкіметін басқарған кезде ұлтының болашағы үшін көптеген шаралардың жүзеге асуына атсалысты. 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген айбатты мақала жазып, орыс тарихында, тілінде «қырғыз», «Киргизия» болып келген «елдің 1925 жылы Қазақстан» аталғаны рас болса, онда Сәкен ұлтжандығының үлесі жоқ деп

кім айта алады? «Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге біреу «ұлтшыл» деп айтады деп бой тартады. Бірақ ол – қулық, бұл коммунистік қылық емес, ол жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз, демагог өзін «жақсы коммунист екен» деп айтсын деп қазақ тілін кеңсеге кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл дер, одан сескенбеу керек» дегенді Сәкеннен басқа кім айтыпты, кім жазыпты? Сәкен ой-пікірінің, жанды екені осыдан-ақ көрінеді [100]. Қызыл коммунист, кеңестік әдебиеттің классигі бола тұрып, ұлттық идеяларды жүзеге асыруды өзінің асыл мұраты тұтты. Автор С. Сейфуллиннің Қазан төңкерісі арқылы қазағын теңдікке жеткіземін деп сенгенін, сол жолда турашыл, әділ болғанын баса айтты. Ол ойын: «Сонымен Сәкен – өзінің көзқарасы, іс-әрекеті үшін әрқашан да тарих алдында толық жауап бере алатын ұлы Тұлға, социалистік деп аталатын заманның ардагер азаматы. Осы қасиеттер оның қоғамдық, мемлекеттік, өнерпаздық қайраткерлігінен жарқырап көрінеді, еңбекші елдің рухани көсемі, жаңа заманның жыршысы, жаршысы ретінде халық құрметіне бөленеді. Сәкеннің Тұлғалық даралығын баса көрсеткен бұл мақаладан, рухани жетілген адамға тән ізгі қасиеттерді табамыз. Өзінің «Тар жол тайғақ кешу» атты шығармасын сол кезеңнің шындығына арнап, кеңес үкіметінің орнауын құптап, қазағының қараңғылықтан, құлдықтан құтқарылатына сенді. Сол жолда аянбай еңбек етті. С. Нұрмұратовтың «...адамның нағыз адамдық бейнесі руханилығы тұлға аралық қатынаста қалыптасады» [101] деген тұжырымы Сәкен мәрттігіне бағытталып айтылғандай. 1923 жылы 28 қаңтарда Орынборда өткен (А. Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойын жоққа шығару туралы қаулыға) қарамастан, сол жиынға қатысып, оны өзі басқарды. Осы іс-әрекетінен Сәкен Сейфулинді нағыз ержүрек, жолдастыққа адал тамаша адамгершілік иесі екендігін танимыз. Ол өзінің көзқарасын, пікірін ашық айта алатын бірбеткей турашылдығынан әрқашан таймады. Кеңес үкіметінде қызмет ете отырып ұлттық идеялардың жүзеге асуына тікелей атсалысты.

С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романы тарихи-деректерге сүйене отырып жазылғандығымен қоса шығарма

кезеңнің шындығын ашып көрсетуімен де құнды. Н. Ақыш: «Сәкеннің Кеңес дәуірінде қозғалмауға тиісті ұлт араздық мәселесін бүркемелей алмай, ашық айтқандығын бүгінгі таңда да батылдықты ретінде жоғары бағалаған абзал» [102] – деп, қазақ совет әдебиетінің классигі, шығармалары таптық көзқараста жазылған деген сыңаржақты талдаудың заманы өткендігін атап көрсетеді. Тарихи мемуарда «Қазақ арасы жаман», «Астыртын жауласу әсіресе алыс жердегі, көп жерлерде шеткі орыс поселкалары мен қазақ арасында жаман көрінеді» [102]. Бұл Сәкен көзімен көрген шындық. Өз ұлтының жана-шары оны бүгіп қала алмады.

«Қазақ совет әдебиеті» Лениндік ұлт саясатының жемісі – нәтижесі – деп жазды Ғ. Есім. ...Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың ұстанған дүниетанымдық бағыт-бағдарлары «қазақ әдебиеті» мен «қазақ совет әдебиетінің» арасындағы қайшылықтарды біршама ашып бере алады. Біршама дейтініміз Мұхтар Әуезовтің де кеңес өкіметіне сеніп берілмесе де, ізет еткен тұстары баршылық, Сәбит Мұқанов жөргегімде табым деп жылап жаттым десе де, халықтың тарихы, мәдениеті дегенде өзінің «қызыл» екенін ұмытып, ақсақалдыққа салынып, өрелі ойлар тастаған тұстары көпшілікке белгілі [27]. «Қазақ совет әдебиеті» классиктерін бүгінгі ғылыми тұрғыдан әділдігін айтып, зерделей отырып қорғайды. Олар кеңестік идеологиялық құрсаулардан рухани мұраларымызды арашалай отырып, әсіресе қоғамдық ғылымдар мен білім жүйесінде мемлекеттік монополия, қасаң идеологияшылдық, әсіресе мәдени-рухани құндылықтарымызды парықтауда еуропашыл көзқарастар басым болып тұрған кездің өзінде ұлыларымыз бен мәдени-мұраларымызды заманға сай жаңғырта алды.

Егер, ұлы Абай өз кезінде өлең жазудағы көздегені: «мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жоқ барды, ертегіні термек үшін» дегенде, поэзияға философиялық ойларды өрнектеу құралы деп қарады. Өлең арқылы, қара сөз арқылы адамның жан-жүйесіне әсер етуді мақсат етті. Сөзді тәрбие құралы ретінде пайдаланды. Ауызша мәдениеті дамыған жұрт үшін поэзия түріндегі туындылардың әсер ету үрдісін айтып отыр. Өлеңдерінде қазағының мінін көрсетіп, сыни-әжуәні қолданып, сөздің тәлімдік-тәрбиелік құдіреті арқылы

санаға әсер етуді, алдымен адамның ішкі ойын түзетуді талап етті. Ұлттың сана-сезімін ояту, ел ішінің алауыздығын жою, адам мінез-құлқын түзеді мұрат тұтты. Сол Абай тұлғасын кескіндеу кезеңнің рухани дамуымызға дер кезінде қосылған зор үлесі болды. «Абай жолы» эпопеясы М. Әуезовтің азаматтық терең-тебіреніс толғаныстарынан кейін жазылған дүние. Бұл жайында сыншы С. Әшімбаев былай деп жазған болатын: «Әуезов өткен дүниені қайта жаңғыртқанда, сол өткеннің өзінде халықтың бар қадір, қасиеті, жақсылығы мен жаманшылығы да құс жолындай сайрап жатқанын көре білді. Олардың ішінен басқаларды сүйсінетіндей жақсы жақтарын, күйіндіретіндей жаман мінездерін де реалистікпен ашып көрсетті. Сондықтан бұл эпопея тек Абайдың ақындығын ғана емес, Абайды туғызған халықтың ақындығын, жан дүниесі сұлулығын, адамгершілік парасатын, өміршең тіршілік мұраттарын, сондай-ақ трагедиялық мінездерін айқара ашып бергендігімен құнды... Кейде әдебиетте әлдекімдердің атақ алып, даңқын шығарып кетуіне реакциялық саясат араласып кеткені бар. Ал, Әуезовтің ғасырлар бойы жасалып келе жатқан терең тамырлы әдебиеті, өркендеген мәдениеті бар Батыс оқырмандарының жүрегін жаулап алуына ешқандай саясаттың қатысы жоқ. Таза өнер құдіретінің ақберен күші... Әуезов Абайды жазбауға ешбір мүмкіндігі болмаған шақта ғана қолына қалам алғандығына таласып жатудың қажеттігі шамалы болар. Олай дейтініміз Әуезовтің бүкіл халық тағдыры жайлы айтар философиялық толғамды ойының, суреткерлік концепциясының ішіне кептеліп, сыртқа шықпай қалуы мүмкін емес еді» [103]. «Абай жолы» эпопеясы арқылы халқымыздың бүкіл әлеуметтік-рухани болмысы ашылып-айшықталған. Адамдардың әр саладағы тамаша туындылары – адамзаттың жаратымпаздық қуатының шарықтау шектері, белгілі бір қайталанбас жаратушы тұлғаның өзіндік дамуының көріністері. Коммунистік идеологияны өз көзқарастарының қаруы етіп ұстанған ғалымдар тобы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында қазақтың көшпелі өмір-салтын әспеттеді, идеялизациялады, ауыл өмірі маркстік тұрғыдан ашылмаған сияқты айыптар тағып әшкереледі. Кейбір реакцияшыл Дулат пен Шортанбай сынды ақындарды насихаттады. Өйткені олардың шығармаларында дәстүрлі қазақ қоғамының өз

ырғағында дамуын жақтаған көзқарастар, соны көксеу болды. Зар заман ақындарында болашақта Ресей Империясынан келер қауіпті дәл де, дұрыс болжап сақтандыру идеялары болды. Жазушыға қазақ әдебиеті тарихымен айналыса отырып советтік Қазақстанның революциялық өміріне кері әсер ететін эпостар мен ақындар шығармашылығын үгіттеуші ретінде айыптар тағылды. Тіптен кейінгі 1953 жылдардың өзінде жазушыға «Едіге батыр» жырының бай-феодалдық вариантын (феодал ақын Марабай жырлаған) халық шығармасына жатқызды. Осыдан-ақ Әуезовті қазіргі күнге шейін қазақ әдебиетін тануға өзінің буржуазиялық-ұлтшыл тұжырымдарын тықпалап жүргендігі жайлы мақала жазды.

Тіптен түркі халықтарына ортақ жаңа жыл мейрамы «Наурыз» 1926 жылы сыңаржақ идеологияның салдарынан «діни мейрам», «ескіліктің сарқыншағы» деп танылып, оны атап өту тоқтатылған еді, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында дерлік халық арасында жасырын түрде сақталып келгені белгілі. Содан ұзақ жылдар бойы Наурыз мерекесі мемлекеттік деңгейде тойланбады. Бірақ, халық өзінің жадында бұндай ұлы күнді сақтай білді. Көне көз қарияларымыз ауылдық жерлерде үйлерінде наурыз көже даярлап, отбасылық мереке ретінде тойлап келген болатын.

Елімізде мемлекеттік, яғни жалпы ұлттық деңгейде – Астана күні, Тұңғыш Президент күні, Отан қорғаушылар күні, Конституция күні, Халықаралық әйелдер күні, Жаңа жыл және тағы басқа да кәсіптік мерекелер атап өтіледі. Солардың ішінде ең көнесі, әрине бірегейі Наурыз мейрамы болатын. 2009 жылы 4 наурыз күні Мәжіліс «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы заңға өзгеріс енгізуді көздейтін заң жобасын мақұлдады. Сенатта қаралғаннан кейін, қабылданған заңға Қазақстан Президенті қол қойды. Сол заңға сәйкес мемлекеттік мереке Наурыз мейрамы бір күннің орнына үш күн бойы, яғни, 21-22-23 наурыз күндері мерекеленетін болды. 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз – Халықаралық Наурыз күні болып қабылданды.

Халықаралық Наурыз мерекесі өзіндік ерекшелігімен жалпыадамзаттық құндылықтарға қосылған үлес. Бұл мерекеден әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің бір-біріне

әсері мен олардың кірігуін байқай аламыз. Мәдени-тарихи тамырластықты осы наурыз мерекесін атап өту шараларынан көруге болады. Мысалы, ирандықтарда жаңа күн, жаңа жыл, қуаныш күні, даналық, әділеттілік, теңдік күні, табиғатта түн мен күннің теңелуі деп атайды. Шығыстың ғұлама ақыны Фирдоусиде әлемді зұлымдықтың қолына бермей, мейірімді істер жасауға үндейді. Мейірімді де, қатыгез адам да мәңгі емес, тек қана мәңгілікке мейірімді істеріміз ғана қалады деп, тек қана мейірімді істер істеуге үндейді. Қазақтарда: «Күннің жаманы кетер, адамның жаманы қалар» – деген мәтел бар. Адам өзін түзеуге толық мүмкіндігі бар. Наурыз мейрамы жаман қасиеттерден арылып, жақсыға ұмтылуға шақырады.

Орта Азияны мекендеген парсы тілді, түркі тілді халықтар бір-бірінен өзара озық салт-дәстүрлерінен алмасып, мәдениеттерін өркендетті. Мәселен, наурыз осындай ортақ мереке. Түркі халықтарының дәстүрлі ұлттық мәдениеті, дүниетанымдық әмбебаптарын зерделей келе оларға тән ортақ құндылықтарды айғақтауға болады. Ал, қазақтарда болса, дәстүрлі көктем мерекесі наурызды тойлау ежелден келе жатыр. Мәшхүр Жүсіп Көпеев наурыз туралы, біздің қазақтың наурызнама той-думаны мен қызығы Бұқара мен Қоқандыкінен асып түседі десе, Алаш көсемдері бұл дін-мейрам емес, ұлттық мейрам деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан да Наурызды «Ұлыстың ұлы күні» – деп атайды. Ел-жұртты шығынды тыртыңнан аттың басын тарта ұстап, тарихи мейрам Наурызды жаңа тұрмысқа лайықты мейрамдап өткізуге шақырған еді. Жанды, жансыз дүниенің бастауы болады. Осы бастаманың философиялық мәніне үңілсеңіз, өткенге ризашылықпен қарау керек. Ал жаңаның, болашақтың бастамасы ізгі ниеттен туындағаны жөн. Ықылас, ниет түзу болу керек. Ең бастысы жаманшылықты ұмытып, кешірім жасау қажет. Дана түркі халқы наурызды тайлы-тұяғы қалмай тойлайтын мерекеге айналдырған. Бұл наурыздың әлеуметтік-философиялық маңызын аңғартады.

Мерекеге дайындық алдымен үйді аластап, тазартудан бастайтын. Ауыл ер-азаматтары бау-бақша, ағаш егумен қатар бұлақ көздерін, арықтарды, құдықтарды аршу сияқты көктемгі қаурыт шаруаларды ауыл-аймақ болып бірігіп атқарған. Үйдегі аналарымыз болса ыдыстарды сүтке, суға, айранға тол-

тырып, әртүрлі тәтті-дәмділер дайындаумен айналысқан. Осы ниеттердің өзі, келесі жылы егін мол шығып, сүт көп болсын деген тілектен туындайды. Бұл мейрамның ең басты ас мәзірі мерекелік наурыз көже дайындау. Әжелеріміз бен аналарымыз қысқы соғымнан сыбаға сақтаған. Наурыз көжеге қыстан арнайы сақталған сүрі ет асылып, соның сорпасына түрлі дәндер салынып, құрт пен қатық қосып дайындаған. Көженің құрамы жеті түрлі нәрсе болуы керек. Наурыз көжені үлкен тай қазанды ауылдың ортасына қойып пісіреді екен. Қуаныштарын бөлісу үшін жиналған жұрттың ортақ қазаннан дәм татуының өзі ауылдың берекесін, бірлігін паш еткен. Бұл дәстүрлі тағамды үлестіру алдында ата-бабалар рухына арнап құран оқытылып, артынан ақсақалдар бата берген. Бұл күні адамдар бір-бірімен ашық-жарқын құшақтасып, ерекше көңіл-күйге бөленеді. Ойын-сауықтар ұйымдастырылып, алты бақан құрылады. Арнайы наурыз айтысы ұйымдастырылады. Ол жаз бен қыстың айтыс түрінде басталып, ары қарай өрбіп ауқымы кеңейе түседі. Айтыс десе делебесі қозбайтын қазақ жоқ. «Көкпар тарту», «Қыз қуу», «Арқан тарту», «Жамбы ату» сияқты ұлттық ойын түрлері мерекені қыздыра түседі.

Ескі наным-сенім бойынша 21 наурыздың кешінде жер бетін Қызыр – Ата аралайды. Наурыз мерекесі Адам, Қоғам, Табиғат арасындағы үйлесімді қатынастың символы. Мерекеден алған эмоционалық ләззаттың өзі адамды сергітіп тастары сөзсіз. Бұл өз кезегінде, күнделікті күйбің тіршілікті бір сәтке болса да ұмытуға мүмкіндіктуғызады. Адамды мәңгілікпен ұштастырып, дүниетүсінігін кеңейтеді. Біздің бабаларымыз қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүрген. Адам экологиясын жетілдіру, табиғатты аялау, құрметтеу сияқты мәселелерді ұлттық санада жаңғыртып отырған. Наурыз мейрамының әлеуметтік-мәдени, философиялық-дүниетанымдық негіздеріне көз жіберсек оның түптамыры пайдалы еңбекте жатқандығын көреміз. Әлеуметтік-экономикалық алғышарттары іске кірісіп, болашақтың жемісі егіледі. Әрбір отырғызылған тал-шыбық, тазаланған бұлақ көздері адам ағзасы мен табиғатты жандандырудың негізі. Осы істі наурыз мерекесі күні көпшілікпен, ән сала жүріп атқарса оның игілігі зор болмақ. Алынар өнімнің мол болуымен бірге сапасының жоғары болуы сөзсіз. Өйткені бұл жерде Табиғат

пен Адам үйлесімділігінен ізгіліктің дәні егіледі. Сондықтан да, біздің ата-бабаларымыз Жер-Ананың жылдың осы бір көктем мезгілінде түлеуін ерекше шаттық көңілмен қарсы алып, одан мақсатты түрде қоғамға пайдалы өнім алуды да көздеген. Бұл жерде халықтың экологиялық санасы сонау көшпелілер мәдениетінен бастау алатындығын көреміз.

Соңғы жарты ғасырдан астам уақыт бойына тұтынушылық қоғам болғанымыз өзімізге белгілі. Адамзаттың табиғатты үстемдікпен игеріп келгендігі салдарынан қаншама экологиялық апаттарға тап болдық. Бүгінгі таңда осы тұтынушылық идеологиясы бүкіл әлем елдерінде өзінің кері әсерлерін туындатып отыр. Елбасы осы жалған идеяны: «Ол әлемнің дамыған елдерінде жаппай әлеуметтік масылдық туындатты және жаһандық дағдарыстың басты себептерінің бірі болып табылады» – деп анықтай отырып, өзінің сындарлы балама идеясын ұсынған болатын. Ол, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы [104]. Табиғатты зердесіз игерудің ақыры әртүрлі апаттарға әкелері сөзсіз. Наурызды мерекелеудің үлгілі-өнегелі жақтары мен тәрбие берерлік мәні ерекше. Табиғаттың түрленіп, оянуы сияқты адамдар да сән-салтанатты жағдайда бұл күнді атап өтуге тырысады. Ең бастысы адам іштей бір тазарып, пейілін кеңге салып, жадырайды. Бұл үрдістің рухани мәдениетімізді жетілдіре түсері анық.

Наурыз көже жасау елдің, рудың ортақ ырыс-берекесін, молшылықтың белгісін көрсетсе, қойдың басын тарту ел бүтіндігін, ел басқарудың белгісін белдіреді, жұп шырақ жағу – адамдағы жамандықты отпен аластап, жаңа жылға тазалықпен кіру деген нанымнан туған.

Наурыз жырының негізгі түрі екеу: бірінші – наурыз күні қариялардың халыққа беретін бата-жыры, екінші – ақын жыраулардың халықты құттықтап айтқан жыры. Ұлыстың ұлы күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, рулар-

ды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүтедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап, қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру және т. б.) ойналады.

Оның негізгі басымдыққа ие салалары бойынша – денсаулық сақтауда, мәдениетімізді өркендетуде, спортты жаңғырту үдерістеріне тікелей атсалысады. Бұл мерекені ең бастысы әрбір адам өзінен бастауы керек. Бұл мерекенің қызығы адамдардың бір-бірімен рухани қауышуында. Наурыз мерекесі әрбір қазақстандықтың құнтты, еңбекқор, өзі елінің қожайыны болуға тиіс екендігін сезіндіреді. Тарихи жадын оятып, ұлттық санасын қалыптастырады.

Халқымыздың жыр-дастандары да, оны жырлаушы да таптық көзқарастарға сәйкес келмесе, қазақтардың шат – шадыман шақтарын еске түсірсе ол бай феодалдық кезеңді аңсаушылық болып табылды. Сыншылар шығарманың мәнділігіне назар аудармайды. Мәнділіктің тарихи алуан түрлі типтері мен формаларын рухани өмірде айқындап, негіздеп, дамытып жасайтын, туғызатын философиялық бағыттар мен ағымдар. Қазақ рухани мұралары осылайша маркстік-лениндік философиялық көзқарастар тұрғысынан бағаланды. Ол жалғыз ақиқат. Коммунистік идеяның қаншалықты игілікті болса да, өзінен басқаның бәрін жалған деп тәрк етуі оның догматтығының айғағы.

Әсіресе «XX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» (1947) тарихының Кенесары Қасымовтың көтерілісі жайындағы тарауын жазған Е. Бекмақановқа «буржуазияшыл-ұлтшылдық көзқараста», «ғылыми негізделмеген», «тұжырымдамасы саяси жағынан қате» деген айдар тағылды. Бұл іргелі зерттеудің негізгі идеясы: «Қазақстанда он жылға созылған XIX ғасырдағы ең ірі көтерілістің қозғаушы күші көпшілік халық болды. Бірақ нақты тарихи жағдайларды есепке алмай барлық қазақ хандарын реакцияшыл тонаушы деуге болмайды. Қазақ халқының тарихында кейбір кезеңдерінде прогресшіл рөл атқарған кейбір хандар болды». Жұмыс ғылымның ақиқаттан басқаны мойындамайтын

қатал заңдылығын ұстанған, ұлтының рухани сұраныстарын қанағаттандыруды басты мақсат ету тұрғысында жазылған болатын. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының халқын біріктіріп бір орталыққа бағынатын ұлттық мемлекет құру идеясы болғандығын көрсету, және Кенесары ханның Тұлғалық ерекшеліктерінің шынайы болмысын жасау басты нысана етіп алынды. Зерттеу жұмысы Е. Бекмаханұлының ғылыми әдіснамасының тек қана ақиқатқа жүгінуге негізделген еді. Ол өзіне дейігі жарық көрген Кенесары хан туралы тарихшылар еңбектеріндегі кемшіліктерге тоқтала отырып, оларды сынға алған-ды. Жан-жақты білімдар, тарих ғылымдары бойынша алғаш ғылым докторы атағын алған Бекмаханұлының жетістіктеріне айналасындағылар іштарлық көрсете бастады. Қазақ халқының тарихын ғылыми тұрғыдан зерделеудің орнына шындықтан ойды басқа жаққа бұрмалауды көздейтіндер табылды. Олар өздерінің лас ойларына толы «Правда» газетінде «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген атпен мақала жариялады. Мақала авторлары Х. Айдарова, Т. Шойынбаев, А. Якуниндер Кенесары көтерілісін: «қазақ халқын артқа тартқан реакциялық қозғалыс» – ретінде сипаттайды. Керісінше, сол қозғалысқа нағыз ғылыми тұжырым жасап, ақиқатын көрсетіп берген ғалым «тарихты бұрмалаушы» болды. Хас талант пен нағыз ғалым, халқына бергенінен берері көп ойшылды надандар аяғынан шалып түрмеге қаматты. Олар өз іс-әрекеттерін саяси билікпен ауыз жаласу арқылы өрбіте алды. Бекмақановты 1952 жылы 25 жылға бас бостандығынан айырды. 1956 жылы академик, көрнекті қоғам қайраткері А. Панкратованың араласуымен ақталып қайтадан ҚазМУ-ға кафедра меңгерушілігіне жұмысқа тұрады. Ғылыми ізденудің аса бір құнды жағы мен ерекшелігі жайында Т. Омарбеков: «Бекмаханов өз жұмысында Кенесары мен Наурызбай жайлы халық арасында кеңінен тараған үлгілерді аса орынды пайдалана білді» [105] – дейді. Бекмаханұлы ауыз әдебиетін бұрмалау атаулыға төзбей, шындық бетіне тура қарап, өзінің пікірін бүкпесіз айта алды. Ол монографиясында Мәскеуде 1924 жылы басылып шыққан Жүсіпбек Басығарин жинағындағы Нысанбай жыраудың «Кенсары-Наурызбай» дастанындағы Кенесарыны «ұрылар», «қарақшылар», «қанішерлер», «қаңғыбастар» көсемі

ретінде суреттейтін тұстары жолдан қосылғанын ашық айтады. Біздің ұлттық мақтанышымыз, көшбасшымыз болған Кенесары сияқты Тұлғаларымыздың шын бейнесін жасауға империялық сана қарсылық көрсетіп бақты.

Партиялық бақылаудың келесі кезегі әдебиетші ғалымдарымыз Қ. Мұхамедханов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Қ. Ысмаилов, А. Жиреншиндерге түсті. Идеология майданының сыншыларының әдісі бойынша кезекті сын мақаланы дайындатып, партияның органы болып табылатын «Казахстанская правда» немесе орталықтағы «Правда» газеттеріне жариялайды. Партияның басты органы болып табылатын газетің бетінде сынға ілігудің артын түрме күтіп тұрар еді. «Қазақ батырлық эпосын зерттеудегі қателіктерге қарсы» деген мақалада, «таптық күрес» тұрғысынан зерттеудің болмауын сынға алды. Ақын Қадыр Мырзалы сол сүреңсіз, тарихы тақырға, халқы пақырға айналған кезеңді:

*Көз алдымызда, Апырм-ай,
Тарихым болды тақырдай.
Сұлмиіп қалды фольклор,
Сүзектен тұрған батырдай... [106]*

– деп суреттеген еді. Ұшан теңіз эпостарымыздан «Қамбар» мен «Ер Тарғынды» қазаққа әзер қияды. Келесі сынның құрығы Республика Ғылым Академиясының президенті Қ.И. Сатпаевқа түсті. Алашордашыл, буржуазияшыл-ұлтшыл деген айдар тағылып, жұмыстан кетіреді. 1951 жылы 16–17 қазанда КК(б)П ОК VIII пленумында Ж. Шаяхметов жасаған баяндама «ұлтшылдықты» қатты сынға алған сипатта болып, Республикамыздың ірі ғалымдарының үстінен іс қозғалумен аяқталды. Ақиқат бұрмаланды. Суреткердің ішкі рухани болмысының танып-түсінген заман шындығы сол өмір сүріп отырған қоғам идеологиясының шылауына түсті. Бұл кезең жасандылық, жалтаңдық, жағымпаздық сияқты келеңсіз қылықтар тудырды. Ой құрсауланды. Сахара халқының рухани-мәдени өмірінің желісі үзілді. Жаңаша ой-тұжырымдар жасау үшін қалыптан шығуға болмайтын болды.

Нағыз ғалымдар мен биліктегілер арасы домалақ арыз жазумен былғанды. «Қорыққанға қос көрінер» дегендей, бүкіл рухани дүниеден буржуазияшыл-ұлтшыл идеялар іздеу 1954 жылға шейін қызу науқанға ұласты. Қазақ қауымы жаман әдеттерге ең бастысы алауыздық, жалақорлық, партияны марапаттау арқылы жарамсақтыққа үйір болды. Ұлт санасы төмендеді. Көздеген мүддеге жету тек үкімет пен партиялық талап тұрғысына сай келу керек болды. Ғылымды, ақиқатты бұрмалау түкке тұрмады. Әсіресе гуманитарлық ғылымдар партиялық тезге түсіп, нәтижесінде халқымыздың шынайы тарихы бұрмаланды. Нағыз ғалымның таным-түсінігі, ішкі жетілген рухани болмысы тұрғысынан жасалған тұжырымдары баяндалған шығармалары жойылып отырылды. Бағынғыш, бейімделгіш, партияның қол шоқпарына айналған арзанқол дүниелер қаптап кетті. Ұлттық мүдде дегенді ұмыттырып, «интернационалдық» мүдделер үшін ондаған жылдарға жасалған жоспарлар түпкі мақсатқа жету жолында қызмет етті. Бұл шаралар ұлтты мәңгірттенуге жеткізді. Этнос зерттеушілері өз тарихтарын зерттеуде объективті бағалар бере алмады. Осылайша тоталитарлық қоғамдағы әлеуметтік-философиялық ойды талдау өте сақтықты талап етті.

Маркстік дүниетаным үстем болып тұрған кезде көптеген қазақ ақын-жазушылары (М. Сералин, Б. Қаратаев, Ж. Жаббаев) және тағы басқалар өздерінің ескі дүниетүсініктерінен бас тартып, кеңес өкіметінің ұстанымы коммунистік көзқарасты қабылдады деп жазды Қ. Бейсембиев. Ал, Шәкәрім Құдайбердиев пен Мәшһүр Жүсіп Көпеев дүниетанымы мен көзқарастары жағынан өмірлерінің соңына шейін діни-мистик болғандығын атап көрсетті [107, 236 б.]. Ұлтымыздың рухани көсемдерін тарихи жадымыздан өшіруге тырысып-ақ бақты. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» атты кітабі қазірге дейін қазақтар үшін жеңіл және түсініктілігімен құнды. Автордың мұсылмандық ережелерді дәстүрлі қазақ дүниетанымы тұрғысынан қарастыруы дін философиясынан жазылған іргелі еңбек еді. Шәкәрім бұл еңбегінде еркін ойлау тәсілін қолданады. Құранды өз бетінше түсіндіру шын дінде рұқсат етілмеген. Шәкәрім және басқа да рухани өмірді қайта құрушылар қазақ дүниетүсінігінде исламды ортықтырудың осындай жо-

лын таңдады. Сондықтан да Шәкәрімнің философ болып қалыптасуына бір ғажабы сахара өмірінің қатал жағдайы емес, жаңаша ойлауға итермелеген себептер: ақиқаттың мәнділігін мойындау, соның жолында қызмет етуге сенім мен білімді үйлестіру болды. Бүкіләлемдік деңгейдегі философиялық жұмыстарды оқып-үйрене келе өзі соларды қорытындылай отырып ақыл таразысына салып философиялық еңбектер жазған Шәкәрім сынды еркін ойлы философты жоқ еткілері келді. Бірақ Кеңестер Одағы кезіндегі «ақтаңдақтар» деп аталған «Алаш» зиялыларының дүниетанымы мен көзқарастары жайлы бұрмаланған түрде болса да танысуға мүмкіндік туғызған бұл зерттеуден көптеген мағлұматтар алуға болатын.

Халқымыздың рухани өмірінде үлкен істер атқарған ойшылдарды шығармаларын құртылып кетуден қауіптенген М. Әуезов, С. Мұқанов, Б. Кенжебаевтар сынды қайраткерлер өте ептілікпен оларды қорғаштай білді. Олар М.Ж. Көпеевтің еңбектерін ғылыми айналымға енуіне аянбай атсалысты. М. Әуезов: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» – деп өз тұжырымын ашық білдірді [108]. Ал С. Мұқанов болса: « «Мес» жинағына қарасақ, көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан» деп қорғаштайды [109]. Халықтың мәдени-рухани өмірінің дамуына қосқан үлесін алға шығарып, кезеңнің солақай саясатының құрбаны болудан сақтап қалады. Көпұлтты Кеңес әдебиеті социалистік реализм әдісін ұстанды. Шығармашылық интернационализмді, жаңа коммунизм құрылысшысын, жұмысшы табының мүддесін бейнелейтін үрдіс шеңберінде өрістеуге тиіс болды.

Кеңес заманында Абай философиясындағы «Кемел адам» идеясы «Кеңес адамының» идеясына айналды. Жазушылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде қабылданған Уставта: «Су-

реткерден болмысты революциялық даму қалпында, шыншылдықпен, тарихи нақтылықпен суреттеуін талап етеді, болмысты суреттеудің шыншылдығы мен тарихи нақтылығы еңбекшілерді идеялық жөнінен қайта өзгертіп, социализм рухында тәрбиелеумен қиысып, жарасым табуы қажет» – деп социалистік реализмді сипаттаған еді. «Кеңестік жүйе тұсындағы адам өмірінің мәні қоғамның «жарқын болашағымен» байланысты қарастырылып, жалпының абсолютизациясы жеке адамның өмірін мәнсіздендірді, тіпті индивидті өз өмірінің жеке мақсаттары туралы ойлау хақынан да айырды» – деп дәл атап көрсетті [110]. Көпшілікпен бірге жалпықоғамдық мақсаттарды, құндылықтарды ұстанып өмір сүрді. Жекелік жалпылық мақсат-мүдде жолында құрбан болды. Әрбір адамда бір ғана идеалды, бір ғана материалистік көзқарасты қалыптастыру керек болды. Бұндай тұрпайы түрдегі дүниетаным халқымыздың құндылықтарын құлдыратты. Енжарлық, немқұрайлық, көппен бірге көрерміз деген болашаққа үмітін арта салатын салғырт самарқау күйге түсірді. Бұл идея жеке адамдарда көзсіз, көкірексіз құрғақ сенімді қалыптастырды. Бірақ, адамның күрделі сан жықпырлы болмысы ол сенімге алданбаған екен. Осындай ұзақ жылдар бойы социализм идеяларын санаға зорлықпен сіңіру мен репрессиялар адамдарда өшпенділік тудырды.

Кеңестік кезеңге дейін-ақ, Ұлы Империя Қазақ даласын географиялық жағынан ғана зерттеп қоймай, әлеуметтік-саяси қоғамдық құрылысын да зерттеу объектісіне айналдырған болатын. Әуелі халқымыздың аңғал, ақкөңіл, мәрт, жомарт, қонақжай сияқты жақсы қасиеттерін пайдаланып оның ішіне кіріп, ақыры жаулап алды. Өз жерін өзіне өгейсітті. Енді, жаңа қоңсымыз жақыннан біздің осал жақтарымызды: руға бөлінушілігімізді, мансапқорлығымызды тағы басқа толып жатқан кемшіліктерімізді білген бойда ағайындар арасында дау-жанжалдар туғызуға лайықты әдіс-айлалар ойлап тауып отырды. Халықты тұтастығынан айыру басты нысана етіп алынды. Жалақорлық, даукестік, іштарлық, мансапқорлық қазақ философиясында әсіресе соңғы кезеңдерде көбірек назарда ұстанған ұғымдар қатарына жатады. Шоқан Уәлихановта бұл жайында өзінің күйінішін былай деп жазды: «Сауаттылық

сахараға тек жалақорар мен даукестердің өсек-аяңын көбейту үшін ғана келген сияқты». Бұл ойды заманымыздың ұлы суреткері О. Сүлейменов те қазақтардың бұндай жаман қылыққа душар болуының себебін Патша үкіметінің әр округке жалақы төленетін жалғыз лауазымды қызмет орнын тағайындауынан деп түйіндейді. Иә, қазақ өлкесі осыған дейін бір-біріне дәл сондай алакөз, дәл сондай жау адамдарды кездестірмеген де, көріп білмеген де еді. Жалақорлардың қатары хат біліп, қара таныған әрбір ауқатты, атқамінерлермен бірге үсті-үстіне көбейіп отырды... Ол мансапқа қолы жеткен адамсымақтар ел үстінен күн көретінін місе тұтпай, өздерінің адамгершілік, ұлттық парыздарын оп-оңай ұмытып, халық намысын аяққа таптағанын қайтерсіз. Әр кездері ел басына түскен қасіреттерге, міне, осындайлар кінәлі болмақ. Олардың қағаз бетіндегі шимай-шатпақ шайқастарының көлеңкесінде жантүршігерлік істер қоса қабат жүріп жатты: Шоқан, Абай, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің өліміне міне осылар айыпкер [111]. Адам бойындағы бұндай жаман пиғылдардың оянуына билікке деген құштарлық себеп болды. Осындай қоғам өміріндегі өзгерістер адамдар мінез-құлқына ықпалы болғанын қазақ ұлтының бір ғасырлық дүниетанымын, дүниетүсінігін, ар-ожданын зерделеу арқылы пайымдай аламыз. Алайда халықтың мықты рухын ашаршылық, шетел асып ауа көшуі, репрессиялар жасыта алмады. Түбінде әділетті, ізгілікті қоғам орнайтынына сенді. Сол жолда адам рухы ширыға шыңдалды. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде социалистік қоғам құру ұлы мақсатқа айналды. Сол кезеңдердегі оқиғалар барысын, адамдар көзқарасын зерделеп бақсақ социализм құру жолында олар өздерін құрбан етуге даяр болды. Коммунизм идеясына шын берілген, жанын пида ететін фанатиктер өзін сол қияли қоғамның құралына айналдырды. Осы жігер, осы қайрат тарихта қоғамның даму жолдарының сан-соқпақты бір кезеңін бастан кешіргені мәлім. Кеңестер заманында адамды негізінен екі-ақ арнаға салып қарастыру дәстүрге айналған еді, олар: адамның табиғи-биологиялық және әлеуметтік таптық болмысы. Осы методология негізінде көптеген кітаптар жазылды, әдебиетпен өнерді түсінуде де осы қағида негізге алынды [112].

Білім алу мен рухани жан-жақты даму арасындағы терең қайшылықтар болатынын осы Кеңестік кезеңнің шындығынан пайымдауға болады. Патшалы Ресей кезінде қазақтарды әскер қатарына алып, қару асынуына сенімсіздік танытқаны белгілі. Бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан уақытта 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы бойынша 19 бен 31 жастың арасындағы қазақ жігіттері тыл жұмыстарын атқаруға әскерге шақырылды. Оларды окоптар қазуға пайдаланды.

Ресейдің әскери оқу орындарында қазақ хандары мен сұлтандары, би-болыс өкілдері бірлі-жарлы күйде оқыды. Отаршылдар оларды негізінен қазақ даласында өздерінің пиғылдарын жүзеге асыру мақсатында пайдаланды. Әскери шендер мен атақтар берілді. Омбы кадет корпусында оқып жатқан орыс әскерінің офицері, полковник Шыңғыс Уәлихановтың ұлы Шоқанның да соңғы курста өтетін орыс армиясының стратегиясын оқымай ерте бітіруінің себебі болды. Бұратана халық өкілдеріне әскери стратегияны үйретуге тиым салынды. Оны тек орыстар ғана білу қажет деп тапқан саясат Кеңестік кезеңде де өз жалғасын тапты. Оны екінші дүниежүзілік соғыс басталар алдындағы әскери кадрлар жайында, сол кездегі Одақта жоғары дәрежелі командирлер дайындайтын «Выстрел» сияқты курстар мен әскери академияларда оқитын қазақтар жоқтың қасы еді деп жазады тарихшыларымыз [113].

Осындай бір ұлттың екінші ұлттан артықшылығын, бір мемлекет екіншісінің байлығы мен жеріне арандату, тартып алу мақсатында соғыс ашуы сияқты мәселелер бой көрсеткен шақта жалпыадамзаттық құндылықтар құлдырайды. Біреулер үшін бұл соғыс әділетті. Екінші жақ үшін басқыншылық, ашкөздік адамгершілік тұрғыдан азғындалған. Қарама-қарсылықтардың күрес заңы. Соғыс жылдары дивизия командирі дәрежесіне тек полковник **Бауыржан Момышұлы** ғана ие болды. Соғыстан кейін Бас Штабтың әскери академиясын бітіреді. Әскер қатарында 1955 жылға дейін қызмет атқарды. Оның турашыл, өжет мінезі әрине кейбір бастықтарына ұнамағандықтан, оның майдандағы ерлік істері дұрыс бағаланбады. Өзін әскери Тұлға дәрежесіне көтере білген Б. Момышұлы әділетсіздікке тап болғанда да мойы-

мады. Кеңес заманында Бас Штабтың әскери академиясын қазақ ұлтының 3 өкілі ғана бітіріпті. Олардың ең алғашқысы Б. Момышұлы. Ол Кеңестік Армияның көп ұлтты құрамын ескере отырып «ұлттық ерекшелік психологиясын» ұсынды. Ол кездері ондай ұғымдарды жауынгерлер арасында айтуға тыйым салынған.

«Ерлік» – адамның сын сағатта іркілместен, батылдықпен бар жан-тәнімен шындықты, әділдікті, әділеттілікті қорғаудағы іс-әрекеті. Еліміздің шекарасын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қарулы күштері мен әскері әрқашан өзінің қырағылығын сақтап отыруы қажет. Кеңес әскерлері қатарында қазақтар да Отан алдындағы борыштарын атқарды. Олар өздерінің отбасын, ата-анасын, елін, жерін батырлық пен қоса жаужүректілікпен қорғады. Ер мінездерін көрсетті. Қашанда рухы биік тұратын қазақ ұлтының өкілдері қайсарлықтарын шыңдай түсті. Томиристей батыр қыздар рухы дарыған қос жұлдыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовалар Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Кеңес Одағының батыры, академик **Мәлік Ғабдуллин** генерал И.В. Панфилов бастаған даңқты 8-ші гвардия дивизиясы құрамында Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысты. Қазақ халқының батырлық-ерлік дәстүрлерін, сол кездегі соғыс қару-жарақтарын пайдалана білу шеберлігімен ұштастырған өнері оның рухын асқақтатты. Мәлік Ғабдуллин майдандас серіктері туралы жазғандарында табандылық, төзімділік, қайсарлық сияқты ізгі қасиеттердің көріністерін өзінің шығармашылығына арқау етті. Ұлт мақтанышы, ержүрек қолбасшы Бауыржан Момышұлы жайлы «Бауыржан Момышұлы», «Қазақ мақалының күші» оның соғыс кезіндегі іс-қимылдары мен жауынгерлерге оның қанатты нақыл сөздерінің әсері жайлы шебер баяндайды. «Менің майдандас достарым» (1947, 1985), «Сұрапыл жылдар» (1972) атты кітаптары даңқты И.В. Панфилов пен Төлеген Тоқтаров, журналист-аудармашы, батыр барлаушы Бақтияр Меңдіғазин мен жауынгер композитор Рамазан Елебаевтың ерлік өмірі жайлы естеліктерінде қазақстандық жауынгерлердің биік рух әлемі мен адами болмысын көркемдікпен зерделейді. Күнделіктерінде: «Майдандағы адам анау-мынау жалтармаңды білмейді, ол шындықты, әділдікті

айтады. Өйткені ол осы соғыста әділдік, адалдық, шындық үшін қан төгіп жүр» – деп жазыпты. Ендеше тиісті жерінде өзі де өткірлік, турашылдық мінез көрсетіп отырған. «Красноармеец» журналының редакция алқасының мүшесі, генерал-майор М.А. Мироновқа жазған хатында (25 желтоқсан 1943) соңғы уақытта осы журналда неліктен орыстан басқа ұлттан шыққан жауынгерлердің өмірі туралы материалдар (очерктер, әңгіме, өлеңдер) және олардың суреттері басылмайды. Сондықтан да олар туралы толғаныстар жауынгерлерді халықтар достығы рухында тәрбиелеуге мықтап көмектеседі деп санаймын делінген. Нағыз ұлттық зиялылықтың үлгісін Бауыржан Момышұлы өзі ғұмыр кешкен кеңестік кезеңде де көрсете білді.

Қазақ зиялылары кеңестік идеологияға қарсы өз көзқарастарын, дүниетанымдарын ашық түрде қоя алды. Ұлттық мүддені тура көздеген, мыңдаған жылдар бойғы халық арманы болған ұлттық мемлекетті қалыптастыру жолында Алаш қозғалысы мен Алаш идеясы қазіргі кезде өз өзектілігімен бүгінгі егемен еліміздің болашағымен сабақтасып жатыр. Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұланғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Оның алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолдарда, қанымызда ұйықтап жатқан ұжымдық санадағы архетиптерде жатыр. Бұлардың барлығы оянып, жаңғырып бүгінгі қазақтың рухын көтеруге жұмыс істеуі керек. Олар әсіресе тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік миссиясы, жүру жолы бар қайсар рухты қазаққа айналамыз [113].

Қазақ халқының социализм тұсындағы мәдени-рухани дамуын қарастырған кезде, оның оңды жақтарына тоқталған жөн. Қазақстанда біріншіден, ғасыр басындағы зиялыларымыз бен ағартушылар армандаған халқымызды қараңғылықтан құтқару жүзеге асты. 1930 жылдары Республикамызда міндетті бастауыш және орта білім беру қолға алынды. Барлық пәндер бойынша жаңа бағдарламалар жасалынды. Оларды жазуға ғалымдар мен жазушылар қатысты, Қазақстанда ғылым мен

мәдениетті қалыптастыруда – оның құжаттық негізін құру – архивтер, музейлер, кітапханалар ашылды. Олардағы жазбаша құжаттар мен заттай түрдегі тарихи-хабарламалар ерекше рөл атқарды. Егер революцияға дейінгі қазақ жерінде тек Семейдің жергілікті география қоғамындағы архив болса, 1924 жылдың аяғында барлық губерниялар мен уездерде кітапханалар ашылды.

КСРО дәуірінде Архив социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекеттік сақтауға Архивке жинақталды. Құжаттардың біржақты іріктелуінің салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржолата жойылып отырды. Ал, архив қорындағы құжаттардың басым бөлігі түрлі жасанды шектеулер қою арқылы зерттеушілерге берілмеді. Жалпыадамзаттық құндылықтарға әр халық өз жетістігімен үлес қосады. Ондай болса ұлттық тарихымыздың шындық беттерінен қателіктеріміз бен мінімізді түзеуді қолға алу керек. Еліміздің ғасырлар қойнауынан сыр шертетін тарихи жәдігерлері жоңғар шапқыншылығынан қиратылып, өртелгенімен қоймай, одан кейінгі Ресейге қараған кезден бастап орталыққа жөнелтілгені белгілі. Кеңестік кезеңде басты идеологияға қайшы келген құжаттар жойылып немесе «жөнелтіліп» отырған.

Бірақ қазақ халқының жады оның соңғы тұяғы қалғанша өшпейді. Кез келген қазақ өзінің шежіресін, батырлар жырын, ән-күйін туған жерінің ой-қырын төгілте жөнелткен. Халықтың рухани өмірі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарих айту дәстүрі бойынша жетіп отырды. Дәстүрлі суырып-салма ақындықты жалғастырушы **Жамбыл Жабаев, айтыскер Кенен Әзірбаевтар** жаңа заман жаршысы болды. Шығармаларының негізгі арқауы, мұраттары: мейірім, қайырымдылық, достық, адалдық, сүйіспеншілік, адалдық. Адамаралық, ұлтаралық үйлесімділікті өз өмір жолымен үлгі ете білді. Көрші қырғыз елінің тілінде ол елдің «Манасын» қазақтарға насихаттады. Ұлы Отан соғысы кезіндегі майдан жауынгерлерін рухтандырған шығармалары «Ленинградтық өрендеріме» атты жырымен ынтымақ пен бірлікке шақырды. Қазақи өзіндік болмы-

сын сақтай отырып, заман ағымын жаңаша қабылдап, соны әдістерді пайдаланды.

1927 жылдың 22-31 шілде аралығында Майндағы-Франкфурт қаласында өткен Бүкіләлемдік музыка көрмесі ашылды. Кеңестер одағының көрмесін Бүкілодақтық шетелдермен мәдени байланыстар қоғамы ұйымдастырып оған қазақстаннан этнографиялық топпен әнші Әмре Қашаубаев қатысып үлкен табысқа ие болды.

1933 жылғы БОКП – жарлығымен «Ұлттық искусствоны дамыту шаралары» қаулы қабылданған соң облыс орталықтарында театрлар ашылды. Музыкалық театр техникумдары ашылып, орталықта Алматыда қазақ драма театры ашылып, музыка студиясы құрылды. Музыкалы театр өздерінің алғашқы қойылымдарын М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясы мен Б. Майлиннің «Шұға» драмасын қойды.

Алматыда суретшілер Одағы құрылып, суретшілер заман келбетін жаңаша кескіндеді. 1935 жылдан бастап Жамбыл атындағы мемлекеттік филормония жұмыс істей бастады. Алғашқы музыкалық әліппе, қазақ музыкалық сынақ шеберханасы, Ғылым академиясындағы өнер тану сектор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі, Қазақтың мемлекеттік филормониясы, Қазақ консерваториясы, ондағы Халық аспаптар кафедрасы, Қазақтың музыкалық театры, қазақ музыкасы туралы оқу құралдары міне, осының бәрінің ұйтқысы Ахмет Қуанұлы болды.

40-шы жылдардан 80-ші жылдарға дейін ғылыми-экспедиция Қазақстанның түпкір-түпкірінен 10 мыңдай ән-күй нұсқаларын жинаған. Қазақстанның кәсіпқой композиторларының өмір дерегін жинастырып, шығараларға үйрету арқылы халықтың рухани игілігіне айналдыруда теңдессіз еңбекқорлық пен іскерліктің үлгісін Ахмет Қуанұлының өзі көрсетіп отырды [114].

«Музыкалық білім беру саласында еуро-орыстық оқыту жүйесінің бел алуына байланысты және еуро-орыстық музыка аспаптарын үйрету басты мұрат болғандықтан, Қазақстан композиторлары негізінен романс, ария, вальс, соната, скерцо, оратория, кантата, симфония, опера сияқты музыка жанрларын туындата бастады. Қазақ музыкасының кеңестік кезеңдегі

осылайша жанрлық кеңейуі мен толығыуы дәстүрлі мәдениетті ығыстыра алмады.

Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі, Қазақтың хор капелласы, ұлттық би ансамблдері кірді. 1937 жылдың 17 қаңтарынан бастап музыкалық театр Қазақтың опера және балет театры болып қайта құрылды. Қазақстанда құжаттық-киноленталар көрсетіле бастады. «Советтік Қазақстан» айдарлы кино журнал шыға бастады. Ауылдарда электр жарығы мен радио жұмыс істей бастады. Қол жеткен оңды нәтижелер, дәстүрлі мәдениетті «түрлі ұлттық, мазмұны социалистік» осылайша түрлендірді. Бірақ кеңестік сыншылар идеологиялық тұрғыдан өнер адамдарын да қудалауға алды. Тарихшы Ә. Тәкенов өз зерттеулерінде былай деп жазды: «Біржан-Сарадағы» Біржанның феодалдарға қарсы күресі көрсетілмегені үшін, «Абайдағы» Абай «ұлы орыс мәдениетінің» әсерін көрсете алмағаны үшін сазгерлерге кінә тағылған еді. **А. Жұбанов** нысанаға жеке алынған-ды. «Қазақ сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы» атты ғылыми-зерттеу монографиясын талқылауда сол 30 жылдардағы «шылық» пен «щинаны» қайта қолданды. 1951 жылы 28 қыркүйекте «Казахстанская правда» газеті М. Төлебаевтың «Қазақстан музыкатануындағы бұрыс бағыт туралы» деген сын мақаласын жариялайды. А. Жұбановты буржуазияшыл-ұлтшылдығы, панисламист, пантюркистігі үшін айыптады. Сазгердің «Социалистік Қазақстанда» қателіктерін мойындауы оны 18-19 қазандағы республикалық сазгерлер одағы қазақ музыкасындағы буржуазияшыл-ұлтшылдық бұрмалаушылық туралы талқылауға Мәскеуден үш өкіл қатысты. Б.Г. Ерзакович: «ұлтшыл, әрі космополит» десе, сазгер Иванов-Сокольский «музыкатанудағы бекмахановшылдықты дәріптеуші» дейді. Осылайша А. Жұбанов шығармашылығының елімізде таралуына тыйым салынды. Барлық осы прогрессивтік құбылыстар Қазақстан руханиятының басқаша бір жаңа арнамен өркен жаюына ықпал етті. Барлық облыс оталықтарындағы бой көтерген қалалар қалалық мәдениеттің орталығына айналды. Қазақстандағы ғылым дамуын философиялық тұрғыдан зерделеген ғалымдарымыз, сол кезеңдегі осындай агрессиялы-сыншыл, әшкерелеуші идеологияның салдарынан 50-ші

жылдардағы кеңестік ғылым өзінің маңызды салалары генетикада, кванттық физикада, физиологияда алдыңғы орындардан ысырылды. Тарихшылардың кәсібилігі төмендеп, тарихи, құқықтық, философиялық ойлау мәдениеті төмендеді деп атап көрсетеді [115].

Қазақ рухының тағы бір артықшылығы олардың танып білуге деген құштарлығы. Жеке адамдардың шығармашылық, жасампаздық әлеуеті артты. Басқалардан оқып-тоқып үйренуге деген ынталары олардың батыс ғылымын меңгерулеріне ықпал етті. Ақындарымыз О. Сүлейменов, Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, Т. Молдағалиев, М. Шахановтар ой мен сезімді тербеткен, адам жанының айнасы дейтіндей шығармаларымен қазақ поэзиясын биікке көтерді. Олардың барлығы орыс және еуропа классиктерін қанып оқып, ақындық болмыстарының ішкі әлемін байытты. Қазақ поэзиясын күллі адамзатқа ортақ әлемдік үлгілермен жаңғыртты. Сонымен қатар олардың барлығы дерлік халқымыздың ұлттық рухын сабақтастықпен жалғастырып жырмен өрнектеді. Қазіргі жаһанданып бара жатқан әлемде жастарымыздың ұлттық-мәдени мұрадан мақсатты түрде ажырату мен буындар арасындағы байланыстардың үзілетіндігіне алаңдаушылық білдірген зерттеушілер ежелден қалыптасқан бейімделу және өзін-өзі тану тетіктері мен өшемдерді бұзу деп есептейді. Бұл жағдайда бұрында терең рухани-адамгершіл мазмұнды жеткізетін, әмбебап мағынасы бар категориялар өзінің дүниетанымдық сипатынан айырылып, саяси-идеологиялық және технологиялық құралға айналады. Ондай «аластанған категорияларға: «парызды», «намысты», «ар-ұжданды», «әділдікті», «отаншылдықты», жатқызуға болады және олардың шынайы мазмұны құнсызданып, бұрмалануда [116, 263 б.].

Табиғатпен астасқан жанды жаратылыспен қатар, ұлттық салт-дәстүрлерімізді, мінезіміз бен тектіліктілігімізді сақтауды поэзиясы арқылы қалдырған Мұқағалидың: «күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» – дегені, ұлттық нақыштағы мұраларымызды жаңғырту, заманға сай әрлеу болып табылады. Ақындарымыз социалистік өмірдің ұрандатқан шат-шадыман тіршілігін жырлауға ұсыныстар берілсе де, ұлттың тәлім-тәрбиесіне, бет-бедеріне оралып отырған.

Олжас Сүлейменовтің «Жазушы» баспасынан 1975 жылы жарық көрген «Азия» кітабы болды. Осы кітаптың шығу үлкен дауға айналып, филологиялық айтыстың бір ұшығы саясатқа тірелді. Зерттеу объектісі болған «Игорь жасағы туралы жыр» («Слово о польку Игореве»)-ні талдау барысында – дейді Ш. Елеукенов – қазақ тілінің XII ғасырдағы орыс әдебиетінің інжу-маржанын жасауға атсалысқанын бұлтартптай дәлелдейді. «Жырдың» беймәлім авторы қос тілді – орыс тілімен қатар қыпшақ тілін білген, ол жырдағы түркизмдерден анық көрінеді дейді. Дала мен Ресейдің көне мәдени байланыстары хақындағы көзге шұқитын анық мағлұматтарды елемеу, қазақ пен орыстың жаны мен қанының араласқанын әбестікке санау, «Жырдың» жаңа қырынан зерттелуіне өре түрегеліп байбалам салу зауқайым бір қате емес. Империялық сана жалған методологияны саналы түрде әдейі арқа тұтты [117]. Жаңа әдіснаманың негізінде тарихи ескерткіштер мен мұраларды зерттеудің ешқандай идеология мен биліктің ығына жығылмай бүгінгі күн тұрғысынан зерделеуді мақсат етті. Мәскеудің ашу ызасын қоздырғаны, автордың «аға халықты» бұрынғы мешеу қалған «надан», «қараңғы» қазақпен теңестіруі болды. Орысқа қарсы, ұлтшыл көзқараста деген айыппен кітаптың таралуына тиым салынды.

XX ғасырдың ортасында Қазақстанда кәсіби философиялық жұмыстар жарық көре бастады. Руханиятымызда батыстық үрдістердің кең қанат жая бастауы жаппай өріс алды. Батыс философиялық мұраларымен танысуға, оларды зерделеуге тікелей мүмкіндіктер ашылды. Қазақтың философиялық ойы енді кәсіби жолға түсті. Алғашқы философиялық зерттеулер материалистік тұрғыда жазылды. Қ. Бейсембиевтің монографиясын айтуға болады. Ұлттық психология ғылымын Н. Жандилдин өрбітті. Н.А. Мұсабаева философияны жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерімен байланыстырды. Ал, Жоғарғы партия мектебін бітірген, СОКП Орталық комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын бітірген мамандар Ә. Жаймурзин, Т. Жұмағазин, Қ.Х. Рахматуллин, Н.С. Сәрсенбаевтар кәсіби философияның дамытуға атсалысты. Әрине олардың зерттеулерінде социализм идеясы, халықтар достығы, интернационалистік тәрбие

сияқты мәселелер басымдық танытты. Еркін ойшылдыққа жол берілмеген тұста олар маркстік-лениндік диалектикалық және тарихи материализм мәселелерімен айналысты.

Қазақстандағы нағыз кәсіби философиялық ой еліміздің тарихындағы жеке адамға «Сталин культіне» табынушылық жойылған кезден басталды. Жылымыққа шығып бой жазғаннан кейін рухани жаңғырулар өріс алған тұста қоғамдық ойда дүр сілкіністер болды. Философиялық ойдың өзегі болып табылатын диалектикалық логикамен айналысатын философия мектебінің қалыптасуы әлемдік философиялық ойға қосылған бір үлкен үлес еді. Қазіргі философия мамандарының мақтаныш сезіммен, үлкен ілтипатпен еске алатын есімдер: Жабайхан Әбділдин, Мамия Баканидзе, Лев Науменко, Югай Герасим, Ағын Қасымжанов. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Философия және құқық институтының директоры академик Салық Зиманов сол жас ғалымдар жайлы шаттана есіне алады. Әсіресе ұлы ойшыл философтардың Канттың, Гегельдің, Фейербахтың, Маркстің мұралары олардың пікірсайыстарының өзегі болды. Олар жаңа негіздегі ғылыми еңбектер жазуға кірісті. Шығармашылық топтың алғашқы кітабы «Танымдағы диалектика мен логика проблемасы» 1963 жылы жарық көрді. Кітапта қозғалған негізгі мәселелер: адам ойы мен танымының диалектикалық табиғаты, логиканың диалектикалық тұжырымдамасы, нақтылы ұғым, таным субъектісінің белсенділігі. Осы мәселелерді батыл да терең теориялық талдаулары нәтижесінде Одақ көлемінде философиялық қауымның қызығушылығын тудырды. Сол кездегі «Вопросы философии» журналында өте жоғары бағаланған рецензияға ие болды. Одан кейін де диалектикалық логиканың мәселелеріне арналған бірнеше кітаптар жарық көрді. Әсіресе 1967–1968 жылдары Ж.М. Әбділдиннің «теориялық танымдағы бастама мәселесі», ал Л.К. Науменконың «Диалектикалық логикадағы монизм принципі», М.И. Баканидzenің «Логикалық формаларды субординациялау проблемасы», Б.С. Сахариевтің «Арнайы қатынастылық теориясындағы кеңістік пен уақыттың өзара байланыс проблемасы» сияқты іштей өзара біртұтас монографиялардың жариялануы диалектикалық логика бойынша зерттеулерді тағы бір белеске көтерді. Теориялық білімді

құрудың бастамасы, басқы пункті туралы бұл мәселені шешпей, диалектикалық философияны әрі қарай дамыту мүмкін емес еді [118]. Қазақстандық философиялық ойдың төңірегіне жан-жақтан диалектикалық логиканың мәселелері қызықтыратын мамандар жинала бастады. 1968 жылы Мәскеуден, Ленинградтан, Киевтен, Ташкенттен, Тбилисиден, Минскіден белгілі ғалымдар мен философтардың басын біріктірген Бүкілодақтық симпозиумның ашылуы осының куәсі. Одан кейінгі өткізілген симпозиумдар 1977 ж., 1983 ж., 1990 ж. диалектикалық логика бойынша зерттеулердің орталығына айналып кең өріс жайды. Бүкілодақтық симпозиумдар енді халықаралық дәрежеде өтті. Енді оған Болгариядан, Чехословакиядан, Польшадан, Германиядан, Румыниядан атақты философ ғалымдар қатысып, пікір алысты.

1970 жылдардан кейін қазақстандық философия мектебінің көкжиегі жаңа лекпен толықты. Олардың қатарын Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Қ. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов, Ә. Нысанбаев, В.И. Ротницкий, А.С. Балғымбаев, А.А. Ивакин, Н.Қ. Мұқитанов, М.С. Орынбеков, М.С. Сәбитов, Г.Г. Соловьева, А.А. Хамидов, Н.Қ. Сейтахметов, Р.Қ. Қадыржанов, І. Ерғалиев, М.З. Изотов, С.Ю. Колчигин, А.Б. Капышев құрды. Енді осы ғалымдардың атсалысуымен 1990 жылдардан бас-тап диалектикалық логиканың алты томдық жинағы жарық көре бастады. Бұл еңбекте адамдардың таным қабілетінің мәнін ашуға ұмтылушылық басым болды. Сонымен қатар дүниеге ғылыми диалектикалық көзқарасты қалыптастыруды көздеді. Кеңес Одағында академиялық философияда диалектиканы қолдануда алға жылжулар болды. А.А. Хамидов диалектика жайындағы көптеген жұмыстардың мазмұнынан адамға қатыстылықтың жоқ екендігіне тоқталады. Диалектиканы тек логикаға танымның әдістеріне ғана қолданған, ал адамгершілікті, көркемөнерді, діни мәдениеттердің тыс қалғаны жөнінде ой қозғайды. Сондықтан бұндай түрдегі диалектикада ешқандай да этикалық, эстетикалық, гуманистік бастаулар болған жоқ. Бұндай түрдегі диалектиканың көмегімен өмірді тану ғана мүмкін болды. Ал, ол әлі толық өмір сүру емес еді [119]. Социализм ұстындарына сәйкес келмейтін ұғым, түсініктер шектеліп, соның салдарынан толыққанды философиялық ойлар жарыққа шықпады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық философия әлемдік философияның бір бөлігі екендігі аян. Осы әлемдік философия қатарынан қазақ даласы ойшылдарының философиясы да өзінің орын алуымен қазақтың ұлттық философиясымен әлемдік философия арасында байланыс орнап, зерттеу мен оқыту кең қанат жайып, адам санасы мен рухындағы терең астарлар айшықтала түседі. Тәуелсіз Қазақ Елінің философиясы еркіндік жағдайында, адам рухының биік көріністерін айшықтап, адамдардың болмысын біріктіруші негізге айналады. Қазіргі кезеңде Қазақстан философтарының алдында жаңа әлеуметтік-саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу жолында өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, егеменді еліміздің өркениетті елдердің қатарында дамуының мәдени-тарихи алғышарттарын байыптау сияқты күрделі істер тұр.

Қазақ ақын-жырауларының, би-шешендерінің, ағартушыларының, алаш қайраткерлерінің өз елінің болашағы үшін жүргізген күресі, көзқарастары, дүниетанымы қазіргі Қазақстан мемлекеті үшін рухани мұра, саяси сабақ бола алады. Ұлттық мәдениеттен алшақ рухта тәрбиеленген, одан хабары жоқ болашақ ұрпақтан халқымыздың мүддесін қорғайтын азаматтар шықпайды. Тәуелсіздіктің туын тігіп, алдағы даму жолын бағдарлап жатқан еліміздің болашағын мығым етудің іргетасы ұлттық идеямыздың басты ұстындары болып саналатын еркіндік, бостандық, тәуелсіздік категорияларын саралап, философия тарихы тұрғысынан зерделеу болып табылады. Көпэтносты елімізде мемлекеттілігімізді, ұлттымызды сақтаудың бірден бір кепілі қоғамдық келісімді сақтауды басты мақсат етуіміз қажет.

Қазақ халқының дүниетанымындағы еркіндік ұғымының өзіндік тарихи-мәдени алғышарттары болды. Қазақ қоғамындағы билер институты мен ханның саяси-әлеуметтік әрекеттері мен негізгі мақсаттарының өзі елдің азаттығы мен бостандығына

негізделген-ді. Бұл азаттық рухынан туындайтын құндылықтар жүйесін құрайды. Еркіндік идеясының ұлттық идея негізінде қалыптасатындығына байланысты жыраулар поэзиясындағы толғаныстардың түйткілдері арнайы зерделенді. Бұхар жыраудың саяси-әлеуметтік мәселерді толғауының ерекшеліктері, Жиёмбет жыраудың адам еркіндігі мен бостандығы туралы идеялары, Ақтамберді жыраудың әсемдікке негізделген өмірмәнділік құндылықтарды жырлауы, Көтеш ақынның еркіндік мәселесін байыптауының жүйесі көрсетіліп, тарихи сабақтастықтың еркіндік идеясымен де жалғасатын тұстары айшықталды.

Махамбет Өтемісұлының толғауларындағы идеялар еркіндік рухына негізделгендігі байыпталып, ол өз заманында бұл идеяны іске асырушы ретінде танымал тұлға болғандығы сараланды. Ол ерік күші арқылы өзін-өзі билеу; саяси-әлеуметтік саладағы азаттық сарыны; ұлттық рух еркіндігі түрінде көрсетілді. Алайда халық басындағы қара тұман айығып, ел өмірі өзгеріп, жаңа дүние, жарық күн туатынына сенеді. ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушылығының еркіндік хақындағы ой-толғаныстарының тарихи-әлеуметтік және саяси-мәдени алғышарттары құрылғандығы көрсетілді. ХІХ ғасырда, сол кезеңнің алдыңғы қатарлы орыс, араб, парсы және Еуропаның мәдениеті мен әдебиетінен үлгі ала отырып, Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев патриархалдық салт-сананың қалдықтарына, кертартпа ағымға қарсы күрескендігі хақындағы идеялар еркіндік философиясы тұрғысынан зерделенді. Азаттық идеясының тарихи-танымдық маңызы байыпталды. Абай Құнанбаев шығармашылығындағы еркіндік мәселесінің жан-жақты қырлары ашылды. Қазақ халқының әлеуметтік сыншысы болған Ұлы ойшылдың негізгі идеяларының түпкі мәні азаттық пен еркіндік идеясына тоғысады.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығы мен іс-әрекеттеріндегі еркіндік идеясы тарихи-философиялық дискурста талданды. Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлының ой-тұжырымдары объективті логикалық тұрғыдан зерделенді. Оның философиялық

деңгейлерін және тарихи сабақтастығын саралап, сол дәуірдегі азаттықтың негізгі нақты тәжірибелік көрінісіне айналған Алашордашылар қозғалысындағы еркіндік идеясының эволюциясы сарапталды.

Тәуелсіз Қазақстанның дербес мемлекет ретінде демократиялық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, экономикалық реформалар жүргізіп, халықтың әл-ауқатын, рухани және мәдени дамуын жүзеге асыруға бағытталған саясатының нәтижесінде мемлекетте этносаралық келісім, бейбітшілік, саяси тұрақтылық, ішкі және сыртқы қауіпсіздікті нығайту азаматтардың құқығын сақтау мен шығармашылық еркіндігін қолдаумен қатар жүргізіліп келеді. Бұл даналықпен жүргізілген саясат – қазақ халқының еркіндік сүйгіш рухани болмысының көрінісі.

Қазіргі күні жаһандану үдерісі қоғам өмірінің барлық салаларын қамтып, дәстүрлі мәдениеттердің құндылықтары ұмытылып кету қаупі туған шақта елімізде жасалып жатқан шаралар оған қарсы тұру, сонымен қатар, басқа дамыған мемлекеттердің құрсауында кетпей, тәуелсіздігімізді сақтап қалуға бағытталған. Ең алдымен бұл жағдайда экономикалық тәуелсіздікпен қатар, рухани тәуелсіздікті жоғалтпау мәселесі тұр. Қазақ ұлтының ғасырлар бойы қордаланған руханиятының жетістіктерін бүгінгі күннің кәдесіне жарата отырып, еркіндік жағдайында дамуды дұрыс жолға қоя білу керек. Қазақстан азаматтары Отанымыздың намысы үшін әрдайым жауапкершілікті сезініп жүруі тиіс.

Абайдың «Толық Адам» идеясы қазіргі қазақстандық қоғамда өзінің өзектілігімен құнды. Адамды жетілдіру, ішкі еркіндікпен байланысты. Қоғамдағы әрбір жеке адам бүгінгі тәуелсіздікті пайдалана отырып өзін-өзі жетілдіруге тиіс. Ұлтымыздың болашағы жарқын болуы үшін ол идеялардың пайдасы зор. Ұлы ойшылдарымыздың ой-жүйелерін жетілген қоғамның әрбір мүшесі өзінің күнделікті өмірлерінде пайдалана отырып қаперде ұстағаны абзал. Мәңгілік ел болу жолында әрбір адам өзінің еркіндігін сақтай отырып, ішкі еркіндікті жоғалтпауы абзал. Олай болмаған жағдайда адамның өмірі мәнсізденеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 355 б.
2. Нысанбаев Ә.Н. Адам және ашық қоғам. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 272 б.
3. Кішібеков Д., Кішібеков Т. Қазақ философ халық // Ақиқат. – 2009. – № 8. – 46 б.
4. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 107 б.
5. Витгенштейн Л. Мәдениет және құндылық // Батыс философиясының антологиясы. – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002. – 464 б.
6. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан. 1994. – 290 б.
7. Тарақты Ақселеу. Қазақтың әйгілі күйшілері (IX–XX ғасырлар). – Алматы: Қазақстан, 1992. – 24 б.
8. Есім Ф. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы, 1997. – 232 б.
9. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
10. Абылай / Құрастырған С. Қарамедин. – Алматы: Дария-пресс, 1993. – 26 б.
11. Әбішев Қ.Ә. Философия. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. – 264 б.
12. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
13. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық / Құрастырған М. Байділдаев, М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1998. – Т. 1. – 77–78 бб.
14. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997.
15. Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері. – Алматы, Жеті жарғы. 1998. – 4–5 бб.
16. Левшин А.И. Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен далаларын суреттеу // Ақиқат. 1993. – № 3. – 54–64 бб.

-
17. Раев Д. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 228 б.
 18. Қасымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи. Вып 1. – Алматы, 1995. – 126 с.
 19. Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
 20. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
 21. Төле би / Құрастырған Дәуітов С. – Алматы: Мұраттас ғылыми зерттеу орталығы, 1991. – 80 б.
 22. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.
 23. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
 24. Айтқазин Т.Қ. Қазақтардың мұраты. – Алматы: Ғылым, 1994. – 100 б.
 25. Назарбаев Н. Бірлік – біздің қасиетті туымыз // Егемен Қазақстан. – 1995. – №80.
 26. Қатышев А.Б. Шығармашылық – руханилық пен мәдениеттің бірлігі ретінде // ҚР БҒМҚ, ҚР ҰҒА хабарлары. – 2001. – № 6. – 96–102 бб.
 27. Есім Ғ. Адам-зат // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. – Астана: Аударма, 2006. – 536 б. – 14 б.
 28. Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих. – Қарағанды, 1994. – 100 б.
 29. Кант И. Критика практического разума // Соч. в 6 т. – М.: Мысль, 1966. – Т. 3. – 799 с.
 30. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. – 1 т. – 400 б.
 31. Ай, заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық / Құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.
 32. Ошақбаева Ж.Б. Жыраулар дүниетанымындағы еркіндік мәселесі // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2009. – №5 (272). – 35–38 бб.
 33. Бейсенов К. Қазақ топырағында ғақлиятты ой кешу үрдістері. – Алматы: Ғылым, 1994. – 168 б.
 34. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.

-
35. *Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е.* Махамбет дүниетанымы // Адам әлемі. – 2003. – №3. – 15–19 бб.
36. *Нұрланова К.Ш.* Ауызша мәдениет – көркем бейнелі философиялық мәдениет // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII–XIX ғғ.). – Алматы: ФЖСИ компьютерлік баспа орталығы, 2004. – 4-ші кітап. – 309 б. – 120–184 бб.
37. *Кант И.* Собрание сочинений. – М., 1966. – Т. 4. – 269 с.
38. *Сейдімбек А.* Қазақтың күй өнері. – Астана, 2002. – 832 б.
39. *Кенжалиев И.* Исатай Тайманұлы. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 112 б.
40. *Гоббс Т.* Сочинения в двух томах. – М., 1991. – Т. 2. – 736 с.
41. *Махамбет Өтемісұлы.* Өлеңдер. – Алматы, 1962. – 83 б.
42. Кант және Гегель философиясы // «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т. 8. – 520 б.
43. *Махамбет.* Жыр-жебе. – Алматы: Дайк-пресс, 2003. – 150 б.
44. *Әлжан Қ.Ұ.* Адам және әлем: үйлесімді қатынастарды іздеу // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII–XIX ғғ.). 4-ші кітап. – Алматы: ФЖСИ компьютерлік баспа орталығы, 2004. – 309 б. – 44–84 бб.
45. *Мейірманов А.Д.* Қазақ қоғамының рухани бірлігі мәселесі // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII–XIX ғғ.) 4-ші кітап. – Алматы: ФЖСИ компьютерлік баспа орталығы, 2004. – 309 б. – 222–260 бб.
46. *Абишев К.* Власть как проявление глубинного устремления людей к свободе // Власть как ценность и власть ценностей: метаморфозы свободы – Алматы, 2007. – 470 с. – 52–64 бб.
47. *Сегізбаев О.А.* Казахская философия XV – начала XX века. – Алматы, 1996. – 472 б.
48. *Ергали И.Е.* Философия как духовная деятельность / под общ. ред. А.С. Серикбаева. – Астана, 2003. – 283 с.
49. *Аташ Б.М.* Махамбет философиясындағы «Меннің» деңгейлері // Махамбет ерлік пен елдіктің өшпес рухы: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Атырау, 2003. – 393 б. – 347–350 бб.
50. *Нұрышева Г.Ж.* Махамбет поэзиясындағы экзистенциялық сарын // Махамбет ерлік пен елдіктің өшпес рухы: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Атырау, 2003. – 393 б. – 274–277 бб.
51. *Турсунов Е.Д.* Истоки тюркского фольклора. Коркыт. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 168 с.

52. *Нысанбаев Ә.Н., Мұсабаева А.* Мұстафа Шоқай – тәуелсіздік жаршысы / Әл-Фараби, Алматы, 2003. – № 4. – 90 б.

53. *Елікбаев Н.* Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы. – Қарағанды: ҚР ИМ КарЗИ, 2000. – 200 б.

54. *Кенжетай Д.Т.* Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. – Түркістан, 2004. – 341 б.

55. *Уәлиханов Ш.* Шығ. жинағы. – Алматы, 1961. – Т. 1. – 305 б.

56. *Сейтахметова Н.Л.* Что такое исламская философия? // Философия в современном мире: стратегии развития. Материалы I Казахстанского философского Конгресса (Алматы, 27–28 сентября 2013г.). – Алматы, 2013. – 818 с. – 127–136 бб.

57. *Есім Ф.* Қазақ философиясының тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.

58. *Ы. Алтынсарин* – қазақ мәдениетінің зор қайраткері // Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құрастырған М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

59. *Мырзахметов М.* Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 128 б.

60. Қазақ ағартушыларының философиясы. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2007. – Т. 10. – 472 б.

61. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.

62. *Барлыбаева Г.* Тәуелсіздік үшін күрес дәуіріндегі қазақ ойшылдарының этикалық көзқарастары // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII–XVIII ғғ.). – Алматы: Философия және саясаттану институты компьютерлік баспа орталығы, 2004. – 4 кітап. – 309 б. – 184–222 бб.

63. *Шоқай М.* Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – Т. 1. – 512 б.

64. «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.

65. Абайды оқы, таңырқа // Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.

66. *Мұқаметханов Қ.* Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, 1959. – 144 б.

67. *Орынбеков М.С.* Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 163 с.

68. *Абай /Ибраһим/ Құнанбайұлы.* Шырамаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т. 1 – 336 б.

69. Орынбеков М.С. Моральды руханият ретінде түсіну // Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2006. – Т. 19. – 536 б.

70. Йогылтегін. Күлтегін. Көне түркі жазба ескерткіші / көне түркі тілінен аударған М. Жолдасбеков. – Алматы, 1986. – 55 б.

71. Қазақ. – 1913. – № 8.

72. Изотов М.З., Сарсенбаева З.Н. Наука в Казахстане: история и современность (философское исследование в двух книгах). – Алматы: КИЦ ИФиП КН МОН РК, 2009. – Кн. 2. – 225 с.

73. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.). – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2004. – 400 б.

74. Бөкейханұлы Ә. Қазақтар // Ана тілі. Қарашаның 29. Жылқы жылы. 4-бет.

75. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т. 2. – 231 б.

76. Нурланова К.Ш. Кочевое жизнебытие: народ и земля как целостность // Центральная Азия: проблемы современного социокультурного развития. – Новосибирск, 2003. – С. 320–329.

77. Сүлейменов Ж. Айтылмаған ақиқат // Социалистік Қазақстан. 11 маусым. 1991 ж. – № 133.

78. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың тарихи очерктер. – Алматы: «Жеті жарғы», 1998. – 192 б.

79. Құл-Мухаммед М. Формирование и развитие государственно-правовых идей лидеров Алаш-орды. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 29 б.

80. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 339 б.

81. Конквест Р. Соңғы Империя // Қазақтар. Шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра. – Қазақстан, 1994. – 151 б.

82. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық. – Алматы: Білім, 1996. Т. 2. – 303 б.

83. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

84. Айталы А. Қазақстандық демократия ұлттық мұратты сақтай ма, әлде астамшылықты сақтай ма? // Саясат. – 2001. – №7–8. – 52–55 бб.

85. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

86. Аристотель. Саясат. Жетінші кітап (Н). XIII. – 265 б.

87. Косиченко А.Г. Свобода как условие духовного развития // Адам әлемі. – 2001. – № 4. – С. 72–77.

88. Нұрышева Г. Адамның өмірмәндік таңдауы мен еркіндігі туралы // Адам әлемі. – 2001. – № 4. – 86–92 бб.

89. *Нысанбаев Ә.Н.* Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002. – 264 б.

90. *Нысанбаев Ә.Н., Әбжанов Т.Ы.* Қысқаша философия тарихы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 272 б.

91. *Мұсаева Н.Р.* Мүлгіген жанды рух оятар // Ақиқат, 1998 ж. – № 8. – 52–53 бб.

92. *Малинин Г.В., Дунаев В.Ю.* Человек и социальное государство (теоретико-методологический анализ). – Алматы, 2005. – 231 с.

93. *Кішібеков Д.* Қазақ халқының мінез-құлқы, ойын-сауықтары, рухани тіршілігі // Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 81–99 бб.

94. *Бейсембиев К.* Идеино-политические течения в Казахстане конца XIX – начало XX века.

95. *Сегізбаев О.А.* Казахская философия XV – начала XX века. – Алматы: «Ғылым», 1996. – 472 с.

96. *Елікбев Н.* Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы. – Қарағанды: КР ИМ Қар ЗИ. – 200 б.

97. *Бурабаев М.С.* Тюрки: от Атиллы до Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева. – Алматы: «Искандер», 2010. – 454 с.

98. *Қасымжанов А.Х.* Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 197 с.

99. *Сейфуллин С.* Тар жол тайғақ кешу. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – 200 б.

100. *Кәкішев Т.* Сәкен Сейфуллин қазақты мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға // Ана тілі. – 2011 жыл. – № 23 (1071).

101. *Нұрмұратов С.Е.* Жаһандану және философиялық пайымдаудың ұлттық типі // Әлемдік және қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 345–352 бб.

102. *Ақыш Н.* 1920–30 жылдардағы қазақ романындағы ұлт-азаттық идея // Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 183–188 бб.

103. *Әшімбаев С.* Ақиқатқа іңкәрлік / Әдебиет және өнер жайлы ойтолғау. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 256 бет.

104. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам. – Алматы, 2012. – 115 б.

-
105. *Омарбеков Т.* Ермұқанның ерлігі // Ақиқат. – 1998. – № 9. – 37–45 бб.
106. *Мырзалы Қ.* Мәңгі майдан. – Алматы: Жазушы, – 1992. – 36 б.
107. *Бейсембиев К.Б.* Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана (дореволюционный период). – Алма-Ата: Казахстан, 1976. – 428 с.
108. *Әуезов М.* Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 358 б.
109. *Мұқанов С.* Халық мұрасы. – Алматы. 1974. – 110 б.
110. *Елеуқенов Ш.* Кешегі және бүгінгі роман: дағдарыс па, жаңа беталыс па? – Жұлдыз, 1990. – № 12. – 175–180 бб.
111. *Хамидов А.А.* О диалектике мнимой и подлинной // Адам Әлемі, 2002. – №1. – 49–52 с.
112. *Сүлейменов О.* Шоқан // Ақиқат. – 1996. – № 4. – 50–53 бб.
113. *Балақаев Т.* Армия және ұлт саясаты // Қазақ тарихы. – 1994. – № 2. – 116. – 43–48 бб.
114. *Сейдімбек А.* Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана, 2002.
115. *Изотов М.З., Сарсенбаева З.Н.* Наука в Казахстане: история и современность (философское исследование в двух книгах). – Книга 2. – Алматы. 2009. – 225 с.
116. *Бурбаев Т.К., Бурбаева П.Т.* Қазақ рухының өзекті мәселелері // Әлемдік және Қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 95–99 бб.
117. *Сағиқызы А.* Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік-мәдени негіздер. Монография. – Алматы, 2013. – 292 б.
118. *Елеуқенов Ш.* «Азия»-ның азабы // Жас Алаш. – 2005, 22 қыркүйек.
119. *Сәбит М.* Қазақстанда диалектикалық логика мектебі дамуының басты кезеңдері мен нәтижелері // Адам әлемі, 2001. – № 4. – 14 б.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің
Философия, саясаттану және дінтану институты
туралы мәлімет

Институт 1999 жылдың ақпан айында 1958 жылы ашылған Философия және құқық институтының және 1991 жылғы Философия институтының негізінде құрылды. Ол 2012 жылдың мамыр айында ҚР Үкіметінің қаулысымен Философия, саясаттану және дінтану институты болып қайта аталды.

Институттың мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекеме ретіндегі негізгі міндеттері қазіргі қазақстандық қоғамның зияткерлік және рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға бағытталған философиялық-дүниетанымдық, философиялық-әдіснамалық, саясаттанулық, дінтанулық және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Бүгінде Философия, саясаттану және дінтану институты жоғары кәсіби ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Институт оның құрылымын айқындайтын үш басты бағыт бойынша жұмыс істейді: философия, саясаттану және дінтану. Онда ҚР ҰҒА 1 академигі, 2 корреспондент мүшесі, 20 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаты, 10 докторант (PhD) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Институт 2012–2014 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты бойынша 24 ғылыми-зерттеу жобасын орындап, «Ғылыми қазына» салааралық ғылыми бағдарламасы аясында зерттеулер жүргізіп келеді.

Институт қызметкерлері саясат, ғылым, білім беру, мәдениет, дін, қазақ және әлемдік философия мәселелері бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар жариялайды. Институт қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдары таяу және алыс шетелдердің ғылыми рейтингтік басылымдарында сұранысқа ие.

Институт «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде «Шығыс Аристотелі» – әл-Фарабидің шығармалар жинағын (10 том), «Әлемдік философиялық мұраны» (20 том), «Қазақ халқының философиялық мұрасын» (20 том) шығарды.

Институт екі журнал шығарады: «Адам әлемі» (1999 жылдан бері) және «Әл-Фараби» (2003 жылдан бері). Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі Институттың өз сайты бар.

Институт үнемі халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікірталас алаңдарын өткізіп тұрады. Бұл іс-шараларға қазақстандық және шетелдік ғалымдар қатысады.

Институт Ресейдің, Беларустің, Әзірбайжанның, Қырғызстанның, Қытайдың, Германияның, АҚШ-ң, Түркияның, Иранның, Өзбекстанның, Тәжікстанның және басқа да елдердің ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Философия, саясаттану және дінтану институтының базасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, ҚазКЖҚҚА және т. б. тәрізді басты қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары және докторанттар (PhD) тағылымдама мен диплом алдындағы практикасын өткізеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми тұрғыда өсуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Философия, саясаттану және дінтану институты туралы анағұрлым кең ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы,

Құрманғазы көшесі, 29 (3 қабат)

Тел.: +7(727) 272-59-10

Факс.: +7(727) 272-59-10

E-mail: iph@iph.kz

<http://www.iph.kz>

**Информация об Институте философии,
политологии и религиоведения Комитета науки
Министерства образования и науки
Республики Казахстан**

Институт был образован в феврале 1999 г. на базе созданного в 1958 г. Института философии и права, преобразованного в 1991 г. в Институт философии. В мае 2012 г. постановлением Правительства он был переименован в Институт философии, политологии и религиоведения.

Основной задачей Института как государственного научно-исследовательского учреждения является проведение философско-мировоззренческих, философско-методологических, политологических, религиоведческих и социологических исследований, направленных на развитие интеллектуального и духовно-нравственного потенциала современного казахстанского общества.

Сегодня Институт философии, политологии и религиоведения является высокопрофессиональным научно-исследовательским центром. Институт работает по трем ключевым направлениям, определяющим его структуру: философия, политология и религиоведение. Здесь проводят научные исследования 1 академик, 2 члена-корреспондента НАН РК, 20 докторов и 11 кандидатов наук, 10 докторантов PhD. В Институте выполняется 24 научно-исследовательских проекта в рамках грантового финансирования на 2012–2014 годы по приоритету «Интеллектуальный потенциал страны», ведется работа в рамках междисциплинарной научной программы «Ғылыми қазына».

Сотрудниками издаются монографии и научные статьи по проблемам политики, науки, образования, культуры, религии, казахской и мировой философии. Научные публикации сотрудников Института востребованы в научных рейтинговых изданиях ближнего и дальнего зарубежья.

В рамках программы «Культурное наследие» Институтом изданы собрание сочинений «Аристотеля Востока» – аль-Фараби (10 томов), «Мировое философское наследие» (20 томов), а также «Философское наследие казахского народа» (20 томов).

Издаются два журнала: «Адам әлемі» (с 1999 г.) и «Аль-Фараби» (с 2003 г.). Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском.

Институт регулярно проводит международные научные конференции, «круглые столы», семинары, дискуссионные «площадки», в которых принимают участие казахстанские и зарубежные ученые. Институт тесно сотрудничает с крупнейшими научно-исследовательскими центрами России, Белоруссии, Азербайджана, Кыргызстана, Китая, Германии, США, Турции, Ирана, Узбекистана, Таджикистана и других стран.

На базе Института философии, политологии и религиоведения проходят стажировку и преддипломную практику студенты, магистранты и докторанты (PhD) ведущих казахстанских высших учебных заведений, таких, как КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, КазАТиСО и др.

В Институте созданы все необходимые условия для профессиональной работы и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию об Институте философии, политологии и религиоведения можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010
Алматы, ул. Курмангазы, 29 (3 этаж)
Тел.: +7(727) 272-59-10
Факс.: +7(727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz
<http://www.iph.kz>

**Information about the Institute of Philosophy, Political
Science and Religion Studies of Committee Science
of the Ministry of Education and Science
of the Republic of Kazakhstan**

The Institute was established in February 1999 on the base of established in 1958 the Institute for Philosophy and Law, and the Institute for Philosophy in 1991. By the Decree of Kazakhstan Government in 31 May, 2012, Institute was renamed to Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies.

The main objectives of the Institute as a public research institution are conducting of philosophical world outlook, philosophical-methodological, political studies, religion studies and sociological studies aimed at social-cultural and social-political development and strengthening the independence of Republic of Kazakhstan, development its intellectual and spiritual-moral potential.

Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies is a highly skilled scientific research center. Institute has a three key directions that define its structure: philosophy, political science and religion studies. Currently, 1 academician, 2 correspondent member of National Academy of Science of RK, 20 doctors of Science, 11 candidates in science, 10 PhD doctorate candidates are conducting research works.

24 scientific-research projects within the framework of grant financing for 2012–2014 years on priority of «Intellectual potential of the country» are being conducted, also the works within the framework of interdisciplinary scientific program «Gilymy kazyna» are being carried out.

Institute employees publish the monographies and articles on important issues of politics, science, education, religion, culture, Kazakh and world philosophy, etc. The quality of scientific publications of the Institute is determined by the demand for scientific articles in rating' journals of near and far abroad.

Under the «Cultural Heritage» State Program ten-volume collection of works called «Aristotle of the East» – al-Farabi, twenty volumes «World philosophical heritage», twenty volumes «The Philosophical Heritage of the Kazakh nation», and other books were published by the Institute.

Institute publishes two magazines: «Adam alemi» and «Al-Farabi» (in Russian and Kazakh). The Institute has its own website in three languages: Kazakh, Russian and English.

Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies science regularly organizes international scientific conferences, seminars, «round tables», where not only leading Kazakhstani political scientists and philosophers, but also many scientists from foreign countries are participants.

Institute has cooperation with scientific-research centers of Russia, China, Germany, the USA, Turkey, France, the Great Britain, Iran, Azerbaijan, Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Belarus and others.

Undergraduate students, Master's degree and Doctorate students from leading Kazakh universities, such Al-Farabi KazNU, Abai KazNPU, Abylaikhan KazUIR& WL, KazATiSO are conducting their research work and are trained at the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies.

The Institute has created all necessary conditions for professional and scientific development of employees.

More detailed information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies can be found at:

Kurmangazy Street, 29 (3rd floor)
Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan
Phone: +7 (727) 272-59-10
Fax: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz

Ғылыми басылым

Қоңырбаева Күлсия Мағражқызы

**ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЫ
ЭВОЛЮЦИЯСЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ИДЕЯСЫ**

Редакторы **Ж.Б. Ошақбаева**

Мұқабаның дизайнын жасаған және беттеген **Ж.А. Рахметова**

«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы – **Аяған Б.Ғ.**, т.ғ.д., профессор
«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған – **Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.**

Басуға қол қойылды 20.11.2013. Пішімі 70×100^{1/16}
Шартты баспа табағы 13,5. Офсеттік басылым.
Таралымы 500 дана.

«ИП Волков А.И.» баспасында басылды.
Райымбек даңғ., 212/1, оф. 319. Тел.: 330-03-12, 330-03-13